



ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИЯСЫ

ұжымдық монография

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИЯСЫ

ұжымдық монография

Астана, 2023

ӘОЖ 80/81(035.3)

КБЖ 81.2

А 14

Баспаға Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Ғылыми кеңесі ұсынған монография ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын BR10965370 «Ұлы Жібек жолы тарихи топонимдерін ғылымдар тоғысында зерттеу» жобасы аясында әзірленді.

Жауапты редакторы Кенжалин Қ.К.

Пікір жазғандар:

Жанұзақ Т.С., филология ғылымдарының докторы, профессор

Бекенова Г.Ш., филология ғылымдарының кандидаты, доцент

Әбдуәлиұлы Б., Иманбердиева С.Қ., Кенжалин Қ.К. Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясы. Ұжымдық монография. – Астана: «Таңбалы» баспа орталығы, 2023. – 239 бет.

ISBN 978-601-337-952-4

Ұлы Жібек жолы бүгінге дейін түрлі сала мамандарының қызығушылығын тудырып, өзіне назар аударған тақырып. Соның ішінде топонимдердің де орны үлкен. Монографияда Ұлы жолдың қазақ жерінен өтетін тұсындағы және оның тармақтарының бойында жатқан топонимдер сөз болады. Ғылыми тұрғыдан жүйеленіп, пәнаралық байланыс негізінде кешенді талдаулар жасалады. Топонимдер ұлы даланы игеру тетігі, халықтың табиғаттану әрі шығармашылық ізденістерінің нәтижесі ретінде қаралады.

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2023

© «Таңбалы» баспа орталығы, 2023

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	4
I тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдерді кешенді зерттеудің негізгі бағыттары	8
1.1. Топонимдердің зерттелуі	9
1.2. Топонимдерді зерттеудің тарихи-лингвистикалық негіздері	18
1.3. Топонимдерді зерттеудің лингво-географиялық негіздері	29
1.4. Топонимдерді зерттеудің лингвистикалық негіздері	36
1.5. Топонимдер табиғатындағы прецеденттілік құбылысы	47
II тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің лексика-семантикалық негіздері	60
2.1. Топонимдердің құрамындағы халықтық географиялық терминдер	61
2.2. Гидронимдер және гидронимдік лексика	67
2.3. Гидронимдер және гидронимдік лексика	88
2.4. Топонимдердің тарихи-этимологиялық негіздері	103
2.5. Дромонимдер және жолға қатысты лексика	148
2.6. Топонимдерінің коннотациясы	171
III тарау. Ұлы Жібек жолы бойындағы фольклорлық топонимдер және халықтық этимология	184
3.1. Топонимика мен фольклордың арақатысы	185
3.2. Топонимдердің шығу уәждері және халықтық таным негіздері	196
3.3. Жібек жолы бойындағы топонимдік аңыздар	202
Қорытынды	221

Кіріспе

Адамзат өркениеті ілгері дамыған сайын жаңа биіктерге қол жеткізіп, мүлде жаңа әлемді жасау жолында үлкен қадамдарға барып жатыр. Ғарыш кеңістігіне жол салды, бұрын қиялға да келмеген жаңалықтар ашылды, алайда екінші жағынан алғанда бұл даму қарқыны халықты өткенінен алшақтатып алып бара жатқаны да шындық. Бастау көзден немесе тарихи тамырдан қол үзудің ұлт болашағына кері әсері болатыны белгілі жайт. Жаһанданудың ықпалы қарқын алған сайын әр ел өзінің етек-жеңін қымтап, ұлттық тілі, дәстүрі мен мәдениетін барынша қорғауға тырысуда, алайда, жер шары бойынша бір-бірімен тығыз қатынастағы экономика, мәдениет т.б. томаға тұйықталуға да жол қалдырмайтыны рас. Осындай жағдайда, ұлттық болмысты сақтай отырып, жаһандануға ықпалдасудың жолдарын әр ел өз ішінде қарастыруда. Осы орайдағы негізгі және адастырмайтын таңдау, бүгінге дейін адастырмай келген, өткеннің тәжірибесіне түсіп отыр. Ұлы Жібек жолын зерттеу мен қайта жаңғырту идеясы тек Еуропа мен Азияны ғана емес, өткен мен бүгінді де қайта жалғауды көздейді.

«Ұлы Жібек жолы» бұл тұрғыдан қарағанда – байланыс сызығы әрі идея. Өткенді жаңғырта отырып, болашаққа жол салу, бұрынғы айқындалған бағытты қайта жаңғырту. Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениетінің күре тамыры іспетті. Ол тек Шығыс пен Батысты немесе А нүктесі мен Б нүктесін жалғастырушы ғана емес, керісінше жүріп өтетін жерлерінің барлығында экономикалық игілік пен мәдениет таратушы да болған. Сондықтан, Ұлы Жібек жолы өтетін аймақтарда тұрып жатқан елдердің барлығы осы мәдениетпен байланысты және оларды

жалғап жатқан жолдар осы ұлы жолдың тармақтары болып саналады. Ұлы жол мәдениеттер алмасуына, өркениеттің дамуына жол ашты, алайда бір мәдениеттің екіншісін құлдыратуына ықпал еткен жоқ, еркін экономикалық айналым өз ырғағымен жүріп жатты. Бұл қалып бүгінгі жаһандану заманы үшін де аса маңызды, сондықтан оның тиімді тұстарын бүгінгі күннің қажетіне жарату, бүгінгі уақыт талаптарына сай жаңғырту – қажеттілік. Бұл мәселе түрлі сала мамандарының назарынан тыс қалған жоқ, Батыс пен Шығыс елдерінің ғалымдары Ұлы жол туралы біршама зерттеу еңбектері мен ойларын жариялады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимия өзінің тарихилығымен және көне өркениет бойындағы мәдениеттердің халық өміріне әкелген жаңалығымен қызықты. Оны анықтауда тиянақ етер дерек пен дәйектің, сонымен қатар зерттеу әдістерінің болуы аса маңызды. Бірінші кезекте «жеріңнің аты – еліңнің хаты» тұжырымын басшылыққа аламыз. Туған жердің әр тасына ат қойған бабаларымыз оны көзінің қарашығындай сақтап бүгінге жалғады. Кіндік қаны тамған жерге деген сүйіспеншілік оның атымен тікелей байланысты еді, сондықтан әлемнің қай шетінде жүрсе де, қасиетті тұмарындай жүрегінің түкпірінде сол атауды сақтады. Осылайша көне атаулар ұмытылмай бүгінге жетті. Сол секілді көне түркі жазбаларынан бастап, кейінгі Ресей қол астына қараған заманға дейінгі кейбір құжаттарда сақталған Ұлы Жібек жолына қатысты атаулар отырықшылық пен көшпелілік туралы да көптеген ақпараттар береді.

Топоним ұғымы өзінің аясына түрлі ғылымдарды тоғыстырады. Солардың ішінде аса тығыз байланысты құрайтындары – тіл, тарих, география салалары. Оларды өзара байланыста қарастыру топонимка ғылымының кешенділігін айғақтайды. Тіл біліміндегі, соның ішінде

ономастикалық зерттеулер барысында ғалымдардың қол жеткізген осы ортақ ғылыми тұжырымы Ұлы Жібек жолы топонимиясының да ғылыми арқауы болуға тиіс. Тарихи лингвистика, географиялық лингвистика және лингвистикалық зерттеулер топонимияның жан-жақты талдануына, ішкі мазмұнының әр қырынан сипатталуына, сала маманы емес жалпы көпшіліктің түсінуіне жол ашады. Топонимдердің бойында сақталған тарихи ақпараттар бүгінгі күнге екі түрлі жағдайда жетіп отыр: бірі – мағынасы түсінікті, бүгінгі қолданысымен сәйкес топонимдер арқылы, екіншісі – дыбыстық тұлғасы, соның нәтижесінде мағынасы да көмескі тартқан тұлғалар арқылы. Біріншісі құрылымдық тұрғыдан талдаулар жасай отырып, топонимдік мағынасына түсінік беруді талап етеді, екіншісі – этимологиялық талдаулар арқылы болжам жасауға міндеттейді. Осылардың ішінде өзінің ақпараттық ерекшелігімен айқындалатын тілдік құбылыс – прецеденттілік. Көбіне баршаға танымал мәтінмен, оқиғамен байланысты немесе сол мәтін мен оқиғаның тууына негіз болған географиялық нысанның жалқы атауы. Прецеденттік оқиға, мәтін, топоним өзара тығыз байланысты, ол Жібек Жолы бойындағы топонимдерге тән (Алтынемел атауының шығуына қатысты аңыз).

Жібек жолы бойындағы топонимдердің лингвистикалық ерекшеліктері де арнайы зерттеп-зерделеуді талап етеді. Өйткені Ұлы жолдың бойында бабалардың табанының ізі қалды, өркениет көшінен алғаны мен бергені туралы көп ақпараттар жатыр. Ұлы бабаларымыз Еуропа мен Азияның ортасындағы ұлы даланы мекен ете отырып, бұл өлкедегі геосаяси жағдайдың тұрақтылығы үшін үлкен қызмет етті. Ұлы жолдың өркениет көшінің жолы ретінде қалыптасуы мен

ұзақ уақыттар бойы өмір сүруіне ықпал етті, осылайша тарихтағы өз миссиясын адал атқарды деп толық сеніммен айтуға болады. Зерттеу жұмысы осы жолдың бойындағы топонимдерге арналды, ал топонимдер – ұлы даланың географиялық бағдарын айқындау мен табиғатты тану туралы бабалар қолымен жазылған хат іспетті еді.

I ТАРАУ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІ КЕШЕНДІ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

1.1. Топонимдердің зерттелуі

Ұлы Жібек жолы өзінің өткен тарихымен, адамзат өркениетіндегі орнымен, сонымен қатар әлемдік байланыстардың зор мүмкіндігіне жол ашылған бүгінгі күн үшін де аса маңызды құндылық болып қалып отыр. Сондықтан, бұл тақырыптың зерттелуі әлем ғалымдарының қызығушылығын тудырып отырғаны белгілі. Жалпы адамзаттың рухы, мәдениеті, экономикасы, логистикасы, өркениеті деңгейіндегі мәселелер аясында Ұлы Жібек жолын адамзатқа ортақ игілік ретінде қарастыратын зерттеулер де аз емес. Бұл тұрғыдан алғанда ол түрлі ғылым салаларына ортақ, олардың әрқайсысын өз бойына жинақтай отырып, бір арнаға тоғыстырушы орталық ретінде де мәнді. Ұлы Жібек жолының өткені туралы ақпараттарды ұсыну үшін, сонымен қатар оған деген қазіргі көзқарастарға шолу жасау үшін зерттелу барысы Қазақстан (соның ішінде, шетелдік басылымдарда жарық көрген еңбектер), Қытай, Америка, Ресей, Өзбекстан, Украина ғалымдарының еңбектері бойынша қарастырылды.

Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған Жібек жолы, Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір болған. Тек сауда жолы болып қана қалмастан, дүниежүзі өркениетін тоғыстырып, адамзат қоғамының дамуына өшпес үлес қосты. Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістанмен тығыз сауда байланыстары болғандығын ежелгі қолжазбалардағы мәліметтер дәлелдейді (Саяси түсіндірме сөздік, 2007). «Ұлы Жібек жолы» тақырыбы әр деңгейде, әр қырынан зерттеліп келеді. Ол экономикалық, саяси, тарихи, мәдени, дипломатиялық т.б. бағыттағы зерттеулерді қамтиды. Мәселен, Шаохан Ванг докторлық диссертациясында ЮНЕСКО тарапынан қорғауға алу мәселесі бойынша Жібек жолын трансшекаралық қорғау және мәдени мұраны басқару

тұрғысынан қарастырған (Wang, 2020). Келесі ғалым Ұлы Жібек жолын әлемнің мәдени мұрасының ескерткіші тұрғысынан қарастырып, бұл мәселенің теориялық және қолданбалы мәдениеттанудың ғылыми аппаратында өзекті болып тұрғанын алға тартады. Ал мұны осы тәжірибені таратушы алдыңғы ұрпақтың әлеуметтік тәжірибесіне негізделген мәдениеттің ерекшелігімен түсіндіреді (Линь, 2021: 202-210). Кейінірек Ван Линь зерттеуін кеңейтіп, «Ұлы Жібек жолын» феномен ретінде қарастырып, әр елдер мен халықтардың мәдени қатынас тұрғысынан концепті ретінде зерттеудің маңызын көрсетіп, концептінің таралу өрісін айқындаған. Осы тұрғыдан алғанда оның қалыптасу, өркендеу, құлдырау себептерін айқындау үшін мәліметтің жеткіліксіз екендігін алға тартады (Линь, 2021:128-132).

ICOMOS атынан еңбек жазған Тим Виллиамс Ұлы Жібек жолын экономика, география, картография, мәдени т.б. тұрғысынан зерттеу жүргізген. Оның ішінде Ұлы Жібек жолына арналған сайттар, библиографиялық көрсеткіштер, жолдың тармақтары т.б. да қарастырылған (Williams, 2014).

Ұлы Жібек жолын мәдени феномен ретінде зерттеп, авторлар көшпелі халықтарда ақпаратты жеткізу мен мәдени қатынастың креативтілігі жоғары деңгейде болғандығын жазады (Tursynbayeva, 2015: 239-34). Сонымен бірге авторлар қазақ халқының әлем өркениетіне қосқан үлесінің зор болғанын, олардың шөлді далалық жерлерді игеруде, көші-қон жаңа өркениеттердің қалыптасуына себепші болғанын т.б. туралы жазды.

В.Г.Соколов ғылыми зерттеу еңбегінде Ұлы Жібек жолының эволюциялық мәні, адамзаттың мәдени-рухани дамуы, жол бойындағы өлкелерде болашақ тұрақты дамуды қалыптастыру бойынша маңызды орны өзінің өзектілігі тұрғысынан құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік беретін әдіснама қалыптастырды деп жазады. Автор Жібек жолы кеңістігі

өміршендігімен, өткеннен бүгінге, бүгіннен келешекке жалғасып келе жатқан мәдени сабақтастықтың негізі болып табылатын таптырмас құндылықтардың қуатымен тек мәдени мәні зор маңызды құрастырушы элемент болғанын мысалдармен дәйектейді (Соколов, 2019).

Р.С. Мирзаев «Великий шелковый путь: реалии XXI века» атты монографиясында көне Жібек жолын жаңғырту және дамыту мәселелерін қарастырған. Кітапта автор Жібек жолы туралы қысқа анықтамадан бастап, бұл көне сауда магистралының толыққанды жаңғыру мүмкіндігі туралы авторлық талдауын ұсынады (Мирзаев, 2015).

И.В. Бойко мақаласында Ұлы Жібек жолын логистикалық үдерістер әдіснамасында көрсетеді, яғни бұл дегеніміз: материалдық ағымның қалыптасуы, олардың табиғи-заттық мазмұнының негіздемесі, жеткізу траекториясын таңдау, қажетті инфрақұлымыды қалыптастыру. Мақалада сонымен қатар, жеткізу тізбегінің негізгі құрамы ретіндегі жібектің логистикалық ерекшелігі айқындалып, Ұлы Жібек жолы құлдырауының ішкі және сыртқы себептері қарастырылады (Бойко, 2021:40-48).

«Көшпелілер және оазис-қалалар: IX-XIII ғғ. Орта Азия» атты мақалада авторлар Орта Азия елдеріндегі экономика, мәдениет, көші-қон, бұрынғы сауда жолының жандануы, тайпалар басымдылығы, тілі, ділі, діні туралы жан-жақты ақпарат берілген. Бұл мақаланың да Ұлы Жібек жолына қатысты мәселелер аясында өзіндік орны бар (Liu, 2015).

А. Альфред Жібек жолы атауына анықтама бере отырып, Еуропа, Жапон, Америка ғалымдарының 1930 жылдардан бастап Жібек жолын зерттеуі, көне жәдігерлердің қолды болуы, содан 1980 жылдары қайта жаңғырған зерттеулер геосаяси, мәдени және технологиялық реалийлер, Жаңа заман қалыптасуымен байланысты болғанын алға тартады. Зерттеулердің «жаңа дәуірі» ғылыми, танымдық, БАҚ мақалаларында ғана емес, сонымен

бірге Жібек жолының тарихшылар арасында маңызының артуымен ерекшеленетінін жеткізген (Alfred, 2014: 105-127).

Қазақстандық ғалымдар Орта Азияны Ұлы Жібек жолының күретаымыры санайды, сол себептен де Қазақстан ғылымы үшін Ұлы Жібек жолын кезеңдері мен тарихы тұрғысынан зерттеу ХІХ-ХХІ ғғ. ғылыми зерттеулердің проблемаларын ашуға мүмкіндік береді, ал ол өз кезегінде жаңа мыңжылдықта мәдени, рухани және экономикалық әлеуеттің жаңғыруымен байланысты өзекті мәселелерді шешуде маңызды екендігін сөз етеді (Кобзева, 2020: 28-38). Баяндамашы Ұлы Жібек жолының құрамдас тармағы ретінде «Ұлы шай жолының» дамуына өз көзқарасын ұсынған. Алайда автор «Ұлы Жібек жолы» ұғымының ХІХ ғасырға дейін ғылыми айналымда болмағандығы туралы жаңсақ пікір білдірген. Қытайдан Монғолия және Сібір арқылы батысқа ХVІІІ-ХХ ғасырдың басында тасымалданған негізгі тауар – шай болғандықтан «Ұлы шай жолы» деп аталады деп ойын қорытқан (Дацышен, 2023). А.Камалова Қырғызстанның туристік бизнесін Ұлы Жібек жолы елдерінің туристік бизнесімен біріктіру мүмкіндіктерін қарастырып, қазіргі Жібек жолындағы экономикалық жағдайда оның проблемалары, оларды шешу жолдары және туристік пакеттердің болашағы мәселелері туралы баяндайды өз мақаласында (Kamalova, 2018: 562-567). Жібек жолы тақырыбы жаһандық деңгейде бірнеше себептермен танымал әрі қызығушылық тудыруда, ол: 1. коммуникация, репрезентация (өріс) және синкретизм сияқты сәнді мәдени зерттеулердің басымдылық танытуы; 2. Бұл оазис-қалалар, қарапайым керуен сарайлары және алып империялық астаналар бейнелерін елестетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, кей зерттеу еңбектерде «Жібек жолы» тақыбының ауқымы кең және осыған байланысты оны зерттеушілер де әр қырынан қарастыратыны туралы шолулар жасалады (Karlony, 2011).

Ұлы Жібек жолының зерттелуіне жасалған қысқаша шолулардан, жинақтай айтқанда, ғалымдар экономикалық, логистикалық, мәдени, тарихи бағыттарда көптеген зерттеулер жүргізгенін шамалаймыз. Алайда олардың ішінде жаңсақ пікір қалыптастырған ғалымдар да кездеседі, бұл мәселе Ұлы Жібек жолының тарихы қай кезден басталатыны және қазіргі елдердің аумақтары қаншалықты маңызды рөл атқарғандығы турасында туындайды. Ерекше атап өтер зерттеу – ертеден қалыптасқан ата-бабамыздың салт-дәстүрі, көшпелі мал шаруашылығы, қазақ халқының әлем өркениетіне қосқан үлесінің зор, ол шөлді далалық жерлерді игеруде, көші-қон жаңа өркениеттердің қалыптасуына себепші болғандығынан т.б. көрініс тапқандығын алға тартуы ғалымдарымыздың тың мәселені көтеріп, Қазақстан ғылымына қомақты үлес қосқандығы.

Профессор Ж. Жақыпов өз зерттеуінде Ұлы Жібек жолын пәнаралық тұрғыдан тілтанулық зерттеудің маңызы зор екендігін ескерте отырып, оның себебін тілдің кумулятивтік қызметін түсіну үшін қажеттілігінен іздейді. Жібек жолындағы қалалардың мән-мағынасы шығу тегін айқындау негізінде анықталады. Зерттеу нысаны ретінде гидрографиялық терминге негізделген астионимдерді алған. Сайрам, Сығанақ, Суяб, Шарап, Екіөгіз тарихи қалаларының Ұлы Жібек жолы бойындағы орыны белгіленіп, атаулардың типтік үлгілері анықталып, жаңаша этимологиялық түсіндірме берілген (Жақыпов, 2022: 71-77).

Ұлы Жібек жолының Солтүстік және Солтүстік-Шығыс бағыттарындағы тарихи топонимдердің кейбіріне этимологиялық талдау жасап, Жібек жолының бойындағы макротопонимдер мен елді мекен аттары (ойконимдер) тілдік тұрғыдан жүйелі түрде қарастырылған. Зерттеу нысаны ретінде алынған топонимдердің этимологиясын талдау арқылы, ол атаулардың қай тілден жасалғанын, ол жерлерді кімдер

мекендегенін анықтап, топонимдердің хронологиясы, ареалы таныстырылған (Бияров, 2023).

А.Анарбаев «Көне Ферғана және Жібек жол» атты мақаласында Ұлы Жібек жолы мен Ферғана алқабының астаналық қалаларының тарихы қарастырылған. Зерттеу нәтижесінде өз мемлекеті мен астанасын бір топоним «Фарғана-Паркана-Парғана» деп аталғанын Қытай құжаттарында бұл топоним «Юань» деп аударылған, ал мемлекет туралы сөз болғанда «Дай-Юань (Үлкен Фарғана)» сөз тіркесін қолданғанын туралы сөз етеді. Сонымен бірге, автор астаналық қала Фарғана (Юань) Ескі Акси қалашығының орнында болғанын анықтай келе, Қытай құжаттарында тағы үш қала Эрши, Ючень, Гуйшуань туралы жазылғандығын айтады. Эрши топонимі қазіргі Ош облысы екендігін анықтаған, сондай-ақ осы аттас қала Мингтепа (Мархамат) қалашығы екендігі туралы да ескертеді (Анарбаев, 2019).

Соғды және Ферғананың тарихи география және топонимика мәселелері бойынша ғылыми әдебиетке шолу жасай отырып, автор географиялық атаулардың материалдық мәдениеттің ескерткіші ретінде мың одан да көп жыл бұрын пайда болғанын анықтаған. Соғда мен Ферғана топонимдерін зерттеу шығу тегі бойынша авеста, соғды, араб және тәжік субстраттық қабаттарынан құралғанын айқындауға мүмкіндік берген. Соғда мен Ферғана топонимдері отқа табынушылар дінімен тығыз байланыста екендігін автор алға тартады. Оның пікірінше, топонимдер құрамында зоратуштар терминдері «муг», «бага», «фар» болған, бұл жергілікті тұрғындардың тотемдік, салттық, ғұрыптық ерекшеліктері топонимдерде көрініс тапқанының айғағы екендігін көрсеткен (Аюбов, 2021).

Қырғызстанда Д.Ш. Абдуллаев өз зерттеуінде Ұлы Жібек жолы лингвистикалық картасының негізі ретінде Қырғызстанның топонимдерін кешенді түрде талдайды. Қырғызстанның көне

топонимдері, яғни елді мекен атаулары осы «тарихи трасса атаулар жүйесінде» көне атаулар болып табылатынын сөз еткен. Осы тұрғыдан алғанда, автор пікірінше, қазіргі Қырғыстан топонимдері көне ареалды көзге елестетеді және лингвистикалық бейнесін айқындайды (Абдуллаев, 2015: 42-44).

Ұлы Жібек жолы ғалымдарды экономикалық, туристік, логистика, мәдени, тарихи т.б. тұрғысынан қызықтырса, Ұлы Жібек жолы топонимдерінің ең өзекті зерттеу нысанына айналуы ғажап емес. Себебі ономастика тарих, мәдениет, география, тіл т.б. салалардың тоғысындағы ғылым. Сондықтан да Ұлы жібек жолы топонимдерін осы жол қамтыған әр елдің ғалымдары да, басқа шетел ғалымдары зерттегені анық. Сөзіміз дәлелді болу үшін. Ұлы Жібек жолы топонимдерінің зерттелуіне қысқаша шолу жүргізіп көрелік.

Н. Хеллер «Карталар мен кескіндер арқылы Жібек жолына саяхат» атты конференцияда карталардың алуан түрлілігі мен оларға әрқилы ақпараттың салынатынын ескерте келе, Утай тауын талқылауға қатысты батыс Қытай, Дуньхуандағы Могао үңгірінің картада берілуін сөз етеді. Картада көрсетілгенімен ол жер бедері туралы ақпарат бермейтіндігін тілге тиек еткен (Heller, 2011).

Жібек жолына қатысты Қытай иероглифтерімен жазылған карталардағы топонимдердің араб көшірмелерінде бұрмаланып берілгендігі жөнінде бірнеше карталарды салыстыра зерттеген ғалым пікірімен бөліскен (Kenzheakhmet, 2017).

Е.А.Круглов Оңтүстік Оралдың Жібек жолындағы маңызын анықтау мақсатында Жібек жолының барлық тармақтарындағы ең ірі топонимдік бірліктерге тоқталып қана қоймай, олардың құжаттардағы атауы мен қазіргі өзгертілген нұсқаларын да келтірген (Круглов, 2018: 86-94).

Ұлы Жібек жолын жаңғырту мақсатында құрылған экспедиция қалмақ жеріндегі жер-су атауларын зерттеп,

астионим, ойконимдер, лимнонимдерге талдау жүргізген (Зайцев, 2010).

Клавдий Птолемейдің әйгілі «География» еңбегінде сөз болған Ұлы Жібек жолындағы бағыт сілтеуші «Тасты мұнара» көптеген ғалымдар мен саяхатшыларды шатастырғандығын айта келе, Жаңа Зеландиялық зерттеуші ол Птоломей шығармасындағы нақты емес ақпараттарға жаңаша қарап, «Тасты мұнара» деп тұрғаны «Такт-э-Сүлейман», бұл Қырғызстанның Ош қаласының маңындағы «Сұлайман-Тоо», яғни «Сүлеймен тауы» екендігін жеткізеді (Dean, 2015: 75-83).

Мақалада автор археологиялық зерттеу жүргізілетін Иранның Занджан провинциясы Таром уезіндегі бекініс Паджадах (Кала-и Паджадаг; Кала-е Ташвир) туралы сөз қозғаған. Археологиялық қазбаларға дейін жердің географиялық ерекшелігін және тарихи мәнін анықтау негізінде, оның шығыс-батыс бағытындағы стратегиялық маңызы бар және табиғи ресурстары ерекше екендігін көрсеткен. Занджан Ахеменид кезінде әкімшілік астана болғандығына да тоқталған (Nourallahi, 2015: 87-94).

Мақалада авторлар Монголияның Хермен Денж қаласында өткізген далалық жұмыс нәтижелеріне тоқтала келе, көшпенділердің Монғолияда отырықшылану, яғни урбандану (қалалықтануы) туралы кеңінен таратып, мәліметтер келтірген (Kradin, 2015: 95-103).

Тай елінің тарихшысы Дхида Сарайяның пікірінше, тай мәдениеті мен қоғамының негізі «Двараватидің» дәстүрлі мәдениетінің негізінде қаланған. Автордың зерттеуінше, «санскриттік «Дваравати» – «портқа қақпа болу» дегенді білдіреді де Оңтүстік-Шығыс Азияның құрлық бөлігінде өзен және теңіз сауадасының маңызын білдіреді», яғни порт атауы (Saraya, 1999).

Тим Вилиамстың пікірінше, «Жібек жолындағы көптеген жер-су атаулары әр тілде: түркі, қытай, араб, хинди, парсы, латын

т.б. берілген. Көптеген географиялық атаулар уақыт өте келе өзгерген, кейбір тарихи атаулар қандай да бір жерге тиесілі деп айта алмаймыз, сонымен бірге атаулар әртүрлі жазылып, бірнеше нұсқада жүр, транслитерация мен әртүрлі салтқа байланысты. Бұл нақты қазргі қай жер, қай орын, қай ауыл екенін анықтауда шатастырады» (Williams, 2014).

Мақала авторы Синьзян және Ганьсу жерлерінің, елді мекендерінің шөлді жерлерге айналуын, көне қалалар мен елді мекендердің әлемнің ең сусыз, шөлді жерлерінде қалану себептеріне тоқтала келе, мұның себебін көне өзендер арнасының өзгеруі, қоршаған орта, климаттың өзгеруімен түсіндіреді. Мұны Жібек жолындағы ең өзекті күрделі мәселелердің бірі санайды. Зерттеу Тан династиясы дохань дәуіріне дейінгі, тіптен соңғы Цин империясының құлдырауына дейінгі елді мекендер мен қоршаған ортаға қатысты дей келе, осы елді мекендер мен қалалардың құлдырауына себепші болған қоршаған орта мен климатты зерттеудің қазіргі осы тектес проблеманың алдын алуға мүмкін беретінін алға тартады (Romgard, 2008: 44).

Омер Дабанлы мен Мурадие Шимшек Ұлы Жібек жолының тарихына, оның Қытай, Түркістан, Иран мен Месопотамия арқылы созылып жатқанын, қауіпсіздік салдарынан құлдырағанын тілге тиек еткен. Сонымен бірге, зерттеу мақсаты ретінде Анатолия керуен жолдары арқылы Жібек жолымен керуен-сарай бағыты тұрақты түрде заманауи мәдени туристік бағыт бола алатындығын мысалдармен дәйектеген. Бұл керуен-сарай Конья-Анталия/Манавгат арқылы өтетінін, мәдени бағыт бойынша сандық технология қолданылып, арнайы мәдени сценарийі әзірленгенін де жеткізген (Dabanlı & Şimşek, 2023: 89-106).

Автор мақалада Түркменстан (б.з.б. VII ғасырда) мен қазіргі Әзірбайжанды қосып тұрған Каспий теңізіндегі жағалаудың геология-тарихи негіздерін қарастыра келе, осы жағалау

арқылы тарихта белгісіз болған Қытайдан Азия бойынша Еуропаға және Таяу Шығысқа Каспий теңізі арқылы Ұлы Жібек жолы бағыты негізінде тауар тасымалына қолайлы әрі қысқа жолдардың болғандығын дәлелеуге тырысады (Khalilova, 2017: 1-9).

Байқап отырғанымыздай, Ұлы Жібек жолындағы топонимдердің маңыздылығы бірнеше мәселенің шешімін анықтауға болады, бұл ономастиканың тарих, мәдениет, география, картография, туризм, метеорология, ауылшаруашылық, сауат т.б. салалардың тоғысындағы маңызды ақпаратты қамтыған ғылым екендігін дәлелдей түседі. Бұған басында көрсетілген ғалымдардың зерттеулері айғақ бола алады.

1.2. Топонимдерді зерттеудің тарихи-лингвистикалық негіздері

Топонимика – бірнеше ғылымның тоғысқан жерінде пайда болған сала. Бүгінге дейінгі зерттеулерінде географтар географиялық нысан мен жер-су атауларының өзара сабақтастығын негіз етіп, оның географияның қарамағына телісе, лингвист мамандар атау мен оның мағынасы, этимологиялық табиғаты, дыбыстық тұлғаның құрылымдық жүйесі т.б. ерекшеліктері бойынша тіл білімінің нысанына жатқызып келді. Сонымен бірге жер-су атаулары – халықтың тарихи жады, бабалардың туған жердің бетіне жазып кеткен хаты екенін де еске алмауға болмайды. Көнеден жеткен кез келген жер-су атауының сырларына үңілгенде тарихи фактілерге сүйенбей отыра алмаймыз. Сондықтан осы орайда тарих ғылымын да назардан тыс қалдыруға болмайды. Жібек жолы бойындағы топонимдер өзінің ақпарат сақтау қабілетімен өткен тарихымызды еске салып отырады. Бұл аталғандардың әрқайсысы өзіндік маңыздылығымен ерекшеленеді. Ешқайсысын назардан тыс

қалдыруға болмайды. Осы жайттарды ескере отырып, қазіргі зерттеушілер топонимиканы ғылымдар тоғысында пайда болған пән деген қорытындыға келіп отыр. Жібек жолы – ең бірінші тарих. Жолдың ғана емес, оның бойында өмір сүрген халық пен қалыптасқан мәдениеттің, экономиканың тарихы. Тарихи мәліметтер мен түрлі ақпараттарды салыстыра отырып зерделегенде, Жібек жолының мәні ашылады, сонымен қатар атаудың мағынасы да кеңейе бермек.

Ұлы Жібек жолының бойындағы топонимдерді тарихи тұрғыдан қарастырғанда, анықтап алатын бірер мәселе бар: ең бірінші жолдың басталу мен барар жері, өмір сүру уақыты және көне дәуірлерден жеткен топонимиялық деректер мен тарихи зерттеулердің нәтижелері. Ұлы Жібек жолы – тарих, әрі тарихи құндылық. Ұлы жолдың атауымен бірге оның бойындағы елді мекендер мен қалалар тарихқа енді, халықтың тұрмысы мен рухани мәдениеті т.б. туралы ақпараттар бүгінгі күнге жетті. Оның мазмұнында сан ғасырлық тарих жатыр – экономикалық, мәдени, шаруашылық, рухани байланыстың, түптеп келгенде адамзат өркениетінің негіздері осы жол атауының айналасына жинақталды. Ұлы жолдың қазақ даласы арқылы өтуі бұрынғы ата-бабаларымыздың осы өркениет көшіндегі орнын айқындауға да өзіндік үлес болып қосылады. Жібек жолы қазақтың ұлы даласын көктей өтіп, Еуропамен жалғастырғанын тарихтан жақсы білеміз. Арғы тарихына көз жіберсек, қазіргі зерттеулерде «Жібек Жолы» (Ұлы «Жібек Жолы») – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуендік жол бағыты. Атауды алманиялық ғалымдары Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) мен А. Херман (A. Herman) XIX ғасырда ұсынған. Ұлы Жібек жолы – адамзат өркениеті жасаған тарихи ескерткіштердің бірі. Біздің дәуірімізден бұрынғы II ғасырдан басталған бұл жол, Еуропа мен Азияның-Батыс пен Шығыстың арасын жалғастырған көпір

болған. Оның Қазақстан жерін кесіп өтетін тұсында, VI ғасырдан бастап екі бағыт: Сырдария және Тянь-Шань жолдары кең өрістелген. Бірінші жол Қытайдан басталып, Шығыс Түркістан Қашқар арқылы Жетісуға, содан Сырдарияны жағалап, Арал маңынан әрі қарай Батыс елдеріне өткен. Жол бұдан 3-4 мың жыл бұрын болған. Атаулы керуен жолы XX ғ. басына дейін сақталып келді, тіпті, Ресей, Қазақстан және Орта Азияның қалалары мен елді мекендерін байланыстырып отырды, оған жақын жерлерде жәрмеңкелер ұйымдастырылды», – делінеді (Ұлы Жібек жолы, 2023). Бұл орайда біз жоғарыда көрсетілген уақыт аралығына назар аударғымыз келеді, яғни Ұлы Жібек жолының тарихы б.ж.с. дейінгі екі мың жылдықтан бастау алып, XX ғасырдың басына дейін сақталған. Жібек жолының өмір сүру уақытын анықтауда, ілгеріде тоқталғанымыздай, тарихи деректерге негізделген зерттеулер тұжырымдарына және осы өңірдің топонимиясында сақталған тілдік ақпараттарға сүйенеміз.

Ұлы Жібек жолының бойында көптеген қалалар өмір сүрді. Ә.Марғұлан өзінің жазбаларында В.В.Бартольдтың, Рубруктың жазбаларына, тарихи деректер мен археологиялық зерттеулерге сүйене отырып, Жетісу жерінде көптеген қалалардың болғандығына тоқталды. Мысалы, Жетісудың басты қаласы Алмалыққа 7 не 8 қаланың қарағандығы айтылады. Сонымен қатар Қойлық, Дүнгене, Екі-Өгіз (Рубрук – «Эквиус», М.Қашқари «Еки-Буиз» (екі мүйіз) деп атай бастайды), Кем-Талас, Іле-Балық, Тонг, Талхиз (қазіргі Талғар) секілді қала атаулары; Шеңгелді өзені, Иссык-Куль (Ыстық көл) көлі секілді гидронимдерді атап өтеді (Марғұлан, 2010: 261-265). Археологиялық деректерге сүйене отырып тарихшылар, Жібек жолының бағыттары мен біршама қалалардың тұрған орнын анықтады. Топонимикалық зерттеу мүдделілігі тұрғысынан, жолдың солтүстік бөлігінің Талғар (Талхиз) өзенін бойлай жүріп отырып, Қапшағай сайындағы Іле өткеліне дейін баратындығы, содан соң Шеңгелдіге

қарай бұрылып, ары қарай Алтынемел асуы арқылы Көксу алқабына түсетіндігі туралы ақпаратта кездесетін топонимикалық атаулар маңызды. Осындағы Икиогуз қаласы (Екіөгіз қаласы. Қазіргі Дунгановка ауылының орнында), Қаялық (Қойлық қаласы. Қаратал өзенінің аңғарындағы қазіргі Антоновка ауылының орнында) және Рубруктың жазуынша Қаялыққа жақын жерде Жібек жолын кесіп өтетін христиандар селосы болғаны, Алакөлдің оңтүстік-батыс жағалауында бір қала болған, оны саяхатшылар «облыс астанасы» деп атаған екен. Ол қазіргі Көктұма ауылының орнына сәйкес келеді (Байпақов, 1992: 15-16). Тарихи топонимияның алыс ғасырлардан жеткен кейбір іздері міне осындай. Түрлі деректерде сақталғанмен, оның өмір сүрген уақытын, тұрған орнын анықтау жұмыстары археологиялық қазба жұмыстары мен тарихи деректерді салыстыра қарастырғанда нәтижелі болмақ. Деректерде сақталған топонимдердің жалғыз өзі оған қатысты туындайтын сұрақтардың барлығына жауап бере алмайды, сондықтан тарихи-лингвистикалық зерттеулер осындай кешенділігімен ғана маңызға ие бола алады. Топонимдердің тарихындағы өзгерістер қазіргі кезде арнайы қарастыруды талап етеді. Елді мекеннің бұрынғы тұрған орны мен қазіргілерінің арасында, көріп отырғанымыздай, орнын сақтап қалғандары да, сонымен қатар қиранды жұртының сол жерге жақын маңнан табылғандары да бар екен. Бұл таза тарихи факт болып табылады. Сол секілді бұрынғы атауы мен қазіргі атауының арасындағы байланыс пен ерекшелік, бұл жердегі тарихи-лингвистикалық факторлар, этимологиялық мәселелер тарих пен тіл білімі ғылымдарының тоғысқан жерінде кешенді түрде қарастырылуы тиіс.

Кей зерттеушілер қазіргі кезде топонимияны халықтың жерге жазылған хаты деп сипаттап жүр. Бейнелі анықтама болғанмен, бұл жерде белгілі дәрежеде шындықтың бар екені рас. Олардың арасында қазіргі кезде мағынасы белгілілері мен

көмескілері қатар қолданыста сақталып келеді. Р.Сыздықтың зерттеу еңбегінде олай болуының себептері нақты көрсетіледі. Мысалы, «Алдымен, жеке бір халықтың тілі ретінде қалыптасу барысында ертедегі, арғы бабалар кезеңіндегі бірқатар қолданыстар ығысып, жаңаларына жол береді... Бірқатар сөздердің әрідегі бабаларымыздың тілінде, яғни көне түркі тілдерінде қолданыста болып, ғасырлар өткенде олардың мағынасы, кейде тұлғасы да ұмытылуы – лексикалық ескіліктердің пайда болуының бір уәжі», – деп тұжырымдайды (Сыздық, 2014: 232). Бұл тұжырым Жібек жолы бойындағы топонимдердің лингвистикалық сипатының қалыптасуына да қатысты. Олардың арасында да мағынасы түсінікті, түсініксіз және көнерген элементтер бар. Қазіргі Қазақстан аумағындағы кейбір атаулар Қытай Халық республикасының аумағындағы атаулармен сәйкес келеді. Олардың ішінде Алмалық, Тұрпан қалаларының атауларына этимологиялық талдаулар ғана жасалатын болса, зерттеуші олардың тілдік табиғатын, даму барысындағы өзгерістерін анықтаумен ғана шектелер еді. Бұл орайда атаумен аталып тұрған қалалар мен олардың тарихы туралы көптеген тарихи ақпараттар назардан тыс қалар еді, сондықтан олар да арнайы зерттеу мен анықтауларды қажет етеді. Жасалатын тарихи зерттеулерге бұл орайда топонимдік атаулар дәлдік береді, екінші жағынан қаланың тұрған орны, өмір сүрген уақыты туралы ақпараттарды атаулармен байланыстырған кезде ғана тарихи шындыққа қол жеткізуге болады. Бұл тұрғыдан қарағанда зерттеулерді топонимдер мен тарихтың өзара тығыз байланысатын, яғни тоғысатын тұсында жүргізген абзал. Мысалы, ілгеріде аталған Алмалық атауының лингвистикалық табиғаты белгілі, қазіргі «Алматы» атауының қазіргі нұсқасы. Тек Алматының құрамындағы «-ты» қосымшасы көнерген. «Алма көп өсетін жер» деген мағына береді. Ал Тұрпан атауының мағынасы туралы қазақ тілінде ғылыми талдаулар аз. Мысалы,

Т.Жанұзақ «Бұл XVIII ғ. Шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының Тұрпан деген ұлының есімінен қойылған атау. «Менің кіші ұлым Тұрпан Тұрпан асып барғанда туған болатын», - деп, Жетісу облысы (бұрынғы Алматы облысы) Панфилов ауданындағы ауыл атауының шығу тегін антропотопоним ретінде түсіндіреді (Жанұзақ 4-т, 2021: 415). К.Каймулдинова «С. Сыдыков (1966) монғол тіліндегі ой термині «орман, шоқ, тоғай» деген мағына беретінін жазады. Түркі тілдері тұрғысынан жер бедерінің теріс пішініне қатысты ой термині таулы аудандарда ағаш атауларымен қосарланып келген жағдайда біз монғолдық термин туралы сөз қозғауға болады деп топшылаймыз. Іле Алатауындағы, Алтайдағы Ойқайың, Ойқарағай, Ойтал атауларының бірнеше рет қайталануы кездейсоқ болуы мүмкін емес.

Сонымен қатар, ой терминінің таулы аудандарға тән емес екендігін ескеру қажет. Ал Қараой, Ойсаз және т.б. атаулар құрамындағы ой қазақ тіліндегі орографиялық термин болып табылады. Аталған еңбекте жабайы жылқы (тұрпан, тарпаң) атауын түркі-монғол тілдерінде «аңыр» дейтіні келтірілген. Жамбыл облысындағы Аңырақай тауының атауын осы зоониммен байланыстыруға негіз бар. Жабайы жылқылар қазақ жерінде өткен ғасырларда кең тарағанына тарихи деректер жеткілікті. Олай болса, Аңырақай атауы тарпаңның таралған жерін көрсетеді», (Каймулдинова К. 2011: 130 б.) – деген пікірінде нысанның сипаты туралы ақпарат бар. 吐鲁番市--新疆吐鲁番市地名介绍 地名由来: 吐鲁番市藏语, “吐藩”之音而来, 有“水果多的地方”之含义。另一说来自维语“吐尔番”, 其意为“都会”; 还有一说则来自回纥语“最低的地方” Атаудың шығу төркіні: Тұрпан қаласы тибет тіліндегі “tu fan” сөзінің дыбыстық аудармасы, жеміс-жидек мол жер деген мағынаны білдіреді. Тағы бір деректерде ұйғыр тілінде “tu er fan 吐尔番” – «Тұрпан» болып айтылып, бәрін біледі деген мағынада. Келесі бір деректерде Хуйхы (көне ұйғыр)

тілінде «ең төмен, аласа жер» деген мағынаны білдіреді деп көрсетеді (<https://new.qq.com/rain/a/20230809A03FEN00>, 21.10.2023 ж.). Тұрпан туралы айтылған соңғы екі деректегі мына жайттарға назар аударуымыз керек – «ой», «ең төмен, аласа жер» мағыналары бір-біріне сәйкес келетін секілді. Кей деректерде бұл атаудың шығуын моңғол тілімен байланыстырады: «Қаланың түпнұсқа атауы белгісіз. Турфан формасы (ол Турпаннан үлкен болғанымен), біздің заманымыздың 2-мыңжылдығының ортасына дейін қолданылмады және оны қолдану тек монғолдан кейінгі кезеңде кең тарады» (<https://kk.mgwiki.top/wiki/Turpan>). Жинақтай айтқанда Тұрпан атауының мағынасы географиялық нысанның сипатын, яғни орналасу жағдайын білдіреді деген болжам жасауға болады. Тұрпан мағынасы көмескіленіп, шығу уәждері ұмытылған атаулардың қатарына жатады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы атаулардың енді біразы қазіргі тілімізде мағынасы айқын, көнеден жалғасып келе жатқан нұсқалар. Мысалы, Айдарлы, Айрық, Аққұдық, Ақтекше, Атыжоқтау, Аяқсаз, Бүгіл, Бұққан т.б. атаулар қазақ тілінің топонимжасам заңдарына сәйкес, дала табиғатының ерекшеліктеріне қарай пайда болған атаулар. Олардың да табиғатын тарихи тұрғыдан сипаттаудың өзіндік мәні бар. Көне түркі жазбаларында «**FARAB** – Оғыз қалаларының бірі Қарашоқының (Карачука) екінші атауы», **JAR** *геогр.* 1. мекен атауы. 2. өзен атауы. **KÖMÜR**: **kömür** *тау геогр.* Тау атауы. **MENKÜ**: **menkü qaja** «мәңгі тас» жазу жазылған тас. **Muz** *тау геогр.* Таудың аты. Мұз тау. **QARYALĪY** Тераздың қасындағы бекіністің атауы, **QUM** қала атауы [ДТС]. Осы аталған топонимдер және олардың компоненттері қазіргі кезде де тілімізде сақталып келеді. Мысалы, зерттеліп отырған аумақтағы Жаркент, Көмір тау (немесе Көмірші), Алатау, Қызылқия, Аққұм, Қарақұм т.б. атаулар көне түркі тіліндегі топонимдердің бүгінгі тіліміздегі нұсқалары болып табылады.

Көне түркі жазбаларында сақталған көне тұлғалы топонимжасамдық компоненттер мен грамматикалық құралдардың өзі біршама мәліметтер береді. Жинақтай келгенде, Жібек жолы XX ғасырдың басына дейін сақталған деген болжамды жоққа шығаруға болмайды, себебі ғасырлар бойы қалыптасқан жүруге, алыс елдерге сапар шегуге қолайлы жол ешқашан өзінің мәнін жоймайды. Ұлы Жібек жолының бағыттары мен ізі қазіргі заманда да жойылып кеткен жоқ, қазіргі еліміздің ішіндегі және шекаралас елдермен байланыстырып жатқан күре жолдардың негізі Ұлы Жібек жолынан бастау алады. Соның ішінде Іле аңғарының екі жағын ала созылып жатқан жолдар қазір де ел мен елді, жер мен жерді байланыстыруға қызмет етіп келеді.

«Топонимдерді тарих айнасы не, тіптен, өткенге өзіндік терезе деп атауымызға болады. Топоним – бұл тарихи жадымыздың кілті» (Нерознак, 1992). «Тарихи географиялық атаудың құндылығы – ең кем дегенде, үш түрлі ақпарат беретіндігінде: географиялық, тарихи, тілдік, бұл, өз кезегінде, тарихи атауларды халықтың рухани мәдениетінің ескерткіші деуге мүмкіндік береді» (Груздев, 1992).

Топонимдердің төлсипаты дегенде ойконимдік кеңістік, яғни этномәдени корпусқа сай келетін тілде белгілі бір кезеңде белгілі бір социум қолданатын әр деңгейдегі елді мекендер атауының жиынтығын құрай алу қабілетін айтамыз. Біртұтас жүйе ретінде нысандар туралы шынайы ақпаратпен уәжделген топонимдер мағынасында сақталған мәдени тілдік ақпараттар негізінде әлемнің жалқы есімдік бейнесінің топонимдік кесіндісін қалыптастыра алу қабілетін топонимдердің ингеренттік ерекшелігі деп түсінеміз. Күрделі топоним топтық ақпаратқа ие, яғни бір тектес топонимдер жиынтығына қатысын білдіреді. Аталмыш факторды ескере отырып, елтанымдық мағынадағы топонимдердің бірнеше мазмұндық тобын бөліп

көрсете білуге болады: 1) тарихи компонентті топонимдер. Бұл тарихи елтаным құзыреті басым топонимдер: тарихи тұлғалар есімдерімен, «мемориал»-атаулар, мысалы: Отырар, Тараз, т.б. Бұл топонимдердегі тарихи коннотация топоним жасалғаннан кейінгі компонент болуы мүмкін, мәселен, Аңырақай шайқасы. 2) Гегорафиялық компонентті топонимдер. Бұл бүкіл қазақ жеріндегі топонимдердің атау-ассоциациясы, мысалы: Алматы, Талғар, Шелек, Нұра т.б. 3) табиғи-географиялық компонентті топонимдер. Аумақтың флорасы мен фаунасынан ақпарат беретін атаулар: Құлан, Теректі, Бақалы т.б. Мұндай атаулар әртүрлі жануарлар мен өсімдіктердің қазіргі не өткен таралу ареалы туралы ақпарат береді. Құрамында көне географиялық терминдер негізінде қалыптасқан қазіргі топонимдерде «аң атауына байланысты компонент» жаңсақ ақпарат беретіндігі айқындалды, мәселен, *Ақсиыр* топониміндегі «сиыр» компоненті қазіргі қазақ тіліндегі «сиыр» сөзіне еш қатысы жоқ, моңғол тілінен сайыр «құрғаған өзен арнасы, малта тас» мәніндегі сөз, Екіөгіз – атаудың екінші сыңарындағы өгіз көне түркі тілінде «өзен, су» мәнін білдіретін сөз болған. Демек, атаудың мағынасы «екі өзен» дегенді білдірер болса, қаланың қатарласа ағып жатқан екі өзен жағасында салынғандығын аңғартқандай.

Құрамында термин-идентификаторы бар топонимдер қатарына Алматы, Сығанақ, Талас>Тараз, Қойлық, Талғар, Шелек, Кеген, Екіөгіз, Арыс, Кеңгір, Нұра жатады. Бұл атаудың әрқайсысы жер бедері бойынша мол ақпарат береді. Керуен жолындағы көне топонимдердің мағынасы күңгірттеніп, қазіргі кезде тек нысанды білдіретін атаулар ретінде сақталған. Алайда Е.Қойшыбаев, Ғ.Қоңқашбаев, А.Әбдірахманов, Т.Жанұзақов т.б. секілді ономаст-ғалымдардың этимологиясына сүйенер болсақ, онда жәй өзен емес, «таудан ағатын өзен» екендігін анықтауға болады. Жібек Жолы бойындағы топонимдердің ішінде этнотопонимдер де өзінің тарихилығымен ерекшеленеді.

Мысалы, Меркі, Арыс, Сунақата, Қаспан, Жамантұмақ т.б. көптеген топонимдер көне замандардан жеткен этнобірлестіктер туралы ақпараттар береді. Сонымен қатар Құлан, Арқарлы, Қоянды, Түлкілі, Мыңжылқы т.б. секілді жануарларға байланысты атаулар қазақ халқының мал шаруашылығы, аңшылық, саятшылық өнері т.б. жинақтай айтқанда жер мен жануардың қатынасы туралы көптеген ақпараттар береді. Бұл атаулардың шығу уәждері мен тарихи негіздерін этномәдени әрі этнографиялық тұрғыдан қарастарар болсақ, халықтың тарихы, шаруашылығы, тұрмыстық мәдениетінің терең сырларынан мол мағлұматтар береді.

Кесте -1 Құрамында термин-идентификаторы
бар көне топонимдер

Термин-идентификатор	Көне түркі	Үнді-иран	Орал-алтай	Монғ./эвенк	якут	Чув./Мари	топоним
тау	-ты/ту/ тоо/гар	тал					Алматы Талғар
өзен	сув/су/ суу/					Йол	Сыған ақ Шелек
жота		таль		Нуру			Тараз Нұра
су			ас/аз				Тараз
өзен	Кен/гем /хем өгіз						еген кіюгіз
Жартас/ құз					ая/к ая		ойлық

Қайнар/ бастау						елга	елек
Жар	Кей/күй						Кеген
өзен			Ар/ос(- ус/-ас/- ыс)				Арыс
Арық/ канал		Кан/ір =өзен+ өзен					Кеңгі р
Тау сілемі				Нура			Нұра

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдер бойынша жиналған материалдар негізінде нысанның ерекшелігін тікелей білдіретін, жергілікті тайпа атауын иеленген, фаунасынан ақпарат беретін атаулар екені байқалады. Топонимдердің коннотациясы топонимге дейінгі мағынасы: тайпа атауы, аң атауы т.б. және уәжді топоним, яғни термин-идентификатор негізінде атаудың осылай аталу уәжін айқындап тұр. Ал бұл топонимдердің мағынасы сол кезде анық, көмескіленбеген, қазіргідегідей күңгірт емес. Ілгеріде аталған Алматы, Арыс, Екіөгіз, Кеген, Кеңгір, Қойлық, Нұра, Сығанақ, Талғар, Талас>Тараз, Талғар, Шелек т.б. тарихи атаулар бүгінгі күн үшін аса маңызды дереккөз болып табылады. Бұл қалалардың тарихы – пайда болуы мен өмір сүрген дәуірі, өркендеуі мен гүлденуі, басынан кешірген оқиғалар бүгінгі күнге осы атау арқылы жетіп отыр. Сондықтан, тарихи топонимдер мағынасындағы тарихи адрестік, тарихи оқиғалардың орны, тарихи мәдениет ошағы ретінде де аса маңызды бағдарлар назардан тыс қалмауы тиіс.

Тарихи топонимдер классификациясы жағынан алауан түрлі тақырыптарды қамтиды. Бұл атауларды өзара біріктіріп тұрған тұсы – осы атаулармен аталып тұрған нысандардың Ұлы Жібек жолы бойында орналасуы. Құрамында термин-индикатор бар топонимдердің басым болуы, тікелей табиғи нысанның сипатын білдіріп тұр. Бүгінгі таңда бұл нысандардың табиғи

сипаты өзгерген болуы да мүмкін, алайда мағынада сақталған тарихи ақпараттар сол кездегі ерекшелігі бойынша болжамдар жасауға мүмкіндік береді.

1.3. Топонимдерді зерттеудің лингво-географиялық негіздері

Топонимдердің классификациялануы тек лексика-семантикалық сипаттамалар арқылы ғана жүзеге аспайды, сонымен қатар географиялық негіздерге де сүйенеді. Мысалы, «қара» сөзінің топонимдік мағынасы, соның ішінде Қарасу, Қараөзек т.б. секілді топонимдер құрамында келгенде бірінде «тоқтап тұрған немесе ой жерге жиналып қалған су», екіншісінде «қара отты (жиегі) өзек» деген мағыналар беруі олардың лингвистикалық ерекшелігі болады да, гидроним (су нысандары атауы) және ороним (жер бедері атауы) болып топтасуы географиялық жүйесі болып табылады. Бір топонимнің бойындағы бұл ерекшеліктердің бірін екіншісінен бөліп қарастыруға болмайды. Лингво-географиялық негіздері дегенде біз осы ерекшелігін ойға аламыз. Халықтың табиғатты тануы мен оны қабылдауы ең бірінші географиялық ұғым-түсініктердің туындауына ықпал етеді, осы ұғым-түсініктер ойда қорытылып, жүйелене келе тілде сөздермен таңбалана бастайды. Айнала қоршаған дүниенің бейнесін тану, яғни әрқайсысының түсі мен түрін, формасын елестету белгілі бір аймақта, сол жердің табиғи жағдайының ерекшелігі бойынша жүзеге асады. Мекендеген аймақтың тілдік келбеті сол жердің географиялық жағдайына тікелей қатысты болып келеді, сондықтан бұл орайда да тіл мен географияны бір-бірінен бөлуден гөрі, өзара байланыста қарастырудың тиімділігі жоғары. Халық өмірінде географиялық нысандардың бағдар беру қызметі орасан зор болған. Қысқаша бір мысал келтіре кетелік: «Мынау алдымыздағы үлкен көл

«Қамысақты» ғой: осының сол жағын ала жүріп ана шаңырқай көрінген Обаның белесінен тура ассақ алдымыздан бір кішкене сүрлеу келеді. Сол сүрлеумен барып Шұғаның белгісінен қара жолды қиып аламыз, - деді» [БМ].

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдерді географиялық тұрғыдан қарастырғанда жолдың өтетін аумағы, жердің географиялық сипаты, жол бойындағы қалалар т.б. барлығы назарға алынады. Бұл мәселе кеңістіктегі жол сызығын және оның бағыттарын, жол бойындағы географиялық нысанның түрлерін сипаттайтын картаның болуын қажет етеді. Карта кеңістіктің көлемін және ондағы нысандардың түрлерін алақандағыдай көз алдымызға елестетуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыдан алғанда лингво-географиялық зерттеулер, яғни пән аралық байланыстың маңыздылығы арта түседі. Қазіргі зерттеушілер арасында топонимдерді картаның тілі деп санайтын ғалымдар бар. Бұл пікірдің де шындыққа жанасатын жақтары бар. Егер топонимдер болмаса, картаны елестету мүмкін емес. Топонимдердің өзге ғылым салаларымен байланысын ескере отырып, осы орайда олардың тілдік таңба ретіндегі орнына баса назар аударамыз. Жинақтай келгенде ілгеріде айтылғандай, жолдың бағыттары, жол бойындағы топонимдер, олардың тілдік-таңбалық сипаты, географиялық нысан ретіндегі орны т.б. барлығы лингво-географиялық ұғым түсініктердің негізін құрайды. Осы ұғым түсініктердің аясында Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің терминологиялық жүйесі, тілдік-тағылымдық ерекшеліктері, адам мен табиғат қатынастары, яғни қазақ халқының табиғаттану әлемінің ұлттық үлгілері айқындалады.


«Жазба деректерде Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу қалаларының Византия, Иран, Орта Азия, Кавказ, Алтай, Сібір, Шығыс Түркістан мен Ұлы Жібек жолы арқылы сауда қатынасы болғаны айтылады. Сол деректемелерде аты аталған қалаларды зерттеу арқылы Жібек жолының Қазақстандағы бөлігінің бағыты

белгіленеді... Х ғасырдан бастап Іле аңғары бойындағы сауда жолы жандана бастады. Бұл жерге Қордай, Қастек асуларымен келді. Осы жерден көпестер қазіргі Алматы, Талғар (Талһир, Талхиз) қалалары орнындағы қалалар мен қоныстарға беттеді. Талхизден екіге айрылды. Біріншісі – оңтүстік Іле жолы, қазіргі Есік, Шелек, Кеген аудандары, екіншісі – Қырғызстан (Подгорное) арқылы Шонжынға баратын. Іленің оң жақ жағасына Бурақожыр өткелі арқылы өтіп, Көктал, Жаркент (Панфилов) басып Алмалыққа шығатын. Жолдың тағы бір тармағы Ілеге Қапшағайға жақын жердегі Іле өткеліне және одан кейін Көксу, Қаратал мен Лепсі аңғарына баратын. Мұнда Екіөгіз (Дүнгене), Қойлық қалалары, Көктұма қалалық жұрты болды. Алакөлде тарамдалған жол торабы арқылы Шығыс Түркістанға Алтайға, Монғолияға жол тартылды» (Нұғман, 2020).

Осы жолдардың картасын негізге ала отырып, Қазақстан шекарасының қытай жақ бөлігінде қалған, шекараға жақын жердегі Алмалық қаласынан бастасақ, жол Жаркентке келгенде екіге бөлінеді. Бірі Іле өзенінің оң жағалауымен, екіншісі сол жағалауымен қатар жүріп отырып, қазіргі Талғар қаласында қайта түйіседі. Ірі су көздері – ежелден өркениеттің бастауы. Суы тұщы әрі мол болғандықтан Іле өзенінің аңғарын жағалай халық тығыз орналасқан. Жетісу аймағынан өтетін бұл жолдар қазіргі күнде де бар. Жолдың құрылысын жүргізумен қатар бағыты мен өткелі қиын тұстардан өтетін жерлерін айқындау аса маңызды мәселе. Күні кешегі, спутниктік құралдар дамығанға дейінгі замандарда жердің жүрте қолайлы әрі тиімді бағыттарын жергілікті аймақтардағы тұрғындардың географиялық білімі мен уақыт тәжірибесі айқындаған. Демек, қалалар мен шетелдерді байланыстырып жатқан күре жолдардың барлығының дерлік алыс ғасырларға бастайтын өзіндік ұзақ, қысқа тарихы бар. Тарихшылардың ғылыми болжамымен түсірілген Ұлы Жібек

жолының бағыттарын салыстырып қарасақ, еліміздің төрт бұрышын жалғап жатқан қазіргі күре жолдарға сәйкес келеді.

Ілгерідегі деректерге сүйене отырып, ұлы жолдың бір тармағы, қысқа ғана аумақ – Қорғас пен қазіргі Сарыөзек ауылының арасындағы бөлігіне тоқталамыз (картада стрелкамен көрсетілген аймақ).



¹Жібек жолының Жетісу аумағындағы бөлігі.

Карта К.Байпақов, А.Нұржановтың «Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан» атты зерттеу еңбегінен кесіп

¹Картадағы көк стрелканың бойында кішірек тау суреті таңбаланған жер шамамен Алтынемел тауының тұрған тұсы. Ал осыдан кейінгі жол екіге айырылатын жерді қазіргі Қызылжар мен Сарыөзектің аралығы деп шамалауға болады.

алынды. Көк сызықтың бойындағы Алтынемел тауы (Жұмақаев, 2014).

Жолдың басын Алмалық (шекараның Қытай жақ бөлігінде қалған) қаласынан бастағанда жөн көріп отырмыз, өйткені Алмалық – Жібек жолының негізгі күре тамырынан орын тепкен ірі сауда, мәдениет және саяси орталық ретінде Қазақстан мен Шығыс Түркістанның орта ғасырлық тарихы мен мәдениетінде аса маңызды рөл атқарған қала (Жетісу. Энциклопедия, 2004).

Шекараның Қазақстан жақ бетінде, шекараға жақын жерде, қазіргі Алмалы ауылының орнында да, жергілікті тұрғындардың айтуына қарағанда, осы атаумен аталған елдімекен болғанға ұқсайды, қазіргі Алматыны қоссақ, Жетісу жерінде үш рет қайталанады. Олардың барлығы көне замандардан жеткен атаулар. Жол бойындағы біз межелеп отырған аралықта мынандай елді мекендер тұр: Қорғас, Жаркент, Іле-балық (қазір Көктал), Қойбын, Қоңырөлең, Басши, Алтынемел, Қаспан, Қызылжар, Сарыөзек.

Жер жағдайының көбіне таулы аймақ, жер бедері бір тегіс емес, ойлы, шұңқырлы немесе дөңес-шоқылы сипаты ауызша қолданыс арқылы жеткен топонимдердің мағынасынан көрініс береді. Жер жағдайының сипаты тек қана халықтық географиялық терминдер арқылы ғана емес, топонимия тілінде оған қатысты нысандар арқылы да беріліп отырады. Мысалы, Сарықамыс, Төменгі Сарықамыс², атаулары бұл жерде қамыстың өсетіндігін және сазды, сулы жер екенін білдірсе, Тораңғылы, Тораңғылытүбек, Жиделік, Қарақоян секілді топонимдер жердің

² Топонимияда қарама-қарсы мағыналы топонимдер жиі кездеседі, сондықтан «Төменгі Сарықамыс» болғандықтан, «Өргі немесе Жоғарғы Сарықамыс» атауының болуы шарт, осыған қосымша орналасу жағдайына қарай кейде «ортаңғысы» да кездеседі. Атаудың бұл түрлері, соның ішінде болуы міндетті нұсқасы біздің заманымызға жетпеген сыңайлы.

жынысты, тоғайлы, осы жерде қоянның мекендейтіні туралы ақпараттар беріп тұр. Ал Қарақұм, Сарыөзек, Сарытүбек атаулары жер қыртысының сипатына байланысты қойылған. Ал Айрық, Жамбас, Жартас, Жарық, Қосқұлақ, жиек, жота, өзек, сай, тау, төбе, тұмсық, түбек, шоқы секілді топонимдер мен халықтық географиялық терминдер және Жіңішке, Кеңсай, Тарсай географиялық нысанның өлшемі мен пішінін білдіреді. Сулы, арасан, бастау, бұлақ, көл, құдық т.б. – халықтық гидрографиялық терминдер болып табылады.

Зерттеу нысанындағы халықтық географиялық терминдердің топонимжасамдық көрсеткіштері мен ерекшеліктері.

Топонимжасамдық ұя:

Қара: Қара арасан, Қара Бөлдек, Қара құдық, Қарақоян, Қарақұдық, Қарақұм, Қаратұмсық;

Қызыл: Қызыларасан, Қызылжiek, Қызылжидек, Қызылтам;

Сары: Сарыкөл, Сарықамыс, Сарытүбек, Сарыүйсін;

Жар: Жаркент, Жарқора;

Қос: Қосағашбасы, Қосқұлақ т.б.

Аналитикалық тәсілмен жасалу жолдары:

Бұлақ: Жетімқатынбұлақ, Кепебұлақ, Сарбұлақ, Тоғызбұлақ, Үлкенбұлақ;

Өзек: Ақөзек, Құрөзек, Тастыөзек, Сарыөзек;

Сай: Ақсай, Бұққансай, Бұрғансай, Жіңішкесай, Кеңсай, Құрайлысай, Сулысай, Тарсай;

Шоқы: Ақшоқы, Қарашоқы, Қызылшоқы;

Төбе: Аралтөбе, Сартөбе, Қаратөбе;

Құм: Басқұм, Қарақұм;

Тас: Ақтастықора, Жартас, Жартастықора (Тасқора);

Тоғай: Байтоғай, Мойынтоғай;

Су: Ақсужота, Орта Қарасу, Үлкен Ақсу, Шет Қарасу;

Синтетикалық жолмен жасалған топонимдер:

Сын есім тудырушы -лы, -лі, -ды, -ді, -ты, -ті жұрнағымен жасалған топонимдер: **Жыңғылды, Құндызды, Орташарбақты, Тораңғылы, Тораңғылытүбек, Үшшарбақты, Шаштытүбек, Шетшарбақты** т.б.

-лық, -лік, -дық, -дік, -тық, -тік Арпалық, Жиделік, Жүзтоғыздық, Төмен Темірлік.

Топонимжасамның грамматикалық жүйесі көне замандардан жеткен дәстүрлі құрылым ретінде бүгінгі күнге жетіп отыр. Өткен ғасырдың басында тізімделген бұл атаулар компоненттерінің орын тәртібі, морфологиялық құрылымындағы түбір мен қосымшалардың байланысуы жағынан алғанда қалыптасқан тілдік нормаға сай Демек, олардың тізімге іліккенге дейінгі тарихын дәл сол кезден бастауға болмайды, одан әріде жатқандығында күмән жоқ.

Топонимдердің лексика-семантикалық классификациясы. Жалпы есім сөздер мен топонимдердің мағынасы үнемі бірдей бола бермейді. Мысалы, Ақсу топонимінің мағынасы судың түсін емес, ағынды су екенін білдіреді, сол секілді Қарасудың бірінші компоненті де судың түсін емес, тоқтап, бір жерге жиналып тұрған су деген мағына беретіндігі ғылыми қауымға кеңінен танымал. Барлығына бірдей болмағанмен, бұл ерекшелік топонимге айналған басқа да көптеген сөздерге қатысты. Жер-су атауларын лексика-семантикалық топтарға жіктегенде осы ерекшеліктері және сөздің географиялық ақпараттардан бөлек таза лингвистикалық мағынасы негізге алынады.

Өсімдік атауларына қатысты топонимдер: Қызылжиек, Сарықамыс, Қосағашбасы, Тораңғылытүбек, Жиделік, Тораңғылы, Төменгі Сарықамыс, Сарықамыс, Қоңырөлең, Көктал, Байтоғай, Жыңғылды т.б.

Сан-мөлшер, өлшемге қатысты топонимдер: Жүзтоғыздық, Үшшарбақты, Жіңішке, Қосағашбасы, Қосқұлақ, Қырыққұдық, Төрткөл, Ұзынтам, Ұзынтамбасы, Үлкенжар, Үлкенбұлақ.

Тұр-түс атауларына қатысты топонимдер: Ақөзек, Ақтастықора, Қара арасан, Қара Бөлдек, Қарақұдық, Қаратұмсық, Қызыларасан, Қызылжиек, Сарыкөл, Сарықамыс, Сарыөзек, Сарытүбек, Сарыүйсін, Төменгі Сарықамыс т.б.

Географиялық нысанның сипатын білдіретін топонимдер: Айрық, Жамбас, Жарық Тұма, Қайқы, Бұрғансай, Бұққансай, Тарсай, Жіңішкесай, Кеңсай, Жартастықора, Үлкенжар, Қосқұлақ т.б.

Географиялық нысанның орналасқан жерін білдіретін топонимдер: Басқұм, Төменгі Тұрпан, Төменгі Сарықамыс, Шарбақ-басы, Шетшарбақты, Орташарбақты, Қосағашбасы, Шарбақбасы, Қосағашбасы, Ұзынтамбасы т.б.

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдерді лексика-семантикалық классификациялау тек лингвистикалық шарттарға ғана сүйенбейді, сонымен қатар географиялық ерекшеліктер де негізге алынады.

1.4. Топонимдерді зерттеудің лингвистикалық негіздері

Бұл аймақтан өтетін Ұлы жолдың бойындағы атаулар негізінен көне тұлғалы топонимдер мен қазақ даласының әр аймағында қайталанып келетін, тілімізде бар байырғы қазақ топонимдері. Бұл жағдайда екі мәселеге назар аударуға тура келеді: *бірі* – қазақ тіліндегі топонимжасамға қатысатын халықтық географиялық терминдер жүйесіне тоқталу; *екіншісі* – көне тұлғалы кей топонимдердің этимологиясына талдаулар жасау.

Топонимдердің негізгі ерекшеліктерінің бірі – трансонимдену құбылысына бейімдігі, яғни бір нысан атауының қатар тұрған екінші нысанға ауыса алу қабілеті. Мысалы, өзен атауының қалаға берілуі: Іле – өзен атауы, кейін ол Іле-Балық болып қалаға ауысқан т.б. Топонимдердің мағынасын тікелей нысанмен байланыста, сол нысанның сипатын білдіру қызметі тұрғысынан талдауды «лингво-географиялық талдау»³ деп атасақ, екеуінің арасындағы байланыс үзіліп, топонимдік апеллатив пен оның мағынасы жеке қалғаннан кейінгі кезең лингвистиканың еншісіне көшеді. Өйткені бұл жерде ешқандай географиялық нысан жоқ, тек атаудың дыбыстық тұлғасы мен мағынасы ғана бар. Белгілі бір топонимнің қай жерде қандай нысанды атағаны туралы сұрақ қойылмайды, топонимнің шығу уәждері мен қандай мағына білдіретіндігіне назар аударылады. Топонимдердің этимологиясы, этнолингвистикалық мәні, тарихи деректер беретін топонимиялық аңыздар т.б. тілдік талдаулардың ішінде қарастырылады.

Сөздің лексика-семантикалық табиғатымен байланысты келесі бір ерекшелік – *шығу уәждері*, яғни «географиялық нысан неге олай аталды?» деген сұрақтың жауабы. Топонимдердің шығу уәждері кейде мағынасынан көрініп тұрады, дегенмен тереңірек білу үшін халықтың атау беру қағидаларындағы тілдік

³Қазір «лингво-географиялық» талдаулар деп лексикалық бірліктердің (көбіне говорлар мен диалектілер) таралу аймағын анықтауды атап жүрміз, ал тіл білімінің өзге салалары мен географияны тоғыстыратын ғылыми талдаудың арнайы термині анықталмай келеді. Топонимдерді алалық, олардың классификациясын жасағанда, бірдей талдау жүргізіп отығанына қарамай, лингвистер мен географтар көбіне бір-бірін назардан тыс қалдырады. Мысалы, ороним, гидроним, спелионим т.б. терминдерді географиясыз елестету мүмкін емес. Сол секілді олардың жасалу мен мағыналық дамуындағы тілдік құбылыстар мен заңдылықтарды лингвистика ғана анықтап бере алады. Осы мәселелерді ескере отырып, «лингво-географиялық талдау» деген терминді өз тарапымыздан ұсынып отырмыз

дәстүрлерге талдаулар жасауға тура келеді. Бұл тұрғыдан алғанда шығу уәждері этнолингвистикамен де ұштасып жатады. Этнолингвистикалық талдаулар семантикамен қатар, этимологияға да ортақ, өйткені атаудың шығу тарихын анықтағанда, қажет болған жағдайда, лингвистер осы әдіске де сүйенеді. Топонимдердің шығу уәждері негізінен ұлттың табиғаттану әлемі мен ұлттық дәстүрін қамтиды. Оны белгілі бір топқа жататын топонимдердің шығуына тән ортақ уәждер бойынша *жалпылай* және атаудың жасалуына себеп болған кейбір жайттарға байланысты *жекелей* қарастыруға болады. Енді кейбір тарихи топонимдердің *шығу уәждеріне* назар аударып көрелік. Жалпылай сипаттау қазақ халқының жер-суға атау беруіндегі дәстүрлі қағидаларды басшылыққа алады. Ұлы даланың әр аймағында аяқты малдың қамымен жаз жайлау, қыс қыстауына көшіп жүрген халқымыз табиғатпен етенеленіп, оның сырларына терең қаныққаны рас. Табиғаттың кейде жайлы, кейде қатал мінезіне бейімделіп қана қоймай, күннің, жыл мезгілдерінің райын алдын ала білуге де машықтанды, соған қарай әрекет жасап отырды. Табиғат аясында өмір сүру шарттары атмосфера заңдарын ғана емес, жер бедерінің сипатын (литосфера), оның бетіндегі өсімдіктер мен жануарлардың (биосфера) түрлерін, олардың өмір сүру жағдайларын да тануға ықпал етті. Тану әрекеті ұлттық білім қоры мен оған тән ұғым-түсінік атауларының қалыптасуына алып келді. Халықтың таным әрекетінің негізінде қалыптасып, тұрақталған рухани және материалдық игіліктерді бір сөзбен «ұлттық дәстүр» деп атаймыз. Жер-суға атау беруде халық өзінің ғасырлар бойы қалыптасқан осы бағытқа тән дәстүрінен жаңылған жоқ. Мысалы, *Көктал*, *Қоңырөлең*, *Теректісай*, *Ырғайлы*, *Қарағайлы* т.б. атаулар мағынасында жердің ыңғайын, ол жерде жиі өсетін өсімдіктердің түрлері қазақ халқының өсімдіктану әлемі көрініс береді, *Тышқанкөз*, *Шашытүбек*, *Қосқұлақ*, *Айғыржал*, *Айнабұлақ*,

Аралтөбе т.б. секілді атаулар географиялық нысанды басқа нысандарға ұқсату негізінде жасалған метафоралық, яғни ауыс мағыналы топонимдер. Шығу уәждеріне қарай тіліміздегі топонимдерді осындай түрлі топтар аясына жинақтауға болады. Топонимдерді шығуы мен дамуына тән ортақ уәждер бойынша жалпылай қарастыру дегенде біз олардың белгілі бір ортақ ерекшеліктері бойынша жіктелуін назарға аламыз.

Топонимдердің арасында қара компоненті түркі халықтары мекендеген аумақтарда жиі кездеседі. Мысалы, Тавды өзенінің төменгі алабында Кара-елга гидронимі (Лабунец, 2022: 22), Төменгі Енисей алқабында Карауыл топонимі (Гусев, 2020: 61). кездесді. Топонимдердің типтік үлгілерінің ішінде кейбірі, жиі қайталанатынына қарамай, өзіндік ерекшелігімен дараланып тұрады. Олардың шығу уәждерін *жекелей* алып қарастырамыз. Мысалы, еліміздің әр аймағында кездесетін **Қарамола** атауының мағынасын басқа топонимдермен бір топқа жатқызу қиын. Осы орайда «мола» сөзімен мағыналас *бейіт, зират, там, қорым* сөздерінің еске түсетіні рас, алайда қарамоланың олардан бөлек өзіне тән ерекшелігі бар. Қазіргі кезде оның мағынасы мен мәні көп адамдарға белгісіз болуы мүмкін. Дәстүрлі талдау үлгісіне салып, құрамындағы *қара* және *мола* сөздерін жеке-жеке қарастыратын болсақ, бірінші компоненттің топонимдік мағынасы «үлкен, зор, дәу, кең» т.б. Жолға қатысты алғанда *ұзақ, алыс* мағынасын білдірген: «Араб халифатынан Скандинавияға дейін созылған, Еуразияның бір шетінен екінші шетіне дейін барған ерте замандағы *қара жолдардың* болғаны белгілі» (Марғұлан, 2012: 343-360) және өсімдікке қатысты алғанда – Қараарша: «қалың өскен биік арша» мағынасын білдіреді (Жанұзақ, 2022: 337-346). Топонимтанудың дәстүрлі лингвистикалық үлгісі бойынша қарастырсақ Қарамола – үлкен, алыстан көрініп тұрған мола болуы тиіс. Бұл орайда қазіргі кезде ел аузында айтылып жүрген екінші бір мағынасын да назарға

алуымыз керек. Ол мағынасы бойынша Қарамола – «уақытша жерлеу» орны. Туған жерінен алыста жүрген адам сол жерде немесе жолда қайтыс болса, түрлі жағдайларға байланысты оны еліне жеткізе алмағанда, сол жерге уақытша жер қойнына тапсырған. Уақыт пен табиғат құбылыстарының ыңғайлы кезінде қайта қазып алып, мүрдесін туған жеріне апарып жерлеген⁴. Осындай жағдай Алаш қайраткері С.Садуақасұлының мәйітін жерлегенде қайталанды. Осы істің басында жүрген азаматтар былай деп еске алады: «Күлін басында «қара молаға» уақытша қойып, кейін Кенесары сарбаздары жерленген көне қорымға жерледік. Мұны қоғам болып атқардық. Смағұл мен Хан Кене әскерінің бейіті Астананың қақ ортасында, оң жағалауда тұр». Смағұлдың күл-мәйітін Мәскеуден алып келгенде, алғаш Елорданың батыс шетіндегі мұсылмандар зиратына уақытша қойылған, артынан Алаш тұлғасына лайықты орын нақты анықталғаннан кейін Қараөткел (Көкбел) мұсылман зиратына ауыстырылды. Бір зираттан келесі зиратқа ауыстырудың себебі бар, ал бұл орайда «қара мола» қызметін С.Садуақасұлы уақытша жерленген сол кездегі Астрахан тас жолының бойындағы зираты меңзеліп отыр. Уақытша жерлеудің өз атауы бар, оны қазақ «аманат қою» деп атайды (бұл жөнінде «Топонимдердің тарихи-этимологиялық негіздері» тараушасында кеңірек айтылады).

«Қарамола» атауының шығу уәждеріне этнолингвистикалық талдаулар жасағанда сөз болып отырған екі

⁴ Аруақты кие тұтып, оған жоғары құрметпен қарайтын қазақ халқының дәстүрлі ұғымында туған жер, атамекен ұғымдары өте жоғары мәнге ие және ол тірілер үшін ғана емес, өлілер үшін де өте қымбат. Сондықтан, тірінің де, өлінің де басты арманы – туған жердің топырағын басып жүру немесе туған жердің қойнында топырағын құшып жату. Жерлегенде кезімен бірге ала кететін, жақындарының салған бір уыс топырағы да үлкен мәнге ие (бұл өз алдына арнайы этнолингвистикалық талдауларды талап етеді).

мағынаның түпкі тегіне ортақ болуы мүмкін мына жайттар өзіне назар аударады. Ілгеріде айтылған «үлкен, алыстан көрініп тұрған мола» мағынасы кейіннен елсізде тұрған молалардың барлығына ауысқан болуы мүмкін, алайда халықтың дәстүріне назар аударсақ, молада негізінен бір рудың адамдары жерленеді. Арғы түсінік бойынша аруақтардың бірге жатуын қалаудан туған дәстүр болса, берідегі ислами сенім бойынша: ахиреттің күнінде адамдар қайта тіріліп, жерленген жерден өніп шығады, сол кезде бір-бірімен көрісіп, қауышады деп білген (ауылдың зиратына өз руының ғана адамдарын жерлегісі келетін түсінік әлі де кездеседі). Демек, «қара мола» атауында «алыстан қарайып көріну» ғана емес, «жалғыз немесе бөлек тұру» мағынасы да бар. Адам елсізде келе жатып қайтыс болса, мола жапан түзде жалғыз өзі ғана тұрады; ал ел шетіне жетіп қайтыс болса, өзге бейіттерден бөлек, шетке жерленеді де, жеке қарайып көрініп тұрады. Қорыта айтқанда, «қара мола» атауының мағынасы «алыстан қарайып көрінетін, жалғыз, жеке, бөлек тұрған мола» болып шығады. Сондықтан мұндай атаулардың шығу уәждеріне талдаулар жасағанда жалпылай емес, жекелей қарастырылады. Қармола атауы еліміздің әр аймағында қайталанғанмен, лексика-семантикалық классификациясы жағынан дербес топоним. Оның шығу уәжінің осы дәстүрмен байланыстылығы – басты ерекшелігі болып табылады.

Халықтың көркемдік таным әлемі, эстетикалық талғамы, рухани мәдениеті т.б. оның дүниетанымымен тығыз байланысты, бұл ерекшелік тілден міндетті түрде көрініс береді, ал ол өз кезегінде тіл мәдениетінің сапалық деңгейінің артуына әсер етеді. Тіліміздегі топонимдердің шығу уәждері мен қалыптасуы қашанда ұлттың мәдени таныммен тығыз байланыста болады және негізінен сөз қолдануындағы дәстүрлі қағидалар мен топонимжасамның типтік үлгілері жаңа атау жасауға қатысып отырады.

Тарихи топонимдердің этимологиялық негіздері. Тарихи топонимдердің біршамасы бізге түсінікті қалпын сақтаса, енді біразы түрлі өзгерістерге түсіп, мағыналары мүлде көмескіленген. Мысалы, Алмалық, Жаркент ерте замандардан жеткен көне топоним. Бүгінге дейін дыбыстық тұлғасын өзгертпей, «алма көп өсетін жер» деген мағынасында жетіп отыр. Ал Қорғас, Пенжім атаулары бүгінгі күнге жеткенмен, дыбыстық тұлғасы өзгеріп кеткендіктен мағынасы мүлде түсініксіз⁵.

Қорғас (Хоргас) – өзен атауы. Жергілікті тұрғындар «осы жердегі тауда ерте кезде қорғасын қорытқан, содан шыққан атау, яғни қорғасын сөзінің қысқарған түрі» деп санайды. Алайда Э. Мурзаев бұл сөздің этимологиясын «авар тілінде *хор* – «көл», «тоспа» дегенді білдірсе, манси тілінде *хор* – «саз», «шалғын шөп», *хори* – «ойпат, ойпаң», «төбешікті саз», армян тілінде *хор* – «сай», «аңғар» екенін көреміз (Мурзаев, 1984: 596). Т.Жанұзақов та осы болжамды растай отырып, «*хор* сөзі – «сай, аңғар», екінші құрамдағы көне түркі сөзі *ас* – «су, өзен», сонда атаудың мағынасы «сай, аңғардағы өзен» дегенге жуықтайды», - дейтін болжам жасайды (Жанұзақ, 2022: 358).

Пенжім. Қазіргі зерттеушілердің ғылыми болжамынша атау екі бөліктен тұрады. Бірінші сыңарындағы *пе* сөзі, көне түркі тілдеріндегі *ба* «су, өзен» (фонетикалық варианттары *бе, бы, бу, ни, пе*) қазіргі түркі тілдерінің көбінде сақталған. Бұл түбірлерді қазіргі қазақ тіліндегі суға қатысты түбірлермен салыстырсақ, *бұлақ, бу* сөздерінің алғашқы негіздері айқындала бастайды. Көне түркі тіліндегі «BIB: bib білаңуқ *геогр.* Биб-Былаңуқ» (*Suv32*) [ДТС] өзені атауын да осы негізден таратуға болады. Ал А.П.Дульзон, В.Воробьева секілді ғалымдар өз зерттеулерінде Батыс Сібірдегі *Аба, Амба, Чалва, Куба*, хакастардағы *Ерба, Кирба* өзендерінің,

⁵Мақала тарихи топонимдерді кешенді зерттеудің негізгі бағыттарын анықтауға арналғандықтан, мағынасы көмескіленген барлық атауларға емес, негізгі бағыттарды көрсету үшін бір-екі түріне ғана тоқталамыз.

Обтың үлкен бір тармағы *Би* өзенінің, Енесейдің бір саласы *Бий-Хем*, Енесей өзенінің оң жақ саласы *Салба*, Краснояр өлкесінің оңтүстігіндегі *Жилдарба*, *Кулиба*, *Танойба* өзендерінің құрамдарындағы *ба* сөзінің «өзен» мағынасын білдіретіні туралы дәлелді пікірлер айтқан. Осы пікірлерге сүйене отырып, Каспий теңізінің екінші сыңарындағы *пий*-дің де сол *бал/be/би* сөздерінің дыбыстық нұсқасы деген болжам жасауға болады. Олай болса, *балқаш*, *балшық*, *балдыр* (балғын, ерте туған, жас мағынасында) сөздерінің де шығу тегі осы түбірлерге барып саяды. Демек, Пежим атауының бірінші сыңарындағы *нео* бастағы *бал/be/би* сөздерінің дыбыстық нұсқасы, яғни «су, өзен» мәніндегі көне түркі сөзі.

Атаудың екінші сыңарындағы *жим* Атыраудағы *Жем*, Қарағандының Шет ауданындағы *Жам+шы* (Жамшы), Шығыс Қазақстанда *Қарагем*, *Жеменей* секілді өзен аттарының құрамында кездеседі. Осындағы *жем//жам* сөздері көне түркі тілдерінде *гем//кем//хем//кам//кан//ком* түрлерінде қолданылған, ал тува тілінде *Бий-Хем*, *Улуг-Хем*, *Ка-Хем*, *Ак-Хем* тәрізді Енисейге құятын өзен аттарыбар, оларды көне дәуірлерден жеткенілгерідегі сөздермен тұлғалас деп қарауға болады. «Мойын чур» ескерткішіндегі *КЕМ II геогр.* Өзен аты (МЧ19) мен көне түркі тіліндегі **КЕМӐ** қайық, кеме [ДТС] мағынасындағы сөзді де өзара байланыстыруға болады, яғни «кеме» сөзінің құрамындағы -е қазіргі қолданыстағы *жөн-е*, *тең-е* сөздерінің құрамындағы етістік тудырушы жұрнақпен мағыналас. «Су бетінде жүр» мағынасындағы бұйрық райлы атау, бұл тұрғыдан алғанда **kemä** синкретті тұлға – бір мағынасы етістік болуы да мүмкін.

Тілімізде *жам* сөзінің өзенмен байланыстылығын Атырау аймағында *жам* «теңіздің терең, өзек жерлері» деген ұғымнан анық аңғарауға болады. Бұл дәлелдерге қарағанда, *Пенжим*

атауының «өзен, су» деген мағына білдіретін *пе* және *жим* сөздерінің бірігуі арқылы жасалғанын болжауға болады [ДТС].

Бұл атаудың құрамындағы -н (пе-н) қосымшасы қайдан шыққаны жөнінде: көне дәуірлерде бірнеше мағынаға ортақ қосымша болса керек. Мысалы, етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ: *жіуін* (йығын) '*үйінді, үймек*' (*жіу-* жию); *терін* '*топ, жиын*' (*ter-* жинау, теру) [ДТС]. Осындағы -н тұлғасы «*SA-* санау, есептеу» [ДТС], қазіргі тіліміздегі «сан» сөзінің түбірі *са-* болса, -н етістіктен зат есім тудырушы жұрнақ. Бұл қазіргі тіліміздегі жан (жаны, жақын, қасы) сөзінің құрамындағы -н жұрнағымен мағыналас. Көне түркі тілінде **JAN-** **I** *жаны, бүйірі, қыры* мағынасында қолданылған, ал **JAN-** **II** *қайту, оралу (жанына келу)* [ДТС]. Бұлар синкретті түбірлер, лексикалық қордағы сөздердің аз кезінде бір түбірдің түрлі сөз таптарында қолданылуы жиі болған. Оның іздері әрі зат есім, әрі етістік мағынасында қолданылатын *көш*, *көк*, *ою* т.б. сөздерінің мағынасынан қазіргі кезде де кездеседі. Мағыналас *жан*, *жақ* сөздерін салыстырып қарасақ, ортақ түбір *жа-* болып шығады. *Жа-н-ның* құрамындағы -н зат есім тудырып тұрса, *төн* (*төмен* екеуі бір негізден тарайды), етістігінің құрамында етістік тудырып тұр. Біздің пікірімізше «пе-н» сөзінің құрамындағы -н осы екеуінің бірі немесе бірде зат есім, бірде етістік тудыру қызметін қатар атқарған әмбебап жұрнақ. Бұның сыралрын «пе» апеллативінің әуел баста қай сөз табынан болғанын анықтаған кезде ашуға болады. Сонымен, ілгеріде атап өткеніміздей Пенжім «ағынды су, өзен» мағынасындағы көне топоним.

Топонимика саласы – лингвистика, тарих, география салаларының тоғысатын жерінде пайда болған ғылым. Топонимдердің табиғатындағы осы ерекшелік ескеріле отырып, Жібек жолының Іле аңғары бойындағы топонимдер тарихи-лингвистикалық, лингво-географиялық және лингвистикалық негізде қалыптасқан. Ұлы Жібек жолының бойындағы атаулар -

сол аймақты мекен еткен халықтың тілінен, тарихынан, таным-түсінігі, мәдениетінен хабардар етер құнды жәдігерлер. Ұлы жолдың бойында орналасқан елді мекендер мен қалалар тарихқа енді, халықтың тұрмысы мен рухани мәдениеті т.б. туралы ақпараттар бүгінгі ұрпаққа жетті. Олардың мағына, мазмұнында сан ғасырлық көне тарих жатыр – экономикалық, мәдени, шаруашылық, рухани байланыстың түптеп келгенде адамзат өркениетінің негіздері осы жол атауының айналасынан көрініс тапты. Атаулар жүйесі – тарихи ескерткіштер деп танимыз.

Жібек жолының Жетісу өңірінің географиялық жағдайы көбіне таулы аймақ, жер бедері бір тегіс емес, ойлы, шұңқырлы немесе дөңес-шоқылы болып келеді. Іленің оңтүстік және солтүстік қапталы мен Жаркент, Ілебалық (қазіргі Көктал ауылы) маңайы құмдауыт, қамыс пен тоғайлы, жынысты болып келеді. Жер жағдайының осы сипаты тек қана халықтық географиялық терминдер арқылы ғана емес, топонимия тілінде оған қатысты нысандар арқылы да беріліп отырады.

Топоним сөздік тұлға ретінде және білдіретін мағынасы бойынша лингвистиканың нысаны болғанмен, ол атап тұрған нысан географияға тән. Сондықтан, оларға талдаулар жасағанда әрі лингвистикалық, әрі географиялық мәселелер бір-бірінен ажырамай қатар жүреді. Лексика-семантика тіл білімінің мәселесі болғандықтан, оған қатысты негізгі талдаулар лингвистикалық бағытта жалғасады.

Топонимдердің табиғатын кешенді түрде алғанда оның географиялық нысанмен байланысынан бөлек, грамматикалық жүйесі, лексика-семантикалық ерекшеліктері, шығу уәждері, тарихи-этимологиялық жайттары т.б. мәселелер жан-жақты қарастыруды қажет етеді. Литва топонимдерін зерттуші П.Скорупа: «Топонимдердің құрылымдық-семантикалық оппозицияларын талдау топонимдердің шығу тегін анықтайтын көптеген ынталандырушы факторларды анықтауға да,

топонимикалық бірліктерді номинациялау принциптерін анықтауға да көмектесетіні белгілі», – деп атап көрсетеді (Skorupa, 2023: 33).

Топонимдерді тілдік қызметі, ақпараттық мәні, уақыт пен кеңістік аясындағы орны, мәдени-танымдық болмысы т.б. ерекшеліктері бойынша кешенді түрде талдаулар жасасақ, жинақтай келгенде тіл, география, тарих ғылымдарының тоғысар тұсына ат басын тірейміз. Топоним – географиялық нысан атауы. Ол белгілі бір нысанды атай отырып, атаудың шығу уәждері арқылы көптеген географиялық ақпараттар береді. Таратып айтар болсақ, нысанның түрі – құрлық пен су, жердің үсті мен асты, жердің бедері мен қыртысы, онда өсетін өсімдіктер мен өмір сүретін жануарлар, табиғи нысанның адаммен қатынасы т.б. барлығы топонимдердің мағынасы мен ішкі ақпараттық мазмұнынан көрініс береді.

Қазақ халқы ғасырлар бойы туған жердің табиғатын көзімен көріп, көңілімен танып, оның өзге нысандармен сабақтастыра отырып атаулар жасады. Осы таным топонимдердің өн бойынан көрініс берді. Сонымен қатар өзі мекендеген аймақтарда, яғни туған жердің төсінде болып жатқан оқиғалар мен ондағы түрлі жағдайлар да топонимдердің ішкі мазмұнынан орын алып отырды. Бұған қосымша осы жерді мекендеген өзге де этнос өкілдері топонимия тілімен өздері туралы із қалдырды. Топонимдердің табиғатын зерделегенде олардың ешқайсысын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бүгінге дейінгі зерттеулерде әр ғылым саласы өзіне қатысты жақтарын ғана назарға алып, топонимиканы белгілі бір салаға телу бағытына күш салып келді. Бұл принциптердің белгілі бір салаға қатысты жақтарын анықтауға пайдасы көп болды, алайда топонимдердің табиғатындағы өзара сабақтас әрі бірнеше ғылым саласына қатысты ерекшеліктерді кешенді түрде қарастыру да маңызды міндеттің бірі. ХХІ ғасыр талаптарына сәйкес қазіргі

ғылымның мақсаты өзгерген, сондықтан топонимдердің алдына қойылатын міндеттер де сол мақсат үдесінен шығуы тиіс. Атап айтқанда бізге қай бағыт маңызды: топонимдердің қай салаға тән екенін анықтау ма, әлде топонимнің ұлтымыздың тарихындағы орны мен ақпараттық қызметі ме? Теориялық тұрғыдан қарағанда – біріншісі, қолданбалы-практикалық тұрғыдан қарастырсақ – екіншісі маңызды. Екеуі де керек, алайда топонимканың бүгінге дейінгі зерттелу тарихына көз жіберсек, теориялық зерттеулердің үлесі басым екенін көреміз. Екінші жағынан жеке сала мамандарына ғана түсінікті теориялық зерттеулерден гөрі, жалпы қоғамдағы барлық азаматтарға қолжетімді кешенді зерттеудің маңыздылығы бірінші орынға шығады. Сондықтан, бүгінге дейінгі зерттеулердің бағыттарын өзара сабақтастықта кешенді зерттеу нысанына айналдыру жолдарына назар аударылды.

1.5. Топонимдер табиғатындағы прецеденттілік құбылысы

Жалқы есімдердің атау қызметі басты болғанымен, атқаратын қызмет ерекшеліктері тек онымен шектеліп қоймайды, себебі ономастикалық атау – бұл тілден тысқары жатқан құбылыстарды (нысанды, т.б.) атайтын сөйлеу әрекетінің бір түрі. Жалқы есімдер табиғаты өте күрделі, сондықтан оларды қолдану аспектілерін атау берген адамдарды және атау беру мезгілін, себебін білгеннен соң ғана түсіндіруге болады. Әр қоғам өмірінің өзгеруі, тарихи-мәдени қазыналарды қайта қарастыру – атау беру қызметіне ықпал ететіндігі белгілі.

Қазіргі кезде прагматика әлеуметтік лингвистикамен, психолингвистикамен және тіл білімінің басқа да салаларымен байланысқан сөйлеу лингвистикасы деген ұғымды білдірсе, ал

кішірек мағынада – адам мен таңбаның қатысы ретінде қарастырылады.

Жеке адамдардың тілдік құрамында прецедентті атаулар белгілі бір оқиғаны бағалау үшін стандартты құрал (белгі, символ) рөлін атқара отырып, ерекше орын алады.

Прецедентті бірліктердің қалыптасуы мен қолданысында маңызды рөлді уәждемелік деңгей атқарады. Ол көпқырлы және прецедентті бірліктердің прототиптері және ұқсастықтарымен өзара байланысының көптеген кодтарын өзінде сақтайды. Зерттеуші үшін, әрине, ол күрделі, себебі тіл иелерінің мүддесін, мақсаты мен номинативті стратегиясының тек синхронды түрдегі емес, сонымен бірге диахронды түрдегісінен көрініс береді, барлық тілдік деңгейін синтездейді. Мәселен, Ұлы Жібек жолындағы *Алатау*, *Қаратау*, *Ұлытау* т.б. прецедентті есімдерді басты уәжі – таудың түсі, қарттығы, ұлылығын олардың құдіретін, күшін білдіру үшін қолданған.

Негізінен туынды бірлік ретінде прецедентті бірліктер «дайын» тілдік формула ретінде немесе кейіннен прецедентті табиғатқа ие болатын жаңа, бұрын белгілі болмаған тілдік бірлік ретінде қолданылады. Олардың категориялық белгілеріне бір жағынан ментальдық, өнімділік, сілтемелік, репрезенттеушілік, стереотиптік (қайталануы, танылуы), ал екінші жағынан гетерономинативтілік (номинативті белгі вариативтілігі), лингвокреативтілігі (бірегей еместігі, сөзжасамдық жаңашылдығы) жатады.

Әр деңгейдегі тілдік белгі екі референциалды құрылымнан тұратын қатынасына ие: заттық-логикалық және эмоционалды-экспрессивтік, тіптен екеуінің біреуі нөлдік мағынаға ие болса да. Бірінші компоненті оны тікелей денотатпен байланыстырады және синонимдік қатарға немесе басқа да белгілеу құралдарына жол бермейді. Мәселен, *Түркістан* – шаһар; *Алатау* – тау т.б. Екінші компоненті парадигмалық байланыстың барын көрсетеді:

синонимдер, антонимдер, басқа да эмоционалды реңктік, «көтеріңкі» немесе «басыңқы» көркемдеуіш құралдармен алмасуы.

Сонымен, прецеденттік есім – бұл белгілі бір ассоциация тудыратын жекелеуші белгілері бар және салыстыру үшін қолданылатын нақты оқиғаға, кеңінен танымал мәтінге, жеке тарихи немесе белгілі тұлғамен байланысты кез келген жалқы есім.

Прецедентті деген ұғым тіл білімінде XX ғасырдың соңына қарай Ресей ғалымдарының (Ю.Н. Караулов, Ю.А. Сорокин т.б.) еңбектерінде қарастырылған, ал прецедентті есім Д.Б. Гудков, В.В. Красных, Е.Л. Березович, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева, О.С. Боярских, Г.Г. Сергеева т.б. ғалымдардың еңбектерінде сөз етіледі. Мәселен, О.А. Ворожцова, А.Б. Зайцева Ресей және Америка мерзімді басылымдардағы прецеденттік есімдерді қарастыра келе, прецеденттік феномен терминіне анықтама беріп, олардың төрт түрін көрсеткен: *прецеденттік оқиғалар, мәтіндер, айтылымдар және есімдер*. Соның ішінде *прецеденттік есім* терминінің анықтамасын келтіріп, денотативті немесе экстенционалды қолданылатын прецеденттік есімдерге толығырақ тоқталған (Ворожцова, 2006).

О.С. Боярских «Прецедентное высказывание в газетном тексте: особенности читательского восприятия» атты мақаласында көркем әдеби *прецеденттік айтылымдардан* құралған қазіргі газет және журнал басылымдарының материалдары негізінде сауалнама жасап, тәжірибе нәтижесін екі фактор тобына түйіндейді. Бірінші топ қабылдаушы субъект санасымен байланысты: белгілі бір прецеденттік айтылыммен таныс болу дәрежесі, әдеби аялық білімінің болуы / болмауы. Екінші топ – прецеденттік белгінің ерекшелігімен байланысты, яғни оның қолдану ерекшелігі (афористік / фразеологиялық), түпнұсқа-мәтінмен байланысы (немесе байланыстың болмауы),

трансформация жасау ерекшелігі, лексикалық құрамы (Боярских, 2007).

Е.А. Нахимова «Прецедентные имена в президентском дискурсе» атты мақаласында прецедентті феномендерді саяси коммуникацияда тиімді қолданылуын бағалауда прецеденттік феноменнің саяси үйлесімділігі, прецеденттік есімнің нақты бір белгілеріне сәйкестігі бойынша әлеуметтік түйсігі, оқырмандардың кейіпкер мәнін тану қабілетінің ескерілуі, прецеденттік феноменді қолданудың мүмкіндігінше корректілігі және екі мазмұнды болмауы сияқты критерийлерді ескеруді ұсынады (Е.Нахимова, 2007).

Қазақ тіл білімінде прецеденттік есім терминін қолданбағанымен, осы мәселенің бір қырын зерттеген ғалымдардан Т. Жанұзақов, Т. Қоңыров, Е. Керімбаевты атауға болады. Профессор Т. Жанұзақов жалқы есімдердің жалпы есімге ауысу мәселесін қарастыра отырып, көркем шығарма жалқы есімдері белгілі бір топтастырылған образды белгілеу мәнін ашқан (Жанұзақов, 1982).

І. Кеңесбаев жалқы есімдердің мағынасын зерттеп, ол әр кісі есімдерінің сыртында сараңдық, жомарттық, шынайы махаббат құрбаны т.б. сияқты белгілердің болатынын айтып, *Қарабай, Шығайбай, Ләйлі-Мәжнүн, Атымтай жомарт, Қожанасыр, Қодар, Қыз Жібек пен Төлеген* есімдерін талдайды. Ғалым бұл жалқы есімдерді прецеденттік деп аталмағанымен, олардың басқа онимдерден айырмашылық белгілерін атап көрсеткен (Кеңесбаев, 1987).

Қазақ тіл білімінде теориялық және практикалық жағынан прецеденттік есім мәселесін кеңірек қарастырған Г.Б. Мәдиева (Мәдиева, 2004). Қазақстанның орыс тілді мерзімді басылымында сатира мен юморды қалыптастырудағы тілдік бірліктерді зерттеуде В.И. Жумагулова мифтік және шығарма кейіпкерлерінің, атақты ғалымдардың есімдерін күлкі, ирония

жасауда салыстыру ретінде қолданғанын көрсеткен (Жумагулова, 1999).

Прецедентті мәтінді «коммуникативті прецедент, ұқсас жағдайларда коммуниканттар алдында тұрған номинативті, коммуникативті т.б. міндеттерді шешуге көмектесетін үлгі деп атауға болады. «Коммуникативті прецедент» прецедентті бірліктер үшін «гносеологиялық прототип» болып табылады және ол прецедентті бірліктің коммуникативті кодын қалыптастыруда маңызды. Мысалы, прецедентті есімдер бойынша М.Жұмабаевтың «Түркістан» шығармасындағы *Түркістан* түріктің образын ашуда «гносеологиялық прототип» болып табылады:

Түркістан — екі дүние есігі ғой,

Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.

Тамаша *Түркістандай* жерде туған

Түріктің Тәңірі берген несібесі ғой (Жұмабаев, 2013)

Прецедентті бірлік когнитивті база негізінде Қарауловтың пікірінше, үш түрлі тәсіл арқылы қолданысқа түседі: бірінші, табиғи тәсіл, яғни мәтінді толығымен «қабылдау, түсіну, сезімге бөлену нысаны» ретінде оқырманға жеткізу (қайталау). Екінші тәсіл трансформациялы, «түпнұсқа мәтін бойынша қайта қабылдау». Үшінші тәсіл семиотикалық, түпнұсқа мәтінге сілтеме, белгілерін ерекшелеу т.б. Сол арқылы не бүкіл мәтін, не қандай да бір оқиғаға қатысты ерекше фрагменттері коммуникациялық үдерісте көрініс табады (Қараулов, 1982).

Прецедентті есімнің нақты құрылымы болады, өзегінде дифференциалды (жекелеуші) белгілері болса, өзегінен тыс шекте төлсипаттары мен кез келген тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауда жеке түсінігі болады. В.В. Красных (Красных, 1998) ұсынған прецедентті есімнің құрылымына қатысты сызба негізінде прецедентті есім қабылдануының инвариантында дифференциалды белгілердің біреуі ғана актуалдануы мүмкін

және прецедентті есім төлсипаты мен тіл иелерінің прецедентті есімді қабылдауындағы жеке түсінігі мен білімі маңызды емес қосымша рөл атқаруы мүмкін, алайда ондай жағдайда прецедентті есімнің адресант қолданысында еш маңыздылығы қалмауы мүмкін, себебі адресат аялық білімінсіз, қосымша төлсипатсыз дұрыс түсінбеуі мүмкін екенін анықтадық.

Дифференциалды белгілері аталмыш затты басқалардан ерекшелейтін нақты анықтағыштардың күрделі жүйесін құрайды. Бұл жүйе қандай да бір белгілер жиынтығы емес нақты көп деңгейлі құрылымға ие (Захаренко, 1997). Жоғарыда айтылған ойға орай «қазіргі кезде прецедентті есімдердің дифференциалды белгілерін ашатын толық элементтер жиынтығын анықтау мүмкін емес, дегенмен прецедентті есім денотатын анықтайтын бірнеше белгілерін келтіруге болады» (Қайдар, 2004).

Прецедентті есіммен тығыз байланысқан қандай да бір элементтер төлсипат деп аталады, бірақ олар прецедентті есімнің сигнификациясы үшін маңызды емес. Төлсипат ретінде денотатқа тән және сол арқылы танылуға мүмкіндік беретін қарттық, биіктік, тереңдік, сақал, т.б. қолданылады. Мұндай бірегейлендіру төлсипаты бойынша телу деп аталады, сол арқылы коммуникацияда прецедентті есімге сілтеме жасалады.

В.В. Красныхтың сызбасы негізінде Ұлы Жібек жолындағы прецедентті топонимдерді талдағанымызда келесі нәтиже алынды:

Алатау прецедентті құрылымы

I Дифференциалды белгілері:

- 1) заңғар;
- 2) биік;
- 3) таза.

II Төлсипаттар:

- 1) долы өзені

2) көктен төгілген нұр

3) қызғалдақты белес

III Қазақ лингвомәдени социумында заңғарлық, биіктік, тазалық белгісі ретінде қабылданады:

- Мақал: *Биікпін, асқар Алатаумын деп, мақтанба – Ар жағында аспан бар* <ауыс. өзіңді елден жоғары санап, шектен тыс мақтанба – ел ішінде сенен асқан, сенен де мықты, сенен де білгір, мәртебелі, талантты адамдар да бар дегенді аңғартады> (Қайдар, 2004).

- Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Әсіресе маған бір ұнайтыны – Алатаудан долы өзен құлайтыны, Құлын-тайдай тебіскен құрбылардың, Әзілменен бір-бірін сынайтыны (Мақатаев, 1999). Зеңгір көктен нұр төгілген сол бір көктем әлі есте, Гүл қуалап бірге шықтық қызғалдақты белеске. Қарт *Алатау* қуанғандай перзенттерім келді деп, Танакөз де жымияды қара көзі мөлдіреп (Шаханов, 1988). Сүйінші бер дегендей бір толықсып, Сыбырлайтын «Жетімкөл» *Алатауға*. Тына қалып бұлбұл да жаға-талда, Қарайтұғын айдынга, ақ отауға (Мақатаев, 1999).

Алматы прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

1) оңтүстік астана;

2) жасыл қала;

3) махаббат қаласы.

II Төлсипаттар:

1) әйгілі апорт алмасы

2) студенттер

3) жер сілкінісі

III Қазақ социумында оңтүстік астана ретінде танылады, сонымен бірге студенттік өмір, махаббат қаласы, жасыл қала және әйгілі апортымен аты шыққан қала ретінде көптеген

шығармалар мен әндерде айтылады. Соңғы кездерде жер сілкінісі жиі болатын қауіпті қала ретінде қабылданады.

• Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Түнгі Алматы тұманы ашылғанда, Алатауға ай келіп асылғанда Нұр жанады, аспанның жұлдыздары, Алматының үстіне шашылған ба?! (Мақатаев, 1999). Жақсы екен ғой Алматым, Алтын үйек астанам. Осы екен ғой жаннатың Атам қазақ аңсаған. Келдім сені сағынып, Алтын ұям – Алматым (Аманжолов, 2013).

Отырар прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) көне қала;
- 2) ерлік отаны.

II Төлсипаттар:

- 1) әл-Фараби;
- 2) Қайыр хан.

III Қазақ лингвомәдени социумында ескі, көне қала, қайсарлық, ерлік отаны.

• Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Үш күннен соң екі адамды Шыңғыс ханға ап келді. Оның бірі – аты аңызға айналған, Алты ай бойы *Отырарды* Ап шығам деп арпалысқан қайраннан, Аман өткен сан алапат майданнан, Жүрек шамы ізгіліксіз жанбайтын, Қанаттыны талаптыға жалғайтын, Фараби мен Иассаuidiң жырларын Таңнан таңға жатқа айтудан талмайтын, Әрі өзгеше ел басқару мәнері, *Отырардың* Қайыр атты ханы еді (Аманжолов, 2013).

Баласағұн прецедентті есім құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) көне қала;
- 2) мұра.

II Төлсипаттар:

- 1) «Құтты білік»;

- 2) шайыр;
- 3) ғылым-білім, мәдениет.

- III Қазақ лингвомәдени социумында түркі халықтарына ортақ мұра қалдырған шайыр.

- Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: XI ғасырда Қараханидтер мемлекетінің астанасы *Баласағұн* (Құз-Орда) шаһары мәдениет, ғылым-білім саласында басқа қалалармен салыстырғанда оқ бойы озық тұрған болатын (Кенжеғалиев, 2014).

Түркістан прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) екінші Мекке;
- 2) киелі жер.

II Төлсипаты:

- 1) мазар;
- 2) «Ақиқат сыйы»;

3 А.Яссауи.

- III Қазақ лингвомәдени социумында Түркістан – екінші Мекке, «киелі жер» символдық мәнге ие.

- Мақал: Түркістанның түбін түйе ғана шалады <Түркістан ертеде, барша түркі халықтары жайласқан ұлан-ғайыр өңірдің, Тұран елінің атауы болған замандарда, ол елдің бір шетінен екінші шалғай шетіне дейін тек түйе малын мінген жолаушы ғана жеткен, түйе керуені ғана шалып жете алған. Түркістан – түйе ғана шалып шыға алатын таулы, өзенді өлке, құмды, шөлді кең дала, ұлан-байтақ өлке дегенді аңғартады> (Қайдар, 2004). *Мединеде – Мұхаммед, Түркістанда – Қожа Ахмет, Самарканда – Шер Ахмет, Маңғыстауда – Пір Бекет.*

Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Зейіл берсін көңіліңе, Құран-кәрім – бас бұлақ. Азат туын көтерсін, *Түркістаның* – Тұраның. Дарынды мен тектілер Жамырап туған - Түркістан. Қожа Ахмет Иассауи Шаңырақ

құрған – Түркістан (Бекмаханұлы, 2008). Мұсылманның болған жер – Ынтыққаны Түркістан. Абылай ханның тамған жер, Кіндік қаны Түркістан (Сопыбек, 2008).

Арыс прецедентті есімінің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) өзен;
- 2) бойы;
- 3) дауыл.

II Төлсипаты:

- 1) ән мен жыр;
- 2) Шәмші.

III Қазақ лингвомәдени социумында Оңтүстік Қазақстанның сәні, ән мен жырдың туындауына себепші.

- Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Өзіңмен *Арыстың*, Бойында таныстым. Жайнаған гүлдер құрбым сен, Жағада тұрдың сен (Шаханов, 1988).

Қаратау прецедентті есімнің құрылымы:

I Дифференциалды белгілері:

- 1) киелі тау;
- 2) пана.

II Төлсипаты:

- 1) Нұқ пайғамбар кемесі;
- 2) көш.

III Қазақ лингвомәдени социумында Қаратау киелі тау, жаугершілік заманында пана болған, бүкіл әлемді топан су алғанда Нұқ пайғамбар кемесі тоқтаған ең биік, ең көне тау символы.

- Мақал: *Беталды* – *Қаратау* <ауыс. қазақ халқының басынан өткен шапқыншылық, ашаршылық т.б. қиын-қыстау тарихи жағдайлардың бірінде үдере көшкен, өз мекенінен басы ауған жағына қарай босып шыққан, Қаратаудан басқа барар жері, басар тауы жоқ жұрттың бағыт-бағдарын анықтайтын, бұрын-

соңды белгілі болып қалған бір жолды мегзейтін сөз» (Қайдар, 2004).

- Кез келген тіл иелерінің атауды қабылдауда жеке түсінігі болады: Тірі қалған үшеуден Өсіп-өніп мұнша халық Дүния сөйтіп толыпты. Нұқтың мінген кемесі *Қаратаудың* басында Бүгінге дейін тұрыпты (Әуезов, 1984).

Прецедентті есімдердің тілдегі қызметіндегі ерекшелік – символ ретінде қолданысы. Бұл жағдайда прецедентті есім құрылымының өзегі болып табылатын дифференциалды белгінің мәні артады, есімнің немесе прецедентті жағдайды ашатын қандай да бір түсініктеменің қажеті жоқ, прецедентті есімнің өзі жеткілікті (Захаренко, 1997).

Атақты жазушылардың әртүрлі жанрда жазылған шығармалары, ән, қанатты сөздер, т.б. прецедентті есімдердің қалыптасуы мен қолданысында маңызды рөл атқарады, яғни белгілі шығармалар, көркем фильмдер, қанатты сөздер адамдардың сана-сезіміне хабарламалық қызметін іске асыру мақсатында қолданып жүр. Прецедентті есімдерді естігенде, әр адамның сана-сезімінде әлеуметті-психологиялық, саяси-қоғамдық, тарихи құбылыстар оянады, әрине, бұл тек қана адамдардың аялық біліміне байланысты, егер адам прецедентті есім сілтеп тұрған оқиғадан немесе т.б. хабардар болмаса, онда ол адамға прецедентті есім ешқандай ықпал жасамайды. Бұл жағдайда мұндай есімдер тек қана атау (номинациялық), жекелеу қызметін атқарады.

Сонымен, жеке адамның тілдік құрамында сөз қоры, тезаурус және прагматикон бар. Әр прецедентті есімдерде көрсетілген эмоционалды – бағалаудан басқа сөйлеушінің дискурста оларды қолданылуы жеке адамның шығармашылық әлеуеттік көрсеткіші.

Прецедентті бірліктер прагматикалық факторлармен өзара байланысқан семантикалық деривацияның нәтижесі

болып келеді, олар кеңінен алғанда прецеденттердің лингвокогнитивті белгілері. Бұрын тілде көрініс тапқан және жаңа констелляцияда тілдік қолданыс үшін үлгі, негіз (мағыналық және құрылымдық элементі) болатын тілдік бірліктерден қалыптасқан бірліктер.

Аталымдық жүйені құрай отырып, прецедентті бірліктер бірегей ұғымдық-белгі, когнитивті-мазмұндық модель – прецедентема арқылы құрылған күрделі тұтастыққа бірігетін әртүрлі формалды, грамматикалық, лексикалық және прагматикалық тіл құралдарының жиынтығын білдіреді. Прецедентеманы әр деңгейлі лингвоменталды құнды бірліктер, прецедентті мағынаға ие ұғымдар, анықтап айтқанда, оқиға, зат, бейне, оның сапасы немесе қасиеті туралы фактативті білім іске асырады. Мұндай аталымдық бірліктердің болмысын прецедентті мазмұн жасайды, олардың қызметі жалпыға белгілі немесе стандарттан тыс/ерекше когницияларды сақтау.

Сонымен, прецедентті есімнің символ ретінде қолданысы прецедентті есімнің коммуникациядағы қызметін анықтайды. Прецедентті мәтінге немесе прецедентті жағдайға сілтеме жасауда прецедентті есім символ қызметін атқарады.

Ұлы жібек жолындағы жер-су атауларды этномәдени код ретінде қабылдауға болады. Сол заманның өзінде топонимдердің нысанды жекелеу, сол ынсан бойынша ақпарат беру басты басты қызметін атқарып келгендігін аңғарамыз. Сол кездегі атау жасаушы қоғам қазіргі тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер еткен. Қазіргі қоғам мүшелері, яки тілді тұтынушы өкіл өздерінің санасында (танымы негізінде) топонимдерді қолданған кезде коммуникативтік-прагматикалық, нақтырақ айтқанда, талғамдық, аксиологиялық мақсатты көздейді. Нысан атауы арқылы айтқысы келген ойын дөп жеткізіп қоймай, тілді тұтынушыларға (бұрынғы не қазіргі болсын) эксплицит немесе имплицит ақпаратты тасымалдаған. Ұлы жібек жолындағы

прецедентті топонимдерді халықтың атау тағу үдерісіндегі тарихи, географиялық реалийлерді айқындайтын белгілер арқылы қалыптасқан таным нәтижесі, лингвомәдени стандарты деуге болады.

Ұлы жібек жолындағы прецедентті топонимдер астарындағы аялық ақпараттарды игеру белгілі бір жалғасын тапқан лингвомәдени қауымдастық мүшелеріне тән деректерді меңгеру болып табылады. Қазіргі геосаяси жағдайында өмір сүріп жатқан ұрпақ үшін прецедентті топонимдер аясындағы құндылықтар жайлы мағлұматтарды білу аса маңызды. Сондықтан Ұлы жібек жолындағы прецедентті топоним қазақ халқының әлемнің топонимикалық бейнесін жасаушы, тілдік тұлғаның болмысын айқындайтын, оның тілі, мәдениеті мен тарихынан ақпарат беретін баға жетпес қор, қазақы қоғам санасында ассоциация, стандарт, маңызды «жердің хаты» екендігіне көз жеткіземіз. Ұлы жібек жолындағы жер-су атаулары адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады.

II ТАРАУ

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

2.1. Топонимдердің құрамындағы халықтық географиялық терминдер

Халықтық географиялық терминдер және топонимдік лексика. Жібек жолының Жетісу жерінен өтетін тұсындағы топонимдер жалпы табиғаты жағынан түрлі тақырыптық топтарды қамтиды. Солардың ішінде географиялық нысандардың сипатына байланысты қойылған атаулардың өзіндік орны үлкен. Шығу уәждері бойынша алғанда арғы негіздері халықтық географиялық терминдермен байланысты болып келеді. Оларды ғылыми-теориялық тұрғыдан қарастырғанда қазіргі зерттеу әдістері басшылыққа алынуы тиіс. Топонимиканың негізгі зерттеу бағыттарының бірі – пәнаралық байланыста кешенді зерттеу, бұл әдіс бүгінгі таңда өзінің маңыздылығымен ерекшеленеді. Бұл кешеннің ішіне негізінен тіл білімі, тарих, география пәндері кіретіні туралы айтылып жүр.

Бұл тұрғыдан алғанда топонимдердің мағынасы осы салаларға қатысты ақпараттарды қамтитыны белгілі. Осы ақпараттардың бір парасы – географиялық нысанның тұрған орнын білдіруі. Бір ерекшелігі географиялық атау бұл мақсатта қойылғанда жеке тұрып емес, айналасындағы өзге нысандармен байланыста және бірдей нысандар арасында қатар қойылып, салыстыра аталады. Мысалы, аяқ, шет, орта, бел, бас т.б. халықтық географиялық терминдері жер бедерінің ыңғайына қарай бас жақта – аяқ жақта немесе өр жақта – еңіс жақта орналасуын білдіреді. Тұрған орны айналасындағы өзге табиғи (аты жоқ болуы мүмкін) нысандармен байланыста анықталып тұрады. Екіншіден, өзімен бірдей аталатын нысандардың ішінде бас жағында, аяқ жағында, ортасында немесе шетте тұрғанын білдіреді. Мысалы, Басши және Аяқши деп аталатын жерлер бір аумақта жатыр. Тау жақта, яғни жоғары, биік жағында орналасқаны «бас» компонентімен, еңіс жағындағы «аяқ» компонентімен жасалып тұр. Екінші жағынан ши қалың өскен саздауыт жер екеу болғандықтан, бір-бірімен салыстырылып та

бинарлық-оппозициялық мағынада *бас*, *аяқ* сөздері қолданылып тұр.

Сөздің топонимдер құрамында қолданылуы, келе-келе бастапқы манасының негізінде туында мағыналарға ие болуына алып келеді. Бұл секілді эволюциялық құбылыстардың топонимдік лексиканың қалыптасуында орны үлкен. Топонимдік мақсатта жұмсалуына байланысты жалпы есімдер халықтық географиялық терминдерге айналады, географиялық нысанның жеке орналасу жағдайы мен сипатына қарай біртіндеп апеллативтер арасынан да орын алады. Ілгеріде аталған халықтық географиялық терминдердің мағынасына талдаулар жасағанда енді олардың түпкі мағынасы емес, туынды топонимдік мағынасына назар аударылады. Тіліміздегі заттың тұрған орнын, тұрған жерін, мекенін, жан-жағын білдіретін *алды*, *арты*, *асты*, *үсті* т.б. секілді көмекші сөздер топонимдік мағынада қолданғанда өзіндік сипатқа ие болады. Мысалы, *асты*, *үсті* сөздермен жасалатын «Алтынемелдің астыңғы» немесе «Алтынемелдің үстіңгі жағы» деген тіркестер қолданылады. Таулы аймақтың жер ыңғайына қарай пайда болған ұғымдардың негізінде жаслаған тіркес. *Асты* – еңіс жағы, *үсті* – тау, яғни өр жағы. «Асты» сөзі сонымен қатар *Белесті жердің баурайы*, *арғы жақ бетінің төменгі тұсы*. Асан мен Үсен бір күні, ел көшкенде, қыр астында ойнап жүріп, ескерілмей, екеуі жұртта қалады (ҚӘТС, 2011). Топонимиялық түсінік бойынша аталғанда бұл орайда «асты» сөзі *жоғарғы жағы* және *арғы жағы*, *арты*, *артқы бетінің төменгі жағы* секілді мағыналарда қолданылғанын көреміз. Қарам-қарсы мағыналы осы секілді *алды*, *арты* сөздері де өзіндік топонимиялық мағынаға ие. Топонимикалық қолданыста *алды* деп белгілі бір нәрсенің (жердің) қарсы жағын айтамыз (ҚТӘС). Ауылдың *алды* айдын көл, Айдын көлде шағала (ІЖ). Топонимикалық заңдылықтарды зерттеушілер тарапынан мынандай қызық мәліметтер ұсынылады: түркі халықтарында

географиялық бағдар айқындаушы атау ретінде алды немесе алдыңғы жақ деп шығысты атайтын болған. Бұл ұғымның қалыптасуында көне дәуірлерден жеткен түсінік бар секілді. Ертедегі көшпелі бабалар күннің батысы мен шығысына қарап, төрт құбыласын түгендегенін, бізге жеткен тарих деректерінен білеміз. Хүн шаныюінің таңертең шығар күнге қарап, кешқұрым айға тағзым етуі осының белгісі (Гумилев, 1998: 106).

Түрікмендерде *юкары* сөзі «жоғары» және «шығыс» (күн шығатын жақ), *ашаг* – «төменгі, төмен жақ» және «батыс» (күн бататын жақ) мағыналарында қолданылады. Осыға ұқсас орта ғасыр ғұламасы Махмұт Қашқаридың еңбегінен кездестіреміз. Ол үш Чин мемлекетін көрсетеді: *ĈIN* *геогр.* *ċin-ü maċin* *геогр.* Жоғары және төменгі Қытай, Шын және Машын [ДТС]. Жоғары Шын, немесе Табғаш – шығыста, Орта шын – Қытай және Төменгі Шын – Бархан немесе Қашқар. Х.Хасанов осы деректерді талдай отырып, «жоғар» және «төменгі» сөздері бұл жерде шығыс және батыс мағынасында қолданылып тұр дейді (Мурзаев, 1974: 15).

Жетісу өлкесінің Жаркент өңірінде Жоғарғы Мамаяр – Төменгі Мамаяр, Жоғарғы Пенджим – Төменгі Пенджим, Жоғарғы Тұрпан – Төменгі Тұрпан, Жоғарғы Шолақай – Төменгі Шолақай т.б. секілді бинарлық-оппозиция құрайтын атаулар сақталған.

«Шет» сөзі топонимдердің құрамында келгенде қандай мағына береді және географиялық тұрғыдан алғанда «шет» деп ненің шеті немесе қай аймақтың шеті меңзеліп тұр? дейтін сұрақтың жауабы іздестіріледі. Жетісу жеріндегі Жаркент өңірінде «шет» сөзімен жасалған *Шет Сортөбе*, *Шет Қарағайлы*, *Шет Қарасу* топонимдері кездеседі. Жер шегінің аумағымен алғанда жер дөңгелек болғандықтан, шетін анықтау қиын. Мемлекет ішінде тұрған шекараның шегіндегі нысанды «шет» деп атауға болады, алайда олардың барлығы бірдей шекара аумағында тұрған жоқ. Сондықтан, сөздің топонимдік мағынасының өзіндік ерекшелігін анықтау өз алдына қызықты

мәселе. Бұл қолданыс метафоралық қолданыс болып табылады. Шет сөзінің бастапқы, тура мағынасы «қазақ тілінің аймақтық» түсіндерме сөздіктегі мағынасы мынандай: **ШЕТ** — зат.1. Заттың бір жақ ұшы, жиегі, бұрышы. Шетімен алаңның Жығылып... сүрініп... Үйіне ағамның Келемін жүгіріп (С.Жиенбаев, Алтын қалам). 2. Сырт жер, жырақ, оқшау маң. Кеттіңдер «жат жұрттық» боп жаратылып. **ШЕТ** (Орал, Жән.) дала, далалық жер. Ол маңда егінсіз шет жоқ па деп қалдым (Орал, Жән.). **ШЕТ** – зат. 1. Заттың бір жағы, біткен жері. Кәрі жартас жатыр тік, Жел дамылдап бетінде. Әлдеқалай жалғыз түп Гүл өсіпті шетінде (ҚТАС). Бұл мағыналарға қарағанда «шет» сөзі топонимдер құрамында да өзінің бастапқы негізімен сабақтастығын үзе қоймаған сияқты. Бұған мысал ретінде, тұрған орнын білдіретін қазақ даласындағы өзара саластырылып әрі қатар қойылып қолданылатын Орта Меркі – Шет Меркі, Орта Тентек – Шет Тентек, Орта Бақанас – Шет Бақанас т.б. секілді гидронимдерді алуға болады. Бұдан өзге Шет Қарасай, Шеткі, Шет (өзен) секілді сыңары жоқ гидронимдер бар, олардың сыңары ұмытылған немесе белгілі бір аумақтың айналасындағы басқа географиялық нысандармен байланысты қойылған болуы мүмкін.

Тілімізде Шет тұлғалы біршама жер-су атаулары кездеседі. Е.Қойшыбаев ол жөнінде екі түрлі болжам жасайды: *біріншісі* – **Шет** Жезқазған облысындағы аудан аты. Оның Шетбақанас, Шетмеркі... топонимдерінің құрамындағы «шет» сөзімен байланысы жоқ, «жағалауы шет, бұталары сыңысқан, миуалы» деген «шеттік» мағынасындағы сөз. *Екіншісі* – Шетқарасу «шеткі қарасу» мағынасындағы атау (Қойшыбаев, 1985: 240). Біріншісінде «миуалы бұталы жер» деген көне мағыналы сөз десе, екіншісінде нысанның тұрған орнын білдіретінін растайды. Шет ауданының Бетпақ шөлі, құла дүзбен жалғасып жатқан географиялық жағдайына қарағанда, бұл өңір «миуалы бұталы» дегеннен гөрі, *алыс шет, шөлді далалы аймақ* деген сипатамаға көбірек сәйкес

келеді. Сондықтан, «шет» сөзінің апеллатив мағынасы бойынша ғалымдар көзқарасын жинақтай келіп, өзара салыстырғанда және сөздің шығу тегі мен қазіргі мағынасына талдаулар жасағанда бұл халықтық географиялық терминінің төмендегідей мағыналарда қолданылғаны байқалады: 1. Белгілі бір өңірдегі бірдей екі не үш географиялық нысанның немесе бірдей аталатын географиялық нысандардың бірінің шеткері жатқанын білдіреді. 2. Нысанның белгілі бір өңірдің шеткері жағында не орта тұсында орналасқанын білдіреді. 3. Басқа жер, тыс, түз, алыс аймақ деген мағынасы да бар. Қазіргі Қарағандының Шет ауданы орталығының атауы осы ерекшелігіне қарай берілген. Бұл орайда белгілі бір нысан емес, географиялық сипатына байланысты тұтас бір өңірдің осылай аталып тұрғанын ескеруіміз керек.

Нысанның тұрған орнын айналасындағы өзге нысандармен қатынаста анықтау «орта» тұлғалы халықтық географиялық терминдерге де қатысты. Ғалымдардың төмендегідей түсіндірмелерінде топонимдердің тұрған орындары туралы ақпараттар беріледі. Мысалы, Шет Меркі Тоғызбұлақ ауылының шығысындағы терең сайдан ақса, Орта Меркі Шет Меркі мен Кеңсу өзені ортасындағы өзен (Жанұзақ, 2022: 374). Қатар жатқан үш өзеннің бір жақ шетіндегісі. Балқаш ойпатындағы Үшбақанас атты арнаның шығысындағы арна, «шеткі Бақанас» мағынасындағы атау (Жанұзақ, 2022: 432). Орта Бақанас – көне арнаның аты – Үш Бақанастың ортаңғысы, Алматы обл. (Қойшыбаев, 1985: 198). Жаркент өңірінде «орта» халықтық географиялық теримнімен жасалған мынандай топонимдер сақталған: Орта, Орта Сортөбе, Орта Қарасу, Ортасаз, Орта Талды, Ортатау, Орта Шарбақты т.б.

Шет пен *орта* сөздерінің бірігуі арқылы жасалған топонимдердің тұрған орындарында ерекшеліктер болмаса, онымен аталатын географиялық нысандар көбіне бір-бірімен қатар жатады. *Орта*, *шет* халықтық географиялық терминдері

мағыналық жағынан алғанда бір-бірімен арақатысы бинарлық-оппозиция құрамайды, керісінше көлбеу жатқан нысандар бір-бірінің кеңістіктегі орнын анықтауға қызмет етіп, осы ерекшелігімен лексика-семантикалық өрістен көрініс береді.

Метафоралық қолданыстағы атаулар адамның дене мүшелері атауларымен байланысты жасалған. Бас, көз, құлақ, бет, мойын, иін, бел, аяқ, табан секілді сөздер нысанның тұрған орнын, географиялық сипатын білдіру үшін және топонимжасамдық қызметте қолданыла келе халықтық географиялық терминдерге айналған. Тышқан-көз яқ, Аяқ-қырық-құдық, Аяқ-саз; Бел-бұлақ, Қызыл-мойын, Мойын-талды, Мойын-тоғай, Бет-бастау, Ұзынтам-басы, Шарбақ-басы, Бас-құм, Басши, Бурхан-басы, Жаман-бұлақ-басы, Қос-ағаш-басы, Құрашсы-басы, Шарбақ-басы, Шежіннің басы және т.б.

Халықтың жер бедерін, биіктік деңгейін, төрт құбыласын тану әрекеті барысында тілдегі сөздер салалық лексика қатарынан орын ала бастады. Географиялық ерекшеліктерді сипаттау мақсатындағы қолданыстар жаңаша мағыналарға ие болды. Бір сөздің бірнеше мағынада қолданылуына халықтық дүниетанымның даму көрсеткіші және жер ыңғайы мен түркі тілдерінің аймақтық ерекшеліктері ықпал еткені байқалады. Халықтық географиялық терминдердің түрлері қазіргі зерттеушілердің еңбектерінде біршама қарастырылып, тізімдері де берілген. Бұл еңбектерде олардың топонимжасамға қатысу көрсеткіштеріне назар аударылады. Жібек жолы бойындағы топонимдердің жасалуына да осы терминдер мен басқа да жекелеген сөздер, яғни компоненттер қатысады. Сандары аса көп болмағанмен, олардың бірігуінен жасалған топонимдердің саны біршама көбейеді. Топонимдерді өткен замандардан жеткен тілдік дерек ретінде пайдаланғанда үнемі құрамындағы компоненттер мен олардың шығу тегіне назар аударылады, алайда санын арттырумен қатар алуан формада түрлендіріп,

соның негізінде пайда болған географиялық нысандардың ерекшеліктерін сипаттайтын атаулар өзара бірігіп, көптеген жаңа атаулар жасайды. Төмендегі кестеде жекелеген халықтық географиялық терминдер мен топонимжасамдық компоненттердің жекелей немесе өзара бірігуінен жасалған топонимдер түрлері берілді. Сонымен қатар кестеден бір сөзбен қанша топонимнің жасалғанын да көруге болады.

2.2. Халықтық географиялық терминдердің топонимжасамы

Халықтық географиялық терминдердің топонимжасамдық мүмкіндіктері ұзақ уақыттар бойы қалыптасқан өзіндік жүйе құрайды. Бұл орайда мына мәселе арнайы атап өтуді қажет етеді. Бұл жалпы ономастикада өзіндік орынға ие трансонимдену құбылысы. Топонимдердің сөзжасамы немесе топонимжасам заңдылықтары өзінің топоним жасау жолдарының белгілі бір тұстарында трансонимдену құбылысының заңдылықтарына арқа сүйейді. Трансонимдену заңдылықтары аясында біршама терминдер мен ұғым-түсініктердің пайда болған. Трансоним термині жалпы сипаты бойынша алғанда жалқы есімдердің өз ішіндегі бір кластан екінші класқа ауысуларын қамтиды, ал ономастиканың бір саласы топонимдердің аясында (тармағынасында) қарастырған топонимжасам мен топонимдердің сөзжасамын қамтиды. *Топонимжасам деп бұл орайда өзге разрядтардан топонимдердің жасалуын айтамыз.* Мысалы, Ақсу бұрын өзен аты болса, кейініректе су нысанының атауы тауға ауысқан, яғни Ақсу өзені ағып жатқан тауға осы атау берілген, сөйтіп гидронимнен ороним жасалған. Ал *топонимдердің сөзжасамы* деп топонимдердің басқа класқа ауысуын атаймыз. Мысалы, Аягөз (жер аты) – антропоним (кісі аты), Көкбастау (жер аты) – жылқы аты (зооним), Тастыөзек (жер аты) – сиыр аты

(зооним) т.б. (Әбдуәлиұлы, 2021: 81-88). Трансонимдену құбылысы атаудың бір нысаннан екіншісіне ауысуын ғана жүзеге асырады, олай болғанда бірінші нысан атауы жойылмайды, яғни екі нысанды да атау мүмкіндігі беріледі. Трансонимдену құбылысы ұзақ уақыттар бойы топонимия табиғатында бірге өмір сүріп, ауысу үдерісі үздіксіз жүріп отырғандықтан, тілдегі көптеген атаулардың әуел баста қай разрядқа тән болғанын лексика-семантикалық табиғаты бойынша ғана анықтай аламыз.

Қазақ топонимдерінің жасалу заңдылықтарын зерттеген ғалым Б.Бияров «Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері» атты еңбегінде топонимиялық атаулардың сөзжасамын *терминжасам*, *топонимжасам* деп екі бөле отырып, осы екеуінің өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктеріне тоқталады. Топонимжасамда ең маңыздысы сөзжасам тәсілдері арқылы жаңа бір атау ойлап тапқанда ол нысанның белгілерін анықтап алған дұрыс. Өйткені, нысан мен атау арасында сәйкессіздіктер болмауы қажеттігін айтады. Ғалымның көрсетуінше, жаңа атау географиялық нысанмен үндеспесе, атаудың жалқы есімдік қасиеті болмай, мағынасыз дыбыстардың тіркесі болып қалады (Бияров, 2012: 8) дейді ғалым. Терминжасамда қолданылатын сөзжасам тәсілдері мен аударма, калькалау түрлері нысанға атау беруде де жиі кездесетін тәсілдер. Сондай-ақ, тіліміздегі халықтық географиялық терминдердің атауға айналуы, яғни жалпы есімдерден жалқы есімдердің жасалу үдерсі де көптеп кездеседі. Бірақ, ғалымдар бұл үдерістің ұзақ уақыттарды талап ететінін айтады. Орыс ғалымы В.Жучкевич Қазақстанның табиғаты суға кедей болғанымен, суға қатысты топонимдік атаулар көп кездеседі және бұл Азиядағы суға деген ерекше түсінікті білдіреді деген пікір айтқан (Бияров, 2012: 26) болатын.

Географ ғалым Қ.Сапаровтың пікірі бойынша, өзге географиялық атаулардан гидронимдердің өзіндік ерекшеліктері бар. Атап айтқанда: 1. Басқа топтағы атауларға қарағанда көне

болады 2. Уақыт өте келе жасанды су көздері пайда болуымен, су нысандары атауларының саны да арта түседі – дейді ғалым (Сапаров, 2017: 40). И.С.Карабулатова «Гидронимы Российского Приишимья» (Карабулатова, 1996: 10) атты зерттеу еңбегінде су насындары атауларының құрылымдық-семантикалық ерекшеліктеріне талдаулар жасай отырып, оларды жасалу жолдары бойынша былайша жіктеледі деп атап көрсетеді: 1. *Зат есімдерден жасалған гидронимдер*: 1) апелятивтер; 2) онимдер: патронимдер, топонимдер, этнонимдер, антропонимдер. 2. *Сын есімдерден жасалған гидронимдер*: сапалық, қатыстық, тәуелді (притяжательные). 3. *Түбірі етістіктен жасалған гидронимдер*. Н.А.Аскеров өз еңбегінде де гидронимдерді классификациялаудың өзіндік бір жолын ұсынады (Аскеров, 1986). Оның жіктеуі бойынша: 1. этнонимдерден жасалған гидронимдер; 2. ойконимдерден жасалған гидронимдер; 3. антропонимдерден жасалған гидронимдер; 4. зоонимдер мен фитонимдерден жасалған гидронимдер. Ал, О.П.Терентьева зерттеу еңбегінде гидронимдерді үлкен екі топқа бөліп қарастырады: 1. Жергілікті жердің физика-географиялық ерекшеліктерінің гидронимдердегі көрінісі. 2. Жалқы есімдерден жасалған және адамдардың тұрмыстық өміріне байланысты аталған гидронимдер Автор бірінші топқа 1. ландшафтты терминдер; 2. жергілікті қатыстық нысандар; 3. өсімдіктер әлемі; 4. жануарлар әлемі; 5. квалитативті атауларды жатқызады. Ал, екінші топта мынадай түрлерді қарастырған: 1. антропонимдерден жасалған атаулар; 2. этнонимдер мен микроэтнонимдерден жасалған атаулар; 3. топонимдерден жасалған атаулар; 4. адамдардың тұрмыстық өміріне байланысты қойылған атаулар (Терентьева, 1994). Семантикалық классификацияның басқа түрін О.Т.Молчанова да көрсеткен. Ол өзінің таулы Алтайдың топонимдерін қарастырған еңбегінде түркі тілдеріне жататын 70 лексика-семантикалық тізбекті

көрсетіп, оларды 5 топқа жіктейді: 1. адамның өзі; 2. сезуге, қабылдауға, есте сақтауға, түсінуге болатын дүниелер; 3. өсімдіктер әлемі және онымен байланысты сөздер; 4. жануарлар әлемі және онымен байланысты сөздер; 5. бейорганикалық әлем. Сонымен қатар, ғалым оронимдік терминдерге қарағанда гидрографиялық терминдер саны аз екендігін айтады. Бұл терминдер қатарына *айры, карасу, суу, булак, өзөн, салаа, белтир, өзөк, көл* секілді сөздерді жатқызады (Молчанова, 1968). Сондай-ақ, осы терминдердің географиялық нысанның атауы болуының да екі түрлі жолын көрсеткен. І типтегі терминделген атауларға аффикстер жалғанбай, тек негіз сөзден жасалған атаулар болса, ІІ типтегі терминделген атауларға детерминденген тіркесті атаулар мен синтагмаларды жатқызған.

А.А.Камалов «Гидронимия Башкирии» атты диссертациялық еңбегінде атаулардың шығу және пайда болуын қарастыра отырып, 3 үлкен топқа бөлінетін 18 лексика-семантикалық тізбекке жіктейді: 1. географиялық нысанның өзіндік қасиетін көрсететін гидронимдер; 2. аталған нысанның немесе орналасқан аумақтың ерекшеліктерін көрсететін гидронимдер; 3. тарихи оқиғаларға байланысты аталған гидронимдер (Камалов, 1969). Ғалымның бұл жіктеуі өз ішінде кіші топтарға бөлінеді және басқа ғалымдардың жіктеуімен салыстырғанда, барлық гидронимдерді қамти алғандығымен ерекшеленеді.

Қазақ тіл білімінде Г.Ш.Бекенова еліміздің солтүстік өңірі гидронимдерін қарастырған диссертациясында мынадай семантикалық типологияға бөліп көрсетеді: 1. Адам есімдері және этнос атауларының қатысы арқылы жасалған гидронимдер; 2. Белгілі объект немесе объектілермен байланысты білдіретін гидронимдер. Бұл өз ішінде тағы үш топқа жіктеледі: 1. Объектінің сын-сипатына қарай аталған гидронимдер; 2. Жеке топонимиялық қолданымдағы географиялық терминдер; 3.

Қазақстанның солтүстік өңіріндегі орыс гидронимдері (Бекенова, 2002: 34-66). Атаулар жүйесінен ұлтымыздың психологиясының, дүниетанымы мен материалдық танымының тоғысуын байқаймыз. Осыған байланысты Г.Чукова «Жетісу топонимдерінің этномәдени сипаты» мақаласында ұлттық топонимдерді материалдық және рухани мәдениетке байланысты топонимдер деп екіге бөліп қарастырған.

Біз зерттеу жұмысымызда «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» (Жеріңнің аты – Еліңнің хаты, 2006) энциклопедиялық еңбегі бойынша елімізде кездесетін гидронимдік терминдерден жасалған топонимдерді қарастырдық және еңбекте бір гидронимдік терминнің қанша атау жасауға негіз болғандығын 2-кестеде көрсеттік.

Ғалым Ә.Қайдардың еңбегінде де суға қатысты сөздерден туындаған жер-су атауларын көрсетілген. Мысалы, Айдын, Гэзар аралы, Жаманащы, Кеңащы, Тақыращы, Таушықтағы Есіркептің күбі, Шүйілдегі Сары күп, Жармышақтағы күп, Кемерқақ, Қамыстықақ, Қызылқақ, Қараөзек, Сарыөзек, Тереңөзек, Тораңғыөзек, Атасу, Сарысу, Ақтұма, Төбетыма, Қантүбек, Мәтжан шыңырауы, т.б. Сондай-ақ, көнеден қолданылып келе жатқан жеке-дара су атауларына Аңқаты, Балқаш, Бұланты, Ертіс, Жайық, Жетісу, Лепсі, Ойыл, Шу, Іңкәрдария, Үшбас секілді гидроним аттарын жатқызған (Қайдар, 2013: 92).

Елімізде орыс есімдерінен және орыс тіліндегі жалпы сөздерден жасалған атаулар да кездеседі, жалпы саны 586. Облыс және аймақтар бойынша бөліп көрсетер болсақ, Ақмола облысында – 37, Алматы о. – 103, Ақтөбе о. – 37, Атырау о. – 9, БҚО – 16, Жамбыл о. – 2, Қарағандыда – 3, Қостанай о. – 39, Қызылордада – 1, Маңғыстау о. – 5, ОҚО – 5, Павлодар о. – 54, СҚО – 256, ШҚО – 52 гидронимдік нысан атауы орыс есімдері немесе орыс тіліндегі сөздерден жасалған. Байқағанымздай, еліміздің солтүстік өңірінде, шығыста және Алматыда орысша атаулар жиі

кездескен. Мысалы: Бармашино, Бармашное, Бодливское, Большое (2), Большое белое, Бычье, Владимировское, Глубокое, Гнилое (2), Горелое, Горное, Гребенниково, Дмитрово, Ермаковка, Зинопья, Казацкое, Каменная старица, Камышное (3), Камышевое (3), Коровье, Кочковатое (3), Кочковое, Красное, Кривое (2), Круглое (2), Куликово, Лебединое, Лесково, Линное, Малое Камышное, Моховое (5) көлдері, Болотина батпағы, Вяземка, Гай-гай, Кабаний ключ, ключевая, Красная, Малиновая, Малый ключ өзендері, Вячеславская бөгені, Жаров, Желтая круча, Желябин тоғандары, т.б. Орыс тіліндегі атаулар арасында калькалау тәсілі арқылы жасалғандары да бар. Мысалы: Шучье озеро, Киргизское болото, Малое Камышное, Большой Арыкбалык, Малый Жамантуз гидронимдері жартылай калька арқылы жасалса, Водное, Семиозерный, Черная речка секілді атаулар толық кальканың жемісі. Бұл мысалдар мен статистикалық жұмыстар «Жеріңнің аты – Еліңнің хаты» энциклопедиясында көрсетілген топонимдер бойынша жасалған. Басқа да орыс тіліндегі гидронимдерді семантикалық топтарға бөліп, екі тілге ортақ модельдерді Г.Бекенова өз зерттеу жұмысында көрсеткен. Ғалым бұл ортақ модельдерді судың сапасына, түсіне байланысты, сыртқы пішіні мен формасына байланысты, өсімдік және жануарлар атауымен байланысты, объект түбінің рельефіне байланысты деп бірнеше мағыналық топтарға жіктеген (Бекенова, 2002: 34-66).

В.Н.Попова (Попова, 1966) зерттеу еңбегінде де көрсетілгендей, елімізде кездесетін гидронимдердің көп бөлігінің атауы анықтауыш + анықталушы сөз формасында құрылған. Тіл білімінде топонимдерге қатысты терминдер, апеллятивтер, номенклатуралық терминдер секілді сөздердің қолданылатындығын және гидронимдік атауларда көбіне өзен, көл, құдық, бұлақ секілді апеллятивтердің жиі кездесетіндігін көрсеткен. Ғалым өз еңбегінде В.А.Серебренниковтың жолымен,

гидронимдерге байланысты индикатор сөзін жиі қолданады. Зерттеушінің көрсетуінше, индикатор термині – ерекшелестіруші, топонимдік типтерді анықтаушы ретінде қызмет атқарады. Гидронимдік атаудың құрамында индикаторлардың кездесуі зерттеліп отырған гидронимнің типологиясын анықтауда көп көмек болған. В.Н.Попова еліміздің солтүстігіндегі гидронимдерді зерттеу барысында өзен атауларын семантикалық жағынан 5 топқа бөліп қарастырған. 1-топқа *өзен, су* индикаторлары арқылы жасалған атаулар, 2-топқа *су* сөзінен жасалған *ақсу, қарасу, ащысу, тұщысу* секілді судың дәмін, түсін, қасиетін білдіретін сөздер жатады. 3-топқа *өзек, сай* сөздері арқылы және 4-топқа *айрық, аша* терминдері арқылы жасалған гидронимдерді жатқызған. Соңғы 5-топқа аз сулы, құрғап қалатын гидронимдер, яғни, *еспе, мұқыр, соқыр* секілді индикаторлардан жасалған атауларды көрсеткен. Көл атаулары құрамында кездесетін индикаторларды мынадай 6 мағыналық топтарға бөлген: 1. *көл, теңіз, шалқар, жалтыр, жалпақ* индикаторлары арқылы жасалған терең әрі үлкен, шалқар көлдер; 2. *сор, батпақ, балқаш, ми* терминдері арқылы жасалған батпақты көлдер; 3. *томар, қона, былқылдақ* сөздері арқылы жасалған сорғылы, тартпалы ұйықтары бар көлдер; 4. *бидайық, ой, шұңқыр, шығанақ* индикаторлары арқылы жасалған ойпатты, шалғынды жерлерде орналасқан көлдер. Мұндағы бидайық сөзі – көктемдегі қар және жаңбыр суы сарқылып жиналатын ойпаң келген жер (ҚӘТС, 2011. Т3). Яғни, бұл топтағы сөздерге тек мерзімдік сулар жиналатын ойпаң жерлерді жатқызған; 5. *қақ, тақыр, татыр* сөздері арқылы жасалған жазда құрғап кететін гидронимдер; 6. *тұз, ащы* сөздері арқылы жасалған тұзды және ащы сулы көлдер.

Гидронимдік терминдер арасында жиі кездесетін сөздердің бірі, бұлақ индикаторы – түркі тілдерінде жиі кездесетін атау. Бұл сөздің семантикалық өрбуі өте ертеден басталады. Орыс

тіліндегі *родник, ручей, речка* терминдері ауқымына да кіреді. Қайнар, қасқат, қара, ақпа, аққан анықтауыштарымен тіркесе келіп, қайнарбұлақ, қарабұлақ, ақпабұлақ, ақанбұлақ секілді бұлақтардың сын-сипатын көрсететін индикаторлар жасайды. *Қайнарбұлақ* термині «қайнау көзі», «кілт, арынмен тебу», «шапшыма қайнар» секілді мағыналарда қолданылды. Кейіннен бұлақ сөзінің түсіп қалуымен, дәл осы мағынадағы *қайнар* индикатор-термині қалыптасты. Ал, *ақпабұлақ* және *аққанбұлақ* терминдерінің мағыналары «ақ, ағу» сөзінен шыққан. Ал, көлдерге байланысты қолданылатын *томар, былқылдақ* индикаторлары балшықты, батпақты, су астында сорғылы ұйықтары бар жерлерді көрсетеді. Құдықтарға байланысты қолданылатын индикаторларға – *құдық, апан, қауға, шыңырау, шұңқыр* секілді сөздерді жатқызамыз. Апан индикаторы – шұңқыр, құдықтың опырылған жері немесе ескі құдық орны. Қауға – тура мағынасын беру үшін шелек сөзі қолданылады. Бірақ, бес, мың және т.б. сан есімдермен қатар келу арқылы «суы мол құдық» мағынасын береді. Шыңырау – терең құдық, шұңқыр – апандағы, ойыс жердегі құдық мағыналарына жақын. В.Н.Попованың диссертациясында бұл индикатор-терминдердің барлығының қазақ тіліндегі формаларын басқа да түркі тілдерімен және моңғол тілімен салыстыра отырып қарастырған. Ғалым сөздердің қолданылуы мен зерттеліп отырған аумақтағы таралуына баса назар аударған. Өзендер мен көлдердің, арық, бұлақ немесе құдық атауларының барлығының жасалу жолдары біркелкі. Олар бір компоненттен де екі немесе одан да көп компоненттерден де құрала алады. Көбіне, заттық атаулардан, сын есім, сан есім немесе етістіктен жасалған анықтауыш сөздермен тіркесу арқылы жасалады. Біз жоғарыда берілген ғалымдардың классификацияларын жинақтай келе, еліміздегі су атауларын да бірнеше топтарға бөліп қарастырдық.

Гидронимдердің негізгі құрылым үлгілері:

1. Зат есімдер мен терминдердің бірігуі арқылы жасалған гидронимдер:

а) *Жалпы есім сөздер + термин*: Айнабұлақ, Ақшасор, Алқасор (2), Ақшакөл, Айдаркөл, Айнакөл, Түлкісу өзені (түлкілі су), Құмкөл (құмдыкөл), Атқұдық (аттықұдық), Балуанкөл, Балықсор, Батпақкөл (3), т.б.

б) *Кісі аттары + термин*: Алыбайқұдық (Алыбайдың құдығы), Анаркөл, Ахмеңжансор, Бәтенкөл, Болатшалқар, Есдәулеткөл, Қобыланкөл, Қожакөл, Қожанқарасу, т.б. Бұл атаулардың қазақ тіліндегі ауызша формасы негізінен, изафеттік қатынаста қолданылады.

Н. Сауранбаевтың еңбегінде анықтамасы берілген үш изафеттік құрылым арқылы жасалған атауларға мысал келтірсек, *I изафетке* жоғарыда берілген кісі аттары арылы жасалған гидронимдерді жатқызамыз. *II изафет*: Бұламбай көлі, Алтыбай соры, Қызқарасу өзені т.б. *III изафет* арқылы жасалған атауларға: Қарағайлының бұлағы, Қыздың қарасуы, Тілеубердінің құдығы, т.б.

2. Сын есімнен жасалған анықтауыш пен индикатор-терминдерден жасалған құрылым:

а) *Қосымшасыз сын есім + термин*: Ақсораң, Ақсу, Ақкөл, Алакөл, Аққұдық, Ақсор, Ащықұмкөл, Ащыкөл, Байкөл, Көкөзек, Жаманкөл, т.б.

б) *Қосымшалы сын есім + термин*: Айдарлыкөл, Ащылыайрық өзені, Ащылыөзек (2), Мұздыбұлақ, Жарлыкөл, Шөптікөл, Шаңдыкөл, Балықтыкөл(4), Барлыкөл, Бетгібұлақ, Борлыкөл (3), Бозшакөл, Балаңдысай, Бозшасор, т.б.

3. *Сан есімдерден болған анықтауыштар мен индикаторлардан құралған атаулар*: «бір» саны және жалғыз ұғымына байланысты атаулар: Тақсары, Жалғыз, Бірсуат, Жалғызкөл, Жалғызқұдық, т.б. «Екі» саны және қос ұғымына байланысты атаулар: Қоскөл, Екібастұз, Қосерін, Қособа, Екіаша, Қосбұлақ, Екібұлақ, т.б. «Үш»

санына байланысты гидронимдер: Үшкөл, Үшқамыс, Үштағантұз, Үшөзен, Үшқарасу, Үш бүйен, Үшқұдық, т.б. Сол секілді басқа сандар арқылы жасалған гидронимдер бар: Төртінші бастау, Бесбақан, Жетікөл, Сегіз, Тоғыз, Онбұлақ, Қырықсай, Тоқсан, Мыңкөл, Мыңшұңқыр, т.б.

4. *Етістік және терминдерден жасалған құрылымда* көбіне, анықтауыштық формада есімше немесе көсемшелі сөздер болады: Бекіткенөзек өзені, Балакескенсор тұзды көлі, Тасқалаған көлі, Балакескен-сор өзені, Ниязқазған және Мирветқазған құдықтары, т.б.

Егер күрделі сөздерден жасалған атаудағы индикатор басыңқы мәнге ие болса, онда ол гидронимдік объектінің қасиеті немесе типін өзі көрсетеді. Яғни, гидронимнің өзен, көл, балшық, сор, теңіз немесе т.б. қандай типке жататынын атауынан анықтай аламыз. Ал, индикатормен бірге берілген препозиция гидронимдік объектінің қосымша қасиеттерін анықтап, құрылымдық-семантикасын көрсетеді.

Семантикалық жағынан барлық гидронимдер бес топқа жіктеледі:

Кісі аттарына, тегіне, ру-тайпа немесе туыстық атауларға байланысты қойылған гидронимдер: Алдабике, Арықбай, Асанқожа, көлдері, Ахметалиев тұзды көлі, Әбілқамкен көлі, Әжібай көлі, Әкімжан бөгені, Әукелбек көлі, Базарбай, Байбек, Байбота, Байғабыл, Байдалы, Байжан, Байжігіт, Балабек, Барлыбай, Баянбай, Бәтенкөл, Бейсенбай, Бекен, Бекмағамбет, Бектұр, Бөгетбай, Бөлебай, Дауылбай, Дәулет, Еленбай, көлдері, Байжігіт, Байдалысай, Бәйтен, Едіге, өзені, Балабай, Досай, батпағы, Атағөз қарасуы, Бәсентінің көлі, Ағасыбұлақ, Асмантай-Матай соры, Матай, Божбан көлдері, Ақмола облысы, Теңіз ауданындағы Қыпшақ көлі және Алексеев ауданындағы Қанжығалы көлі, Есіл ауданындағы Жанысбай өзені, Орталық Қазақстандағы Керей көлі, Кеңгір өзені, Жезқазған облысындағы

Арғынбай өзені және Аңдас, Атығай, Барақ, Бәсентиін және Жезқазған облысындағы Алашбай өзені, Алматы облысындағы Қырғызсай өзені, Ақмола облысындағы Қалмақкөл және Қалмақты көлдері, Жезқазған облысындағы Татаркөл және құрғап қалған Ноғайсай, т.б.

Ескі замандарда көшпенді халыққа бағдар беруші, жол көрсетуші болған жергілікті аймақтың жер бедеріне байланысты атаулар: Ақтасты, Жаманадыр, Найзатас, Бөлекадыр және т.б.

Қарастырылып отырған аумақтың өсімдік және жануарлар әлеміне байланысты атаулар. 1. *Жабайы және үй жануарларының, құстар мен балықтардың аттарына байланысты атаулар:* Әупілдек көлі, Бақа көлі, Балықсор, Балықты, Балықтыкөл, Зорманкөл, көлдері, Асаубалық көлі, Баршын, Көкбие батпағы, Қарабұқа, Қойсалған, Қойсоғым өзендері, Қасқаат, Қасқаатөлген көлдері, Қасқырқұдық бұлағы, Қошқар өзені мен көлі, Майбалық көлі, Жыландыбұлақ, Шағалы, Маралды, Шортандыбұлақ, Құрттыкөл, т.б. 2. *Өсімдік атауларына байланысты берілген гидронимдер арасында ең жиі кездесетіні шөптесін өсімдіктер түрлеріне байланысты.* Мысалы, қамыс, нарқамыс, қияқөлең, ши, бидайық, мия, жантақ, алабота, сарымсақ, т.б. Атаулар: Байзығыр, Көктал, Қарағайлыкөл, көлі, Бөріктал (3), Біртал, Қарақоға өзендері, Жақағаш өзені, Жалғызағаш өзені, Жалғызағашталдық өзені, Көктомар тоғаны, Қамысақты өзені, Қамыскөл, Қараағаш өзені, Қияқ көлі, Қоғалыкөл батпағы, Құрөлең, Миялы, т.б. Су объектілеріне берілген атаулар арасында бұталы өсімдіктерге байланысты қойылған аттар да бар. Олар: табылғы, мойыл, қоға, тал, қызылшілік, қаратал, шілік, т.б. Мысалы: Қарақоға, Жыңғылдысор, т.б. Сондай-ақ, терек, шұбартерек, қайың, қызылағаш секілді ағаш тектілер де гидронимдік атаулар жасауда жиі кездеседі. Мысалы, Қызылағашсор, Бестерек, Қайыңдыбұлақ, т.б.

Нысанның ерекшеліктеріне байланысты атаулар: Бұл топқа әр түрлі ерекшеліктеріне: бейнелілігі, саны, сапасы, қасиеті, сыртқы ерекшеліктерін көрсете алатын гидронимдер жатады. 1. Бейнелі, сипатты, метафоралы атаулар: Айнабұлақ (айнадай мөлдір бұлақ), Құлақкөл (құлақ-көл; шығанақты көл мағынасында), Соқырбұлақ (мардымсыз немесе аз сулы бұлақ) т.б. Сондай-ақ, соңғы топқа атауын белгілі бір оқиғаға немесе орналасқан жердің ерекшелігіне байланысты алатын гидронимдер де жатады. Мысалы, Қыйғанқұдық (кесілген бөрене қойылған құдық), Тасқалаған (тастардан қаланып жасалған құдық), Қырғын, Ноғайкеткен қарасу (Ноғай батып кеткен қарасу) т.б. 2. Объектінің қасиеттерін сипаттайтын гидронимдер: Тереңқарасу, Үлкенсор, Жылыбұлақ, Қарнаққұдық, т.б. 3. Судың түсін, иісін, дәмін білдіретін гидронимдер: Ащыөзек, Балдыкөл, Сасықкөл, Қызылбұлақ т.б. 4. Нысанның саны мен көлемін сипаттайтын атаулар: Мыңкөл, Үшбұлақ, Қырқұдық т.б. 5. Нысанның қай немесе қандай жерде орналасқанын көрсететін атаулар: Жайлаукөл, Күзеукөл, т.б.

Діни ұғым, түсініктерге байланысты қойылған атаулар: Кұдайкөл, Шайтанкөл, Әулие, Әулиесай, Әулиесу, Әулиебұлақ, Сыйтас, Исламқұдық т.б. Діни наным-сенімдермен қатар, эвфемизмдерге байланысты гидронимдер де бар. Мысалы, Ұлыкөл деп аталатын Қарағанды облысындағы көлдің көлемі шағын екендігі айтылады (Жүнісов, 1991: 38). Дарқанбұлақ, Данабұлақ, Ұлықанкөл, Атасу гидронимдерін осы топқа жатқызуға болады.

Тілімізде ұлттық код, мәдени код терминдері бар екендігі белгілі. Сонымен қатар, Қ.Рысберген топонимдік код терминін қолданады және топонимдік ақпарат жиынтығының кешенді коды ретінде қарастырады. Адам миының қабылдауының топонимдерге атау қоюдағы әсерін қарастыра отырып, 5 түрлі перцептивтік модусты анықтайды. Соның ішіндегі,

кинестикалық-тактильді перцептивтік модусы арқылы жасалған атаулар арасында көбіне гидронимдер екендігін байқадық. Өйткені, ғалымның көрсеткен ыстық – жылы – суық сөздері арқылы вербалданып, «температура субмодусын» құраушы атаулар тікелей суға байланысты екендігі белгілі. Мысалы, *Суықбұлақ, Суықжусан, Суықсу, Жылыарасан, Жылықұдық, Жылықора, Жылысай, Жылытөбе, Жылысу, Ыстықбай, Ыстыққұдық*, т.б. Сонымен қатар, гидронимдер арасында «иіс сезу» және «дәм сезіну» субмодустарына жататын ассоциациялы атаулар да кездеседі. Мысалы, *Ақмола облысындағы Ащыөзен, Ащыкөл, Ащықұдық, Ащысай, Кеңащы, Майлыкөл, Майлысор, Сасық, Сасықкөл, Сасықсор, Тұзащы, Тұзқұдық* топонимдері. Басқа объектілерге ұқсастығына және салыстыру, теңестіру негізінде қойылған метафоралы атаулар да кездеседі. Оларға: *Темірбастау, Догабассор, Найзакөл, Айыркөл, Астаусор, Табақкөл, Қауынкөл, Шатыркөл, Сандық секілді* т.б. атаулар жатады. Сондай-ақ, гидронимнің ерекшелігі мен көлемі, тереңдігіне байланысты да ат беріледі: *Батағанкөл, Иіркөл, Дөңгелеккөл, Байтақкөл, Сұлусор, Шолақсай, Жіңішке, Терісаққан* т.б.

Еліміздегі гидронимдер арасында орысша атауға ие болғандар саны да аз еместігі белгілі. Кеңес өкіметі заманында орысшаға аударылып немесе орыс тілі заңдылықтарына сай дыбыстала бастаған гидронимдік атаулар арасында қазір де сол күйінде қалып қойғандары баршылық. В.Н.Попованың еңгебінде қазақ тіліндегі топонимдердің орыс тіліне бейімделуінің ерекшеліктерін көрсеткен. Типологиясы бойынша әртүрлі топтарға жататын болғандықтан, сөздердің жазылуы мен айтылуында да көптеген айырмашылықтар байқалатындығы белгілі. Ғалым, бейімделу заңдылықтарының мынадай жүйемен жасалатындығын айтады: 1. дыбыстардың сәйкестігі 2. қосымшалардың жалғануы 3. топонимдік калькалар. Бұл үш түрлі жолға жеке тоқталып көрейік. Тіліміздегі топонимдер

орысша атала бастаған кезде көп дыбыстық өзгерістерге түскендігі белгілі. Көбіне, қазақ тіліндегі дыбыстар акустикалық-артикуляциялық қатынаста бір-біріне жақын дыбыстарға ауысып отырған. Мысалы: *ә – а, з – э, қ – к, ө – о, і – ы* немесе *и, ү, ұ – у, ң – н*: Басарқа – Басарка, Қаратүн – Каратунь, Көкбие – Кокбие т.б. Дыбыстық өзгерістермен қатар, морфологиялық өзгеріске ұшыраған гидронимдер де көп. Бұл бейімделу заңдылығының екінші түріне жатады. Мынадай мысалдар келтіруге болады: озеро Камышное, озеро Султашино, озеро Чалдайское, озеро Омарово, т.б. Орыс зерттеушілерінің бірі А.П.Дульзон өз еңбегінде орыс суффикстері арқылы жасалған түркі топонимдерін де орыс тілінің сөзжасам жүйесіне жатқызу қажет деп есептейді. Себебі, ол атаулар тек шығу тегі жағынан түркілік атауларға жатқызылады дейді. Топонимдердің орыс тіліне бейімделуінің үшінші бір түр – топонимдік калькалану. Калькалауда гидронимдерді семантикасына байланысты аударатын болғандықтан, мағыналық игеру маңызды рөлде. Атаулар толық немесе жартылай калькалану жолымен аударылған. Сөздің тек бір бөлшегі калькаланған гидронимдер қатарына Большое и Малое Сенкесе, Большой и Малый Таволжан секілді гидронимдерді жатқызсақ, толық калькаланған атауларға озеро Долгое (ұзақ, ұзын), озеро Поперечное (көлденең), өзеро Кривое (қисық), озеро Круглое (дөңгелек), озеро Черное (қаракөл), озеро Гусиное (қазкөл) және т.б. гидронимдерді мысал ретінде келтіре аламыз. Сондай-ақ, топонимика саласында *араб-парсы* тілдерінен еніп немесе жалпы есімдердің жалқы есімдерге айналуынан жасалған гидронимдер де жиі кездеседі. Мысалы, Алқакөл, Бейіт-бұлақ, Исламқұдық, Қадір-бай көлі, Мамыркөл, Шайтанкөл.

Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауын тұжырымдайтын болсақ, тілімізде гидронимдік апеллативтердің қолданыста 40-қа жуық түрі бар екен. Су шаруашылығы саласына

қатысты сөздікте тіліміздегі апеллятивтерден жасалған терминдер аналитикалық, синтетикалық, семантикалық және калькалау тәсілдері арқылы жасалғандығын көреміз. Сондай-ақ, терминбөлшектер арқылы жасалған сөздер мен эпоним терминдер де жиі кездескен. Терминдер арасында сөздікте берілмеген, бірақ, тілімізде орныққан және бүгінгі күнде атау ретінде де жиі ұшырасатын судың қасиеттеріне байланысты қолданылатын ақсу, қарасу, қоңырсу, жасылкөл секілді сөздерге де талдау жасадық. Суға байланысты терминдердің статистикасын көрсете отырып, екінші бөлімде осы терминдерден жасалған атауларды қарастырдық. Статистика нәтижелерін көрсеттік және мысалдар келтірдік. Зерттеу жұмысымызда гидронимдердің семантикалық жіктелуіне тоқталдық. Орыс зерттеушілерінің еңбектерінде және түркі тілдерін зерттеуші ғалымдардың жасаған классификацияларын жинақтадық және тілімізде кездесетін гидронимдерді мағыналық топтарға бөлдік, мысалдар келтірдік. Энциклопедиялық еңбектен гидронимдік апеллятивтерден жасалған түрлі топонимдердің статистикасы мен мысалдары, еңбекте берілген жалпы гидронимдердің саны, еліміздегі орысша аталған су нысандары және т.б. мәліметтер берілді.

Халықтық географиялық терминдер мен компоненттердің топонимжасамы

Реті	Терминдер	Саны	Топонимдер
1	Ақ	11	Ақжол, Ақөзек, Ақсай, Ақсужота, Ақтам, Ақтастықора, Ақтоғай, Ақшоқы, Кіші Ақсу, Үлкен Ақсу

2	Ағаш	3	Жалғызағаш, Қосағаш, Қосағашбасы
3	Арасан	3	Арасан, Қараарасан, Қызыларасан
4	Бай	1	Байбұлақ, Байқайың, Байтоғай
5	Бастау	4	Бастау, Көкбастау, Көлбастау, Қарабастау
6	Бұлақ	10	Айнабұлақ, Жаманбұлақ, Жетімқатынбұлақ, Кепебұлақ, Көлбұлақ, Қазыбұлақ, Сарбұлақ, Тоғызбұлақ, Ұзынбұлақ, Үлкенбұлақ
7	Бұққан	2	Бұққан, Бұққансай
8	Бұрған	3	Бұрғансай, Бұрғансу
9	Бүгіл	1	Бүгіл
10	Бура	2	Бурақожыр, Кішік Бура
11	Жал	2	Айғыржал, Жалмұғды
12	Жаман	3	Жамантұмаұқ, Жаманбұлақ, Жамансу
13	Жар	6	Жаркент, Жарқора, Жарқынайтүбек, Жартас, Жартастықора, Үлкенжар
14	Жел	2	Желдісай, Желдіқара
15	Жетім	4	Жетімқатынбұлақ, Жетімжыра, Жетімсай, Жетімбұлақ
16	Жоғары	4	Жоғарғы Мамайр, Жоғарғы Пенжим,

			Жоғарғы Ханохай, Жоғарғы Шолақай
17	Жота	1	Ақсужота
18	Жиде	3	Байдужиде, Жиделік, Жидебұлақ
19	Жиек	2	Жиек, Қызылжиек
20	Жіңішке	2	Жіңішке, Жіңішкесай
21	Иін	2	Иінкөл, Иінтал
22	Кент	1	Жаркент
23	Көл	8	Баянкөл, Иінкөл, Көлбастау, Көлбұлақ, Көлдіқора, Қаракөл, Сарыкөл, Төрткөл
24	Көк	5	Көкбастау, Көктал, Көктас, Көктасты, Көктерек
25	Кіші	4	Кіші Ақсу, Кіші Дихан, Кішік Бура, Кіші Ниязды
26	Қайқы	2	Қайқы, Қайқының белі
27	Қара	18	Қараарасан, Қарабөлдек, Қарақұдық, Қарабастау, Қарағайлы, Қаракөл, Қарақоян, Қарақұдық, Қарақұм, Қарамола, Қарамұрын, Қаратам, Қаратұма, Қаратұмсық, Қаратүбек, Қарауылтүбек, Орта Қарасу, Шет Қарасу
28	Қарағай	2	Бесқарағай, Қарағайлы

29	Қисық	1	Қисықсай
30	Қожыр	2	Бурақожыр, Қарақожыр
31	Қоңыр		Қоңырөлең
32	Қоян		Қарақоян, Қоянды, Үшқоянды, Қоянкөз
33	Қос	5	Қосағаш, Қосағашбасы, Қосқұдық, Қосқұлақ, Қостал
34	Құдық	5	Аққұдық, Қарақұдық, Қосқұдық, Қырыққұдық, Тоғызқұдық
35	Құлақ	1	Қосқұлақ
36	Құр	3	Құраламан, Құрбұққан, Құрсай
37	Құм	2	Басқұм, Қарақұм
38	Мола	2	Қарамола, Қожамола
39	Мұрын	2	Қарамұрын, Қызылмұрын
40	Өзек	2	Ақөзек, Сарыөзек
41	Өлең	2	Қоңырөлең, Өлеңті
42	Тоғыз	5	Тоғызбұлақ, Тоғызқұдық, Тоғызсай, Тоғызбалауса, Тоғызқамыс
43	Сай	15	Ақсай, Бұққансай, Бұрғансай, 2Жіңішкесай, Желдісай, Кеңсай, Қисықсай, Қурайлысай, Құрсай, Қырғызсай, Мәуесай,

			Сулысай, Тарсай, Теректісай, Шайтансай
44	Сары	7	Сарыкөл, Сарықамыс, Сарыөзек, Сарытөбе, Сарыүйсін, Төменгі, Сарықамыс
45	Су	12	Ақсужота, Жамансу, Кіші Ақсу, Орта Қарасу, Суаламан, Субұққан, Сулысай, Тұзсу, Үлкен Ақсу, Шет Қарасу, Шолақсу
46	Тал	6	Исмайылталды, Иінтал, Көктал, Қостал, Қаратал, Талды
47	Там	6	Ақтам, Қалықтам, Қаратам, Қызылтам, Ұзынтам, Ұзынтамбасы
48	Тар	2	Тарсай, Тар
49	Тас	8	Ақтастықора, Жартас, Жартастықора, Кертасты, Көктас, Көктасты, Қойтас, Тасқора
50	Терек	8	Бестерек, Көктерек, Теректі, Теректісай, Қоңыртерек, Қостерек, Шұбартерек, Теректау
51	Тау	3	Атыжоқ тау, Бұрхантау, Сортау
52	Терек	3	Көктерек, Теректі, Теректісай

53	Тоғай	4	Ақтоғай, Байтоғай, Қызылтоғай, Мойынтоғай
54	Төбе	3	Аралтөбе, Жалпақтөбе, Сарытөбе
55	Төмен	8	Төмен Темірлік, Төменгі Желікөз, Төменгі Мамайар Төменгі Пенжім, Төменгі Сарықамыс, Төменгі Тұрпан, Төменгі Қонақай Төменгі Шолақай
56	Тұма	2	Жарықтұма, Қаратұма
57	Тұмсық	1	Қаратұмсық
58	Түбек	6	Жарқынайтүбек, Қаратүбек, Қарауылтүбек Нұрбайтүбек, Тораңғылытүбек, Шаштытүбек
59	Қора	7	Ақтастықора, Жарқора, Жартастықора, Көлдіқора, Құлманқора, Маймаққора, Тасқора
60	Қурай	1	Қурайлысай
61	Ши	4	Ақши, Басши, Қалекши, Нығырши
62	Шоқы	3	Ақшоқы, Қарашоқы, Қызылшоқы
63	Кең	1	Кеңсай
64	Кепе	1	Кепебұлақ

65	Кер	3	Кертасты, Кербұлақ, Кершоқы
66	Қой	2	Қойтас, Қойтөбе
67	Құндыз	2	Құндыз, Құндызды
68	Қызыл	7	Қызыларасан, Қызылжиек, Қызылжусан, Қызылқайнар, Қызылмұрын, Қызылтам, Қызылтоғай
69	Қырық	1	Қырыққұдық
70	Мазар	1	Мазар
71	Маймаққора	1	Маймаққора
72	Мамыр	1	Мамырсұптай
73	Мойын	1	Мойынтоғай
74	Мәуе	1	Мәуесай
75	Найза	2	Найзатапқан, Найзашоқы
76	Орта	2	Орта Қарасу, Орта Шарбақты
77	Сұлу	5	Сұлуматай, Сұлутөр, Сұлушоқы, Сұлужон, Сұлутөбе
78	Тамшы	3	Тамшы, Тамшылы, Тамшыбұлақ
79	Бес	4	Бессай, Бестерек, Бесқарағай, Бескөл
80	Төрт	3	Төрткөл, Төрттам, Төртқұдық
81	Тұз	5	Тұзсу, Тұзкөл, Тұздыбастау, Тұзбұлақ, Тұзқұдық
82	Тышқан	2	Тышқан, Тышқанкөз,

83	Түлкі	2	Түлкілі, Түлкібұлақ
84	Ұзын	3	Ұзынбұлақ, Ұзынтам, Ұзынтамбасы
85	Үлкен	5	Үлкенасу, Үлкендихан, Үлкенбұлақ, Үлкенжар, Үлкеннияздық
86	Үш	3	Үшқоянды, Үшшарбақты, Үштөбе
87	Шайтан	2	Шайтансай, Шайтантөбе
88	Шаш	1	Шаштытүбек
89	Шет	2	Шет Қарасу, Шет Шарбақты
90	Шолақ	3	Шолақ, Шолақсу, Шолақтерек
91	Шұбар	1	Шұбартерек
92	Ырғай	1	Ырғайлы

2.3. Гидронимдер және гидронимдік лексика

Су нысандарының атаулары – көне замандардан жеткен лексикалық қордың бір саласы, өйткені су – тіршіліктің көзі ретінде адам өмірінде аса маңызды рөл атақарады. Гидронимдік лексика (терминдер) көне түркі жазба ескерткіштерінде де жиі кездеседі. Су – тіршілік көзі, су бар жерде – тіршілік бар. Әлем өркениеті ұлы өзендердің жағасында өмірге келген. Ал қазақ халқы суға түкіруге, дәрет сындыруға болмайды деп, суды киелі санаған. Көнеден жеткен наным-сенімдер мен мақал-мәтелдерде осы көзқарас пен дүниетанымның іздері анық байқалады. Көне түркі жазба мұраларында да суға қатысты қолданыстар жиі кездеседі. Ұғымдардың тілге еніп, сөздік қордан орын алуы – сол ұғымдарды халық танымының қабылдағанын және белгілі бір

ортада немесе жалпы қоғамда нормаға айналғанының белгісі. Сондықтан, көне түркі тіліндегі суға қатысты қолданыстар да таным кеңістігіндегі гидрологиялық таным-түсініктердің айғағы бола алады.

Махмұд Қашғаридің «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегінде Қашқар аймағына қатысты гидронимдер кездеседі⁶. Автордың бұл еңбегінде түркі халықтарының жер-су аттары, тайпа аттары, мақал-мәтелдері мен өлеңдері берілген. Шығармада *Артыш, Атыл, Бұлғар, Ила, Йабақу, Йуңу, Қазсууы, Қызыл, Өкүз, суы, Тазгун, Тауышганөкүз, Туман, Усмитарым, Ісіккөл* секілді гидронимдер кездеседі. Сондай-ақ, осы гидронимдерді қатыстыра отырып жазылған мынандай бәйіттер бар:

Тау-даланы жайқалтқан *Еділ суы,*
Көлшік-көлдер маңайда оның буы,
Ақ шортандар жүзеді *айдынында,*

Жағалары көз тартқан қалың нуы, – деп келетін өлең үзіндісінде Еділ өзенінің сипаттамасы берілген (Қашқари, 1993: 73). Гидронимдік лексика қолданысы «Еділ – гидроним, су, көлшік, көл (немесе көлшік-көл), айдын – гидрографиялық терминдер» түрінде көрініс беріп отыр. Автор еңбегінен транскрипция жасаушылар «Атыл» нұсқасында қолданады, ал көне түркі сөздігінде Енисей жазбаларына сілтеме жасап EDİL (Еділ), М.Қашқари еңбегі мен «Оғыз қаған» жырына сілтеме жасап ETİL (Етил) тұлғаларында ұсынады (ДТС). М.Қашқари «*Атыл – Қыпшақ еліндегі өзен (Еділ). Бұлғар (Қаспи) теңізіне құяды. Бір саласы орыс елінен басталады*», – деген географиялық анықтама береді (Қашқари, 1993: 13).

«Ендіріп *Ертіс суын* түрлі түске,

⁶ Материалдар Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани лұғат ит-турк») атты еңбектен алынды..

Жұмсадық қалың қолын барлық іске», – деген (Қашқари, 1993: 80) жолдарда «Артыш» тұлғасында қолданылады: «*Артыш* – Иәмәк даласындағы өзен (*Ertis*). Көп салалы бұл өзен сондағы бір көлге құяды. Өзен шын мәнінде «*Артыш суы – Ertis суы*» деп аталады. М.Қашқари еңбегінде атаудың шығу тегі туралы «Өртішмәк» етістігінен жасалған дейтін болжам айтылады: «Өртіш-Ерту» болады. *Судан* тез өту үшін бәстесіп, маған ер. Қайсымыз бұрын өтер екенбіз деген мағына береді (Қашқари, 1993: 14). Қазіргі ғалымдар бұл болжамды халықтық этимология ретінде қарастырады. Ертис – гидроним, көлге құю, судан өту – гидрологиялық ұғым атауы. Құю етістігі гидрологияда жиі қолданылатын термин, осы етістіктен жасалған «Құйған» дейтін өзен аты бар, сөзжасамның осы тәсілі арқылы *өту* етістігінен «өткел» термині жасалған.

М.Қашқари кітаптың жер-су аттарына арналған бөлімінде көптеген гидронимдерге анықтамалар және тұрған жері туралы түсініктер береді: *өкүз* сөзі «жейһүн» ұғымын білдіреді және өзендер осылай аталады. Оғыз тілінде Банагыт – дария мағынасында қолданылады. Оғыз қалалары дария жағаларына салынған, сондықтан көшпелі халық сол аймақта өмір сүреді және түркі халқындағы көптеген өзен-дәриялар «өкүз» атуымен аталады. Ила және Яфынж атты өзендердің арасындағы шаһарға «Ікі өкүз» деген атау берілген (Қашқари, 1993: 13). *Ила-өзен (Иле)*. Екі жағалауында түркі тайпаларының яғма, тохси рулары мен жігілдердің бір тобы өмір сүреді. Бұл өзен түркі елдерінің Жайһуны (М.Қашқари, 1993: 14). Көне түркі сөздігінде «Иле» атауы М.Қашқариға сілтеме жасай отырып, «Ыла» түрінде жуан нұсқада беріледі: *İLA геогр.* 1. Түркістандағы өзендердің атауы (МҚ III 235); 2. Өңір атауы (*QBN 37*) [ДТС]. Иле – трансонимдік

құбылысқа қатысы жоқ гидронимдік атау⁷, яғни трансонимдік жолмен гидронимнен өңір атауына айналған. М.Қашқариға сілтеме жасай отырып көне түркі сөздігінде **USMĭ usmĭ tarĭm** (Усмы тарым) тұлғасында транскрипция жасайды. Ал «Түбі бір түркі тілі» еңбегінде *Усмитарым* тұлғасында жазады. Ислам елінен Ұйғыр еліне ағып баратын үлкен өзен. Сол жерде құмға сіңіп кетеді деп сипаттайды (Қашқари, 1993: 14). **QİZİL** II *геогр.* Алқап атауы. **Qizil öz** *геогр.* Елдімекен атауы (ДТС). *Қызыл* – Қашқар шаһарын жарып өтетін өзен (Қашқари, 1993: 15). *Туман* – Қашқар шаһарын жарып өтетін өзен (Қашқари, 1993: 15). *Тазгун-ағыны қатты бір өзен* (Қашқари, 1993: 15). **Tavuŝyan öküŝ** *геогр.* *Өзен атауы* (ДТС). *Тауышғанөкуз* – Ош шаһарына қарай ағатын өзен (М.Қашқари, 1993: 16). **JABAQU** III: **jabaqu suvĭ** *геогр.* *Өзен атауы* (ДТС). *Йабақу сууы* – Қашқар тауларынан басталып, Ферғана мен Өзкент (Озджент ДТС) шаһарларына қарай ағатын өзен (М.Қашқари, 1993: 16). **ISIG** II: **isig köl** *геогр.* *Көл атауы* (ДТС). *Ісіккөл* – Барсағандағы *Ыстықкөл*. Ұзындығы отыз, кеңдігі он персехтей болады. **KÖRÜN**: **körün köl** *геогр.* *Қашқар тауларына жақын жердегі көл атауы* (ДТС). *Көрүнкөл* – Қашқар тауларындағы Биіә көлінің қосымша аты. Айналасы отыз персехтей болады. **JULDUZ** III: **julduz köl** *геогр.* *Шығыс Түркістандағы көлдің аты* (ДТС). *Йулдуз көл* – Күшәр мен Күнүт және ұйғыр елінің шекарасындағы көлдің атауы. *Айкөл* – Ошқа жақын бір жердің аты. *Тәрің көл*–Ікіөгүз (**IKI: iki ögüz** *геогр.* *Қала атауы*. ДТС) шекарасындағы көл (Қашқари, 1993: 16). **Qaz suvĭ** *геогр.* *Өзен атауы* (ДТС). *Қазсууы* – Ілеге құятын өзен. Осы өзеннің жағасына Афрасияптың қызы тағы бір шаһар салдырып, оны өзінің атымен *Қазсууы* деп атаған (М.Қашқари, 1993: 16). **QARA** IV: **qara qaŝ ögüz** *геогр.* *Өзен атауы* (ДТС). *Қара қаш өкуз* – Хотан

⁷ Бұл жөнінде Іле атауының шығу тегі бойынша жасалған этимологиялық талдауда толығырақ айтылған.

шаһарының екі жағынан өтетін өзен. Біреуінің атауы – Урунқашөкүз. Бұл жерден мөлдір, ақ түсті асыл тас алынатындықтан осылай аталған. Екіншісінің атауы – Қарақашөкуз. Бұл жерден мөлдір, қара түсті асыл тас алынады (Қашқари, 1993: 17). *JUNU geogr.* Барман қаласына қарай ағатын өзеннің аты (ДТС). *Йуңу - өзен.* Афрасияптың ұлы осы өзеннің бойына шаһар салдырып, өзінің есімімен Барман деп атаған (Қашқари, 1993: 18). Көне түркі тілінде қолданыста болған гидронимдердің біразы қазірге дейін сақталып қалып отыр. Мысалы, Тауұшқан – Тышқан тауы мен өзені қазіргі қолданыста да бар, сол секілді Іле өзені, Ыстық көл, Қызыл көл, Қас (Қаш) өзені секілді атаулар қазіргі Қытай территориясында жатқан және Қазақ елінің Жетісу өлкесінің аумағында, осы жерден өтетін Жібек жолының бойындағы гидронындар.

«Оғыз хан» туралы аңызда оның ұлдарына ғарыш пен жер бетіндегі ұлы нысандардың аттары беріледі. Атап айтқанда Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау және Теңіз есімі де бар. Былай делінеді: «Оғыз ханның алты ұлы бар еді, үлкенінің аты – Күн хан, екіншісі – Ай хан, үшіншісі – Жұлдыз хан, төртіншісі – Көк хан, бесіншісі – Тау хан, алтыншысы – *Теңіз хан*» (Әбілғазы, 1992: 24). Сондай-ақ, еңбекте Көл, Арал секілді гидроантропонимдер де кездеседі: «Тоғыз ұйғыр өздеріне бір кісіні төре көтеріп, оған *Көл* елтір деген лақап (Әбілғазы, 1992: 33)., Оның ұлы – *Арал*, оның ұлы – Барғұтай, лақабы Қырылтұқ еді (Әбілғазы, 1992: 47). Қазіргі тілімізде гидронимдік термин ретінде қолданылып жүрген сөздердің антропонимжасамға қатысуы сол кезде бұл сөздің халық танымынан терең орын алғанын көрсетеді. Лексика-семантикалық жолмен жасалған бұл антропонимдер ономастика табиғатына тән трансонимдену құбылысының сол дәуірлерде де болғанын айғақтайды. Қазігі кезде де қолданыстан түспей келеді. Мысалы: Теңізбай, Аралбек, Көлбай т.б. Ал, түрік тілінде кең таралған есімдер арасында Deniz (Теңіз) бар. Бұл көне түркі

дәуірлерінен жеткен жер-суға табыну наным-сенімінің кісі есімдерінің құрамында сақталған бұлыңғыр іздері.

Шыңғыс хан заманынан жеткен жазба мұраларда да гидронимдік лексикаға қатысты біршама деректер кездеседі, соның бір парасы «Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелерінде» берілед⁸. Осы деректемелерді негізге ала отырып дайындалған «Тұғырыл хан» атты жинақтың (Қабылдинов, 2019) бірнеше тараушасындағы гидронимдік лексикаға тоқталып көрелік. Шыңғыс ханның айналасындағы тұлғалар мен тайпалардың мекен еткен аймақтары мен көшіп-қонып жүрген жерлері жөніндегі баяндауларда гидронимдік лексика көптеп қолданылады. Олар өзіндік ерешелігімен қызықтырады. «Қара бұлғын тонның хикаясы» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: *Балжын көлі, Бұйыр көлі, Бүргі жағалауы, Енгүне өзені, Ергүне өзені, Кан өзені, Керлен өзені, Күрсеуір көлі, Қайра құйрық өзені, Қызыл бас көлі, Қылғү өзені, Қылқұ өзені, Қырмұрқа бұлағы, Некүн суы, Оно өзені, Селеңге өзені, Сеңгүр бұлақ, Суық суы, Талқұн аралы, Тана бұлағы, Туыл өзені, Түңге бұлағы, Шу өзені. Лувсанданзанның «Алтын шежіресі» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Бұйра көлі, Гусау науыр (Көксу өзені), Кеміргі бұлағы, Кеміргі бұлағы, Килураң (Керіөлең) ағысы, Көк көлі, Күсей көлі, Кілкі дариясы, Кілкі өзені, Қалқа өзені, Онон дариясы, Онон мұзы, Сеңгір өзені, Так бұлағы, Толы өзені, Үңгір өзені, Шилікөл, Шүй өзені, Шілегір дариясы, Шіліңгір өзені. Рашид-ад-диннің «Жамиғ-ат-Тауарих» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Балжуна суы,, Бүйір науыр өзені,, Килураң өзені,, Ким өзені,, Қара муран (Қара өзен), Силинга өзені, Уч өзен (Үш өзен), Уч су (Үшсу), Ұнан өзені,, Қытай деректерінен:, Баньчжуні өзені, Вонань өзені, [Цэ-б] лулин өзені, Салихэ өзені, Туула*

⁸ Қазақстан тарихы туралы моңғол деректемелері. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2006. – 400 б.

өзені,, Улухуэйшилян чжэнь өзені, Цзяньхэ өзені. «Моңғол деректерінен» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: *Билжугай өзені*, *Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік хандар шежіресі» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Балжона бұлағы, Құла суы, «Керей, Наймандардың шығу тегі хақында» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Бүйр (Көлөн) көлі, Далай нұр (Көлөн) көлі, Инынань өзені, Орхон Селенгі құйғаны, Сунгар (Сун-мо) өзеніне, Сырдария өзені, Тез башы (Тез өзені), Тоғұл өзені, Тоғұл өзені, Түргі-яргун көлі, Ұлз өзені, Ұлы Хианган өзені, Үш-бүркү өзені.*

«Найман және Керей ұлыстары» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: *Ертіс өзені, Хуанке өзені. «Орта ғасырдағы Керей хандығы» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Аргұн өзендері, Керлін, Тамыр, Тула, Онон, Орхон. «Керей» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Жасыл өзен, Керей өзені, Оңғы өзені, Сары-өзен, Уда өзені, Хуаңхэ. «Тұғырыл Оң хан дәуіріндегі Керей хандығы» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Балжұнақ көлі, Бүйір көл. Көлүн-Бүйір көлі, Олжа өзені, Хайлар өзені. «Керей мемлекеті»: Қызылбаш көлі (қазіргі ҚХР дағы Үліңгір көлі), Селенге өзені, Тола өзені, Тула өзені, Хуаңхы өзені. «Көне дәуірдегі Керей хандығы» тараушасындағы гидронимдер мен гидронимдік лексика: Байқал көлі, Қарақаш өзені, Шүй өзені.*

Жоғарыда берілген гидронимдер ішіндегі *Тула, Туула, Тола, Толы, Туыл* әртүрлі жазылған бір өзен атауы. Мұндай дыбыстық ерекшеліктер *Қылғұ – Қылқұ, Тоғул – Тоғул, Шу – Шүй* өзендерінің айтылуында (таңбалануына байланысты болуы да мүмкін) да бар және *Селеңге, Сеңзір, Силинга, Орхон Селенгі, Селенге* және қытай деректеріндегі *Салинхэ* гидронимдерінің барлығы әртүрлі дыбысталып тұрған бір өзеннің аты екені байқалады. *Кілкі суы – Кілкі өзені – Кілкі дариясы* түріндегі ерекшеліктер де арнайы қарастыруды қажет етеді. *Су – өзен – дария* гидрографиялық

терминдері «Кілкі» деп аталатын үш түрлі нысан болуы да және ол кезде нақты нормаланбай бірінің орнына бірі синоним ретінде қолданылып жүрген баламалы терминдер болуы да мүмкін. *Килураң* да ағыс және өзен мағынасында қолданылады.

Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында да гидронимдік лексиканың қолданысы кездеседі. Халықтың даналығы, салт-дәстүрі, наным-сенімдері мен тәлім-тәрбие тәжірибелері қамтылған поэтикалық шығарма болғандықтан, гидрологиялық лексика қолданысы көбіне ауыс мағынасында келеді.

Білімдінің сөзі жерге сумен тең,

Су келген жер гүл көмкерген ну көркем (ҚӘТС, 2011. 13-т) деп келетін жолдарда судың қасиеті мен маңызы ауыс мағынада біліммен қатар қойылып тұр. Су шөліккеген жерге гүл мен ну бітірсе, білім адам өмірін гүлге орайды. Мына өлең жолдарында «Тұзды судай байлық – шөлің қанбайды, Қанша ішсең – құрғатар тіл таңдайды», – деп байлық жолының ащылығын және оған құныққан адам тойымын жоғалтатынын ескертеді (ҚӘТС, 2011. 13-т). Байлық пен малға қатысты осы ой осы өмірге қаратылып та айтылады: «Бұл дүние тұзды судан аумайды, Ішсең тілің құрған, шөлің қанбайды (ҚӘТС, 2011. 13-т). Адамның өмірге құштарлығы, ешқашан өмір сүруден жалықпайтыны және уақыттың жылдамдығы мен дүниенің қолдай тұрмайтындығы да шығармада былайша беріледі: «Дүние ісі сағымдай боп көрінер, Қолың созсаң сусып, тұрмас, төгілер» (ҚӘТС, 2011. 13-т). Судың сусымалылығы, ағысы, шөл қандыру қасиеті, тіршілік көзі ретіндегі орны, суға қатысты құрғақтық және шөл ұғымдары өмірдің бейнесін суреттеуде тамаша қолданылады. Сонымен қатар судың тазалық, тазарту қасиеті де Ж.Баласағұн шығармаларында кездеседі «Кір мен ласты кісі сумен жуады, Су былғанса, кірін немен жуады?!» (ҚӘТС, 2011. 13-т). Қазақ тілінде «Май бұзылса, тұз себеді, тұз бұзылса не себеді», – деген мақалымен мағыналас болып отыр. Суға қатысты лексиканы

өмірлік философиялық мақсатта пайдалана отырып автор тілдің мүмкіндігін жаса сапаға көтереді.

Хорезмидің «Мухаббат-наме» дастанында суға қатысты лексика жиі кездеседі, соның ішінде су иесі Сүлейменнің есімі де аталады. Қазақ халқында «Су иелері, жер иелері, өздерің жар бола гөр!» немесе «Су иесі Сүлеймен, өзіңнен медет тілеймін!» дейтін дұға-тілектер көне жер-суға табыну сенімі мен кейінгі Ислам элементтері сабақтастығының көрінісі. Су иесі Сүлейміннің бейнесі былайша сипатталады: *Сүлеймендей салтанатты падишасың,*

Жүсіптің жүзі мен Мәсихтің демі тиген (Жанұзақ, 2007: 378).

«Мұхаббат-наме» дастанының жазылған жерін «Сырдың жағасында» деп көрсетеді:

Мұхаббат-наме сөзін мұнда біттім,

Баршасын Сыр жағасында жаздым (Әдеби жәдігерлер, 2010. 11-т) деген жолдарда тарихи тарихи деректі көреміз. Жыр мәтініне талулар жасап отырғанда, суға қатысты мынандай лексикалық бірліктердің қолданылғанын көреміз: *ащы су, зәм-зәм суы, кәусар бұлағы, мәңгілік су, Хызыр суы, суарылу, көк теңіз бен құдық*. Шығарма көркем ойлардың жемісі болғандықтан, бұл қолданылып отырған гидронимдік лексиканың да терминдік мағынасынан гөрі, көріктеуіш құрал ретіндегі сипаты басым.

XVII ғасырдан жеткен жазба ескерткіштер ішіндегі тарихи, әдеби, тілдік жағынан құндылығы жоғары еңбектердің бірі Әбілғазы Баһадүрдің «Түркі шежіресі» еңбегі. Шығарманың жазылуы туралы автордың өзі Шыңғыс ханның алдындағы және оның заманындағы, кейінгі ғасырлардағы Азия елдеріндегі күрестер мен сол кезеңдегі саяси оқиғалар туралы деректер жинағы екенін айтады (Әбілғазы, 1992: 24).

Әбілғазы Баһадүр ханның «Түрік шежіресі» еңбегінде Еділ, Жайық, Әмудария, Сыр, Дон, Ыстықкөл, Шу, Талас, Ертіс, Селенга, Айқыра мұран, Көк мұран, Он мұран, Қара үсүн,

Сәбиқұн, Екіре мұран, Ақар мұран, Шаған мұран, Жүрже мұран, Құласу, Қоңқанаур, Жейхүн дариясы, Қарамұрын, Сарысу, Мазандаран теңізі, Шікдәлік тоғайы, Динар құдығы, Хандық суы, Құйын, Жем т.б. гидронимдер кездеседі. Шыңғыс хан заманындағы тарихи оқиғалар көрсетілген келесі бір еңбек Қ.Жалайырдың «Шежірелер жинағы» кітабы. Бұл еңбекте кездесетін гидронимдер: Амуйа дариясы, Ардыш суы, Гам суы, Дария суы, Еділ-Жайық, Ертіс, Келуран өзені, Орхон өзені, Синд дариясы, Терек суы, Талас, Ыстықкөл Хинд дариясы, Шу (Жалайыр, 1997). Қазіргі зерттеушілер кітаптың тезаурус сөздігінде мынандай гидронимдерді көрсетеді: Амудария, Еділ, Елек, Ердіш, Жайық, Жайхун, Жунду, Қарамұрын, Орғон суй, Синд, Терек, Талас, Ыстықкөл.

Өткен тарихта тайпалар мен халықтар көбіне су жағалай қоныстанған. Өздері тұрып жатқан жердегі су нысандарына атаулар берген және сулар мен олардың атауларын қоныстанған орнын бағдарлауда немесе көрсетуде пайдаланған. Көшпелі халықтың ұлы даладағы көші тікелей су көздеріне байланысты болған. Мысалы, «Қыпшақ *Дон мен Еділ* атты екі ұлы өзеннің жағасында үш жүз жыл патшалық етті (Әбілғазы, 1992: 19). Қаңлылар мен түрікпендер бірге отырар еді, түрікпендер өз алдына ел болып бөлінгеннен кейін *Талас, Ыстықкөл, Шу өзендерінің* жағасына қоныстанды да, көп жылдар отырды (Әбілғазы, 1992: 31). Тарихи деректерде халықтың тұрақтап, мекен еткен орны ғана емес көшіп жүру бағыты да көбіне су аттары арқылы анықталған. Осыған қатысты мынан мысалдарға тоқталып көрелік: «... бұлақтың суы аз болды, су жетпегендіктен тағы да көшіп, *Құласудың* жағасымен жүрді. Одан кейін Шыңғыс хан *Құласудан* көшіп, *Қоңқанаур деген суға* келіп, біраз тыныс алды (Әбілғазы, 1992: 57). *Қарамұран деген судың* бойында бір шаһар бар еді, соған келді (Әбілғазы, 1992: 95).

Әбілғазы Баһадүр хан еңбегінің аудармасы мен тезаурус сөздігінде кездесетін біршама гидронимдік терминдер мен суға қатысты сөздер өзіне назар аударады. Орографиялық (әрі гидрографиялық) терминдер қатарына жататын *арық* сөзі Ә.Баһадүр ханның еңбегінде де тура осы нұсқасында қолданылады: «Біз пиаде иүрүдүк туғны *арық* ішіндекі мылтықчы мылтыққа тұтды», арық – ұзыннан қазылған шұңқыр деген мағына берген (Мамырбекова, 2013: 40-б.). Мұз сөзі бұз тұлғасында кездеседі. Көне түркі тіліндегі *м ~ б* дыбыстарының сәйкестігі қазіргі түркі тілдері арасында да сақталып келе жатыр. Мысалы, шығармадағы «бұз» сөзінің қазақ тілінде «мұз» тұлғасы сақталса, түрік тілінде қазір «буз» нұсқасында қолданылады: *Қан аяақындан бұзның үстіке ақа берді* (Мамырбекова, 2013: 74). Шығармадағы мына сөйлемде «мұз» тұлғасында жұмсалған: біз мұз үстінде бара тұрғанда... (Мамырбекова, 2013: 211). Яғни, автордың шығарманы жазған заманында бұл сөз екі нұсқада да қолданылған болуы мүмкін. *Мұхит*, *теңіз* терминдері де, қазақ тілінің заңдылықтарымен салыстырғанда дыбыстық өзгеріссіз сақталған. Жаңбыр *иагмур* нұсқасында: «Андын соң иерден су чықды асмандан иағмур иағды». *Иагмур иағды* (жаңбыр жауды) тіркесі түрік тілінде қазір осы нұсқада қолданылады (*yağmur yağdı*). Әбілғазы шежіресінің тілін қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда «көне қазақ тілі» деген термин ойымызға оралады. Ілгерідегі мысалдардан бір тілдің екі дәуірі арасындағы ерекшелікті, яғни *и~ж*, *м~б*, *г~у* дыбыстық өзгерістерін көреміз. Шығармада «жаңбыр» сөзі *иагмур және иамгур* нұсқаларында қатар қолданылады: Бұ демге че неч иамгур кім болмас ерді (Мамырбекова, 2013: 119). Қ.Жалайыр еңбегінде де бұл нұсқа кездескен: оқны иамғүртек қылдылар – оқты жаңбырдай жаудырды (Мамырбекова, 2012: 330) тіркесі. Сонымен қатар қазіргі қазақ тіліндегі *жауын* нұсқасы да бар: һер иерде кім иағыны көргеч ұрұшұр ерді (Мамырбекова, 2012: 88). Көріп

отырғанымыздай *и~ж, з~у* дыбыстарының сәйкестіктері ұшырасады. *и~ж* дыбыстарының сәйкестігі *иақа* – жаға терминінде де кездеседі: Хүндүстан бірлән хытайның арасыда уа мұхит теңізінің *иағасында* болұр (Мамырбекова, 2013: 116) Бұл термин Қ.Жалайырда да *иақа, иақасында, иақасындан* нұсқаларында қолданылады (Мамырбекова, 2012: 392). «Жаға» сөзінің орнына кей жерде парсы тілінен енген *жаға, жағалау* мағынасындағы *леб* сөзі қолданылған: Дариа лебі қалың ерді бір ұлұғ иалғынны өркүлдүм иауның көзі мені көрмеді (Мамырбекова, 2013: 196). Дыбыстық өзгеріссіз жеткен сөздің бірі – *бұлақ*: Балжона бұлағында Чынғыз хан көчі иетді (Мамырбекова, 2013: 76). Парсы тіліндегі *чашма* «бұлақ» мағынасын білдіреді: Ақар сулар уа чашмалар уа түрлук отлар уа миуалар ... (Мамырбекова, 2012: 337). Қазіргі қазақ тілінде бұл сөз сақталмаған, ал түрік тілінде формасы *чешме* (çeşme) болып өзгерген, қалада ағып тұрған, ішуге жарамды суларды «чешме» деп атайды. Дыбыстық өзгеріссіз сақталған терминдердің бірі – *сай*. Қадырғали Жалайыр шығармасында «*ағыны бар үлкен суды түрік тілінде сай дейді*», – деген сөйлем кездеседі (Жалайыр, 1997: 36). Ә.Баһадүр хан еңбегінде Сай сөзінің сол уақыттағы мағынасына түсінік беріледі, тезаурус сөздікте де – «1.өзен. Бұ айтылған тағларның арасында бір иерде ақа (ағып) тұрған он сай (он өзен) бар тұрұр бір иерде ақа тұрған он сай бар тұрұр бір иерде тоқұз сай бар тұрұр барчасы ұлұғ сайлар тұрұр. 2. су ағып жатқан ойпаң жер. Ақып бара тұрған ұлұғ суны түркі тілінде сай дер» секілді түсінік берілген (ГМамырбекова, 2013: 246). Қазіргі қолданыста *сай* мен *өзен* терминдерінің мағыналары нормаланған. Өзен ағынды су болса, сай уақытша су жиналатын құрғақ жер.

Көне түркі жазба мұраларында **suu** – су: 1. өзен, 2. көл, 3. ауыс. мұхит. (МК), **suγ** – су (ЛОК), **sub** – су: 1. Су, 2. Өзен (МЧ) түрінде дыбысталатын су бұл екі ескерткіште *су* түрінде

жазылады: Иерден су чықды асмандан иағмур иағды (Мамырбекова, 2013: 260). Сонымен қатар, су сөзі көне түркі тіліндегі мағынасын сақтап, *өзен* сөзінің орнына да қолданылған: Ақа тұрған екі ұлұғ су болұр ол суларның иақасында олтұрұрлар ерді (Мамырбекова, 2013: 260). Қ.Жалайырда да осы мағынасында жұмсалады. Су – көне түркі тіліндегідей «су, өзен» мағыналарында және *сулы, дымқыл* сын есімдерінің орнына *сулұқ* сөзі қолданылады (Мамырбекова, 2012: 392). Шығармада «өзен» орнына парсы тіліндегі *рудхане* сөзі қолданылады: Хоженднің рудханесінің ортасында қорұқ иер бар ерді анда бір қалға салыб ердікім (Мамырбекова, 2013: 244). Су сөзі Ә.Баһадүр шежіресінде *су* болса, Қ.Жалайырда кей тұстарда парсы сөзі *аб* қолданылады: Ол иер бесиор боләнд тағ болғай уа марғзар уа *аб* чашм бесиор болғай (Ол жер өте үлкен және биік тау еді және жақсы жайылымдар, сулар мен бұлақтар да көп болған). Сөйлемде *су* секілді «бұлақ» сөзінің орнына да басқа сөз қолданылған: *чашма – чашм* (Мамырбекова., 2012: 12). *Ақ, ағу* етістіктерінің құрамындағы қатаң қ дыбысы ұяңдатылмай *ақар* (ағатын) нұсқасында жазылады: *Тағ түбүнде бір ұлұғ су ақар еді* (Мамырбекова., 2012: 19). Осы принцип «ағын су» мағынасын білдіретін *ақын су* формасында жазылған (Мамырбекова., 2012: 263). Парсы тілінен енген *рауан* сөзі екі еңбекте де «ағу» мағынасында қолданылады. «Ағу» көбіне *қан ақты, оғым атылды* мағынасында жұмсалады: Чақа чұқ етіб менің оқым анларға рауан барды (Мамырбекова, 2012: 183). Қазақ тілінің дыбыстық заңдылықтары бойынша алғанда *ш~ч* сәйкестігі кездеседі: *суды кешу* мағынасындағы *кеш* етістігі *кеш, кечті, кечкендігін, кечіб* болып түрленіп, *өзеннен өту, кешіп өту* мағынасын білдіреді: Дариа арасындын қырчынлар қамышлар иығыб сал бағлаб дарианы кечті (Мамырбекова, 2012: 113). Қазіргі түрік тілінде *кешу* сөзі *гечмек* (геңірек) нұсқасында қолданылады.

Шығарма тілінде *жылға, өзен тарамы* мағынасын білдіретін *бөрте және чыққан* сөздері бар: Жайықтан чыққан Елек суы тұрұр андын иоқары үч бөрте чықар (Мамырбекова, 2012: 56). Тезаурус сөздікте *бөртеге* де *чыққан* сөзіне де бірдей түсінік беріледі. Олардың мағыналары бірдей болғанымен, *бөрте* терминдік мәнге ие сөз де, *чыққан* сөзі *ч~ш, з~ж* дыбыстарының сәйкестігі арқылы берліген «шыққан» сөзінің ескі нұсқасы. Гидронимдік қорда қазір бөрте сөзі кездеспейді, ал чыққан «шығу, шыққан» нұсқасында қолданылып жүр. Ал, *ч~ш* дыбысының өзгеруі *балчық* сөзінен де көрінеді. Мысалы, Ол иерде бұлақлары кем ерді бәр нече күн балчықлы су ітгілер (Мамырбекова, 2012: 392). *Балчықлы су* қазір шамалы өзгерістермен *балшық су* немесе *лай су* болып айтылады. *Ұлұғ су*, яғни үлкен су (ұлы өзен немесе көл) – гидрологиялық тіркесті сөздердің бірі: Тағ түбүнде бір ұлұғ су ақар ерді (Мамырбекова, 2012: 354).

Екі еңбектің мәтіндерінен су нысандары атауларын және суға қатысты лексиканы қолдану арқылы авторлардың көркемдік ізденістерін көруге болады. Кеңістікті суреттеуде, соның ішінде қашықтықты көрсеткенде суға қатысты сөздер жиі қолданылады. Мысалы, Атасы орнына қалған Орда хан көп жыл арақ пен қымыз ішіп, қытайы қамқаны пішіп, терең *суларды* кешіп, атасының артынан кетті. Терең суларды кешу – алыс әрі қиын сапарды білдіретін ауыс мағыналы тіркес. Шығармада гидронимдер арқылы көркем суреттеулердің келесі бірі былай беріледі: Сүйініш хан заманында татар мен монғол елінің арасында дұшпандық оты өршіді, оны *Әмударияның суымен* де өшіре алмастай болды (Мамырбекова, 2012: 14). Бұл орайда «*Әмударияның суы*» тіркесі су мен оттың бір-біріне қарама қайшылығын білдіріп әрі мол, өте көп мағынасында да қолданылып тұр. Су отты өшіру құралы болса, дұшпандық отының күштілігі сонша Әмудария секілді мол су да оны өшіре алмайды. Өзен аты әрі су нысаны осылайша көркем мағынада да

қолданылып тұр. Бұл қолданыста сонымен қатар гидронимге «мол, көп, ірі» мағыналарын үстелетінін көруге болады. Суға байланысты салыстырмалы қолданыстар ұтымды пайдаланылады: Оның үстіне *судан* өтуіміз керек, *судан* өтпек – жаудан жаманырақ. Хиұқта жау да жоқ, *су* да жоқ, – деп, Хиұққа келді (Мамырбекова, 2012: 144). Бұл сөйлемде де судың тереңдігі мен қауіптілігі ескеріліп, осы мағынасына басымдық беріліп тұр. «Бірнеше жылдан соң *арықтың* кеңдігі атқан оқ жетпестей болды, *судың* аяғы *Кұйғынға* барды, одан *Ащы теңізге* жетті», – (Мамырбекова, 2012: 175) дейтін сөйлемнен гидронимдік апеллятивтерді сипаттауды және оларды қолдану арқылы судың бағытын, барып құятын макрогидронимді көреміз.

Гидронимдер мен гидрографиялық терминдердің көне түркі жазба ескерткіштеріндегі түрлерін зерттеу барысында, тіліміздегі көптеген лексикалық бірліктердің дыбыстық формасы жағынан басқа да түркі тілдерінде бар және олардың өзара ұқсас нұсқада кездесетіндігі байқалады. Дыбыстар сәйкестігі, бұған дейін де зерттелген, түркілік диалектілерге тән *и~ж, м~б, ғ~у, ч~ш* дыбыстарының өзара алмасып қолданылуы арқылы көрінеді. Сонымен қатар, өзен-көл аттары түрлі деректерде түрліше дыбыстық нұсқаларда кездеседі. Ілгеріде атап өткеніміздей, «Қара бұлғын тонның хикаясында», Рашид-ад-диннің «Жамиғ-ат-Тауарих», Әбілғазы Баһадүрдің «Түрік хандар шежіресі» т.б. секілді еңбектерде бір гидронимнің түрлі нұсқаларда берілуіне куә болдық. Бұл ерекшеліктердің бірнеше себебі бар: біріншіден, қай дәуірде жазылуына, екіншіден, қай тайпалық диалектіде жазылуына, үшіншіден, қай тайпа өкілінің жазғанына байланысты болуы мүмкін. Суға байланысты мақал-мәтелдер, сөз тіркестері, гидрографиялық терминдер мен гидронимдік атаулар аталған көне түркілік еңбектерде түрлі формаларда қолданылады. Еңбектерде кездесетін гидронимдер арқылы белгілі бір тайпаның қай жерлерде мекендегенін анықтауға

болады. Ал, тілдік талдау бойынша, су аттары көбіне бір түбірлі болып келген немесе күрделі тіркесті атаулар да кездескен.

Қ.Жалайыр мен Ә. Баһадүр ханның шежірелері бойынша жинақталып, талдаулар жасалған гидронимдік лексиканың жалпы сипаты осындай болып келеді.

2.4. Топонимдердің тарихи-этимологиялық негіздері

Тіл білімінде сөзге этимологиялық талдау жасаудың төрт түрлі принципі ұсынылып жүр. Бұларды өз ішінде *лингвистикалық* (фонетикалық, морфологиялық, семантикалық) және *экстралингвистикалық принцип* деп екі топқа бөліп қарауға болар еді. Топонимдердің этимологиясын ашудың жалпы есімдерге қарағанда өзіндік ерекшеліктер бар. Топонимдер өзіндік материалы болмағандықтан тілдегі жалпы есімдерден жасалады да, түрлі тарихи кезеңдерде дыбыстық жағынан өзгерістерге түседі. Өз материалының болмауы белгілі бір сөздің атау ретінде таңдалуына себеп болады. Бұл орайда түпкі мағынаны анықтау тек құрылымдық жүйе элементтерін талдаумен шектеле алмайды, сонымен қатар топонимдік атауға айналуының уәждері де назарға алынады. Жалпы есімдік қолданыстың топонимдік қолданысқа өтуі барысындағы мағыналық даму эволюциясы арнайы талдауларды талап етеді. Тағы бір айта кететін мәселе нысанның атауы мен сипаты үнемі сәйкесе бермейді. Географиялық нысанның сипатын білдіруден бөлек белгілі бір оқиға туралы, адам, ру аттары т.б. атау ретінде беріледі, сондықтан топонимдердің этимологиясын ашуда грамматикалық құрылымымен қатар, олардың табиғатына тән *экстралингвистикалық* жайттар да маңызды мәліметтер бере алады. Сонымен, тіл этимологиясының *лингвистикалық* және *экстралингвистикалық* деп аталатын екі түрлі шарты белгілі болды.

Лингвистикалық принцип, ілгеріде атап өткеніміздей, фонетикалық, морфологиялық және лексика семантикалық болып бөлінеді. Соның ішінде этимологияның фонетикалық шарттары белгілі бір тілдің, ия тілдік семьяның табиғатына тән барлық дыбыс заңдарын назарға алып отырады. Ә.Қайдар, түркі тілдерінде мұндай заңдылықтардың сингармонизм (дауыстылардың лабиалды және палаталды үндестігі), дауыссыздардың ассимиляциясы, дыбыстардың өзгерісі (дыбыс алмасуы мен дыбыс сәйкестігі), дыбыстардың түсіп қалуы мен редукция құбылысы, дыбыстардың ұзаруы мен кірігуі, геминация және созылыққы дыбыстардың жасалуы, метатеза, апакопа және элизия, протеза, эпитеза, эпентеза, парагота, флексия, фузия, дауыстының шағылысуы және ашық буын, гиперагглютинация, гаплоглогия, вокализация, дифтонгизация, фонетикалық деформация т.б. секілді 30 түрі бар екенін айтады (Әбдуәли, 2014: 15-16б). Тілдер мен диалектілердің қалыптасуы, тарихи даму үдерістері, өзара ұқсастықтары мен ерекшеліктері т.б. тілдердің фонетикалық жүйе құрылымын құрайтын элементтердің кешені болып табылады. Бұл заңдылықтар қазіргі түркі тілдерінде өзіндік жүйелілікке құралыған. Бастау көздері ортақ негізден тарайтын түркі тілдері өзіндік фонетикалық бағыттарға тармақталып, кей жағдайда бір-бірінен мүлдем алшақтап кеткен. Нәтижесінде ілгеріде аталған белгілерінің әуелгі ататүркілік күйін қалпына келтіру елеулі қиындыққа соқтырады. Бұл жағдайда фонетикалық шарттарға арқай сүйей отырып, тіл фактілерінің статикалық, және динамикалық күйін диахрондық әрі синхрондық тұрғыдан зерттеуге болады.

Жалғамалылықтың күрделі үдерісі байырғы жалпытүркілік түбірлер мен негіздердің қалыптасуына ықпал етті, жалпытүркілік базистік лексиканы зерттеудің фонетикалық бағыттағы ізденістері этимологиялық тұрғыдан ретроспективтік әдіске сүйене отырып, түбірлерге қарай ойысады. Ал түбірлер

түркі тілдерінің генетикалық туыстығы бастау алатын және тілдік құбылыстар туындайтын негізгі бастау көз болып табылады. Осы зерттеулер барысында зертеушілер сан алуан фонетикалық құбылыстарға тап болады. Түркі тілдері дамуының тарихи кезеңдерінде түркі түбірі тілдің түпкі негізі болып табылады, оны зерттеудің этимологиялық аспектісі фонетикалық критерийлермен тығыз байланысты.

Фонетикалық құбылыс сыртқы форманың ерекшелігіне қатысты болғанмен, морфологиялық құрылымдардың тарихи өзгерісін зерттеу барысында дыбыстық заңдардың өзіндік орны бар екені анық. Дыбыстардың тарихи ауысулары мен сәйкестіктері, редукция және элизия құбылыстары, екпіннің ықпалы т.б. сөздің құрылысының өзгеруіне ықпал етеді. Сонымен бірге сөздің морфологиялық өзгеруіне дивергенция мен конвергенцияның да өзіндік әсері болатыны анық. Дивергенция латын тілінен аударғанда ойысамын, аулақтаймын деген ұғымды береді. Тілдік бірлік нұсқалары жаңаша сипат алуына байланысты бастапқы дыбыстық тұлғасынан аулақтап, дербес единицаға айналды. Бұл әрине дыбыстардың өзгерістері арқылы жүзеге асады.

Дивергенция құбылысына А.Салқынбай мен Е.Абақанның «Лингвистикалық сөздігінде» (1998) мынадай анықтама беріледі: «Дивергенция (лат.шегіну, алшақтау) – тілдік негіздердің бір-бірінен алшақтауы. Дивергенция термині глоттогониялық және құрылымдық – диахрониялық аспектіде қолданылады. Біріншісінде – туыс тілдердің немесе бір тілдің диалектілерінің белгілі бір тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты (миграция, бөтен тілдермен қатынаста болу, географиялық не саяси бөлектену) алшақтануын белгілейді. Дивергенция үдерісі – ортақ тілдің жіктелуінен пайда болатын кейінгі тіл ұялары қалыптасуының негізгі жолы. Дивергенция бір тілдің ішіндегі варианттарда да кездеседі. Екінші аспектіде, дивергенция

диахрондық процестің көрінісі болады. Тіл жүйесіндегі өзгерулердің нәтижесінде дербес бірліктер пайда болады. Сонымен дивергенция бір дыбыстың бірнеше вариантқа ыдырауына негіз жасайды (Салқынбай & Абақан, 1998: 75). Мысалы қазіргі кезде кей түбір сөз құрамында -дақ(-дек) (тастақ, ардақ, құмдақ) қосымшасы мен сын есім тудырушы -лау (леу), -дау (-деу) қосымшалардың тарихына көз жүгіртсек олардың бір негізден тарағанын көреміз. Дивергендік нұсқалар құбылысы туыстас тілдердің арасында жиі байқалады. Мысалы, ас-аш, тас-таш, тағ-тау, отыз-отүз т.б. (Қ-мен-у қазық-қазу, жабық-жабу т.б.).

Әртүрлі топтарға жататын сөздер мен грамматикалық тұлғалардың бірыңғай, бірдей дыбысталуын білдіретін құбылыс-дыбыстардың дивергенциясы. Осы тұрғыдан алғанда конвергенция – дивергенцияға қарама-қарсы құбылыс болып табылады.

Конвергенция латын тілінен аударғанда жақындасу, қосылысу деген мағына береді, яғни лингвистикалық болмыстардың жақындасуы немесе сай келуі. Конвергенция ұғымы екі түрлі мәнде қолданылады: 1. Глоттогониялық. 2. Құрылымдық-диахрониялық. Глоттогониялық конвергенция бірнеше туыс не бөтен тілдерде ортақ құрылымдық қасиеттердің пайда болуы. Оның пайда болу себебі – ұзақ мерзімді қатынас жасаудың немесе тілдердің ортақ субстрат (негіз) болуында. Конвергенция тіл жүйесінің бір саласын немесе бүкіл тілді қамтуы мүмкін. Конвергенция болатын аймақты конвергенттік аймақ деп атайды. Конвергентті аймақ негізінде тілдік одақтар құрылады.

Глоттогониялық конвергенция ұғымы бір тіл ішіндегі диалектілердің жақындасуын да білдіреді, ондай жақындасу нәтижесінде көбіне біртұтас тұлағалардың пайда болуы мүмкін. Құрылымдық-диахрониялық конвергенция кейбір варианттық өзгешеліктің жойылуына байланысты (мыс. бірнеше

тұлғалардың бірігуі) тіл жүйесіндегі әртүрліліктің азаюына әкеліп соғатын тарихи процес. Бұл тұрғыда конвергенция ұғымының диахрондық фонология теориясын жасаған Е.Д.Поливанов және Р.О. Якобсон болатын (Салқынбай, Абақан, 1998: 75). Кейінен Богородицкий бұл құбылысты конвергенция деп атаған. Бұл құбылыс генезисі жағынан алғанда әртүрлі топтарға жататын сөздер мен тұлғалардың дыбысталуы жағынан бірдейлігін көрсетеді. Мысалы, барыс, шығыс пен жарыс, сөйлес сөздерінің құрамындағы -ыс қосымшасы қазақ тілінде дыбыстау жағынан ғана емес, тіл қолданушылардың түсінігінде біртұтас тұлға ретінде қалыптасып қалған. Шындығында тарихи деректер бойынша сөйлес дегендегі -с ортақ етіс қосымшасы да, шығыс дегендегі -с қимыл есім қосымшасы (Томанов, 1998:102). Сонымен, дыбыстардың акустикалық сапасы жағынан конвергенциялануы белгілі бір дәрежеде морфологиялық тұлғалардың сыртқы дыбыстық өзгешеліктерін жойып, бірыңғайлануына алып келген.

Фоно-морфологиялық өзгерістердің де сөз мағынасына қатысты екені анық. Шығу тегі бір сөздердің даму процесінде мағына жағынан іштей жіктеліп, тіпті арасы қашықтай келе, екі ұдай мағыналы жеке сөздерге айналу (омонимизация) заңдылығы осы сөз мағынасының дамуымен тікелей байланысты екенін жоққа шығара алмаймыз. Дәл осындай құбылыс кейбір тегі бір гомогенді түбірлердің дамуына немесе әртүрлі тұлғалардың қабылдануына байланысты да байқалады. Мәселен жас деген сөздің бір өзі тарихи даму үдерісінде 5-6 түрлі мағынаға ие болған: «возраст», «молодой», «свежий», «сочный», «зеленый», «неспелый», «влажный», «слезы» т.б. Сондай-ақ зор түбірі «үлкен, дәу» мағынасын білдірсе де тұлғалана келе зорла, зорлық, зорығу секілді басқашалау мағыналарға ие болған. Сонымен қатар бір түбірден тараған бірнеше туынды түбірлердің білдіретін мағыналарын анықтау арқылы сөз мағыналарының өзгеру құбылысын көруге болады. Мысалы саға, сағалдырық, саған,

сағана, сағанақ т.б. түбірлердің ұқсастық негізінде қалыптасқанын байқадық.

Этимологиялық зерттеулердің морфологиялық шарттары бір типті және бірдей лексика-семантикалық топтардың арақатыстарын айқындауға мүмкіндік береді. Этимологияда морфологиялық құрылымдарды анықтау мәселесі екінші сөзбен айтқанда, морфологиялық элементтердің пайда болуы мен даму ерекшеліктерін сипаттау болып табылады. Замандар бойы түрлі өзгерістерді басынан кешірген тіліміздегі сөздердің морфологиялық құрылымында әр кезеңнің куәсі болатын түрлі топонимдер кездеседі. Тарихи морфология сол элементтердің сырларына үңіледі, негізгі ерекшеліктерін қарастырады. Сонымен қатар, құрылымдық жүйесінің орнығуы – түбірлер мен қосымшалардың қалыптасуы, аражігіндегі ығысу, кірігу заңдылықтары этимологиялық зерттеулердің морфологиялық принциптерін құрайды.

Сөздің морфологиялық құрылымы шығу тегін анықтауда маңызды рөл атақарады, әрбір элементтің бойындағы морфемаға, яғни мағыналық табиғатына назар аударылады. Тіл табиғатының ерекшеліктеріне сәйкес диахрондық және синхрондық тұрғыдан сөзжасамның әртүрлі модельдері басшылыққа алынады. Ондай модельдердің қатарына мыналарды жатқызуға болады: 1. Бір тілдегі сөздің құрылымдық жүйесіндегі сөзжасамның, формажасамның және сөзөзгертімнің модельдері мен тәсілдері. 2. Аффикстердің түпкі мағынасын лексикалық негіздердің категориялық топтарына негіздей отырып айқындау; негіз бен даму барысында пайда болған құрылым элементтерінің мағыналық сәйкестігін және олардың жалғануының хронологиясы мен жалғану заңдылықтарын анықтау т.б. 3. Түрлі өзгерістердің нәтижесінде морфемалардың өлі элементтерге айналуына себеп болатын көнелену (архаизация) үдерістері мен түпкі элемент тұлғасының көмескілену (деэтимологизация)

нәтижесінде түбір мен қосымша жігіндегі өзгерістер. 4. Сөз тудырушы аффикстердің түбірлерге жалғану шарттары. Түбір лексемалар лексика-семантикалық табиғатына әрі атаудың уәжіне байланысты сөз тудырушы модельдердің белгілі бір топтарының қалыптасуына негіз болады. Бұлардың қатарына көмескі түбірілер құрамындағы қосымшаларды жатқызуға болады.

Бұл орайда мәселенің оңтайлы шешілуі үшін түрлі тәсілдерге жүгінуге тура келеді. Біріншіден, қолданылатын тәсіліміз, тарихи ескерткіштер материалдарына жүгіну. Екіншіден, туыстас тілдер фактілеріне жүгіну. Үшіншіден, қазақ тілінің өз ішіндегі сөздерді салыстыру арқылы морфологиялық құрылымдардың бұрынғы тұлғаларын анықтау.

Тарихи ескерткіштер материалдарын басшылыққа алу қазіргі морфологиялық құрылымдардың бастапқы тұлғаларын анықтаудың оңтайлы жолдарының бірі. Сондықтан көне түркі жазба ескерткіштері материалдарына жүгінеміз. Күнделікті өмірде қолданылып жүрген көптеген сөздерді сол жазба ескерткіштер материалдарымен салыстырғанда бір негізден тарайтынын байқаймыз. Мысалы, Тоныкөк ескерткішіндегі *Екинти* сөзі, 1. екінші: *екинти күн келти* – екінші күні келді (168) мағынасында жұмсалған. Осы сөйлемдегі екінті тұлғасы қазіргі кезде екінті яғни күннің екінші жартысы дегенді білдіретін сөз. Осы мезгілде оқылатын намаз атауы да қазақ тілінде екінті деп аталады. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі екінші мағынасында сан есім мәнінде жұмсалса, қазір бұл екеуі де екі түрлі мағынадағы зат есім ретінде жұмсалып отыр.

Тарихи жазба ескерткіштер материалдарымен салыстыру арқылы қазір түбір сөз ретінде қаралып жүрген көптеген тұлғалардың құрамын морфологиялық тұрғыдан бөлшектеуге болатындығы анықталады. Айталық, «жөргек» сөзінің шығу тегін іздеу барысында оның «жөрмеп тігу» тіркесіндегі «жөрмеу»

сөзімен бір негізден тарайтындығы белгілі болды. Мысалы, көне түркі ескерткіштерінің материалдарында Мынандай мысал кездеседі: *Ол адзақын йөргәди* – ол аяғын орады. Ал «Көне түркі сөздігінде – йөр – орауын жазу, байлауын шешу мағынасын, йөргә – орау, құндақтау мағынасын білдіреді [ДТС]. Бұл мысалдар жөргек сөзінің өзін жөр-ге-к түріндегі морфемаларға жіктелетіндігін көрсетіп отыр.

Тілдегі сөздерді туыстас тілдер фактілерімен салыстыра отырып, талдаулар жасау да тіл тарихын зерттеуде қолданылатын маңызды тәсілдердің бірі. Мысалы, қазақ тілінің байырғы сөздерінде дыбыс және буын үндестігі қатаң сақталған. Қосымшалардың бірнеше фонетикалық варианттарының болуы да сондықтан. Бір ғана мысал ретінде көптік жалғауын алайық: қазақ тілінде 6 түрлі -лар (-лер), -дар(-дер), -тар (-тер), нұсқаларында айтылса, өзбек тілінің кей диалектілерінде ғана болмаса, дыбыс үндестігі аса сақтала бермейді. Осыған орай, әдеби тілде бір ғана -лар тұлғасы қолданылады. Көне түркі жазба ескерткіштерінде де -лар (-ләр) тұлғаларында келіп, көптік жалғау қызметін атқарады.

Осы мәселеге байланысты қазақ тіліне туыстығы жақын тілдерді салыстырып көрелік. Қыпшақ тобына жататын тілдерде көптік жалғау көрсеткіштері мынандай: қарақалпақ, ноғай, құмық тілдерінде -лар (-лер), қарайым тілдерінде -тар, -лар(-ләр) тұлғаларында қолданылады. Башқұрт тілінде -лар(-ләр), -тар (тәр), -дар(-дәр), -зар (-зәр) тұлғаларында кездессе, құмық тілінде -ла(-ле) тұлғаларындағы қосымша көптік мағына береді.

Мұнан шығатын қорытынды қазақ тіліндегі көптік жалғу көрсеткіштері -лар (-лер) көне тұлға болса, -дар (-дер), -тар (-тер) дыбыс үндестігін сақтауға байланысты кейіннен қалыптасқан формалар деген тұжырымға әкеледі. Өйткені, жазба ескерткіштерде жоқ болғанмен, тілдік фактілерді өз ішінді салыстыру арқылы, қазіргі кезде, онан ертеректегі

ерекшеліктерді анықтауға да қол жеткізіліп отыр. Көптік жалғауының дыбыс үндестігіне байланысты түрлі нұсқаларының қалыптасуы кейінгі дәуірде қалыптасты деген тұжырым жасауға да, осы туыстығы жағынан өзара жақын тілдерді салыстыру тәсілі мүмкіндік беріп отыр.

Туыстас тілдерді салыстыру тек көптік жалғауына ғана байланысты емес, сонымен қатар жіктік, тәуелдік, септік жалғаулары және басқа да сөз тудырушы көптеген қосымшалардың түпкі негізін анықтауда тиімді әдіс. Тіл тарихын зерттеуде қолданылатын әдістердің бірі – қазақ тілінің ұқсас элементтерін өзара салыстыру болып табылады.

Әдеби тіл материалдарын өзара салыстыру. Қазіргі тұлғалары түрліше қалыптасқанмен мағыналары жақын сөздер мұндайда бірден-бір тиімді жол. Мысалы, бүлін, бүлдір, бүлік т.б. сөздерінің құрамындағы -ін (іс-ін, жылы-н), -дір (жаз-дыр, қыз-дыр, жүз-дір), -ік (іс-ік, біл-ік, құр-ық) т.б. көптеген сөздердің құрамында келіп, қазір сөз тудыруда белсенді қызмет атқарады. Осы қосымшалар арқылы түбірдің бұл- екенін анықтап отырмыз. Мұнан өзге қазақ тілінде мағынасы көмескілеу тын-ық, шын-ық, был-ық, жал-ық, т.б. көптеген өлі түбірлерді кездестіреміз. Демек, түбір мен қосымшалардың ұзақ уақыт бойы бірге қолданылуының нәтижесінде екеуі тұтасып, кіріккен түбір жағдайына жеткені байқалады. Дегенмен, «олар қандай себептермен бір-бірінен ажырамайтындай жағдайға жеткен» - деген сұрақтарға жауап іздеу оңай емес. Бұл жайды түбір ұғымының тарихи сипатымен түсіндіруге болатын секілді. Мысалы ерте кезде *са-* (санау), *ба-* (байлау), *қыд-* (қыдыру) т.б. түбір саналуының себебін көптеген түркітанушылар сол кезде толық мәнді сөз болған деп түсіндіреді. Салыстыру арқылы көптеген түбірлес сөздердің бөлшектеуге келмейтін, мағыналық жағынан бәріне ұйытқы болған ең түпкі бөлшегін теориялық тұрғыдан анықтауға болады. Бірақ қазір олар қосымша

морфемасыз қолданылмайды. Мысалы, аң-сар, аң-ғар аң-да, аң-ды, аң-ыр, аң-қау, аң-сыз т.б.; ел- ел-ті, ел-ік, ел-гезек, ел-жіре, ел-ір, ел-п ету т.б.; қай-, қай-т, қай-ыр, қай-ра, қай-қы, қай-сар т.б. Бұл түбірлер морфемасын түбірлес сөздер парадигмасы бойынша талдау әдісі. Демек, тіліміздегі көптеген сөздерді біз шартты түрде түбір сөз деп қараймыз. Шын мәнінде олар - өлі түбірлер мен қосымшалардан тұратын тарихи туынды түбірлер. Ол диахрондық зерттеулер нәтижесінде анықталады.

Әдеби тіл фактілерін жергілікті тіл ерекшеліктерімен салыстыру. Әдеби тілде қолданылатын кей сөздердің жергілікті аймақтарда сақталған көне формалары салыстыру барысында аңғарылады. Мысалы, бостан – бостандық, бұқпақтау – бұқпалау, білімсіз – белгісіз, долық – долы, еркею –еркіндеу, еңкеу – еңкіс, еңкею, жалқұн – жалтыр, жөткүрік (бұйрық рай) – жөтел, тұмаурат, жары – жарты, жатырған – жатқан, жарақшы – жараны емдеуші, жеттіру – жеткізу, жетісу – жету, ойнарқы – ойнақы т.б.

Тілдің құрылымдық жүйесіндегі даму, өзге салалар секілді морфологиялық құрылымдарында да үздіксіз жүріп отырады. Морфологиялық даму заңдылықтары жайлы сөз болғанда грамматикалық тұлғалардың дамуындағы кейбір факторлардың өзіндік маңызды орны бар екенін атап өткен орынды. В.А.Богородицкий ондай факторларға қарапайымдану (опрощение), морфологиялық ығысу (морф.перерасложение), аналогия және халықтық этимология, дифференциация, сөз мағынасының өзгеруі тәрізді құбылыстарды жатқызады.

Морфологиялық қарапайымдану терминінің қазақ тілінде тағы бір баламасы бар. Тіл білімі сөздігінде (1998ж.) *сіңісу* деп береді (Біріккен және кіріккен сөздер). Егер осы терминнің мағынасына тереңірек бойлар болсақ, қарапайымданудан гөрі *сіңісу* сөзінің беретін ұғымы жақын келетін секілді.

Тілдегі сөздер дамуы барысында екі сөз бірігіп жаңа бір заттың немесе ұғымның атауы ретінде танылады. Дамуы

барысында олар бір-біріне сіңісудің нәтижесінде алғашқы тұлғалары көмескі тартып, қарапайым көзбен қарағанда танымастай халге жетеді. Олардың алғашқысы түбір қалпын сақтап, кейінгісі қосымшаға айналатын жағдайлар да болады. Тілдің тарихи даму заңдылықтарын зерттеген ғалым Б. Сағындықұлы «Қазақ тілінде ұр- етістігінің семантикасы тарылғаны соншалық дербес лексикалық мағына) бірғана ұр (сабау, соғу, тоқпақтау мағынасындағы) сөзде сақталғанын айтады. Негізінен ол қосымшаларға айналып кеткенін көптеген мысалдармен дәлелдейді: «Хусрау уа Ширин» ескерткішінде кездесетін «қазғу урды» (қайғыға түсті) фразеологизмінің құрамынан ур көмекші етістігінің -ыр жұрнағына айналу үдерісін айқынырақ байқауға болады дейді. Сол секілді көне түркі жазбаларында кездесетін «Қисаметдин нишан белгүрди ошол күн (Сол күні қияметтен нышан белгі берді)» сөйлеміндегі белгүрді сөзін де белгі ұрды деп қалпына келтіруге болады.

Түбір лексикалық мағынасын толық сақтаған жағдайда -ыр жұрнағының ур- көмекші етістігі екені аңғарылып тұрады. Мысалы, еліктеуіш сөздерге жалғанып, топ+ыр, даңғ+ыр (даңқ+ұр), қақ+ыр (қақ+ұр), шыңғ+ыр (шыңқ+ұр) сыңғ+ыр (сыңқ+ұр) тұлғалары қалыптасқан (Б. Сағындықов, 1994).

Тілдегі сөздер дамуы барысында түрлі қосымшаларды жалғайды, ол қосымшалар үнемі тілде қолданылып отырғандықтан біртұтас түбірге айналатын жағдайлары да кездеседі. Қазір тіліміздегі бірсыпыра сөздердің осындай түбірлер мен қосымшаларға жіктелегініне көз жеткізуге болады. Мысалы, ою, бояу, түнек, Қарабай, Шығайбай, Түңлік, Жемсау т.б. сөздердің құрамы қазақ тіліндегі өзге сөздермен салыстыру арқылы анықталады. Алайда қосымшаның түбірге қарай ығысуының нәтижесінде тілде бұндай тұлғалар тұрақтап қалған, яғни түбір мен қосымша бір-біріне сіңісіп кеткен, қазіргі кезде оларды бір-бірінен ажыратып қарауға болмайды. Олай еткенде

түбір өз мәнін жояды. Бұл сөздердің әрқайсысын айтқанда біз олардың о бастағы мән мағынасы туралы ойланып жатпай, сол күйінде ұғым атауы ретінде қабылдаймыз.

Морфологиялық сіңісу түбір мен қосымшаның жымдасуынан ғана емес бір фонемадан ғана тұратын алғашқы қосымшалардың фузияның нәтижесінде өзара жымдасып, бірігіп кетуінің салдарынан да болады. Осы күнгі бір немесе екі буынды аффикстер осы жолмен қалыптасса керек. Мысалы, -ғыл-ты-м, сы-ма-қ, м-ты-л-ды. Кононов А.Н. осындай топқа жатқызады (М.Томанов, 1988).

Даму барысында морфологиялық құрылымдардың өз ішінде ығысуы байқалады. Ығысу термині де қазақ тілінде екі түрлі қолдану байқалады. М.Томанов ығысу деп қолданса, «Тіл білімінің сөздігінде» жылысу деп беріледі. Жылысу дегеніміз – сөздің морфологиялық құрылымының өзгеруі: сөздің мүшеленуі сақтала отырып морфемалар арасындағы шекаралардың орын ауыстыруы. Жылысу жаңа аффикстермен және аффикстік морфтермен тілді байытады.

Жылысу тілдің дамуы барысында сөз құрамындағы морфемалардың ара жігінде болған өзгеріс. Жылысудың нәтижесінде сөз құрамы алғаш қалыптасқандағыдай емес, басқаша жіктелетін болады. Мыс, сарғаю туынды етістігі осы күнгі сары түбірінен емес, тарихи сарығ түбірінен шыққаны белгілі. Кейінгі даму барысында түбірдегі ғ дыбысы түсіп қалған, бірақ ол біражола жоғалып кетпеген: етістік тудырушы -ай жұрнағының құрамына жылысып, одан -ғай жұрнағы туған. Қазақ тілінде жылысу буын құрамында жиі кездеседі: ж – жы-лы, жылына; айт – ай-тып. Жылысу әсіресе флексив тілдерге тән. Бұл терминді енгізген В.А. Богородицкий болатын.

Қазіргі бастапқы түбір мен «өлі» қосымшадан құралған деп жүрген сөздеріміздің біразы-ақ қосымшаның түбірге ығысуы арқылы жасалған. Мысалы, сиық, биік, бақ тәрізді сөздердің

морфологиялық құрамын си-ық, би-ік, ба-қ деп тарихи материалдарға сүйене отырып талдасақ, түбір би-, би-, ба-болып шығады. Бірақ бұл түбірлердің қай-қайсысы да қазір мағыналық бөлшек ретінде кездеспейді (Бекет, ұлан, оян, оят, оқы, оқу т.б.).

Аналогия грек тілінен аударғанда үйлесімділік, сәйкестік, ұқсастық, мөлшерлестік деген мағына береді. Тіл элементтерінің формалды және семантикалық сәйкестендірілуі, қатынастардың тасымалдануы, схема, модель үлгілерінің т.б. таратылуы. Аналогия тіл бірлігінің формалды немесе семантикалық басқа тіл бірлігіне ұқсасу үдерісі. Сөйлеу үдерісіндегі құрылымдық үлгілердің негізінде Аналогия арқылы жаңа тіл бірліктері жасалады. Аналогия сөз формасының фонетикалық жолмен өзгеруінен басқаша, тілде бұрыннан белгілі өнімді үлгілердің жаңғырып, қайталанып отыруына мүмкіндік береді. Осы тұрғыда келгенде ол сөзжасам үдерісінде айрықша орын алады. Мысалы, қазақ тілінде бұрыннан белгілі -ман, -мен қосымшасы арқылы аларман, беремен үлгісінде көрермен, тыңдарман; -гер арқылы жасалған ардагер, саудагер үлгісінде – тыңгер, төлгер; -шы, -ші арқылы жасалған малшы, жалшы үлгісіндегі жазушы, комбайыншы, тракторшы пайда болды. Аналогия тіл дамуының және оның қызмет етуінің маңызды факторы – сөйлеу үстінде белгілі бір сөз қолданыстың соған ұқсас жаңа сөз қолданыс түріне ауысуына мүмкіндік береді. Аналогия еліктеу үлгілері мен теңестіру формаларын жүзеге асырып қорытады (Қалиев, 2012: 18). Аналогия құбылысының негізінде түрлі топонимдердің қалыптасқаны белгілі. Тілімізде бір нәрсенің көп, мол екенін білдіретін сын есімнің -лы (-лі), -ды (-ді), -ты (-ті); есімшенің -ған, -ген қосымшалары арқылы жасалған жер-су атаулары ғасырлардан-ғасырларға топоним жасау қызметінде жұмсалып келеді. Мысалы, өсімдіктерге қатысты Алмалы, Қайыңды, Қарағайлы, Қоғалы, Шиелі т.б.; жануарларға қатысты Қоянды, Түлкілі, Арқарлы, Суырлы, Бұланды т.б.; халықтық

гидрографиялық терминдерден жасалған Қопалы, Батпақты т.б. құрамындағы қазіргі қатыстық сын есім тудырушы қосымшалардың көне дәуірлерде көптік мағына білдіргені туралы айтылып жүр. Топонимдердің құрамында келіп, белгілі бір заттың осы жерде көп, жиі, қалың екенін білдіруінен, бұл қосымшаның табиғатында сол көне мағынаның әлі де сақталып келе жатқанын іздерін көреміз. Топонимжасамның бұл үлгісі бір ғасырда пайда болып, сол күйінде сақталып қалды деп айтуға болмайды, керісінше тілімізде тұрақты қолданылып келе жатқан жер-су атауларының жасалуында осы аналогиялық құбылыстың өзіндік орны бар деген болжам ұсынамыз.

Морфологиялық құрылыстың дамуы барысында бір ғана тұлғаның әртүрлі варианттары аралық және мағыналық жақтан дифференцияланып (сараланып), әрқайсысы өзінше, грамматикалық және семантикалық дербес мәнге ие болатын кездері бар. Осындай фактілер қазіргі қазақ тілінің құрамында да кездеседі. Мысалы, қыстақ-қыстау (село), бақ-бау, тақ-тау, адақтау-аяқтау т.б. бір грамматикалық класқа жатқанмен, әртүрлі дыбысталатын сөздер. Бұлардың бір-бірінен грамматикалық айырмашылығы жоқ. Айырмашылық олардың мәнінде, қазіргі қолданысында. Дұрысында екеуі де бір тұлға-бірі жаңа (бау, тау, қыстау), бірі көне (қыстақ, бақ, тақ). Бұл фонетикалық өзгерістердің нәтижесі. Қазіргі семіз-семір, көз-көр секілді сөздерді де осыған жатқызуға болады.

Тілдің морфологиялық даму заңдылықтары жайлы сөз болғанда сөз мағынасының өзгеруін назардан тыс қалдыра алмаймыз. Семантикалық принцип – этимологтардың арқа сүйер принциптерінің бірі. Сөз мағынасыз болмайтыны баршаға мәлім және ол мағына сөздің дыбыстық, морфологиялық (немесе фонеморфологиялық) тұлғасына тікелей қатысты болғандықтан, тілдік коллективтің тарихи дамуының, оның өзіндік ой өрісі мен дүниетанымына қатысты күрделі құбылыстар қатарына жатады.

Этимологиялық тұрғыдан қарағанда сөздің тура және ауыс мағынасы болатыны белгілі. Олардың ара жігін ашып тану өзіндік күрделі жақтары бар мәселе. Бұл орайда сөздердің арақатынасы мен эволюциялық өзгерісін анықтаудың маңызы зор. Лингвистикалық принциптің практикалық ерекшелігі ретінде бірнеше топонимнің шығу тегіне қатысты этимологиялық талдауды ұсынбақпыз.

«*Іле*» гидронимінің этимологиялық негіздері. Су – тіршіліктің көзі, сондықтан өркениеттер тарихы да су жағасынан басталады. Әлемдегі ірі қалалардың тарихы мен орналасуы да әдетте үлкен өзендер маңында жиі көрініс береді. Қазақ даласында да осы секілді өркениетке негіз болған, тарихы әріден басталатын өзендер аз емес. Солардың бірі – Іле өзені. Орталық Тянь-Шань (Тәңіртау) тауларынан бастау алатын Текес, Күнес, Қас өзендерінің қосылуынан пайда болып, Балқаш көліне барып құяды. Іле туралы деректер әртүрлі: бірінде ұзындығы – 2385 км. Қазақстандағы ұзындығы – 740 км. делінсе (Жетісудың жеті өзені, 2020) енді бірінде барлығы 1001 км (Текес саласымен 1439 км), Қазақстан аумағынан ағып өтетін жерінің ұзындығы 815 км. (<https://kk.wikipedia.org/wiki/Іле> 08.06.2022 ж.) т.б. болып келеді. Тарихи деректер бойынша алғанда Іле өзенінің жағалауында ежелгі ғұн, сақ және одан кейінгі түркі дәуірлеріндегі өркениеттің дерек-айғақтары сақталған. Ұлы Жібек жолының бір тармағы Тянь-Шань таулары арқылы Жетісу жерінен өтуінің де Іле өзені жағалауындағы өркениетке қатысты себептері бар.

Тянь-Шань тауларынан Балқашқа дейінгі алыс аймаққа нәр беріп тұрған Жетісудағы ірі өзендердің бірі – Іле, ұлы даланың қан тамыры іспетті. Ол жерге ғана емес, адамзат баласы мен жан-жануарлардың да өсіп-өркендеуіне ғасырлар бойы мол үлес қосып келе жатқан тіршілік көзі. Зерттеу аясында су нысаны ретінде Іле өзенінің тарихы мен этимологиясына қысқаша тоқталамыз.

Іле атауы туралы тарихи деректер мен этимологиялық талдаулар. «Іле» атауының шығу тегі мен мағынасына қатысты кейбір деректер ертедегі тарихшылар мен саяхатшылардың жазбалары мен естеліктерінде кездеседі. Ерте дәуірлерде өмір сүрген түрік тілдес тайпалардың тілінен, жазба мұраларынан, сондай-ақ қытайдың тарихи жазбаларында сақталып қалған түрік тіліндегі атаулардың иероглифтермен таңбаланған транскрипциясынан да нақты дерек табуға болады. *Қытай жазбаларындағы деректер.* «Батыс өңірінің жер аттары» деген кітапта Іле атауы түрік сөзі екені және оның Жылан (илан) деген мағына білдіретіні туралы айтылады (冯承钧. 西域地名. – 上海: «中华书局 出版», 1980: 34). Ал «Саяхат естелігі» деген кітапта Илан балық (Ілебалық – Таң патшалығы дәуірінде болған қала) деген қаланың атымен ұштастырып, ескі түрік тілінде бұл атаудың мағынасы «Жылан қала» деген этимологиялық болжам жасалады (<https://image.baidu.com/search/detail> 25.07.2023). «Таңнамада» (Или «伊丽»); «Юаньнамада» (Или балық «亦刺八里») «Солтүстік елшілік естелігі» («北便记») деген кітапта (Или қаласы «挂城») деген нұсқада жазбаға түскен екен. Бұл дәуірлерден де ілгергі 2000 жылдың алдында өмір сүрген Хан патшалығы заманындағы тарихшылардың, Іле өзені атауына қытай тілінде (Іле «伊列») деп дыбыстық аударма жасап, жазбаға түсіргендігі туралы деректер бар.

Батыс және Шығыс Хан патшалығы дәуірлерінде (жыл санауымыздан ілгері I, II ғасырлар мен жыл санауымыздың I-IV ғасырлар) Іле өңірін мекендеген негізгі тайпалық одақтар Массagetтер, Сақтар және Үйсіндер болатын. Бұлар түрік тіл жүйесінде немесе осы тілдерде сөйлегендігі тарихтан белгілі. Осы дерекке сүйене отырып, «Іле» атауын түрік тайпалары қойған деген болжам жасауға болады. Тағы бір дерек «Түрік тарихының жинағы» атты кітапта «Іле» атауына қытай иероглифтерімен

бірге халықаралық транскрипциясымен сәйкестендіре отырып, өте айқын түсіндірмесі берілген. Онда «Іле» атауы «Іл – il – 頡利», «елі – eli – 挨利» деп жазылған, бұл жазбалардың иероглифтермен таңбаланғанында да, латынша транскрипцияланғанында да «ел, елі» деген дыбыс бейнеленген. Осы кітапта, сонымен қатар, түрік қағандығы дәуіріндегі адамдардың аттарын қытай иероглифтерімен бергенде де «ел» дыбысы араласып келетін сөздер «Іле» атауын жазғандағы әріптермен беріледі. Мысалы, түрік қағаны Елтебірдің атын (Елифа – 頡挨利 – eltebir)) деп жазбаға түсірген. Түмен қағанының титулы (мәнсап аты «Елек қаған» деген есімді «伊利可汗» деп жазған. Елек дегеніміз «елдің қожасы, иесі, билеушісі», – деген мағына береді. «Ел ішкі қаған» – елдің ісін басқарушы қаған. Осы есімдердегі «ел» сөзі де дәл жоғарғыдай иероглифтермен дыбыстық жазбаға түсіріліпті. Бұл есімдердің басқы жағындағы «Іле Илі» деген екі әрпі қазіргі заман түрік тілдеріндегі «ел, елі, ил, илі» сөздеріне дәл сәйкес келеді. Қытай жазбалары арқылы бізге осындай деректер жетіп отыр. Дыбыстық таңбаларды қуалап, кейбір сөздермен сәйкестікті анықтауға болар, алайда топонимдік мағынаның өзіндік уәжін ескермеске болмайды. Түркілік атау беру қағидаларында «елдің суы» дейтін уәж кездеспейді. Бұл жерде түркілік атауды транскрипциялауда дыбыстық ұқсастыққа басымдық берілуден туған сәйкестік болса керек. Дегенмен, қытай жазбалары арқылы «Іле» атауы тарихының қаншалықты тереңде жатқаны туралы нақты ақпараттар ала аламыз.

Кейбір зерттеушілер «Іле» атауын моңғол тіліндегі «Йыл» сөзімен салыстырып, «ашық, жайдақ» деген мағынаны білдіреді деп түсіндіреді. Егер ашық, жайдақ жердегі су мағынасында алатын болсақ, өзеннің географиялық сипатына сәйкес келмейді. Өйткені Іле бастауын тау басынан алады да, белгілі бір аумақтарда жазықтықта аққанмен, Айғайқұм шоқысы, Шолақтың тауы, Қапшағай шатқалы секілді ойпаңды, шоқылы,

таулы жерлермен өтеді. Кей ғалымдар «Іле» атауын моңғол тіліндегі «ил, илэ» деген сөзге жақын, яғни ашық, айқын дегенді білдіреді. Көне түркі тілінде «ылғалды су», «жаңбырдан кейінгі иленген жер» мағынасын береді», – деп түсіндіреді (Іле, 2015.). Іленің басы Текестен басталып, ол өзінің ағысы барысында жол-жөнекей Күнес, Қас өзендерін іле кетеді. Осындай іліп аққандығы «Іле» деп аталған дейді. Осы мағынада қолданылған көне түркі тіліндегі ІЛ- тұлғасына иек артып отырғаны байқалады. Топонимдердің шығу уәждеріне аса сәйкес келе бермейтін жорамал секілді.

«Көптеген ғалымдар Іле гидронимінің негізінде іл/ыл «су» көне түбірі жатыр деп есептейді. Мысалы, Есіл, Еділ, Ойыл, Қиыл, Тобыл секілді гидронимдер құрамында кездесетін географиялық атау» (Жетісудың жеті өзені, 2020). Е.Қойшыбаев «... ағын, ағыс (протока)» мағынасын беретін Бичуриннен: Или-гол; Бат. Моңғ. Или-Кем өзенін; Шығыс Түркістандағы Іле-Балық (Іле жағасындағы қала) атауларын мысалға келтіре отырып, В.В.Радловқа да сілтеме жасайды: парсы тілінде Пә «Үлкен өзен» деген мағына береді. Айналып келгенде осылардың барлығы көне түркі тіліндегі өзара семантикалық жақындығы бар *йел, jul* (Ілә) тұлғаларындағы «жылдам» мағынасындағы сөзге жақындайды деп тұжырым жасайды (Койчубаев, 1974: 109). Іле өзенінің атауы туралы деректі М.Қашқаридың еңбегінен кездестіреміз. Іле атауы М.Қашқари сөздігінде «Ыла» түрінде жуан нұсқада беріледі: *İLA geogr.* 1. Түркістандағы өзендердің атауы (МҚ III 235); 2. Өңір атауы (*QBN* 37) [ДТС]. Енді оның ІЛ- жіңішке нұсқасының «төмендеу, ылдтилау, құлдилау» секілді мағыналары кездеседі [ДТС]. Көне түркі тілінде біршама сөздердің жуан және жіңішке нұсқаларымен қатар қолданғаны байқалады. Мысалы, *İLA* мен *İLE* секілді, «төмендеу, ылдилау» мағынасындағы *İL-* мен *İL-* нұсқалары да қатар қолданылады. Осы ұқсастықтар негізінде таудан төмен аққан өзеннің ағысына байланысты, яғни

географиялық нысанның сипатына байланысты берілген атау деп болжам жасауға болады. Олай болғанда «ылди, ылдилау» етістіктері де осы негізден тарамақ. Ал түркі тілдеріндегі ж мен й дыбыстарының сәйкестігін ескерсек, Е.Қойшыбаевтың этимологиясындағы «жылдаммен» бірге «жылысуды», сонымен қатар «жылға, жылым» секілді гидрографиялық терминері де ортақ түбірге барып тоғысады. Сонымен Іле сөзінің құрылымы түбір мен қосымшаның (іл- + -е) бірігуінен жасалған. Мағынасы судың еңіске қарай ағуын, яғни амалдың өту сипаты, бағыты, қарқыны, жылдамдығы туралы ақпарат береді. «Таудан төмен аққан су», - деп тұжырым жасауға болады.

Іле аңғарында шығу тарихы ертеден бастау алатын көптеген қала, бекет секілді елді мекен атаулары кездеседі. Солардың бірі – Құлжа қаласы. Оның тұрған орны мен тарихы өзен аңғарындағы өркениет туралы ақпараттар береді. «Құлжа» атауы қытайша мәліметтерге сүйенсек, қазіргі кезде Инің қаласы (伊宁市 'yīníngshì') деп аталады. Қытайша таңбаланған ертедегі атауы Гулыджа (固勒扎 'gùlèzhā'); ұйғырша – غولجا (Ғулжа); латын әліпбиімен – Ghulja; қазақша – Құлжа. Инің Чиң заманында Гулеза деген атаумен белгілі болған. Жаңго патшалығы дәуірінен бастап, Чинь және Хань патшалығының алғашқы жылдарына дейін өмір сүрген. Бұл жер сақтардың мекені болатын. Осы деректерде Іле өзенінің аңғарында Құлжа қаласының тарихы б.ж.с. дейінгі 60-шы жылдардан белгілі екені айтылады (<https://wenku.baidu.com/view/e941141bb7360b4c2e3f64bc.html>, 2019). Құлжа қаласы осы жылдар аралығында мәдениет пен өркениеттің орталығы ретінде Ұлы Жібек Жолының бойындағы ірі қалардың бірі ретінде өмір сүріп келеді. Жол бойындағы қалардың бір ерекшелігі қайталанып отырады. Мысалы, Алмалы қаласы қытай жерінде Алмалық қаласы Іле өзенінің бойында, қазіргі ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданының аумағында, Қазақстан шекарасына іргелес Қорғас ауданының солтүстік-

шығысында 15 км жерде орналасқан. Орта ғасырдан жеткен көне қаланың жұрты (Жетісу. Энциклопедия, 2004). Алмалы атауымен аталатын тағы бір елді мекен шекараның Қазақстан жақ бетінде. Қытай шекарасын кесіп өтетін Құлжа тасжолынан алыс емес жерде орналасқан. Сол секілді Алмалық – қазіргі Алматы қаласы атауының мағынасымен де сәйкес келеді.

Орта ғасырларда өмір сүрген Жібек жолының бойындағы қалалардың бірі – Лебалық. Ле өзенінің орта ағысы қазіргі Қапшағай СЭС-нің жанында болған. Лебалық қаласы туралы түрлі деректер бар: А.Н. Бернштам мен В.В. Бартольд М.Қашқари мен В.Рубруктың жазба деректерін негізге ала отырып, Лебалықты Шеңгелді бекінісінің орнындағы “Екі өгіз” қаласы десе, академик Ә.Марғұлан Мұхаммед Хайдардың дерегіне сүйеніп, өз алдына жеке қала болған деп тұжырымдайды. Зерттеушілер Лебалық қаласының орны әлі толық анықталмаған деген тұжырым жасайды (Жетісу. Энциклопедия, 2004). Қазіргі кезде Жаркент – Сарыөзек бағытындағы күре жолдың бойындағы Жаркентке жақын жердегі Үшарал ауылының жанынан табылған ескі қала орнын да Лебалық деп атап жүр. Әр зерттеудің өзіндік шындығы мен уәжі бар, Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалар атауларының қайталанып келуі Лебалық туралы да «бір емес, бірнеше қала осылай аталмады ма екен?» деген сұраққа жетелейді. Мысалы, Жаркент қаласының атауы да қайталанады.

Яркенд оазисі Такла-Макан шөлінде орналасқан. Бұл жерде астық тұқымдастардан бөлек, мақта, тұт, қарасора, бұршақ және түрлі жеміс ағаштары өсіріледі. Жылқы, қой, түйе шаруашылығы жақсы дамыған. Яркенд – ерте замандардан өзінің матасымен белгілі болған көне қала, қазір Шашә деп аталады. Қабырғалармен қоршалған бірнеше кварталдардан тұрады. Жібек Жолының бойында керуендер тоқтайтын бекет ретінде есте жоқ ескі замандарда пайда болған. Қытай дереккөздерінде

біздің жыл сануымыздан бұрынғы II ғасырдан бері кездеседі (<https://ru.wikipedia.org/wiki/Яркенд>, 1965. 25.06.2023ж.). Бұл қаланың аты М.Қашқари еңбегінде де аталған [ДТС]. Осы қаламен аттас қазақ жеріндегі Жаркенттің тарихы да ерте замандарға барып тіреледі. Кей деректерде қаланың іргетасы 1882 жылы қаланған дейтін мәлімет шындыққа сәйкес келмейді, өйткені бұл қала мен оның тұрғындары туралы жазбалар одан бұрынғы деректерде де кездеседі (Семенов Тян-Шанский, 1997: 57). Қазіргі кезде екі мемлекеттің құрамында қалғанмен, атаудың шығу тегі мен уәжі ортақ болса керек. Жарлауыт жерде орналасқан қала (кент) деген мағына береді.

Бұл атаулардың барлығы түркілік топонимжасам заңдарының негізінде жасалғаны белгілі. Сол заңдылықтардың бірі – қала атауларының қайталануы. Қазақ халқы, әріден бастасақ, түркі халықтарының біршама жер-су атаулары әр аймақтарда қайталаанады. Мысалы, Ақсай атауы Қытай Халық Республикасында, Ресейде, Қазақстанда, Өзбекстанда т.б. елдерде бар. Бұлар көне түркі дәуірлерінен бергі нысандарға ат қою дәстүрінің негізінде пайда болған, яғни ұқсас нысандарға атау беруде тілде қалыптасқан атаулар бар. Ілгеріде аталғандармен қатар, Сарыөзек, Қоңырөлең, Басши, Айдарлы т.б. осы өңірдегі атаулар қазақ даласының әр аймағында кездеседі. ҚХР аумағында Құлжадан Қорғасқа дейінгі күре жолдың бойында немесе жолға жақын маңайда көне түркі тілінен бүгінгі қазақ тіліне жалғасқан Жарсу, Көкдала, Мұқыр, Құдық, Тоқай, Көбек, Бұлақ секілді жердің (қазіргі кезде елді мекен) аттары кездеседі. Бұлар сонымен қатар Қазақстан әр жерінде де бар. Оның себебі жер жағдайына байланысты табиғи нысандардың өзара ұқсастықтарында жатса керек.

Көне заманның іздерін сақтаған жолдар бүгін де өзінің жалғасын тауып жатыр. Құлжа жолы – ежелгі керуен жолы. Қазіргі Ташкент, Тараз, Мерке, Бішкек, Тоқмақ, Алматы,

Жаркент, Құлжа бағытымен өткен. Орта ғасырда Құлжа жолы екі тармаққа бөлінген. Бірі Тоқмақ, Суяб, Баласағұн, Баршынкент, Қарақол қалаларын, Ыстықкөлдің оңтүстік-батысы мен оңтүстік-шығыс жағындағы Шығу қаласын (Үйсін мемлекетінің астанасы) басып, Құмтекей, Ақбейіт, Сарыжаз елді мекендері арқылы Текес, Сүмбе арқылы Құлжаға жеткен. Екінші тармақ Тоқмақ, Бішкек, Қарғалы, Талғар, Жаркент, Алмалы, Қорғас арқылы Құлжаға, оның бір бөлігі Талғардан Түрген, Қаракемер, Шелек елді мекендері арқылы Торыайғыр, Қулық тауларын асып, Кегеннен (қыстақ) Құмтекей қала арқылы бірінші жолға қосылады. 19 – 20 ғасырларда бұл жол “Құлжа жолы” аталған (Құлжа жолы, 2002). Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикаларының арасындағы байланыс орнағаннан кейінгі жылдарда бұл жол қайта жаңғырып, қазіргі кезде «Құлжа тасжолы» деп аталып жүр.

Іленің сол жақ жағалауы бойын алып жатқан осы жолдың екінші бағыты оң жағалау арқылы өтеді. Арғы жағы Құлжа қаласынан бастап қарайтын болсақ, жол Қорғастан өтіп, Иінтал (елді мекен) одан бері Жаркент, Тектұрмас, Көктал, Ақжазық, Қоңырөлең, Қойбын, Басши, Алтынемел, Сарыөзек, Арқарлы, Шеңгелді, Қапшағай арқылы Алматыға жалғасады. Ш.Уәлиханов Қашқарға сапарында осы жолмен Алтынемелдің асуынан асып, Жаркентке жеткен, ары қарай Қорғас арқылы Құлжа мен Қашқарға сапарлаған.

Іле өзенінің екі жағалауы нулы-тоғайлы, қамысты, суармалы егістікті алқаптарға толы. Климатының жылығы, жердің тұрмысқа, жеміс-жидек өсіруге қолайлылығына байланысты халықтың орналасу тығыздығы да осы жағдайға сәйкес келеді. Бұл жағдай дәстүрлі тұрмыс пен өмір салтының осы өңірге тән қалыбының орнығуына ықпал еткен. Мұнда сақталған сақ қорғандары мен көне қалалардың орындары бұл дәстүрлі өмір салтының ертеден басталатынын көрсетеді. Екіншіден, Жібек жолының бір тарауы осы өңірден өткендіктен

түрлі мәдени байланыстардың да бұл жерлерде ізі сақталған. Сондықтан елді-мекен атауларының шығу уәждері мен арғы тегін қарастырғанда, кейбір кірме атаулар бойынша осындай факторларды да негізге алуымыз керек. Жер-су атауларын үнемі тұрғылықты халық қана бермейді, кейде сырттан келген адамдар тарапынан да қойылады. Кей атаулардың қайталануында осыған байланысты сырлар жатуы мүмкін. Сөз болған атаулардың тарихы жыл санауымызға дейінгі дәуірлерді қамтитынын көріп отырмыз, демек олардың қайталануында арғы тарихпен байланысты атау беру мәдениетіміздің көне іздері жатқан секілді. Бұл әлі терең әрі жан-жақты қарастыруды талап ететін мәселе.

Экстралингвистикалық принцип тілге қоғамның, қоғамда болып жатқан тарихи, саяси жағдайлардың әсерін негізге алады. Қазақ халқының ғасырлар бойы ұстанған мәдениеті ұлы даланың табиғи ерекшеліктеріне тікелей байланысты қалыптасты. Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің этимологиялық негіздеріне талдаулар жасағанда олардың топоним ретінде қалаптасуына негіз болған тілден тыс мәселелер назарға алынады. Апелятивтердің топонимге айналуы топонимжасамдық тәсіл арқылы жүзеге асады, бұл – екінші жағынан, тілдің бір сатысынан келесісіне өтуі барысындағы атауға айналған сөзге жүктелетін жаңа сапалық дәреженің де көрсеткіші. Осы үдеріс кейде атаудың шығу уәждерін анықтауды, кейде тарихи-этимологиялық сипаттауларды қажет етеді. Сондықтан, топонимдердің құрамындағы көмескі сөздердің мағынасын анықтаумен қатар, мағынасы анық сөздерге де халықтық атау беру принциптерінің шарттарына сәйкес түсініктеме беру қажеттілігі туындайды. Халықтық атау беру принциптері географиялық нысанның сипаты, белгілі бір оқиғаның болған жері, адам есімдері мен этнонимдерді атау ретінде қолдану шарттарына сүйенеді (Әбдуәлиұлы, 2021: 92-112). Осы үш шартқа

сүйене отырып, экстралингвистикалық факторларға талдаулар жасауға болады.

Географиялық нысанның сипатын білдіретін атаулар. Ғасырлар бойы ұлы даланың төсінде жылдың төрт мезгіліне қарай көшпелілікті дәстүріне айналдырған ұлы бабаларымыз географиялық нысанның ерекшелігіне қарай атаулар берді. Жер бедері, ол аймақтың ауа райы, өсетін өсімдіктер мен мекендейтін жануарлардың түрлері т.б. барлығы атауларға айналып, сол жерді таңбалауда қолданылды. Халық ғасырлар бойғы табиғатты суреттеу мен тілде таңбалау тәжірибесі атауларды жасауда да өзіндік жемісін берді, дүниетаным кеңістігі қандай кең болса, атаулар мағынасы да соған сәйкес еді. Атаулар табиғаты екі түрлі қажеттілікті қамтамасыз етті, біріншісі – адресаттық қызмет атқарды; екіншісі – нысан туралы ақпараттар берді. Мысалы, Қосағашбасы, Тораңғылытүбек, Жиделік, Тораңғылы, Төменгі Сарықамыс, Қоңырөлең, Көктал, Байтоғай, Жыңғылды т.б. секілді атаулар осы географиялық нысанды атай отырып, көпшілікке адресаттық қызмет көрсетеді. Екіншіден, Осы жерде өсетін өсімдіктің түрін, атаумен аталып тұрғаны нысанның тура сондай басқа нысандардан ерекшелігін білдіріп тұр. Осы мысалдардағы Төменгі Сарықамыс атауы осы маңайда тура осындай Жоғарғы Сарықамыс атауының барын да білдіріп тұр.

Бұл атаулардың әрқайсысы халықтың табиғаттану әлемінің көрсеткіші, географиялық ұғым-түсініктерінің негізінде пайда болған. Атаулардың мағынасынан географиялық нысандарға атау беру ұлттық таным дүниесі қабылдаған, оның сырларын терең таныған халықтың ұлттық білімі аясында жүзеге асқанын шамалаймыз. Халық танымы гидрологиялық білімді де қамтиды. Суға қатысты лексика және оның мағынасы мен су туралы халықтың таным-түсінігі өзара сабақтасып жатқаны байқалады. Суға қатысты лексиканың негізгі бөлігі жер-су атауларын жасауға қатысады. Халықтың ұлттық мәдениетінің көптеген белгілері су

атауларында кездеседі. Мысалы, Саумалкөл – судың дәміне байланысты қойылған атау, ұлттық тағам атауымен байланыстырылған; Шымылдықтау – дәстүрлі бұйым атауы; Бесікасу – жас баланы бөлейтін төсек орын. Нысанға ат бергенде осы секілді ұлттық құндылықтар назарға алынған.

Белгілі бір оқиғаның болған жері немес нысанның қызметіне байланысты атаулар. Тілімізде кездесетін Тайсойған, Торатсойған, Қазқонған, Қарауылтөбе т.б. секілді атаулардың ішінде Қарауылтөбе атауы қызметіне байланысты қойылған. Төбесіне шығып, айналадағы жағдайды бақылау үшін пайдаланылған төбе екені белгілі. Осы қызметі нысанның атауына айналған. Қалған атаулар белгілі бір оқиғаның орнын білдіріп тұр.

Кісі аттары мен этнонимдерден жасалған топонимдер қазақ халқының тұрмысынан ақпарат береді. Кісі есімдері мен этнонимдер жер-суға атау ретінде мынандай жағдайларда беріледі: осы жердің сол адамға немесе руға тиесілі болуы, жеке адамның немесе рудың осы жерде белгілі бір кезде уақытша тұрып, есімінің жер аты ретінде қалып қоюы, осы жерге жерленуіне байланысты әуелі зираты, кейін осы аймақты сол адамның есімімен атап кету. Ел ішіндегі жағдайлар мен кейбір оқиғалар рудың зираты жерінің шегін де білдіргенін айғақтайды және жеке тұлға (адам), ру, зират қазақ халқының өмірінде «жер иесі» деген ұғыммен тығыз байланысты екенін болжауға болады.

«Қарамола» топонимінің этимологиялық негіздері. Қарамола аталатын жер қазақ даласының әр аймағында бар. Осылай аталатын елдімекен Жаркент уезінің аумағында да кездеседі (Жаркентский уезд Жетысуйской губернии: по административному делению на 1-ое января 1927 г.). Атаудың мағынасын қарапайым түсінік тұрғысынан «қарайып тұрған мола» деп талдай салуға болар еді, алайда оның ішкі мазмұнында көне дәуірлермен байланысты үлкен ақпараттар жатыр. Екіге

бөліп қарастырдық. Бірі – Қарамола атауының этимологиясы, екіншісі – Қарамола сөзінің мағынасындағы туған жер – адам байланысы туралы.

«Қарамола» дейтін жер атын атағанда «мола» сөзімен мағыналас *бейіт, зират, там, қорым* сөздерінің еске түсетіні рас, алайда қарамоланың олардан бөлек өзіне тән ерекшелігі бар. Қазіргі кезде мағынасы мен мәні көп адамдарға белгісіз болуы мүмкін. Жер-су атауларын талдаудың дәстүрлі үлгісіне салып, құрамындағы *қара* және *мола* сөздерін жеке-жеке қарастырсақ, бірінші компоненттің топонимдік мағынасы «үлкен, зор, дәу, кең» т.б., екіншісі «адам жерлеген орын» болып шыға келеді. «Қара» сөзі жолға қатысты алғанда *үлкен, ұзақ, алыс*; ал өсімдікке қатысты алғанда, *қалың, биік* мағыналарын білдіреді. Сөйтіп екі сөз қосылғанда – Қарамола – үлкен, алыстан көрініп тұрған мола болып шығады. Алайда, ашылуы тиіс бұдан өзге де қалқада қалған ақпараттар бар, екінші бір мағынасы ел аузында қолданылып жүр. Оған құлақ түрсек, Қарамола – «уақытша жерлеу» орны. Туған жерінен алыста жүрген адам сол жерде немесе жолда келе жатып қайтыс болса, түрлі жағдайларға байланысты оны еліне жеткізе алмағанда, сол жерге уақытша жер қойнына тапсырған. Кейін ыңғайлы кезде келіп, қайта қазып алып, мүрдесін туған жеріне апарып жерлеген⁹. Осындай жағдай Алаш қайраткері С.Садуақасұлының мәйітін жерлегенде қайталанды. Ол туралы ҚР ҰҒА академигі Д.Қамзабекұлы былай дейді: «Күлін басында «қара молаға» уақытша қойып, кейін

⁹ Аруақты кие тұтып, оған құрметпен қарайтын қазақ халқының дәстүрлі ұғымында туған жер, атмекен ұғымдары өте жоғары мәнге ие және ол тірілер үшін ғана емес, өлілер үшін де өте қымбат. Сондықтан, тірінің де, өлінің де басты арманы – туған жердің топырағын басып жүру немесе туған жердің қойнында топырағын құшып жату. Жерлегенде кезімен бірге ала кететін, жақындарының салған бір уыс топырағы да үлкен мәнге ие (бұл өз алдына арнайы этнолингвистикалық талдауларды талап етеді).

Кенесары сарбаздары жерленген көне қорымға жерледік. Мұны қоғам болып атқардық. Смағұл мен Хан Кене әскерінің бейіті Астананың қақ ортасында, оң жағалауда тұр». Смағұлдың күл-мәйітін Мәскеуден алып келгенде, алғаш Елорданың батыс шетіндегі мұсылмандар зиратына уақытша қойылған, артынан Алаш тұлғасына лайықты орын нақты анықталғаннан кейін Қараөткел (Көкбел) мұсылман зиратына ауыстырылды. Д.Қамзабекұлы өз сұхбатында «қара мола» деп С.Садуақасұлы уақытша жерленген сол кездегі Астрахан тас жолының бойындағы зиратты айтып отыр. Уақытша жерлеудің өз атауы бар, оны қазақ «аманат қою» деп атайды. Мысалы, «Абай жолы» романындағы мына оқиға осыған дәлел: «Әбішті жерге, лахатқа Майқан мен Өтеген өз қолдарымен қойып жатып, «Аманат», «Аманат» – десті» (М.Әуезов).

«Қарамола» атауының шығу уәждеріне этнолингвистикалық талдаулар жасағанда сөз болып отырған екі мағынаның түпкі тегіне ортақ болуы мүмкін мына жайттар өзіне назар аударады. Ілгеріде айтылған «үлкен, алыстан көрініп тұрған мола» мағынасы кейіннен елсізде тұрған молалардың барлығына ауысқан болуы мүмкін, алайда халықтың дәстүріне назар аударсақ, молада негізінен бір рудың адамдары жерленеді. Арғы түсінік бойынша аруақтардың бірге жатуын қалаудан туған дәстүр болса, берідегі ислами сенім бойынша ахиреттің күнінде адамдар қайта тіріліп, жерленген жерден өніп шығады, сол кезде бір-бірімен көрісіп, қауышады деп білген (ауылдың зиратына өз руының ғана адамдарын жерлегісі келетін түсінік әлі де кездеседі). Демек, «қара мола» атауында «алыстан қарайып көріну» ғана емес, «жалғыз немесе бөлек тұру» мағынасы да бар. Адам елсізде келе жатып қайтыс болса, мола жапан түзде жалғыз өзі ғана тұрады; ал ел шетіне жетіп қайтыс болса, өзге бейіттерден бөлек, шетке жерленеді де, жеке қарайып көрініп тұрады. Қорыта айтқанда «қара мола» атауының мағынасы «алыстан қарайып

көрінетін, жалғыз, жеке, бөлек тұрған мола» болып шығады. Сондықтан мұндай атаулардың шығу уәждеріне талдаулар жасағанда жалпылай емес, жекелей қарастырылады. Қарамола атауы еліміздің әр аймағында қайталанғанмен, лексика-семантикалық классификациясы жағынан дербес топоним. Оның шығу уәжінің осы дәстүрмен байланыстылығы – басты ерекшелігі болып табылады.

Қарамола топонимінің пайда болуына себеп болған екінші бір жайт зерделеу барысында айқындалады. Осы барыста «қазақ неге өлген адамының сүйегін туған жеріне апарып жерледі?», – деген сұрақ туындайды. Әрине бұл барлық жағдайда сақталды деп айту қиын, алайда туған жер қазақ үшін өте қымбат болғаны рас. Ал туған жерге деген махаббатың түпкі тегі көне дәуірлердегі жер-суға табынудан бастау алатын секілді. Ғалым Н.Байтенова: «В.В. Бартольд: «Ежелгі түркілер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну болды. Тәңірді түркілер барлықты жаратушы объективті идея ретінде қарастырса, жер-су – тіршіліктің тірегі», – деп жазады. Жер-суға табыну, оны құрметтеу түрлі формада көрініс берді, солардың бірі «тұмар» ұғымымен байланысты. Тұмарды адамдар бойына, «зиянды тылсым күштерден қорғап, тіл-көзден сақтайды», – деген сеніммен тағады. Қазіргі кей зерттеулерде көне түркі тіліндегі «тума» және «йер» деген екі сөздің бірігуінен жасалғаны және ертеде түркілер тұмарға туған жердің топырағын салып жүргені туралы айтылады. Адам алыс жақта жүргенде жазатайым қаза болып, денесін еліне жеткізе алмаса, тұмардан алып, туған жерінің топырағын бірге жерлейтін болған. Бұл дәстүр бүгінгі күнде де жойылып кетпей сақталып отыр. Соғыста Ресей жерінде немесе Батыс елдерінің бірінде қаза болған туысының зиратына туған жердің топырағын апарып шашу – осы дәстүрдің бүгінгі жалғасы.

Қарамола топонимінің шығу уәждерін зерделегенде халықтың терең тарихы мен таным-сенімінің ұлы кеңістігіне бастайтын «тұмар», «бір уыс топырақ (немесе топырақ бұйыру)», «топырақ салу», «туған жер (туған жердің топырағы), «аманат жерлеу», «қарамола» т.б. секілді сөздердің мағынасындағы ақпараттардан өзара сабақтастығы бүгінде бұлыңғыр тартқан нәзік байланыстарды көреміз. Соның ішінде аруақ пен туған жердің байланысы ойландырмай қоймайды. Халық түсігінде аруақтың тірілерді жебеуші, қорғаушы пір ретіндегі орны мен тәннен ажыраған рухи сипаты қалыптасқан. Адам өмірден өтіп, жаны рухтар әлемімен табысқан соң тәні қара жерге тапсырылады. Көне түркілік «Биікте Көк тәңірі, төменде қара жер жаралғанда ортасында адам баласы жаратылған» ұғымы бойынша адам көк пен жердің арасындағы жаратылыс. Адам баласы көкке де, қара жерге де ортақ. Жалған дүниеге келу миссиясын орындаған соң екіге бөлінеді, мәңгілікке қайтады – жаны көкке ұшып, тәні қара жер қойнына тапсырылады. Түркілік түсінікте адам қай жерде өмірге келсе, тәні өзі туған топыраққа оралуы тиіс. Қазақ тіліндегі көне замандардан бүгінге дейін ертелі-кеш қалыптасқан *Туған жердей жер болмас...*, *Ер туған жеріне...*, *Туған жерді сағыну*, *Туған жерге табан тіреу*, *Туған жердің жусаны*, *Туған жердің ауасы* т.б. секілді мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздер – туған жерді киелі санап, оған табынудан бастау алып, кейін сүйініш сезіміне ұласқан ұлы махаббаттың тілдегі бейнесі. Бұл тұрғыдан алғанда Қарамола өлілердің уақытша тұрағы ғана емес, ең бірінші туған жерге деген сүйіспеншілік пен сағынышының симолы. Қарамола сөзінің этимологиясынан «оңаша тұрған мола» деген мағынаны аңғарамыз, «ол неге оңаша тұрады? десек, туған жерден жырақта тұрған немесе қалған аруақ дегенге саяды.

«Ламған» топонимінің этимологиясы. Ауғанстан мемлекетіне тиесілі Ламған аймағының атауы тілдік тұрғыдан

қарастыруда талап етеді. Топонимінің шынайы шығу тегін анықтау қызықты мәселе, өйткені бұған дейін бұл атаудың шығу тегі жайлы түрлі сенімсіз болжамдар жасалған болатын. Олардың ішінде Үндістанды жаулап алушы, Моғолдар әулетінің негізін салушы, Әмір Темірдің ұрпағы, бірақ тіл білімі ғалымдары үшін өзінің «Бабырнама» атты шағатай тілінде жазылған автобиографиялық құнды еңбегімен танымал Захир ад-дин Мұхаммед Бабырдың (1483-1530) аталған атаудың шығу тегі жайлы болжамы да бар. Оның пікірінше, Нұх пайғамбардың әкесі Ұлы Ламаның бейіті Әлишен тұманында орналасқан (Ламған жақта). Кейбір жылнамаларда оны Ұлы Ламақ, Ламекан деп те атайды. Бұл елдің адамдары кейбір жағдайда каф әрпіні гайн деп айтады. Осы себептен аймақ Ламған аталып кеткен болуы керек. Бір көрінгеннен ғылыми этимологиялық нұсқаға ұқсайтын топшылау болғанмен, тілдік талдаулар барысында бұл нұсқаның тек халық сеніміне негізделгені анықталды. Зерттеу барысындағы жинақтау, дәстүрлі сипаттама, салыстырмалы әдістер нәтижесі де осылай екенін растайды. Зерттеу нәтижесі біз Ламған атауына оны мекендеген *lam̐a* (*lam̐aka*) халық атауына, яғни этнонимге парсы тілінде қатыстылық мән беретін *-gān* жұрнағы жалғануы негіз болған (*Lam+gān*) деген қорытындыға жетелейді.

Жаһандану дәуірі – күннен күнге күшейіп, әлемнің түкпір-түкпірін қамтып жатқан дамудың жаңа дәуірі. Бауырлас түркі тілдес елдер әлемдік өркениеттің дамуына үлкен үлес қосып келе жатыр. Түркі тілдес елдердің ынтымақтастығы осы жаһандану үрдісіндегі жаңаша дамудың үлгісі сияқты. Ортақ тарихы бар, өркениеті мен мәдениеті бір-бірімен астасып жатқан түркі тілдес елдердің түрлі салада бірлесіп жұмыс жасауы халықаралық ықпалдастықта маңызды орын алатынына еш шүбә жоқ. Ғылымның қай саласы болмасын ортақ тарихи зерттеулер

жүргізу бауырлас түркі елдердің ынтымақтастығының одан әрі дамуына игі әсерін тигізеді.

Осы тұрғыдан алғанда халқымыздың жер-су атаулар жүйесі ұлттық бірегейліктің, сол атаулар өрнектеген төл этникалық-территориялық бірегейліктің бірден-бір көрсеткіші болып табылады. Бұл бағыт ономастикалық тарихымыздың түркілік қабатын терең зерттеуді қажет етіп отыр.

Қазақ топонимикасының түркілік қабатын зерделеу және мәдени, тарихи-тілдік, географиялық, геоэкологиялық сабақтастық негіздерін зерттеу арқылы ұлттық топонимикалық мұраның ғасырлар бойы жасалған рухани-тілдік құндылықтар жүйесі ретіндегі зияткерлік әлеуетін айқындау болашақ ұрпақ үшін маңызды қадам. Қазақстан жеріндегі түркілік топонимдердің рухани-тілдік, геоэкологиялық құндылықтар жүйесі қазіргі қазақ қоғамын қауіпсіз ететін күш пен идеологиялық тетіктердің бірі екенін анықтау – уақыт талабы.

Көне түркі кезеңнен бастап, орта ғасыр, қазіргі Қазақстан жерінде қалыптасқан топонимдер зерделеніп, жер бедері, идеология, өзгеруіне қарай тарих қойнауынан шындықты шығару арқылы қазіргі Қазақстан жер бедері ерекшелігін анықтау маңызды болып отыр. Топонимдердің ғасырлар бойы қалыптасып, өзгеріп, толығып отыруындағы халықтың танымдық көзқарасы зерделеп, қазіргі қазақ халқының топонимикалық ғалам бейнесінің тілдік ерекшеліктерін зерттеу қазіргі геосаяси жағдайда қалыптасқан мәселелердің жауабын анықтайды. Көп жағдайларда географиялық атаулардың мәселелері ішкі мемлекеттік ұлттық мүдденің шегінен шығады да халықаралық мәнге ие болады. Адрестік және ғылыми-ақпараттық атқарымдарға қоса, географиялық атаулар егемендікті бекітудің, мемлекеттің ұлттық басымдығының құралдарының бірі, мемлекеттің жаңғыруының айнасы болып табылады.

«Бабырнама» – барша түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқының да мақтан тұтатын тағылымды дүниесі. Қазақ халқының ойшылдары Абай мен Шоқан Уәлиханов та бұл еңбекті есіне алып отырған. Мәселен, Абай Құнанбайұлы қазақ халқының шығу тегі жайлы сөз еткенде: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен біртуысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінің Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығыпты, үш жүзбасыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны – сол» (Құнанбайұлы А: 47), – деп жазған.

Ш.Уәлиханов бірнеше шығыс және еуропа тілдерін жақсы білген. Бұл оған ежелгі дереккөздерді түпнұсқада зерттеуге мүмкіндік берді. Оған Орта Азия халықтарының географиясы мен тарихына қатысты барлық дерлік еуропалық және шығыс дереккөздері қол жетімді болды. Ол түркі, араб және парсы тілдерінде жазылған көптеген нарративті дереккөздерді жақсы білді, олардың мәтіндерін ұзақ және мұқият зерттеді. Әлбетте, Ш.Уәлиханов «Бабырнама» шығармасымен де етене таныс болды, ондағы деректерді ол өз еңбектерінде пайдаланды (Марғұлан Ә., 1984: 69).

Захириддин Мұхаммед Бабыр Кабулда болғанда көл-көсір аймақты мекен еткен отырықшы, жартылай көшпелі, әр түрлі тілде сөйлейтін тайпалар мен халықтардың салт-санасымен, әдет-ғұрпымен қырағы таныс болады. З.М.Бабыр Орта Азияның, Кабулдың және Үндістанның әлденеше шаһарларын жалғастырып жатқан керуен жолдарымен жүріп өтеді де, көптеген аймақтардың сол кездегі тіршілігі жайлы құнды ақпарат қалдырып кетеді.

Жоғарыда аталған елдердің XV-XVI ғасыр аралығындағы тарихын баяндайтын Бабырнама жер-су аттары, олардың баламалары т.с.с. баға жетпес мол деректер береді. Антропоним мен топонимдердің көптігіне қарамастан, бұл қызықты, әрі жеңіл оқылады. Бабырнамада Орталық Азияның, Хорасанның, Иранның, Ауғанстанның, Үндістанның ірі қалалары сөзбен бейнеленеді, атауларының шығу тегі сөз болады. Біздің мақсатымыз – аталған еңбектегі этимологиялық пікірлерді тексеру. Топонимика – географиялық атауларды (топонимдерді) зерттейтін ғылым. Ал этимология – сөздердің шығу тегін анықтауға бағытталған ғылым саласы. Топонимка үшін қажет зерттеу дереккөзі – Бабырнама сынды жер-су атауларына бай еңбектер. Профессор Х.Хасановтың есептеуінше, аталған жазба ескерткішінде 1000-ға жуық географиялық атау тіркелген. Орталық Азиядағы атаулардың көпшілігі сол кездегідей жазылады және айтылады (Хасанов Х., 1983: 62). Осыған ұқсас пікірді Р.Расулов та ұсынады (Расулов Р., 2000: 44). Статистикалық талдау нәтижесінде ғалым Т.Нафасов «Бабырнамада» 1100-ден астам топонимнің барын анықтады (Нафасов Т., 2000: 39), ал Х.Давурованың көрсетуінше аталған еңбекте Орта Азиядағы 1034 елді мекен атаулары келтірілген (Давруова Х., 2020: 48). Бабырнаманың толық түпнұсқасының жариялануына зор үлес қосқан ғалым У.Тэкстон өз еңбегінің соңында 908 топонимді индекстеді (Тэкстон У., 1993: 882-895). Қарап отырғанымыздай, Бабырнама еңбегі топонимдерге бай екені еш шүбә келтірмейді және, шамамен, мыңнан аса жер-су атауларын тіркеген. Оған қоса З.М.Бабыр өз еңбегінде кейбір топонимдердің этимологиялық нұсқасын да келтіреді. Оның бірі – Ламған. Ең алдымен бұл мекен жайлы қысқаша ақпарат беріп өтсек.

Лагман. لغمان – бұл Ауғанстандағы уәлаят (уәлаят – кейбір мемлекеттердегі әкімшілік-аумақтық бірлік). Лагман уәлаятындағы айналадағы шөлде жасыл желектер де өсіп, көзге

бірден түседі. Кейбір тарихи мәтіндерде бұл атау "Ламған" немесе «Ламғанат» деп жазылады.

Қазіргі уақытта Кабул мұражайында Үндістаннан Пальмираға дейінгі ежелгі сауда жолын көрсететін Лагманнан табылған арамей жазулары бар. Арамей тілі ахеменидтердің (парсылар) бюрократиялық жазу тілі болды, оның әсері Лагманға таралды. Александр Македонскийдің шапқыншылығы кезінде бұл аймақ «Лампака» деп аталды (Хеннинг У., 2018: 80-88).

Жетінші ғасырда қытайлық қажы Сюань Цзян Лагманға барды. Ол оны өз жазбасында "Лан-по" деп атады және оны Үндістанның бір бөлігі деп санады (Уоттерс Т., 1904: 104).

Оныншы ғасырда Лагман әлі де Үлкен Үнді әлемімен байланысты болды. 982 жылы аяқталған «Худуд әл-алам» бұл аймақта пұтқа табыну үшін бірнеше ғибадатхананың бар екенін айтады (Минорский В., 1936: clck.ru/33kmwK).

Мұсылман тарихшысы Әл-Утбидің айтуынша, аймақты Х ғасырдың аяғында Әбу Мансұр Сәбуктегін бастаған ғазнауилер ислам дінін қабылдаған (Шиммель А., 1982: clck.ru/33knwj). Бұл аймақ бірнеше жыл мұсылмандар мен діні басқа халықтардың арасындағы соғыс алаңына айналды. Соңында бұл аймақ тимуридтердің қол астына өтті.

16 ғасырдың алғашқы жылдарында моғол билеушісі Захиридин Мұхаммед Бабыр Ламғанда көп уақыт өткізді. «Бабырнамда» (Бабыр туралы естеліктер) ол орманды тау бөктерінің сұлулығы мен осы аймақтың аңғарларының түбінің құнарлылығы туралы жазды. Ламған Моғол дәуірінде Кабулистанның тәуелді аймағы ретінде танылды және «Бабырнамадағы» деректерге сүйенсек, «Үлкен Ламғанат» Кәпірстанның мұсылмандар қоныстанған бөлігін, соның ішінде шығыс бөлігін қамтыды. Ламған кәпірлерге қарсы жорықтар үшін негіз болды және Кабулдың билеушісі болған Моғол билеушісі болған Акбардың інісі Мұхаммед Хәкім бастаған

жиһад есептерінде жиі айтылды. 1747 жылы Ахмад Шах Дуррани моғолдарды жеңіп, аумақты Дуррани империясының құрамына енгізді. XIX ғасырдың аяғында Әміре Абдур Рахман Хан қалған көпірлерді (нұристан халқы) исламды қабылдауға мәжбүр етті (Шиммель А., 1982: clck.ru/33knwj).

Алғашқыда, тіл білімі саласы бойынша жүргізіліп жатқан зерттеу жұмысында бұндай ақпараттар орынсыз көрінеді. Дегенмен «Ламған» топонимінің шығу тегін анықтау үшін экстралингвистикалық факторлар, бұл жерді мекендеген этнос я қауым болмысы (оның тілі, діні, наным-сенімі т.б.) сияқты этнографиялық ақпарат маңызды.

З.М.Бабырдың «Ламған» топонимінің шығу тегі жайлы пікірі: «Agarçi Lamğānning beš түмәnidin bir түмәni Nīknahār dur, valī Lamğānātı ol üç түмängä itlāq qılurlar. Ol üç түмәndin biri ‘Alīšang Tүmәni dүr. Šimālida Hindūkuš tağıǵa payvasta qarlıǵ uluǵ berk tağlar dur. Bu tağ tamām Kāfiristān dur. ‘Alīšangǵa yavuqraq Kāfiristān Mīl dur. ‘Alīšang rūdı Mīldın ııqar. Hādrat-i Nūh payǵambarning atası Mihtar Lāmning qabrı ‘Alīšang Tүmәnidä dүr. Ba’zı tārīxda Mihtar Lāmı “Lamak” va “Lamkān” ham deptүrlär. Ol elni xaylı mulāhaza qılılıptur kim ba’zı mağall kāf ornıǵa ğayn talaffuz qılurlar. Bu jihatdın ğālibā bu vilāyatı Lamğān deptүrlär» (З.М.Бабыр, 1993: 275).

Байұзақ Қожабекұлының аудармасы: «Нинганхар – Ламғанаттың бес тұманының бірі болғанымен, ламғанаттықтар төменгі үшеуін ғана атайды. Бұл үш тұманның бірі - Әлишен; оның терістігінде Хиндикуш тауына барып шектелетін биік қарлы тау жатыр, бұл тау түгелімен көпірлер мекені. Әлишенге таяу жердегі көпір мекені – Мил. Әлишен өзені басын Милден алады. Қасиетті Нұқ пайғамбардың әкесі ұлы Ламаның бейіті Әлишен тұманында. Кейбір жылнамаларда ұлы Ламақ, Ламекан деп те атайды. Бұл елдің адамдары кейбір жағдайда каф әрпін гайн деп айтады. Осы себептен аймақ Ламған аталып кеткен

болуы керек» (Қожабекұлы Б., 1993: 157-158). 11 ғасырдың басында Махмұд Газневи бұл жерден Ламех (Нұхтың әкесі) жерленген қабір табылғанын және қабір орнына қасиетті орын салынғанын айтқан (<https://clck.ru/33omtp>). Сонда да, Ламехтың бұл мекенде жерленгені жайлы нақты деректер жоқ, тек болжамдар.

У.Тэкстон «Бабырнамадағы» бұл үзіндіні келесідей ағылшын тіліне аударады: «Although Nangarhar is one of the five districts of Laghman, when speaking of the Laghman region one usually means only three districts. One of the three is the Alishang district. In the north it consists of huge, impregnable snow-covered mountains adjoining the Hindu Kush. This mountainous region is ali Kafiristan. The closest place in Kafiristan to Alishang is Mü, from which the Alishang river flows. The tomb of Noah's father, Mehter Lam, is in the Alishang district. In one history Mehter Lam is called both Lamak and Lamkan, and it has been noticed that among those people sometimes they pronouhce k as gh. That is probably why the province is called Lamghan» (Тэкстон У., 1993: 274).

У.Тэкстон аудармасының 2002 жылғы басылымына Салман Рушди келесідей алғысөз жазған: «Уилер М.Тэкстонның аудармасы (Беверидждің мардымсыз нұсқасынан кейін) оқуға оңай және еркін болғандықтан және аудармашының көптеген пікірлерімен қамтамасыз етілгені сонша, бұл соңғы аударма сияқты. Түсініктемелерден біз Бабырдың қолында жоқ мәліметтерді білеміз, мысалы, парсы өлеңдерінің түрлері, касида мен газель, үшкір моңғол қалпақтары, аспанның Канопус жұлдызы көрінетін бөлігі туралы. Аудармашы Бабырмен айтысудан қорықпайды. Ол Ламған уәлаятының атауының шығу тегі туралы пікір таластыра отырып, оның «Ламкан» атауынан шыққанын, Ламех есімінің исламдық нұсқасынан шыққанын жазғанда, Тэкстон оған қарсылық білдіреді: «Бұл жерде Бабыр қателеседі, «хан және «кван» жалғаулары бар топонимдер

ирандық тектес». Бабыр оған әрине риза болар еді. Тамаша аударма ұлттық әдебиетке – сөзбе-сөз айтқанда, оны ашуға – тамаша кітап бере алды, сондықтан Тэкстон өзінің аудармасымен әлемдік әдеби мұраның ең жақсы кітаптарының бірін ашып, ағылшын әдебиетіне тамаша сыйлық жасады» (Рушди С., 2002: 7-8).

Шынымен де, У.Тэкстон 2002 жылдық аударма басылымында: «*Lam, Lamak, and Lamkan are the Islamic renderings of Noah's father's name, the Lamech of the Bible; and Mehter, or mibtar, is a Persian title, "master". Note also that since Babur's time the name of Lamghan province has undergone metathesis to Laghman. Babur speculates that Lamghan is a variant of Lamkan. He is quite mistaken in this, for the -ghan and -qan endings on so many toponyms in the area are of Iranian origin*», – деп жазады. Қазақша сөйлетсек: «Лам, Ламак және Ламкан – Інжілдегі Нұхтың Ламек әкесі атының исламдық нұсқасы; ал Мехтер немесе михтар парсы тіліндегі «қожайын» (ақсақал) титулы. Сондай-ақ, Бабырдың заманынан бері Ламған аймағының атауы Лағманға метатезаға ұшырағанына назар аударыңыз. Бабыр Ламғанды Ламканның бір нұсқасы деп болжайды. Бұл жерде ол өте қателеседі, өйткені ол аудандағы көптеген топонимдердегі -ған және -қан жалғаулары ирандық тектес» (Тэкстон У., 2002: 484). 1993 жылғы Гарвард Университеті басылымынан шыққан нұсқасында осындай пікір берілмеген. Яғни ғалым аудармасына толықтырулар жасап, осындай шешімге келді. Бұл тұжырымды тексерген жөн.

Бұл аймақта экспедициялық жұмыстарды жүргізген зерттеуші А.Борнс жазбаларына сүйенген К.Риттер З.М.Бабырдың пікірін қате деп есептейді. Мәселен, 1867 жылы жарық көрген «Землеведение. География стран Азии, находящихся в непосредственных сношениях с Россией. Кабулистан и Кафиристан» атты еңбегінде былай деп жазады: «Дегенмен А.Борнске Кабул өзенінің солтүстік жағында одан

жоғары, Жалалабадтың солтүстігінде Легман таулы ауданында тамаша ескерткіштер бар екені айтылды; олардың ішінде оған олар көпірлер заманында тұрғызылған бір таудың етегінде кемемен бірге осында жерленген Құран ізбасарлары арасындағы үш ұлы пайғамбардың немесе әулиенің бірі деп танылатын Лам-Мемуары (Нұхтың әкесі Ламех) қабірін ерекше атап өтеді. Ескі өсиет (Ветхий завет) генеалогияларын Шығыс Үндістанға көшіру және оларды Буддизмге тиесілі заттарға қатысты қолдану қаншалықты күлкілі болса да, біз бұл жерде ежелгі дәуірдің тамаша ескерткіші болуы мүмкін екеніне күмәнданбаймыз. Бізді осы тұжырымға Ч.Массон зерттеулері жетелейді, ол қазірдің өзінде Жалалабадтан Кабул өзенінің солтүстік жағалауы мен оның солтүстік салалары арқылы Легман (Сұлтан Бабырда – Ламған) арқылы өтетін үлкен әскери жолды ашты... Әулие Ламаның аталған бейіті Әлишенг ауданында (тұманында) жатқанын Сұлтан Бабыр айтқаны бұрыннан белгілі; осы атпен бір тау өзені де аталады, Хиндикуштан ағып, Кабул өзеніне құяды. Сұлтан кейбір тарихшылардың Ламды Ламек немесе Ламекан деп те атайтынын түсіндіреді; және оның пікірінше, ол жердегі жергілікті тұрғындардың кафь әрпін көмейлік гаинь әрпіне ауыстыру әдеті болғандықтан, бұл атаудан бүкіл Лагман (яғни қазіргі Легман) таулы ауданы өз атауын алған болуы әбден мүмкін», - дейді (Риттер К., 1867: 42-43). Әлбетте, «Легман» нұсқасын дұрыс атаулар қатарында қарастыра алмаймыз, өйткені бұл еңбек ескі орыс тіліне аударылып жазылған.

Үндістерден парсыларға, моғолдарға т.б. халықтарға көшкен бұл аймақ атауының шығу төркінін білу үшін экстралингвистикалық фактор айтарлықтай рөл ойнайды, яғни аймақтың тарихын білу керек, себебі бұл аймақты үндістерден тартып алған Александр Македонский да бар. Мәселен, оның кезінде аймақ «Лампака» деп аталғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл аймақты бірнеше мемлекет бірінен-бірі тартып

жатты, өйткені ол экономикалық жағынан ұтымды жер болған. Ұлы Жібек бойындағы маңызды нүкте болды, бұл жайлы көптеген шығыстанушылар да жазады. «Бабырнамада» да бұл жайлы сөз етіледі. Бұл мекен үшін Моғолстан, Кабул, Үндістан, Греция т.б. айқасты. Сәйкесінше, атауларын да өз тіліне бейімдеп қолданды. Қанша ғасырлар өткенімен атауда түбегейлі өзгеріс болған жоқ – топоним құрамында «Lam» элементі сақталып отырды, ал кейінгі жалғанатыны тек фонетикалық бейімдеуге ұқсайды. «Lam»-ды сақтап қалуға тіпті шет елінен келген қытайлық Сюань Цзан тырысты.

Клавдий Птоломейдің (шамамен, б.з. 127-145 ж. өмір сүрген) «Географиясы» (шамамен, б.з. 150 ж.) бізге белгілі Көне дүниенің ең көне салыстырмалы егжей-тегжейлі және сенімді картасының сипаттамасы болатын бірегей құжат. Бұл еңбек бүкіл ежелгі географияның дамуының шыңы деп заңды түрде саналады: мазмұны жағынан ол өткен ғасырлар тәжірибесін жинақтап, қалпы жағынан алға қарай революциялық қадам жасады. Өзінің сүбелі еңбегінде ғалым ламбата халқы туралы айтады (Птоломей К.: clsk.ru/33kqMt).

VII ғасырда қытайлық қажы Сюань Цзан бұл мекенді «Лан-по» деп атағанын және Үндістанның бір бөлігі деп есептегенін айтқан болатынбыз. Ол Махаяна буддистерінің және көптеген үндістердің бар екенін айтады. Бұл тұста ол «ламба» сөзін қытай тіліне бейімдеп атаса керек. Ламба деген бұл сол кезде аталған аймақты мекендегін қауым атауы болған, яғни этноним. Бұл жайлы кейінірек сөз ететін боламыз. Су-ил Чон өзінің «Ұлы Жібек жолы энциклопедиясында: «Laghman. Ұлы Жібек жолындағы сауда қаласы. Лағман Ауғанстанның шығысындағы Кабул өзенінің орта жағында орналасқан деп есептеледі. Бұл Пальмира мен Үндістанды байланыстыратын маңызды қала болды, оның жазбалары арамей тілінде жазылған және Кабулдағы Ауғанстанның Ұлттық мұражайында сақталған.

Александр Македонскийдің шығыс жорығы кезінде бұл аймақ Лампака деп аталды, ал Сюань Цзан оны «Ланбо (濫波)», Хэчо «Ланбо (覽波)» деп жазды» (Су-ил Чон, 2016: clck.ru/33kr8J), – сынды дерекпен бөліседі. Иероглифтер бойынша Сюань Цзан жазуы «қатты толқындар», ал Хэчо (Силладан (Корея) шыққан будда монахы) жазуы «Lǎn bō» боп қала береді. Әрине, ойға Сюань Цзан бұл жерді Кабул өзеніне қарап осылай атаған болар деген болжам келеді. Дегенмен де олай емес. Сол кезде Ламғанды мекендеген халықтың тілінде, нақтырақ айтқанда, синдхи, раджастхани тілдерінде «о»-ға аяқталатын зат есімдер көп. Осылайша Сюань Цзан «Lamba»-ны [Lanpo] деп қолданса керек. Өзге елден келген, тілі мүлдем басқа саяхатшылардың кейбір сөздерді шет елге келген халықтың тіліне қарап, кейде өз тіліне де бейімдеп қолдануы жиі кездеседі, демек соңғы болжам ақиқатқа жақын.

А.Каннингем Сюань Цзан мен Клавдий Птолемейдің Ламғанға қатысты деректерін салыстыра отырып, келесідей қорытындыға келеді: «Птолемей де ламбат деп аталатын халықты дәл сол мекенде өмір сүрді деп көрсетеді. Бұл терминді қазіргі Ламған атауымен салыстыра отырып, бұл атаудың бастапқы түрі санскриттік Лампака болған сияқты деуге болады. Сондықтан мен Птолемейдің Lambatae сөзін Lambagae деп түзетіп, «г» әрпін «т» әрпімен аздап ауыстырар едім. Қазіргі атау еріндік элизиясы арқылы жасалған Лампаканың транскрипциясы ғана. Шығыста кең таралғандай, орта дауыссыз дыбыстардың жай ретке келтірілуіне байланысты оны Ламған деп те атайды. Сенгіш мұсылмандар бұл атауды патриарх Ламехтен алды, олардың қабірі Ламғанда әлі де бар деп санайды. Мұны Бабыр мен Әбіл Фазл байқаған» (Каннингем А., 1871: 42-43). Осындай пікірді Птолемей еңбектерін қарастырған МакКриндлдің «Көне Үндістан» еңбегінде де кездестіре аламыз (МакКриндл, 1927: 107).

Әбу Райхан әл-Бируни (973-1048 ж.ж.) өзінің «Китаб тарих әл-Хинд» (Үндістан тарихы туралы кітап) еңбегінде өзендер жайлы сөз еткенде былай деп жазады: «Каябиш еліне, бұл Кабул, жақын жатқан таулардан ағындары мол болғандықтан Горванд деп аталған өзен ағады. Оған Гузак асуының өзені; Парван қаласынан төмен орналасқан Панчхир шатқалының өзені; Ланбага, яғни Ламған, қаласы арқылы өтетін Шарват пен Сава өзендері құяды». Осы жердегі Ланбага, сөзсіз, «Лампака» атауының фонетикалық нұсқасы екені көрініп тұр (әл-Бируни: clck.ru/33kqek).

Априори, көп жағдайда үлкен аумақты алатын мекен атауы сол мекенде өмір сүріп жатқан халықтың атауымен байланысты болады. Біздің ойымызша Лампака және оның бірнеше фонетикалық нұсқаларының негізінде бұл аймақта өмір сүрген халықтың атауы жатыр. Атап айтқанда, көптеген жылдар бойы бұл мекен Үндістанның иелігінде болды. Жат қауымы (jat people) (хинди: जाट Jāt, пенджаби: ਜੱਟ Jatt) – Солтүстік Үндістан мен Пәкістандағы дәстүрлі элиталық емес шаруалар мен малшылар қауымы. «Он сегізінші ғасырдан қазіргі заманға дейінгі Үндістандағы каста, қоғам және саясат» еңбегінің авторы С.Бэйли «жат» («jat») терминіне келесідей анықтама береді: «Jat – Солтүстік Үндістанның негізгі элиталық емес «шаруа» кастасының атауы» (Бэйли С., 2006: 385). Ламба – осындай жат қауымдардың бірі және олардың мекен еткен жері – біз қарастырып жатқан Ламған жері.

Аталған қауым атауының бірнеше нұсқасы бар: Lamba (लंबा), Lamanshi (लामवंशी), Lamba (लाम्बा) (Дахия Б., 1980: 127), Lamba (लम्बा) (Тугания О., 2004: 58), Lava (लावा), Lanva (लान्वा), Lamva (लाम्वा), Lampaka (लम्पक) (<https://clck.ru/33oNpF>). В.А.Жучкевич топонимика ерекше тарихи пән – этнографиямен тығыз байланысты деп атап көрсетті (Жучкевич, 1980: 53). Этнографтардың этноним ретіндегі этностарды сипаттайтын

маңызды көрсеткішті назардан тыс қалдыра алмайтыны (Бромлей, 1973: 223), этнонимдердің топонимикада бейнелену мәселесін тарихи этнография деректерімен сабақтастыра отырып, жеке-жеке зерттеу керектігі атап өтіледі (Агеева, 1967: 36).

Ламған жергілікті халық атымен аталып кеткен сыңайлы. Яғни З.М.Бабырдың көрсткенкеніндей Ұлы Ламех есіміне еш қатысы жоқ. Ламған атауының негізінде антропоним емес, этноним негіз болды деп есептейміз.

Lamba этнонимін жеке алып қарастыратын болсақ, беретін мағынасы сан түрлі. Қауым тарихы тереңде жатқандықтан, этимологиялық болжамдар да сан түрлі. Көп жағдайда буддизм бұтақтары «lamba» тілдік бірлігін түрліше түсіндіреді. Бұл мәселеге көп тоқталмаймыз. Жоғарыда қарастырылған атаулар арасында «lamba»-ға сәйкес келетін фонетикалық нұсқалар көп кездесті. Хинди тілінде «lamba» (लम्बा) «биік» (tall) мағынасын береді (<https://clck.ru/33oPDD>), сондай-ақ санскрит тілінде геометриялық термин ретінде «перпендикуляр» мағынасына ие (Уиллямс, 1899: 897). Осы тұста аталу уәжі мәселесіне келсек, ең алдымен lamba сөзі этноним мен топоним екеуінің қайсына алғашқы болып телінді? Бұны анықтау қиын, өйткені lamba этнонимінің алғаш жазбаша тіркелуі жайлы ақпарат жоқ. Бұл қауымның тарихы тереңде жатыр.

Р.С.Жун Ламба-Ламанши туралы былай деп жазады: «Бұл готра өте көне және раджпуттар, жаттар, маратхтар және кхаттристердің арасында кездеседі. Махабхаратадағы Дронапарвада Лау әулетінен шыққан Врадха Бал патшасы туралы айтылған. Бұл әулет Махараджа Рам Чандра Лаудың ұлынан тараған» (Жун Р., 1967: 93). Сондай-ақ, ол, шамамен, 70 жат готра гуджар әскерлеріне қосылып, өздерін гуджарлар деп атай бастады деп жазады. Ламба – солардың бірі (Жун Р., 1967: 116). Б.С.Дахия былай деп жазады: «Үнділік әдебиеттерде оларды лампакалар немесе лампалар деп те атайды, бірақ Гаруда-

пуранда ламба деп аталады (Дахия Б., 1980: 262). «Маркандея-пурана»-да олар кусерустармен, чуликастармен т.б. бірге солтүстіктен келген адамдар ретінде айтылады (<https://clck.ru/33ohfP>). Махабхарата оларды еске түсіре отырып, олардың жауынгерлік қасиеттерін көрсетеді (<https://clck.ru/33ohjy>). Тіпті, ламбаларды сақтармен байланыстырғандар да бар.

«Б.з.д. II ғасырға қарай Орта Азия аумағындағы сақ тайпалық одағы ыдырап, юэчжилердің шабуылынан кейін сақтардың бір бөлігі Үндістанға қарай бет алғаны» тарихтан мәлім (Скрин Х., 2004: 34). Сондай-ақ кейбір ғалымдардың (Х.Райчаудхури, В.Б.Синха, Б.Н.Мукерджи, С.Чаттопадхая, С.Леви, С.Коноу, М.А.Штейн т.б.) Үндістанға келген сақтарды үш топқа бөлетінін айта кеткен жөн: Орта Азия сақтары; Шыңжаңнан шыққан сақтар (хотандық сақтар, мурунд-сақтар немесе қытай деректеріндегі сай-уан), сондай-ақ оларға сақ-тиграхаудаларды да жатқызуға болады; және иран сақтары (Чаттопадхая С., 1955).

С.Чаттопадхая Үндістанды мекендеген сақтар туралы сөз еткенде Ламған жерін де жеке алып қарастырады. Сондай-ақ әзірге бізге қолжетімсіз Хемачандраның «Абхидхана-Чинтамани» (*Abhidhāna-cintāmaṇi*) деп аталатын санскрит синонимдерінің жүйелі сөздігінде мурундааларды лампактармен, яғни Ламған аймағының тұрғындарымен сәйкестендіретінін де көрсетеді. Автор бұны тұрғындары жайлы ақпаратты сақтап қалған ескі дәстүр: «Лампака = Ламған»-мен түсіндіреді. Мурундаалар (сақтар) бұл жерді мекендеген, бірақ уақыт өте келе үнді халықтарымен сіңісіп кетті дейді. Мурундаалардың тарих сахнасынан кетуін б.з. IV ғасырында Гупта империясының пайда болуымен байланыстырады. Сонымен қатар мурундаалар Самудрагуптаның Аллахабад бағанасындағы жазуында Дайвапутра-Сахи-Саханусахи және «сақтармен» бірге аталған

деген дерек келтіреді. Самудрагупта бұл «өзін-өзі құрбан ету, қыздарды сыйға тарту (беру), Гаруда жетондарын беру, өз аумақтарын табыс ету және шетелдіктердің бұйрықтарды орындауы сияқты құрметпен қызмет ету әрекеті» екенін айтады. «Әрине, мурундалар Гупта монархының билігін шынымен мойындады ма, әлде бұл түсініктеме дәстүрлі емес пе, белгісіз», – деген пікірді ұсынады (Чаттопадхя С., 1955: 12). Демек біз қарастырып жатқан ламбакалар Үндістанға көшкен сақтар болуы мүмкін.

Енді Ламған атауының өзіне келер болсақ, жоғарыда айтылғандай, ламба «биік» деген мағынаны береді. Аталған мағына я этностың антропологиялық ерекшеліктеріне, я мекен еткен жердің ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін деп есептейміз. Яғни атауға уәж болған – не ламбакалардың ұзын бойлы болуы, не мекендеген жердің таулы болуы. Ал егер Ламған аймағының көбінесе таулы массивтерден тұратынын еске түсірсек, бұл мағына мекендеген жердің массивтік ерекшеліктеріне қатысты деп топшылауға болады.

Ламбаканың енді қалайша Ламғанға өзгергенін талқылайық. Ең алдымен, топопонимдегі «Лам»-ның этноним екенін, шартты түрде, дәлелін тапқан шындық деп есептейік («ламба» этнонимінен апокопа нәтижесінде соңғы «б» және «а» дыбыс тіркесі түсіп қалды делік). З.М.Бабырдың бұл аймақты Lamğān деп атаған. Енді «ğān»-ның қайдан шыққанын анықтау қажет. Ойға келетін бірінші болжам – есімшенің жұрнағы. Алайда сөздің түбірі етістік емес, сәйкесінше олай болмаса керек.

З.М.Бабыр аталған мекенге іргелес жатқан жерлерді Ламғанатқа біріктіреді. Демек моғолдар бұл жерге келгенше дейін атауы қалыптасып қойған және моңғол тілінің әсері жоқ. Мәселен, бұған дейін аймақ ирандықтарға бағынышты болды. Ал парсы тілінде «-gān» қатыстылық мәнді береді. Мысалы: ده (deh, «ауыл») + گان (-gān) = دهقان (dehqān, «ауыл тұрғыны, шаруа»)

(<https://clck.ru/33onN4>). Сәйкесінше: лам (этнонимнің қысқартылған нұсқасы)+дық. Алайда Бабырнамада Ламғанат деген топоним де кездеседі. «Қаған – қағанат» сияқты сөзжасам нұсқасы бар. Бәлкім, моғолдар Ламғанды басып алған соң, оған «-ат» көнетүркілік жұрнағын жалғап, Ламғанат топонимін жасаған. Б.Сағындықұлы бойынша, -ат, -ут, -ит көнетүркілік жұрнақтар «ортақтық», «жинақтау», «мол болушылық», «көп, өте көп болу» т.б. ұғымдарын береді (Сағындықұлы Б., 2020: 18). Яғни Ламған жеріне қарасты жерлерді жинақтап, әкімшілік-аумақтық бірлік ретінде атаған.

Ламған топонимінің даму жолын келесідей көрсетуге болады: Lamba (Сюань Цзян, Лан-по, Үндістанның бір бөлігі боп тұрғанда) – Lambaga/Lampaka (А.Македонскийдің шапқыншылығы кезі, гректердің иелігіне өтуі) – Lamgān (парсылар кезінде, яғни Моғол тайпаларының басып алуына дейін және одан кейін). Ұзын сөздің қысқасы, топоним сол мекенде кезінде ұзақ уақыт бойы өмір сүрген қауым атауына ілесіп аталып жүрді. Бұл жерде Нұх пайғамдардың әкесі Ламехтің қатысы жоқ болып шықты. Бабырнамадағы болжамды тек халықтық этимология ретінде ғана қарастыруға болады және ол өз негізінде ғылыми дәлелдерге ие емес. Экстралингвистикалық факторларға көбірек сүйеніп, аймақты басып алушы халықтың тіл ыңғайына қарай апокопа үдерісі мен өз тілінің дыбыстарын я морфемаларын қосу үдерісі жүрді деп есептейміз. Бұндай тұжырымға келуге көне саяхатшылардың бұл мекенді қалай атауы да, «lam» элементінің топоним құрамында әрқашан сақталуы да т.б. түрлі факторлар жетеледі.

Қорыта айтқанда, біздің пікірімізше, З.М.Бабырдың Ламған топониміне қатысты этимологиялық нұсқасы бұрыс және ол тек халықтың сеніміне ғана негізделген, ал шын мәнісінде атауға негіз болған lamba (lampaka) этнониміне парсы тіліндегі қатыстылық мәнін беретін жұрнақ жалғануы арқылы жасалған

(Lam+gān). Осылайша З.М.Бабыр кезінде Ламған жері Моғол империясының қол астында болса да, топонимнің өзі өзінің бұрынғы тұрғындарын ұмытпаған, есте сақтаған. Сәйкесінше, этнографтар да тіл білімі, оның ішінде этимология арқылы көне этнос, қауымдардың кезінде өмір сүрген географиялық мекендерін анықтай алады. Топонимнің біз үшін маңыздылығы да осында – оның бойында бірнеше ғылым үшін құнды болатын деректер табылып жатады. Алдында атап өткендей, Бабырнамада мыңдаған топонимдер бар. Олардың барлығын тілдік зерттеу – келешектің ісі.

2.5. Дромонимдер және жолға қатысты лексика

Ұлы Жібек жолының топонимикалық нысан ретіндегі орны.
Ұлы Жібек жолы – ұлы жол және жолдың атауы. «Топонимикалық нысан» ұғымы кешенділікпен тікелей байланысты, өйткені ол, ілгерідегі бөлімдерде атап өткеніміздей, тіл, тарих, география салаларының тоғысында пайда болған ғылым. Бұл үшеуімен әрі тікелей байланысты, әрі үшеуіне де тәуелсіз, дербес сала (С.Басик, 2008: 6).

«Жібек жолы» атауын алманиялық ғалымдар Ф. фон Рихтхофен (F. von Richthofen) бен А. Герман (A. Herman) 19 ғасырда ұсынған. Оған дейінгі ұзақ уақыт аралығында ондай біртұтас атау болды ма, болмады ма әлі нақты белгілі емес. Жібек жолы» атауын алғаш рет жалпы қолданысқа 1877 жылы Фердинанд фон Рихтхофен (Seidenstraße неміс тілінен тура аудармасы «Жібек жолы») енгізген болатын, оған дейін ол Қытайға жеті экспедицияға қатысқан (1868-1872 жж.) (Richthofen., 1877). Дегенмен де бұл атау оған дейін де қолданылған деген пікірді М.Мертенс алға тартады (Mertens, 2020). Сөзі дәлелді болу үшін ол Ф. Фон Рихтхофенге дейін «Жібек жолы» атауын қолданған ғалымдардың еңбектеріне шолу жасап,

хронологиясын анықтаған. Соның негізінде Ф. Фон Рихтгофентің Жібек жолының бір тармағын «Керуен жолы» деп атағанын да көрсеткен. Сонымен бірге «Жібек жолы» атауының авторы ретінде Ф. Фон Рихтгофенті алмастыратын ғалым – Карл Риттер (Carl Ritter, 1848) екендігін аңғартады. Алайда Бірнеше ұрпақ ғалымдар ізденістерін біріктірген «Жібек жолы» атауының түпкі авторын іздестіріп, пікір таласудың қажеті жоқ, қайта «Жібек жолының» лингвистикалық және саяси шегі жоқ, көптеген қауымдастықтардың командалық ізденіс әрекетінің нәтижесі деп санауды жөн деп тапқан.

Демек, жүргіншілер жүретін, басы мен аяғы бар нысан ретінде көпке танылғанмен, топонимдік атау ретінде сол кезге дейін әлі толық орнықтамаған, танымалдық дәрежесі де жоғары емес еді. Бұл атау XIX ғасырда қолданысқа енгізілгенімен XX ғасырға дейін ғалымдар арасында кеңінен қолданылмады, тек 1937 жылы ғана швед географы Свен Хедин «Жібек жолы» атты кітабын жарыққа шығарды. Содан бастап атау академиялық орта қолданысында кеңінен қолданыла бастады (Reports from., 1937).

«Жібек жолы» атауына қарсы болғандар да жетерлік, мәселен, Уорик Боллдың пікірінше, Рим империясы үшін Үнді мен Араб елдерімен теңіз арқылы тәттілерге сауда теңіз арқылы Үнді елімен, ал құрлықта көптеген делдалдар, соның ішінде соғдылар арқылы жүргізілген Қытайдың жібегіне саудадан гөрі пайдалырақ болған (Warwick Ball, 2016).

Жібек жолының оңтүстік бөлігі б.з.б. 5000 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін өндірісте нефритті қоладанады, сондықтан да «Нефрит жолы» десе де болар еді, алайда жібекпен сауда әрі ауқымды, әрі географиялық тұрғыдан тармақталған болып келеді. Қытай жібегінен басқа Шығыстан ең өтімді тауарлар қатарында шай, бояуыштар, иістенгіштер және фарфор болды,

батыс экспорттық тауарлар қатарында жылқы, түйе, бал, шарап және алтын болған.

Жібек жолын зерттеген белді ғалымдардың бірі – Хисао Мацуда «Жібек аттар саудасы» атауын ұсынған, мұның себебін ол осы негізгі екі тауар саудасы Жібек жолындағы барлық мәдени және сауда қатынасына себеп болғандығымен түсіндіреді (The Horses of the Steppe, 2008). Шын мәнінде, Жібек жолының дамуына далалықтар мен олардың жылқыларының рөлі зор, далалықтардың мәдениеті, жылқы малын үйретуі т.б. ақпарат қытайлардың нефриттен жасалған бұйымдары мен жібек маталарында көрініс тапты.

«Ұлы Жібек жолы» атауы кейінірек қолданысқа ие болды. Ұлы Жібек жолының тармақтары бірнеше себептермен жеке атауларға ие болған, мәселен, оңтүстік бағыты немесе Қарақорым бағыты. Сонымен бірге, басында Ф. Фон Рихтгофеннің Жібек жолының бір тармағын «Керуен жолы» деп атағанын да айтып кеткенбіз.

Э.В.Ртвеладзе Жібек жолынан бұрын Ұлы Үнді жолының (атауды ұсынып отырған Э.В.Ртвеладзе) қалыптасқанын алға тартады. Оның пікірінше, «Шығыстан б.з.б III-II ғасырдың соңында Үнді алқабының ұлы харапп өркениетінің дравид бастамашылары Окса алқабына сауда кеңістігін құрып, шыққан, содан кейін келесі ғасырларда Бактрия мен Маргиан өркениетінің елеулі ізін қалдырып, Каспий теңізіне қарай батысқа бет алған». Автор өз ойын Ұлы Жібек жолының қалыптасып, онда сауданың дамуына дейін екі мыңжылдық бұрын Үндіні батыс әлемімен байланыстырған жол жүйесі болғандығын келтірілген дәлелдермен дәйектейді (Э.В.Ртвеладзе, 2012: 10-12). Дегенмен «Жібек жолы» атауының тұңғыш қолданушысы кім деген сұраққа жауап іздеген М.Мертенстің зерттеу нәтижелері «Жібек жолы» атауының қай кезден қолданылатынын анықтау қиынға соғады, яғни

Э.В.Ртвеладзе айтып отырған «Ұлы Үнді жолы» атауы Жібек жолының бір тармағының атауы да болуы мүмкін. Сонымен бірге, Бірнеше ұрпақ ғалымдар ізденістерін біріктірген «Жібек жолы» атауының түпкі авторын да, қай атау бірінші қалыптасқанын іздестіру пікір-таластың қажеті жоқ, қайта лингвистикалық және саяси шегі жоқ, көптеген қауымдастықтардың командалық ізденіс әрекетінің нәтижесі болып табылатын «Жібек жолын», ондағы топонимдерді зерттеу аса маңыздырақ.

«Жібек жолы» жалқы есім, сондықтан лингвистиканың нысаны, алайда жердің беткі қабатында орналасуы, жердің қыртысымен, бедерімен байланыстылығы бойынша ішкі мазмұны жағынан географиямен де сабақтас. Бұл тұрғыдан алғанда топонимиялық лексиканың құрамына кіреді.

Тіл білімінің ономастика саласы бойынша зерттеулер саны өсіп келеді, мәселен, антропоним, топоним, этноним, космоним түрлері бұрынырақтан зерттеу нысанына айналып келсе, қазіргі кезде эргоним, прагматоним, ойконим сияқты түрлері де кеңінен зерттелуде. Өзінің аясына жалқы есімдердің жеке тарауларын жинақтайтын бұл терминдер жиыны ономастикалық кеңістікті құрайды. Ал ономастикалық кеңістік теориялық ономастиканың негізгі ұғымы болып табылады. Оның құрамына басқа разрядтың енгізілуі мен жалқы есім дәрежесін беру тұрғысынан бұл ұғымды зерттеушілер әртүрлі талдайды. Сол себептен де бұл ұғым Н.В. Подольскаяның ономастикалық терминология сөздігіне енген болуы мүмкін.

В.И. Супрун ономастикалық кеңістікті күрделі көп аспекті әр компоненті көптеген ерекшеліктерге ие және ішкі құрылысының қатынасынсыз жалқы есімдер жиынтығынан тұратын көп объектіні құрылым деп қарайды (В. Супрун, 2000).

В.Д. Болотов «жалқы есімді түсіну үшін оның ономастикалық шегін анықтау керек» деп санайды. Ол антропоним үшін сөйленісте жекелеуге қатысатын атаудың

энциклопедиялық мағынасымен тығыз байланысқан әлеуметтік шек ұғымын енгізген. Жалқы есімнің энциклопедиялық мағынасы көп қырлы, себебі ол бір уақытта бірнеше әлеуметтік шекте өмір сүреді (отбасының әлеуметтік шегі – күйеу, аға, бала; атау иесінің жұмыс жасайтын нақты кәсібінің әлеуметтік шегі, адамның әртүрлі қызығушылық шегі т.б.) (В.Д. Болотов, 1972: 333-346).

Шек құрылымына қатысты ой жалғасын В.И. Супруннан да табамыз. Ономастикалық шек төмендегі ерекшеліктерге ие нақты тілде ерекшеленетін құрылым болып табылады:

- өзекті-перифериялы қатынастың болуы;
- семантикалық жалпылық;
- ұқсас семантикалық құрылым (дифференциялды және потенциялды семалардың болуы/болмауы);
- жиілік;
- стилистикалық бояуы;
- сөзжасамдық белсенділігі.

Бұл белгілер өзара байланысқан, олардың кейбірі өзектіленуі және бейтараптануы мүмкін (В. Супрун, 2000).

Бұл белгілерге жалқы есімнің маңызды ерекшелігі – жүйелікті қосуға болады. Осыған қарамай кейбір зерттеушілер жалқы есімнің жүйелігін жоққа шығарады, дегенмен ономастика бойынша теориялық еңбектерде басқа лексикалық категориялар жүйелігінен ерекшелінетін антропоним мен топонимге қатысты онимдер жүйелігі тұжырымдалады (жалқы есімнің басқа разрядтары жүйелік тұрғысынан зерттеуді талап етеді).

Сонымен бұл пікірлерден ономастикалық кеңістік шектерге (антропонимия, топонимия, зоонимия, космонимия т.б.) бөлінетін нақты денотаттарға қатысты жалқы есімнің жиынтығы деген ойды бөліп алу маңызды.

Қазақстан топонимдері қазірдің өзінде жан-жақты зерттелуде, алайда топонимдердің барлық түрі қажетті деңгейде

зерттелуде деп айта алмаймыз. Топонимдердің ішінде ойконимдер, гидронимдер, эргонимдер барынша зерттелуде, мұның себебі аумақтық-әкімшілік нысандарының тізімдемесі мен аталу барысына ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі тарапынан бақылау жүргізілуде. Дримоним, дромоним, некроним т.б. топоним түрлері біраз қамтылғанмен, қажетті деңгейде зерттелуде деп айта алмаймыз. Топонимнің әр түрі әр өлкенің ономастикалық кеңістігін құрайды, соның ішінде өлке топонимиконының өзектік (ойконим, гидроним, ороним)-шектік (дримоним, некроним, дромоним, астионим) қатынасын құрайтын атаулар теңдей жағдайда зерттелуі қажет. Көшпелі қазақ өмірінің өшпес ізі болып табылатын, Қазақстан аумағын тұтастай қамтитын Ұлы Жібек жолы – маңызды ақпаратты қамтитын тілдік бірлік. Ал ол жалқы есім ретінде қаншалықты зерттелді деген сауал өзінің жауабын күтетіні белгілі.

Ұлы Жібек жолы жалқы есім болып табылады, ономастикалық кеңістіктің өзегін құрайтын разряд – топонимнің бір түрі, соның ішінде көш (керуен) жолын білдіреді, яғни дромоним. Дромоним – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, әуе қатынас атаулары. Мысалы, *Ұлы Жібек жолы, Қасқа жол.*

Ғалымдардың пікірінше, «Жібек жолы» атауы қолданысқа ХІХ ғасырдың соңында енгізіліп, кейіннен тарихшылар бұл атауды «Жібек жолдары» атауына өзгерткен, себебі тармақтарының көптігін әрі бірнеше құрлықтарды біріктіріп тұрған құрлық жолы екендігін білдіретін болғандықтан осы атауды жөн санайды. Бұл атау Қытайдан шығатын негізгі тауар – жібекпен пайдалы саудаға байланысты шығып, бірнеше құрлықтарды біріктіретін желіге айналғандықтан тағылған.

Жол атауларының жиынтығы тіл ғылымы жүйесінде «дромоним» терминімен аталады. Ал оның анықтамасына келетін болсақ, «Дромоним – топоним түрі (грек тіліндегі *Δρόμος*

— жүгіру, қозғалыс, жол, тас жол, өткел + *ὄνομα* — атау, есім). Елді мекеннен тыс жатқан жер бетіндегі, жер астындағы, судағы, әуедегі кез келген жолдың жалқы атауы. Елді мекен ішіндегі көшелерден айырмашылығы – ондай жолдардың атауының болуы міндетті шарт болып табылмайды, көбіне атаусыз өмір сүре береді... (Н.Подольская, 1988). Топонимиялық қордың толығыуы белгілі бір жүйеге бағынады. Оның ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік қағидалары бар. Ол адам, таным, нысан арасындағы өзара байланысқа негізделеді (Б.Әбдуәлиұлы, 2021: 92-112). Жол атауларының да берілу шарттары бар, ол көбіне баратын бағыттағы соңғы нүктенің (елдімекеннің немесе т.б.), жол бойындағы (жолға жақын аймақтағы) географиялық нысанның атымен аталады. Терминнің анықтамасында көрсетілгендей, тұрақты атауының болуы міндетті шарт емес. Алыс елдерді жалғап жататын ұлы жолдардың да ресми бекітілген жалқы атауы болмауы мүмкін, бірақ айналасындағы басқа жолдардан айыру үшін, нормалануы мен танымалдық дәрежесі жоғары болмаса да, белгілі бір сөзбен аталады. Ол күрежол, қара жол, көлденең жол, Басшидің жолы т.б. түрінде келеді де, белгілі дәрежеде жалқылық сипатқа ие болады. Топонимдер, яғни жер-судың жалқы атаулары бір шоғыр, жинақы, карта бетінде нүктемен көрсетілетін нысандарға, сонымен қатар созылып жатқан нысандарға да беріледі. Соның ішінде жол өзінің формасы жағынан тау, өзен, жал т.б. ұқсас болып келеді. Ұзына бойы бірнеше шақырымнан мыңдаған шақырымға дейін созылып жатады. Тым үлкен аумақты алып жататын географиялық нысандар бір макротопонимнің аясына жинақталғанмен, өз ішінде жеке аймақтарының ерекшеліктеріне қарай көптеген микротопонимдерден де құралады. Алыс қашықтықты алып жататын жолдар да сол секілді. Осы ерекшелігіне қарай өтіп жатқан жерлердегі географиялық нысандар мен елді мекендердің түрлеріне, тұрып жатқан

халықтың тілі мен көзқарасына қарай Жібек жолының да әр аймақтардағы бөлігі түрліше аталған болуы мүмкін. Болжам жасауға мүмкіндік беретін ұқсас мысал: «Абай жолындағы» мына сөйлемдерді соған мысал етуге болады: «Үш күндік жолдың бүгінгі, соңғы күніне шәкірт бала барын салды... Кей-кейде өзіне таныс Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ сияқты қоныс-құдықтардың тұс-тұсына келгенде бала оқшау шығып, астындағы жарау құла бестісін ағызып-ағызып та алады» (М.Ә). Қала мен ауыл арасындағы жолда келе жатыр, жолдың атауы жоқ, алайда жолдың қай жерінде келе жатқанының белгісі ретінде «Көкүйірім мен Буратиген, Тақырбұлақ» секілді топонимдерді қолданады. Сол секілді «Жібек жолы» атауы да ресми тіркеліп, әлемге танымал болғанша әр аймақтағы бөлігі әртүрлі аталған болуы мүмкін.

Жолдың өзімізге белгілі мағынасындағы «адам мен көлік жүруге, жүк тасуға, пайданылатын құрлық бетіндегі қатынас жолдары...», – деген түсінігі қызметі мен қолданысына байланысты берілгенін көреміз. Ал өзінің нысан ретіндегі сипаттамасы қандай болу керек? Нысан болған соң оның заты, құрылысы, сыртқы формасы болуы шарт. Сөз мағынасының аясында оның мазмұнындағы ақпараттардың барлығы немесе ерекше байқалатын нақты бір бөлігі қамтылады. Жібек жолы жағдайында, ол формасы бойынша батыс пен шығысты жалғап жатқан ұзын сызық, оны салуда арнайы жол-құрылыс материалы пайдаланылмағандықтан заты жоқ, белгілі бір қабаттардан немесе бөлшектерден құралмағандықтан құрылысы бар деуге де келмейді. Сондықтан нысандарға тән «табиғи» немесе «адам қолымен жасалған» деп аталатын топонимиялық классификацияның біріне жатқызу да қиын. Өйткені табиғи емес, адам қолымен де салынбаған. Елді мекендер мен елдердің арасындағы қатынастар барысында аяқтың, көлік дөңгелектерінің іздері арқылы қалыптасқан. «Жібек жолының» дромонимдік

мағынасына үңілетін болсақ, атау мен жол сызығының байланысын көреміз, яғни «Жібек жолы» атаудың дыбыстық формасы болса, көз алдымызға елестейтін созылып жатқан ұзын сызық – мағынасы. Дромоним мазмұнында құрылысы мен заты туралы ақпарат қамтылмаған, атаудың болмысы дыбыстық форма мен мағыналық форма бірлігінен құралған. «Жібек жолы» ең бірінші әлем елдеріне белгілі жол атауы, лингвистикалық, географиялық, тарихи әрі географиялық сипаты жағынан классификациялық жүйесі бойынша топонимиканың нысанына жатады.

Ұлы Жібек жолының бойында елді мекендер, қалалар салынды. Жібек жолы бойында сан ғасырлық тарих жатыр, сонымен бірге экономикалық, мәдени, шаруашылық, рухани байланыстың, түптеп келгенде адамзат өркениетінің негіздері жатыр. Өйткені қай заманда болсын өзімен-өзі томаға тұйықталған елдер, адамзаттың ұлы көшінен кенже қалып, соңында ұлт ретіндегі өміріне қауіп төнетінін тарих әлдеқашан дәлелдеген. Керісінше әлемдегі жаңалықтарды игеріп, алға қарай ұмтылған елдер өркениет көшінен өз еншісін алып отырған. Жібек жолы бұл тұрғыдан алғанда түрлі мемлекеттер мен халықтарды байланыстырып, адамзат дамуына өлшеусіз үлес қосты. Жібек жолы қазақтың ұлы даласын көктей өтіп Еуропамен жалғастырғанын тарихтан жақсы білеміз. Бұл аймақтан өтетін Ұлы жолдың бойындағы атаулар негізінен көне тұлғалы топонимдер мен қазақ даласының әр аймағында қайталанып келетін, тілімізде сақталып келе жатқан байырғы қазақ топонимдері. «Жібек жолының» дромонимдік қызметі оның айналасында жолға қатысты арнайы лексикалық қордың қалыптасуына ықпал етті. Лексикалық қордың қазіргі заманға бейімделу барысы оның бойында жүріп жататын терминдену үдерісінен көрінеді (Ә Хасенов, 2003: 102-103). Бұл атаулардың біршамасы қазіргі тілімізде терминдену үдерісін басынан

кешіріп жатыр. Мысалы, «жол» сөзінің сөзжасамдық мүмкіндігі арқылы тасжол, теміржол, жаяу жүргіншілер жолы, қалааралық жол, әуежолы, сужолы, жерасты жолы, жерүсті жолы т.б. терминдер қалыптасса, бұрынғы «даңғыл жол», «жол торабы», «жаяу жүргінші» т.б. күрделі тұлғалар бүгінге ықшамдалып – даңғыл, торап, жүргінші, жаяу болып жеке-жеке қолданысқа ие болып отыр. Сонымен қатар жолға қатысты тура мағыналы кейбір лексикалық бірліктер белсенділігінің төмендегені де байқалады. Мысалы, сүрлеу, соқпақ, таптаурын, айдау жол, айрық жол, жал жол, көк шиқылдақ жол, күзер жол, қаптал жол, сайрақ сары жол, шана жол, шатқалды жол т.б. атаулар негізінен көркем шығармаларда атауыштық қызметіне байланысты немесе стильдік мақсатқа қарай қолданылғаны болмаса, қазіргі ресми-іскерлік салаларда белсенділігі байқала бермейді, сондықтан олардың табиғатында болуы тиіс терминдену үдерісі де кідірістеп тұр.

Тіліміздің сөздік қорындағы жол атаулары мен жолға қатысты лексиканың даму барысы және тіліміздегі қолданысы арнайы зерттеуді талап етеді. Жолдардың жаңа түрлері пайда болған, осыған тікелей қатысы бар логистика мен коммуникациясы дамыған қазіргі заманда бұл саланың лексикалық қорын жасақтау немесе тілдік қамтамасыз ету қолданбалы тіл білімінің алдында тұрған маңызды мәселе. Тіл қолданысының жүйесі тарихи сабақтастықта дамуды қажет етеді. Тілдің лексикалық қоры халықтың өткенінің айнасы, екінші жағынан өтпелі уақыт үздіксіз өзгерістерден тұрады. Оның барлығы тілдік қор мен тілдік жүйеден көрініс беріп отырады. Бұл тұрғыдан қарағанда тіл тағдыры сақталу мен өзгерудің өзара тартысынан тұратындай көрінеді. Екеуін бір-біріне қарама-қайшы қоюға да болады, керісінше бірін-бірі толықтырып отыратын мәндес-сабақтас құбылыс ретінде де қарауға болады. Байырғы лексикалық қорды жаңа заманға, жаңа салаға бейімдеп,

мағыналық жағынан жаңғыртып отыру соңғысына сәйкес келеді – маңыздысы да сол. Жол атаулары және жолға қатысты лексиканы зерттеу мен жаңғырту тіл теңізіне құйылатын бір ғана арна.

Қазақ тіліндегі жолға қатысты лексика. Қазақ халқының қоғамдық құрылысы дамудың түрлі сатыларын басынан кешірді. Арғы тарихында қалыптасқан жүйе кейінгі жақын ғасырларда феодалдық, социалистік, нарықтық қатынастар болып жалғасын тауып жатты. Оған қазіргі жаһандану үдерісіндегі өзгерістерді қоссақ ұлттың рухани әрі материалдық мәдениетінің тұрақтылығына тиеп жатқан елеулі ықпалдар көрініс береді. Ал тілдің лексикалық қоры – осы өзгерістердің айнасы. Соның ішінде өткені мен бүгінінің сабақтастығы аса маңызды мәселе. Қоғамдық құрылыс өзгеріп, тұрмыс пен шаруашылық жаңаша сипат алып, жаңа экономикалық құндылықтар орнағанда, тілде бар көптеген сөздер көнеріп, жаңа атаулар ене бастайтынын қазақ тілінің қазіргі жағдайы көрсетіп отыр. Өткен мен бүгінгі арасындағы байланыстың беріктігі мен әлсіреуі осындай тарихи жағдайларға байланысты орын алады. Сондықтан, белгілі бір ұғым-түсінік аясына топтасқан сөздерді жинақтап, көлемі мен семантикалық өрісін анықтау, зерделеу теориялық әрі қолданбалық зерттеулер үшін де маңызды. Тіліміздегі жол атаулары мен жолға қатысты лексика – бүгінге дейін арнайы зерттеу нысанына айналмай келе жатқан тақырып. Бұл таза лингвистикалық әрі пәнаралық байланысқа негізделетін кешенді мәселе, өйткені жол лексикалық бірлік ретінде – лингвистиканың, жолдардың тарихы бойынша – тарих пәнінің, белгілі бір аумақта орналасуы бойынша – географияның нысаны болып табылады (Б.Бияров, 2012: 29-55). Тарихи тұрғыдан қарастырып, жол туралы айтқанда ең бірінші Ұлы Жібек жолы ойымызға оралады.

Жібек жолы – Еуразия кеңістігінің Шығысы мен батысын жалғастырып жатқан байланыс нысаны, жалқы есім – топоним.

«Ұлы Жібек жолы бойындағы тарихи топонимдер» тақырыбының ауқымы кең, ұлы жол бойында жатқан елді мекендер, айналасындағы географиялық нысандар, оған жан-жақтан барып қосылатын тармақтар т.б. осы ауқымның аясына кіреді. Сондықтан «Жібек жолын» тарихи мәні басым адам қолымен жасалған құрылыс деп қана қарамай, өзіндік мағынасы мен мазмұны бар құрылымдық жүйе ретінде зерттеудің маңызы зор. Еуропа мен Азияның ортасында тұрған ұлы даламыз бар, осы өңірді мыңдаған жылдар бойы мекендеген халқымыз бар – бұл ел мен жер тұтастығының көрсеткіші. Ел мен жер тұтастығы ең бірінші жердің табиғи жағдайларына адамның бейімделуі мен оның географиялық сипатын терең танып, оған ат қойып айдар тағып, игере алуымен ерекшеленеді. Халықтың жерді игеруінің бір көрсеткіші – жолдар. Әсіресе көшпелілік дәстүрін ұстанған ел үшін жолдың маңызы зор және төл дәстүріне сай барар жерінің бағдарын анықтау мен жол салу біздің халқымызға тән ерекшелік деп білуге болады. Далалықтарға тән өмір салтын негізге ала отырып болжам жасасақ, Ұлы Жібек жолына дейін де Ұлы даланың төсін шимайлаған жолдардың болғаны күмәнсіз. Еуропа мен Азияны жалғап жатқан ұзақ жолдың ішкі мазмұнына үңілер болсақ, қазақ даласынан өтетін бөлігі өзінің тармақтарымен де, көлік белін суытып, дамыл алып аялдар орталықтарымен де ерекшеленеді. Жолдың басты қызметі жүргіншіні адастырмау болғанмен, әр тұстағы ауыр-жеңілдігі географиялық жағдайлар мен онда мекендейтін халықтың өркениеттік көзқарасының дәрежесіне тікелей байланысты. Сондықтан, Ұлы Жібек жолының мыңдаған жылдар бойы бағытын өзгертпей сақталып қалуы ең бірінші қажеттілік болса, екіншіден жергілікті халық тарапынан жасалған қолайлы жағдайдан.

Қытай елінен басталатын бұл жолдың аты мен мазмұнын салыстырып қарасақ, әрине толық мәнінде бір-біріне сәйкес келе

бермейді. «Жібек жолы» деп аталғанмен, бұл жолмен тек жібек қана емес, басқа да түрлі тауарлар артқан керуендер жүрген. Қазақ даласынан өтетін тұсында да сауда жасалып, қазақтар өндірген өнімдер мен тауарлар алыс елдерге жол тартқан. Ұлы даланың аумағындағы жердің ыңғайын онда мекендейтін халықтан жақсы ешкім білмейді, демек оның қалыптасуында да жергілікті тұрғындардың өзіндік орны ерекше. Осы тұрғыдан қарастырсақ, «Жібек жолы» белгілі бір елге ғана тән меншік немесе жібек матасы ғана тасымалданған дейтін жеке дара ұғым-түсінік атауы емес, басқа да ұлы жолдарды біріктіруші негізгі бағыт болып шығады. Демек, Жібек жолы басқа да үлкен жолдармен тығыз байланыста қалыптасқан негізгі күретамыр, оны тану үшін мынандай үш мәселеге назар аударуымыз керек: *бірінші* – Қазақ тіліндегі «жол» сөзінің қолданылу ерекшелігі; *екінші* – қазақ даласындағы жол атаулары; *үшінші* – «Жібек жолының» топоним нысаны ретіндегі орны. Жібек жолының мәні мен мағынасын осылайша кешенді түрде қарастырғанда, атаудың ішкі мазмұны айқындалып, ұлттық сипаты арта түседі.

Қазақ тіліндегі жолға қатысты лексика және жол атаулары байырғы қазақ тілінде қалыптасқан және дыбыстық тұлғалары мен мағыналарының өзара қатынасы қолданыс барысында біртұтасып, нормаға айналған. Зерттеу барысында осы тақырып аясындағы лексикалық бірліктердің мөлшерін, қолданыс аясын, семантикалық өрісін т.б. анықтау көзделген болатын, сондықтан ең бірінші жинақтау мен жүйелеуге мән берілді. Қазақ тіліндегі дромонимдердің түрлері анықталып, олардың тарихи-мәдени мазмұнын ашу үшін экстралингвистикалық талдаулар жасалады. Жолға қатысты лексиканың тура және ауыспалы мағыналардағы қолданысына мысалдар келтіріліп, семантикалық аясы мөлшерленді. Жол – жер бетінде жатқан нысан әрі арақашықтықты білдіретін нысан болғандықтан географиямен, халқымыздың өткен күндердегі жол туралы ұғым-түсініктерін,

көзқарастарын қамтитындықтан тарихпен, өзіне тиесілі лексикалық бірліктері арқылы лингвистиканың нысаны, сондықтан тақырыпты пәнаралық байланыста зерттеу мәселесі аса маңызды, екінші сөзбен айтқанда аталған үш пәннің тоғысында кешенді талдау жүргізу аса маңызды мәселе. Тақырыпқа қатысты материалдар Қазақстан тарихы бойынша зерттеулерден, қазақ тілінің түсіндірме сөздіктері, қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі, көне түркі сөздігі және т.б. еңбектерден алынды.

Қазақ тіліндегі «жол» сөзінің қолданылу ерекшелігі халықтың тұрмысы мен ұғымындағы жолдың орнын бейнелейді. Тілімізде жол сөзі тура мағыналы топонимикалық термин қызметінде ғана қолданылмайды, сонымен қатар ауыс мағынасында тілдің көркемдік құралы ретінде де жұмсалады. Халықтың танымы мен мәдениетінің бір тарауы жол сөзімен тікелей байланысып жатады. Бұл тұрғыдан алып қарағанда, тіліміздегі жол мен оған қатысты лексиканың материалдық дүниемізден де, рухани кеңістігімізден де өзіндік орын иеленгенін көреміз. Жолдың тіл қолданысындағы орны қаншалықты кең болса, оның халықтың таным-түсінігі мен өміріндегі орны да соншалықты терең бола түседі. Қазіргі жолға берілген анықтамада: «Жол – ерсілік-қарсылы адам мен көлік жүруге, жүк тасуға, пайданылатын құрлық бетіндегі қатынас жолдарының жалпы атауы», – деп сипатталады (ҚӘТТС). Жол – адамды көздеген жеріне, мақсатына жеткізуші нысан. Жол А нүктесі мен Б нүктесін байланыстырушы желі ғана емес, кең көлемде алғанда халықаралық қатынастарды жандандырушы, шағын көлемде алғанда қала ішіндегі үй мен үйді жалғастырып, жүруге қолайлылық тудыратын нысан. Тілде қолданылатын атаулардың түрлеріне қарай халықтың өміріндегі сол зат пен құбылыстың орнын және оған қаншалықты мән берлігенін анықтауға болады. Қазақ тілінің сөздік қорында жолдың мынандай түрлері кездеседі: *айдау жол, айрық жол, арба*

жол, аспа жол, асу жол, әуе жолы, даңғыл жол, жалғыз аяқ жол, жал жол, көк шиқылдақ жол, күзер жол, күрең жол, күре жол, қаптал жол, қара жол, қасқа жол, қоян жымындай жол, сайрақ сары жол, соқпақ, сүрлеу, сорап, су жолы, табан жол, таптаурын жол, тастақ жол, темір жол, торап, төте жол, ұлы жол, шана жол, шатқалды жол, шетін жол, шытырман жол (А.Әмірбекова, 2017).

Бұл аталған жол атаулары жолдың түрлерімен бірге оның сипатын да білдіреді. Ұлы далада қазақтар жүрген, қазақтар салған және ат қойған жолдардың түрлері осындай. Тіліміздегі дромонимдер топонимиканың нысаны ретінде жан-жақты зерттеліп, алдағы уақытта арнайы жинақталса, ілгеріде берілген атаулардың қатары әлі де толық түсері анық. Бұлардың ішінде негізгі үлкен жолдар мен оған барып қосылатын қосымша жолдар, сонымен қатар шағын аймақтардағы елдімекендер мен нысандарды жалғап жатқан кіші жолдар да бар.

Жол – сапар шегу, ел аралау, саяхатқа шығу, жинақтай айтсақ, тұрып жатқан жерінен басқа жаққа бару немесе барып қайту кезінде пайдаланылатын топонимикалық нысан түрі. Көп тілдерде жолды өмірмен саластыра қолдану дәстүрі бар. Осыдан келіп, жол түрлерінің атаулары тура және ауыс мағыналарға ие болған. Ілгеріде атап өткеніміздей, жыл мезгілдеріне қарай көшу барысында үнемі жолда болатындықтан, қазақ халқының ұғымындағы жол түрлері жаңғырып, жаңаша түсініктерге негіз болып отырған. Халық өмір мен жолды қатар қойып, «өмір жолы» деп атайды, осыған байланысты асу, бел, белес, асқар тау т.б. секілді географиялық нысан атаулары да жолмен байланыстырылып, ауыс мағынасында өмір жолындағы шындалу кезеңдері ретінде орныққан. Қазақ танымындағы жолдың орнын анықтау – жол ұғымының өмірімізден қаншалықты орын алатынын да көрсетеді, сондықтан оның тура және ауыс мағыналарына жеке тоқталудың маңыз зор.

Жол сөзіне қатысты атаулар әуелде **тура мағынасында** пайда болған. Ойды астарлы, көркем сипатта емес, тура мағынасында жеткізу үшін сөз немесе сөз тіркесі тікелей нысанның өзіне қатысты қолданылады. Жол және оған қатысты ұғым-түсінік атаулары ілгеріде аталғандармен шектелмейді, тілдік қолданыста жолдың көлемі мен сапасын, орналасу ыңғайын білдіретін «тар жол», «тайғақ жол», «тік жол», «көденең жол», «қия жол», «қиыс жол», «қиыр жол», «қилы жол» т.б. секілді атаулар бар, сол секілді екі нысан арасын жалғап жататын «үй арасындағы жол», «ауыл арасындағы жол», «қыстау мен күзек арасындағы жол»; нысанға бағытталатын «тауға баратын жол», «суатқа баратын жол», «елге баратын жол» т.б. түрде қолданылады. Тура мағынасындағы бұл жолдарды «дромонимдік лексика» деп атауға немесе халықтық географиялық терминдер қатарына жатқызуға болады. Бұлар жолдың түрлері басталу мен аяқталу нүктелері бойынша қойылған жалқы атау емес, ерекшелігін сипаттау мағынасында пайда болып, қалыптасқан жалпылама атаулар.

Бұл тұрғыдан келгенде объекті мен субъекті арасындағы қатынас ойымызға оралады. Ерте замандардан жеткен жолдардың қалыптасуында объекті мен субъекті қатынастарының өзіндік ерекшеліктері бар. Құрылыс нысаны ретінде жолдарды арнайы мамандар салған жоқ, оның пайда болуы мен кеңейюі негізінен жүргінші санының мол болуына тікелей байланысты еді. Адам жаяу жүреді, көлікпен жүреді және керуенмен, көшпен бірге жүреді. Қазақ тілінде осыған орай «жаяу», «атты», «көлікті», «көш», «керуен», «арбалы» т.б. сөздер мен «аттылы-жаяулы», «атты-арбалы» т.б. тіркестер қолданылады. Бұларды түсінігімізде орныққан ұғымдар ретінде қабылдауға болады. Осыған қарап, қазақ ұғымына жолдың қаншалықты орын алғанын шамалаймыз.

Жолға қатысты лексиканың қалыптасу жолдары мен оған негіз болған тілден тыс факторлар да арнайы тоқтала кетуді қажет етеді. Қазақ этносының құрылуына дейінгі тарихында да халқымыз ұлы даланың аумағын көшіп жүріп мекендеген (Қ.Сапаров, 2007: 24-25). Қазақ халқы көшпелі дәстүрді ұстанғандықтан, оның өмірі жолдармен тікелей байланысты болды. Ұлы дала халқының ұғымындағы жолдың мазмұны өзіндік ерекшелікке ие, өйткені олар пайдаланған жолдар екі түрлі: бірі – қазір де белгілі таптаурын болған айқын жол, екіншісі – табиғи нысанға бағдарланған жол, оны екінші сөзбен «көш жолдары» немесе «бағдарлы жол» деп атауға болады. Бұл жолдарды халық көше жүріп пайдаланғандықтан айқын (таптаурын) белгісі болмайды, баратын жеріне табиғи нысандарды бағдар ете отырып жетеді. Жыл мезгілдерінде сол жерлермен үнемі өтетін болғандықтан, бұл бағыттар да жолдың қатарына жатқызылады. Тіліміздегі «жұрт жаңарту», «жерді тоздырмау», «жердің жыртығын жамау» т.б. тұрақты тіркестер (экологиялық терминдер) қазақтың түсінігіндегі «жол» ұғымы туралы болжам жасауға мүмкіндік береді. Көш туралы Қ.Жұбанұлы былай дейді: «Көшпелі мал шаруашылығы және жер-мүлкінің ортақтығы адамды бір орынға арқандамай, бір-бірімен араласуына, Ертістен көшіп, Сыр құлауына, Шудан көшіп, Жайық келуіне толық мүмкіндік беретін еді. Бір ру мен екінші ру ғана емес, ол кезде бір жүз бен екінші жүздің от-суы, әр малдың сезон-сезондағы жайылымы қазақ елін қыдыртып, бірінің үстіне бірін құлата беруші еді» (Қ.Жұбанов, 2013: 440). Осынша алыс аймақтарды жалғап жатқан ірі көштер бағыт-бағдарсыз емес көш жолдары арқылы барар жерін бағдарлап, белгілеген уақытында жетіп отырған.

Ұлы далада пайда болып, қалыптасқан жолдардың өзіндік тарихы болуы мүмкін. Өйткені жол қазіргідей бір немесе бірнеше жылда салына салмайды, керісінше ұзақ уақыттар бойы

жердің ыңғайы, жүруге қолайлылығы, барынша қысқа, төте болуы және биік таулы аймақтарда асулар, шөлді далаларда құдықтар арқылы өту мүмкіндіктері толық анықтала отырып қлыптасады. Адамдар барар жеріне апаратын тиімді бағытты таңдап алғаннан кейін сол жерлермен жиі жүреді де ол таптаурын болады. Бұл орайда жолдың қайда баратыны да маңызды. Алыс елдерге баратын жолдармен маңызды жүктер, тауарлар тасымалданады. Осыған орай саудагер, көпестер, басқа да жүргіншілер көп жүріп, осы сызық ұлы жолдарға айналады. Ілгеріде аталған жолдардың ішінде Жібек жолының сипатына «Күре жол» немесе «Ұлы жол» атаулары сәйкес келеді.

Бұл айталғандардың барлығы нысан мен адам арасындағы қатынастың негізінде пайда болған тура мағыналы атаулар.

Халықтың дүниетанымы негізінде бір зат пен екінші зат немес құбылыс қатар қойып ұқсастырылмай, салыстырылмай тұрмайды және осы ұқсастықтар көбіне **туынды мағынаның** пайда болуына алып келеді. Туынды мағына әдетте түпкі мағынамен байланысын үзбейді. Қазақ тілінде туынды мағыналы сөздер өте мол, көптеген сөздердің қолданысынан соны байқауға болады (Ә.Болғанбайұлы., 1997: 80-81). Ілгеріде берілген бірер тіркеске назар аударайық: *Даңғыл жол* – 1. *тура маг.* Сайрап жатқан, кең тегіс жол. 2. *Ауыс маг.* Ұлы Абай салып кеткен даналық дәстүрі – *Даналықтың даңғыл жолы* (ЕТ). *Таптаурын жол* – 1. *тура маг.* жүре-жүре тапталған ескі жол. 2. *ауыс. маг.* өмірден өз жолыңызды тапқайсыз – *Таптаурын жолға түспегейсіз*. Ескірген дәстүрге байлап қою таланттың ашылуына кедергі келтіреді – *Таптаурын жол талантты тұсайды* (ТМ). *Шытырман жол* – 1. *тура маг.* бірін-бірі кесіп өткен айқыш-ұйқыш жол. 2. *ауыс маг.* Түсініксіз, адастыратын жайттары көп – *Сенім мен таным бір-бірінен ашақ, жер мен көктей, күн мен түндей, арасында шытырман жол, адасқақ ой көп* (СЫ). Жолға тән – алға жетелеу, жолға тән – қиындық, жолға тән – қашықтық, жолға тән –

тұрақтылық т.б. барлығы ұқсату негізінде туынды мағыналарға негіз болған. Жол сөзінің өзі «өмір жолы», «тағдырдың жолы», «ақ жол», «адал жол», «қиындықтан шығу жолы» т.б. болып бір нәрсенің бағытын, ретін, сипатын білдірсе; «жолың болсын!», «Алла жолыңды оңғарсын!», «жолыңа гүл бітсін!» т.б. тілек мағынасында қолданылады, «жолы жіңішке», «жолы тар», «жолы кіші», «жолы үлкен» т.б. адамның қоғамдағы орнын, дәрежесін көрсетеді. «Жол» сөзі арқылы жасалып, түрлі мағыналарда қолданылып жүрген мұнан өзге де түрлі сөз тіркестері тілімізде жиі қолданылады.

«Жол» ұғымы тілімізде еркін қолданысымен қатар, тұрақты тіркестерге де негіз болған. Тұрақты тіркестер дегеніміз тілдік санада тұрақталған ұғым-түсініктердің сөзбен таңбаланған дыбыстық бейнесі. Тұрақты тіркестердің тілде тұрақтап, жалпыхалықтық сипат алып, нормаға айналуы үшін ұзақ уақыттың өтуі талап етілетінін ескерсек, жолдың өмірімізден орын алу тарихы да тереңге тарта беретінін жоққа шығара алмаймыз. Лексика-семантикалық тұрғыдан қарастырғанда «жол» сөзі бұралаңдығы, уақытқа тәуелділігі, алдағы күндер мен жағдайдың белгісіздігі, алдыға қойған мақсатқа қарай бағытталуы т.б. секілді ортақ ұқсастықтары негізінде ең бірінші өмірдің өзімен байланыстырылады. Жағдайлардың орны мен заңдылықтары бойынша оған кеңістік пен уақытты және дәстүрді қосуға болады. Жинақтай келгенде жолға қатысты тұрақты тіркестердің мағынасы, өз ішінде түрлі топтарға жіктелетін *кеңістік-уақыт, өмір, дәстүр* секілді негізгі ұғымдарының аясынан өрбиді. Тілімізде қалыптасқан осы тұрақты тіркестерді бинарлық оппозициялық құбылыстың құрылымына сәйкес оң-теріс, ұғымдарын ескере отырып жіктейтін болсақ, төмендегідей мағыналық топтар аясына жинақталады.

1) Оң мағыналы тұрақты тіркестер: «айшылық жол», «ата жол», «жол бос», «адалдық жолы», «ақ жол», «жол болды»,

«оң жол», «жолына жөргем ілесті», «мазар (жол) басып келді», «шариғат жолын тұтты» т.б. *Дәстүр мен ережеге негізделген тұрақты тіркестер*: «жолын қылды (берді, жол алды)», «жолы кіші», «жолы жіңішке», «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «жол алды», «даңғыл (сара) жол», «жол жүрді», «жол көрді», «жол көрсетті», «жол құды», «жол салды», «жол таласты (жол тапты)», «жолы болды», «жолына түсті (жолын құды, жолын ұстады)», «жолын ашты», «жолы үлкен», «жолы (сапары) оң болды», «қайтпас жолға сапар шекті», «жол ашты», «жол бастады», «жолға қойды», «жолға салды» т.б. *Атау тұлғалы тұрақты тіркестер*: «жол азық», «жол аяқ», «жол бауырсақ», «жол жорға», «күйеу жолы» т.б. *Тілек мағыналы тұрақты тіркестер*: «ақ жол», «жол (жолың) болсын», «жолына боз қасқыр айтты», «жолыңа (қадамыңа) гүл бітсін», «жолын оңғара көр», «жолыңда өлді», «жолына құрбан болды», «жолынан жарылқасын (жолы болсын)» т.б.

2) *Кері мағыналы тұрақты тіркестер*: «батпан құйрық жол үстінде неғылып жатқан құйрық», «берсе қолынан, бермесе жолынан», «жолда жатқан жол бике», «жол тосты», «жол білмейді», «жолдан адасты», «жол жапасы», «жол соқты», «ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермейді», «қайтар жолы кесілді», «жолыңды тап», «жолы қырсық», «жолы суық», «жолы тар», «жолына құрбан қып шалды», «жолынан қалдырды», «жолында тұрды», «жолда қалды», «жолы байланды», «жолы қырсықты», «жол байлау болды», «жолыңа жуа шықсын (бітсін)», «түйе жолы жіңішке», «орта жолда қалды», «жол кесер» т.б.

Туынды мағынаның негізінде сөздің қолданыс аясы кеңейіп, ұлттық таным кеңістігінен өзіне лайық орын алады. Кейде мифтік түсініктерді қамтитын жақтары да бар. Көне түркі тілінде **JOL II: jol tāŋrı** (ДТС). «Жол Тәңірі» тіркесінің ұғымы көне дәуірлерден жеткен «су иесі, жар иесі...» ұғымдарының бір нұсқасы болуға тиіс. Жолға шығатын немесе жолда келе жатқан адамның жол

садақасын беруі, алыс сапарға аттанып бара жатса жолы үлкеннің батасын алуы, Ислам діні келгеннен кейін оның баламасы іспетгі сапар намазын оқудың енуі, өзінің шындығын растау үшін «жолда келе жатырмын ғой», «жол үстінде тұрмын ғой» деген секілді жолдың атымен ант ету халық танымындағы оның киесі мен иесі туралы сенімнің көрінісі. Қазақ ертегілерінде де жолға қатысты оқиғалар жиі кездеседі. Сапарлаушының алдынан шығатын тасқа қайда апаратыны жазылған оң жаққа баратын, сол жаққа баратын және ортадағы бейтарап жолдар. Көбіне оң жақтағысы жақсылыққа бастайды, сол жақтағысының алды қорқынышты (қайтып келмейтін), ауыр, қиындығы мол жол болып келеді. Басты қаһарман өзінің күш-қайратымен қиындықтарды жеңіп, жамандықты жақсылыққа айналдырады. Бұл орайда да өмір мен адам тағдыры жолмен байланыстырылады. Халықтың түсінігінде ақ тілек немесе теріс бата жолаушы сапарына тікелей қатысы бар фактор. Халық шығармашылығында адамдарға жақсылық жасаушы тұлға көп қиындықтар көргенмен, алыс сапардан жеңіспен, биік абыроймен оралады. Осы айтылғандарды жинақтай алып қарағанда, халық санасында орныққан жол туралы ұғым-түсініктердің қасиет, киemen байланысып жататынын айғақтайды.

Тұрақты тіркестерді жол туралы біртұтас ұғым бөлшектерінің тілдегі таңбалары деп қарастыруға болады. Бұл ұлы дала кеңістігіндегі жалпы халыққа ортақ ұғым түсініктердің және дүниетанымының, жол пайдалану мәдениетінің тілдегі көрінісі. Көшпелі елдің өзгелерден ерекшелігінің бірі – жер шола жүріп, алыс аймақтаға қол созды. Алысқа ұмтылу тек материалдық сұраныс тұрғысынан ғана жүзеге асып қойған жоқ, халық сонымен қатар өзіндік рухани кеңістігін қалаптастырып, ұлы армандарын алыс аймақтарға өрістетті. Ұлы кеңістікті шарлауда жол тура мағынасында да, ауыс мағынасында да негізгі

көздеген мақсатқа адастырмай жеткізетін жетекші болатын. Сөйтіп, халқымыздың ғасырлар бойғы өмірілік тәжірибесінің негізінде жол материалдық өмірінің де, рухани әлемінің де қозғаушы күші әрі жетекшісі, жолбасшы ретінде қалыптасты. Жолдың халық санасы мен өміріндегі орны қазақ даласын шиырлап жатқан ұлы жолдардың тарихымен тығыз байланысты.

Қазақ даласындағы жол атаулары және жол бойындағы топонимдер

Қазақ даласында Жібек жолынан өзге де көптеген жолдар болған және олардың да атаулары болған. Мысалы, «Қазақ жеріндегі көне керуен жолдарының тарихы б.д.д. I мыңжылдықтың орта шеніндегі «Далалық сақ жолынан» басталады. Геродоттың айтуы бойынша, бұл жол Қара теңіз маңынан Дон жағалауына дейін, одан Оңтүстік Оралдағы саврамматтар жеріне бағытталып, Ертіс бойы мен Алтайға, Зайсан көліне дейін созылған», – дейтін зерттеу болжамдарын осыған дәлел ретінде ұсынуға болады (Б.Ғ Нұрман., 2020). Ә.Марғұлан өзінің зерттеу еңбегінде «Бетпақдала бойымен өтетін көне керуен жолдары» туралы біршама мәліметтер беріледі. Топографиялық жағдайы көрсетіп отырғандай, керуен жолдары көне замандарда Талас өңірін Қарқаралы мен Ертіс жағалауы далаларымен жалғастырып, аяқ жағы Ертістің солтүстік-шығыстағы жағалауларына дейін жеткен. Сол жолдардың негізгілері «Хан жолы» немесе «Абылай жолы», «Қарқаралы жолы», «Уанас жолы», «Жетіқоңыр жолы», «Сарысу жолы», «Ордашағыл жолы», «Өреңшағыл жолы» т.б. болып аталады. Керіліп жатқан кең даланың төсін шимайлаған жолдар халқымыздың мәдени-экономикалық тарихы мен болашаққа жасаған алыс қадамдарынан да хабар береді. Жолдар тек тасымалдау құралы ғана емес, байланыстырушылық, сабақтастырушылық қызметімен де ерекшеленеді. Бұл жолдардың бойындағы көне

қалалар мен елді мекендер, шөлдаладағы құдықтар атаулары өздерінің тарихилығымен және географиялық сипатымен ерекшеленеді. Бетпақ даланы кесіп өтетін қара жолдар Азия елдерінен басталып, Батыс Сібірге дейінгі аралықты жалғастырып жатыр. Ә.Марғұланның жолдар туралы зерттеуінде мынандай топонимдер кездеседі: Ақмола, Ақсүмбе, Әулиеата, Белең Ана, Бесбақыр, Болаттау, Бөрітескен, Ертіс, Есіл, Ескене, Жаманқорған, Жамбылтау (Наушаның бұлағы), Жанкент, Жетіқоңыр, Жиделіқұдық, Ірбіт, Қарабалық мазары, Көкмұрынтай, Көктас, Қайыптың қызыл жартасы, Қарабидайық, Қараөткел, Қаратау, Қарқаралы, Қолбасының Мұнарасы, Қосқұдық, Қоянды, Құланөтпес, Құмкент, Қызқазған, Қызылжайма, Қызылқорған, Миқайнар, Мойынты, Мұқыр, Нұра, Окум, Оңтүстік Орал, Отырар, Өлке, Сарыбұлақ, Сарыөзен, Сарысу, Сарытам, Сауран, Сілеті, Сорбұлақ, Сығанақ, Сымтас, Сырдария, Талас, Талмас ата, Тасөткел, Текей, Телікөл, Тоқымтыққан, Төлеген, Төсбастау, Төсбұлақ, Ордашағыл жолы, Өреңшағыл жолы, Хантау, Шекпен қалған, Шолақ қорған, Шу, Пішпек (Қазіргі Бішкек), Батыс Сібір (Искер, Бечик-Тура, Түмен), Тобыл, т.б. (Ә.Марғұлан, 2012: 343-360). Жолдар жалғастырып жатқан осы қалалар, елді мекендер мен географиялық нысандар ең бірінші мәдени ескерткіш ретінде құнды, сонымен қатар жолдар Ұлы даладағы халықаралық байланыс пен экономикалық мәдениеттің қан тамыры іспетті. Еуразия кеңістігіндегі өркениеттің қалыптасуы мен дамуына үлес қосушы ел ретіндегі орнымызды айқындайтын бірден-бір айғақ елді мекендер мен жолдар болып табылады.

Жолдар ел мен елді, жер мен жерді байланыстыра отырып, мәдениет үлгілерін тасымалдау мен экономикалық мүддеге қызмет етті. Қалаларды байланыстырды, бара жатқан бағыттарына қарай көптеген географиялық нысандар мен қалалардың атаулары өзіне атау ретінде телінді. Бетпақ даланы

кесіп өтіп жатқан жолдардың көбі, трансонимдік құбылыс арқылы ілгеріде берілген топонимдермен аталды.

Осы аталғандармен қатар ғылым назарына ілікпеген және тарих қойнауында қалып қойған қаншама жолдар бары, өкінішке қарай, әлі анықталған жоқ. Ілгеріде атап өткеніміздей, жекелеген ғалымдардың еңбектерінде жалқы есім ретінде қалыптасқан жол атаулары болғаны айтылып жүр. Ал лингвистикада топонимика саласы бойынша көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілгенмен, қазақ тіліндегі жол атаулары жинақталып, жүйеленген жоқ және оларға арналған зерттеулер әзірге өте аз. Ал ондай зерттеулер жүргізілген жағдайда оның аясында жол атаулары мен жолға қатысты лексика қатар қарастырылуы тиіс. Жібек жолы бойындағы топонимдердің ішіне дромоним ретінде «Жібек жолының» өзі де кіреді.

2.6. Топонимдерінің коннотациясы

Ұлттық сананың қалыптасуында қоршаған орта, географиялық нысандар жайлы ақпарат беретін топонимдердің, әсіресе тарихи топонимдердің үлесі қомақты. Тарихи топонимдерді сондықтан да ұлттық топонимикалық кеңістікті қалыптастыратын негізгі тілдік бірлік ретінде қарастырумыз қажет. Ұлы жібек жолы бойындағы географиялық нысан атауларының мағынасын ұғыну тіл табиғатын, атау тағушы халық мәдениетін терең түсінуге мүмкіндік береді. Тарихи топонимдер ұлттық санадағы танымды айқындайтын аса маңызды тілдік қорды құрайды. Оларды игеру үшін, ең алдымен олардың қалыптасу уәжін, шығу тегін айқындау қажет.

Қазақ ономастикасы, соның ішінде топонимдері 50 жылдан аса уақыттан бері зерттеліп келеді. Географиялық нысанға тағылған атауды зерттеп, мәнін ашу арқылы, атау тағушы халықтың танымын, мәдениетін, тарихын, наным-сенімін, салт-

дәстүрі мен тұрмыс-тіршілігінен жан-жақты ақпарат алуға болады.

Топонимдердің құрылымын, этимологиясын ономаст-ғалымдар өз деңгейлерінде айқындауға тырысты. Топонимдердің этимологиясын ашу жолында Т.Жанұзақ, А.Әбдірахманов, Ғ.Қоңқашбаев, Е.Қойшыбаев сынды ономаст-ғалымдарымыз көп еңбек еткен. Жалпы өңірлік топонимдердің құрамын, жасалу жолын, уәжін зерттеу О.Сұлтаньяев, Е.Керімбаев, М.Қожанов, Г.Мәдиева, Қ.Рысберген, Ұ.Ержанова, Б.Бияров, З.Құламанова т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жалғасын тапқан. Мәселен, О.А. Сұлтаньяев бұрынғы Көкшетау облысының кісі есімдерінен қалыптасқан микротопонимдерін қарастырса (О. Султаньяев, 1969), Е.Ә.Керімбаев Қазақстан оронимиясының лексика-семантикалық типологиясын қарастырған, теориялық ономастика мәселелерін жасауда, қазақ жалқы есімдерін этнолингвистика, семасиология және функционалды аспект тұрғысынан зерттейді, қазақ ономастикасында бірінші болып жалқы есімдердің эзотериялық қызметіне көңіл бөлген, қазақ ономастиконы бірліктерін сөйленісте қолдану мәселелерін зерттеуде (Е. Керимбаев, 1995), Г.Б.Мәдиева Шығыс Қазақстан гидронимиясын зерттеп, Қазіргі Қазақстанның ономастикалық кеңістігі: құрылымы, семантикасы, прецеденттілігі, лемматизациясын зерделеген (Г.Мәдиева, 1990), Қ.Рысберген Оңтүстік Қазақстан топонимдерін тарихи-лингвистикалық тұрғыдан қарастырған, ономастика саласындағы жұмыстарды ғылыми-теориялық, әдістемелік, практикалық тұрғыдан реттестіру ісімен де айналысып келеді (Қ. Рысбергенова, 1993), З.Құламанова Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығын құрастырып, топоним түрлеріне қарай жіктеп, олардың шығу төркінін талдаған (З. Құламанова, 2014). Б.Тілеубердиев Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық сипаттарын қарастырып, Қазақ

ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздерін зерттеп, топонимдерді когнитивтік тұрғыдан зерттеу шеңберін кеңейте түскен (Б.Тілеубердиев, 2006).

Қазақи тілдік тұлғаның коммуникативтік кеңістігінде қолданыстағы топоним-логоэпистемаларды, лингвомәдени феномендерді зерттеу аса маңызды.

Қоғамда болып жатқан тілдік және мәдени өзгерістерді зерттеуді мақсат етіп, логоэпистема терминін енгізген орыс ғалымдары В.Г. Костомаров, Н.Д. Бурвикова болатын (В.Костоморов., 2001). Ол екі мақсатпен орындалып отыр. Біріншісі – бұрын тек көркем мәтінде кездесетін сөз ойнату, пародия қазір жаппай қолдануда, «қызыл тілмен жеткізу үшін» барлығы да жарайдының қалпы. Екіншіден, әртүрлі бірліктер негізінде сөз ойнатуды, яғни терминология тұрғысынан сол бірліктерді, сол құбылыстың өзін зерттеу. Олар осы мақсатта «логоэпистема» терминін қолдануды ұсынып отыр (грек тілінен *лог* – «сөз», *эпистема* – «білу; тану») (Костоморов., 2001), яғни сөздің түп төркінін тану. Атаудың түп-төркінін тану атау тағудағы мәдени мақсатты айқындауға, сонымен бірге нысан бойынша ақпарат жинауға мүмкіндік береді.

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдерді зерттеп, оларды тағудағы сол халықтың аялық білімін анықтау маңызды. Әрине, ол аялық білімді, сол кездегі танымды анықтау үшін эксперимент, сауалнама жүргізу қажет, алайда, ол мүмкін емес. Сонымен бірге қазіргі кезде тілдік мағына мен таным құрылымында айтарлықтай айырмашылық бар, себебі санаға тез өзгермелілік тән болса, тіл жүйесіне тұрақтылық тән. Осыған В.В. Морковкиннің пікірі де үйлеседі: «Тілді этникалық қоғамның жаңа мүшесі міндетті түрде қабылдайтын өзіндік ерекше когнитивті-этникалық иммундаушыға теңеуге болады. Мұндай иммундаудың нәтижесі тілдік тұлғаны белгілі бір этносқа тән когнитивтік бағытқа бағытауға, сол халықтың үздіксіз мәдени

дәстүрге қосуға әкеледі. Әр халық міндетті түрде тілде көрініс табуымен, ұрпақтан ұрпаққа берілуімен ерекшеленетін қоршаған ортаны айрықша, қайталанбас кесіндіде қабылдайды. Осы тасымалдау үдерісінде адамға қоршаған ортаны санасыз түрде моделдеуде анықталатын тілдік тұрпатта бағдарлама енгізіледі» (Морковкин, 1997).

Тіл жүйесінің өзгеруі сананың өзгеруіне қарағанда баяуырақ. Сондықтан сол замандағы атау таққан халық пен қазіргі сол атауды тұтынушы халықтың аялық біліміндегі ұқсастық пен айырмашылықты анықтау да қызығушылық тудырады. Мәселен:

- жергілікті флора мен фауна ерекшелігін атауда көрсету арқылы сол нысан бойынша ақпарат беру бұрынырақтан бар: Құлан, Аспара, Алмалық т.б.;

- трансонимдену негізінде бір нысан атауы екінші нысанға ауысуы: гидроастионимдер – Тараз, Талғар, Есік, Нұра т.б. антропоастионимдер – Барысхан;

- атау құрамында термин-индикатордың қолданылуы: Суяб, Сүткент, Бршылықкент, Үзкент, Ертіс, Талас, Іле, Арыс т.б.;

- сол жерлерді мекендеген иесі (тайпа, халық) туралы ақпарат беру: Мерке, Ырғыз, т.б.

Белгілі ғалым Г.Д. Гачевтің пікіріне сәйкес, халық әлемді қай «қырынан» қабылдаса, соған үйлесетін әлем санада қалыптасады. Бұл халық қабылдаған болмыс түріндегі ерекше әлем – әлемнің ұлттық бейнесі (Г. Гачев, 2009).

Біз жинаған материал негізінде топонимдерді түрлерге бөліп қарастыратын болсақ, астионимдер, гидронимдер мен оронимдер айқындалады. **Ұлы Жібек жолындағы астионимдер:** Суяб, Құлан, Мерке, Тараз, Отырар, Испиджаб, Кедер, Барысхан, Хамукет, Жікіл, Адахкет, Ден, Нуджикет, Аспара, Жұл, Баласағұн, Қойлық, Талхиз, Екі-өгіз, Ясы (Түркістан), Сығанақ, Қарашоқы, Қарнақ, Ашынас,

Баршылылықкент, Адахкет, Дех-Нуджикент, Құмкент, Баба-ата, Созақ, Құйрық төбе, Алтын төбе, Жалпақ төбе, Марданкүйік, Сауран, Сүткент, Үзкент, Тарсатөбе, Аркөк, Аққорған, Бинкет,

Ұлы Жібек жолындағы гидронимдер: Талас, Асса, Іле, Кеңгір, Жез, Нұра, Ырғыз, Ертіс, Сырдария, Арыс, Бадам, Арыс, Бадам, Сайрамсу, Ақсу, Талғар, Есік, Қаскелең, Үлкен және Кіші Алматы, Бақанас, Көксу, Лепсі,

Ұлы Жібек жолындағы оронимдер: Суындық, Ақсұмбе (төбелер), Қаратау т.б.

Кесте – 1 «Ұлы жібек жолы топонимдерін қазіргі әлеуметтік қоғамның қабылдауы» сауалнама үлгісі

№	топоним	сауалдар		
		Сіздің ойыңызша атаудың мағынасы қандай?	Атаудың тарихи мәні неде	Атау қандай ассоциация тудырады?
1	Қойлық			
2	Суяб			
3	Қарнақ			
4	Кеңгір			
5	Ертіс			
6	Құлан			
7	Арыс			
8	Екіөгіз			
9	Талғар			
10	Сырдария			
11	Ақсу			

Сауалнамаға жасы 18-60 жас аралығындағы әр мамандық иелері (жалпы саны 50 адам) рецепиент ретінде іріктеліп алынды.

Топоним-логоэпистемаларды сауалнама нәтижесі негізінде талдап көрелік (топонимдердің шығу-тегі Т.Жанұзақтың жинақтауы бойынша берілген): Қойлық (Қаялық) – өзб. *коя*, балқар тілінде *кая*, якут тілінде *хая* «құз, жартас», мағынасы: «жартасты, құзды» мекен (Жанұзақ, 2010). Ал қазіргі әлеумет бұл атауды «қой жайылымына ыңғайлы мекен» ретінде қабылдайды. Рецепиенттердің ойынша, атаудың тарихи мәні көшпелі халықтың жайылымға ыңғайлы жерлерді нұсқауда. Атау «малға толы жайылымды елестетеді». Суиаб – түркі *Су – су*, соғды *йаб* – канал, арық яғни: «каналдағы не арықтағы су» (Жанұзақ, 2010). Қазіргі санада атаудың мағынасы: «сулы мекен», ал тарихи мәні «қонысқа ыңғайлы жер». Қоғам санасында «суға толы өзен не көл» деген ассоциация береді. Лепсі – Лепсі – Лап су – *лап, лапа, лаба* сөздерінің иран және түркі тілдерінде ертеден бары белгілі. Айталық, парс. *леб* – «жаға», «шет», тәж. *лаб* – «жаға», «бой», өзб. *лаб, лаба* – «өзеннің жағасы, бойы» (Мурзаев, 1984), мағынасы: «сайдағы өзен», «өзен суы». Рецепиенттердің ойынша, атаудың мағынасы: «желді, салқын жер», тарихи мәні оларға түсініксіз. Атау оларға «салқын леп есіп тұратын таулы жер» деген ассоциация береді. Екіөгіз – өгіз көне түркі тілінде «өзен, су» мәнін білдіреді, мағынасы: «қатарласып ағып жатқан екі өзен» (Жанұзақ, 2010). Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, атаудың мағынасы екі өгізке қатысты жағымсыз жағдайға байланысты, тарихи мәні «сол жағдай орын алмас үшін халық жадында сақтау керек». Атау санада «екі өгіздің суға кету не таудан құлау, не жыртқышқа жем болу» суретін елестетеді. Қаскелең – Э.В.Севортян өл түрік, қырғыз, тува, хакас тілдерінде – ол; ұйғ. алтайша *ул* – «дымқыл, сыз, су, сулы» деп көрсетеді (Э. Мурзаев, 1984), мағынасы: «қасқайып ағып жатқан тұнық таза өзен, су» (Жанұзақ, 2010). Рецепиенттердің пікірінше, атау Қаскелең деген батырға байланысты тағылған, яғни трансонимдену нәтижесі. Атаудың тарихи мәні «жаумен соғыста

қаза тапқандардың ерлігін дәріптеу», атау саналарында «алып тұлғалы батырлардың айқасын» елестетеді.

Қарнақ – Үндіеуропа тілдерінде *кар* – «тас», ауғанша *кар* – «тау», «жартас», даргин тілінде *гар* – «тас». Атаудың екінші компонентіндегі нақ қосымша деген де пікір бар. Қарнақ атауы «айнала-төңірек қоршалған, мықты бекіністі қала» мәнінде қойылған болуы мүмкін (Т.Жанұзақ, 2010). Қазіргі социумда атаудың мағынасы «тайпа атауы» дегенге саяды, тарихи мәні «бұрынырақта жерімізді паналаған тайпаларды білуге байланысты. Атау рецепиенттерге ешқандай ассоциация бермейді.

Кеңгір – Бұл *кан/ганз/кен* форманты шығыс түркі тілдерінде, яғни Алтай, Сібір өлкесіндегі тұрғындар тілдерінде «өзен, су» мағыналы сөз болса, иран тілдерінде *кан* «арық», «канал» деген мағынаны білдіреді. Ал атаудың екінші компонентіндегі *ір* (*ар*, *ер*) үндіеуропа, түркі, монғол тілдеріне ортақ, манси тіліндегі *эри* – «өзен», венгер тіліндегі *ар* – «өзен», «ағын», «тасқын» сөздеріне барып саяды. Демек, Кеңгір атауының мағынасы «өзен-өзен» дегенге саятындай (Жанұзақ, 2010). Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, атаудың мағынасы «жер рельефінің тегіс еместігіне» байланысты, тарихи мәні «көне атау». Атау «кендір қапты» елестетеді.

Ертіс – Ертіс атауының бірінші сыңарындағы *ер* сөзін көне түркі тіліндегі *jer* (иер) сөзінің көршілес тұрғындардың айтуына орай қысқарып, өзгерген нұсқасы, ал *тіс* < *іс* түркі т. б. тілдерде «өзен» мәніндегі сөз деп білеміз. Демек, Ертіс «жер суы», «жерден шыққан өзен» (Жанұзақ, 2010). Ал рецепиенттер үшін атаудың мағынасы түсініксіз, тарихи мәні көне атаулардың бірі болуымен байланысты. Санада суы мол, ағыны қатты өзенді елестетеді.

Бақанас – Е.Қойшыбаев: «Түр. *бақан* (*бақай*) – «айыр» және көне *ас* (*аш* > *уш* > *ус* > *үс* > *үш*) варианттас «су» мағынасындағы тұлғалардан қалыптасқан атау. *Бақанас* – «тарам су» ұғымын

береді» (Қойшыбаев, 1985). Сауалнамаға қатысушылардың пікірінше, атау «тіреу болатын ағашы көп өскен жер», тарихи мәні «ұрпаққа флора туралы ақпарат беруге байланысты. Санада «табиғаты көркем, ағашы қалың өскен орманды» елестетеді.

Арыс – Атаудың бірінші құрамындағы *ар* сөзі үндіеуропа және орал-алтай тілдерінде *ar* – «өзен» мағынасын білдірсе, екінші құрамындағы *ыс* тұлғасын да сол тілдердегі *ос* (*-ус, -ас, -ыс*) – «өзен, су» мәніндегі сөз екенін ғалымдар айтқан. Олай болса, Арыс атауының мағынасы «су, өзен» дегенге саятындай (Жанұзақ, 2010). Рецепиенттердің пікірінше, атаудың мағынасы «ағынды өзен», тарихи мәні «көне атау». Атау рецепиенттердің қабылдауында «ірі, салмақты, маңызды» деген ассоциация береді.

Асы – *Асылар* қазақ даласын мекендеген сақ тайпаларының үлкені. Бұған қарағанда жеріміздегі Асы атымен байланысты жер-су аттарының сол тайпа атынан қойылғанын байқауға болатындай (Т.Жанұзақ, 2010). Сауалнама қатысушылардың 30 % атаудың мағынасы «тайпа атауы» десе, қалғаны «өсімдік не су дегенді білдіреді» деп жауап берген. Атаудың тарихи мәні «көне атау», белгілі бір топ үшін атау «асса – таудан асқан үдерісті» суреттейді.

Ақсу – «Ақсу атауы судың ақ түсін білдірмейді, оның ағынын, тау басынан өз арнасымен төмен қарай ағып келетін қардың суы екендігін көрсетеді» (Мурзаев, 1984). Профессор Т.Жанұзақ пікірінше, атаудың негізгі мағынасы «судың, өзеннің ақ ботала боп аққан түсіне» байланысты (Жанұзақ, 2010). Рецепиенттердің пікірінше, атау мағынасы «ақ көбіктеніп, қатты ағатын өзен», тарихи мәні «кең тараған көне атау». Атау санада «тыныштық ұялатып, көбіктеніп қатты ағуымен өзіне баурап алатын үдерісті» елестетеді.

Талкиз – Талғар – А.Әбірахманов пікірінше, Талғар атауының этимологиясы: «тал» (ир. тау) + гар (көптеген тілдерде, соның ішінде көне түрік тілінде де – «тау»), яғни «тау + тау»

(Әбдірахманов, 1975). Сауалнамаға қатысушылардың пікірі бойынша, атаудың мағынасы «талы қалың өскен, талды жер», тарихи мәні «еліміздің флорасы туралы ақпарат беруімен байланысты. Атау санада «талды жерді» елестетеді.

Отырар – «Отырар» топонимінің шығу төркіні жайында А.Әбдірахманов: «Отырар», «Тұрар» деген тарихи топонимдердің этимологиясы түркі тілдеріндегі «отырық», «отыру», «тұру» сөздерімен түбірлес. Бұлардың түбірі – *отыр*, *тұр* етістіктері. Осыған түркі тілдерінде етістіктен жаңа сөз, яғни зат есім жасайтын *ар*, *яр* жұрнағы қосылып, топоним жасалған», – деген пікір білдірген (Әбдірахманов, 1975). Рецепиенттер қабылдауынша, атаудың мағынасы «отырғылықты, тұрақ» дегенге саяды, тарихи мәні «көне тарихи оқиғаға толы қала, әл-Фарабидің туған жері». Атау санада «жауға берілмеген батыр-қала» бейнесін туындатады.

Құлан – Құлан «жылқы тұқымдас тағы аң». Ол атау XI ғ. М.Қашқари еңбегінде *Qulan* 1. Кулан «азиядағы жабайы есек» деп берілген (Қашқари, 1961-65). Сауалнамаға қатысушылар атау мағынасын бірден жылқыға ұқсас жабайы аңмен байланыстырды, атаудың тарихи мәні «көне атау, елімізде мекендеген фауна туралы ақпарат беруінде» деген ой білдірді. Санада «бірде есекке, бірде жылқыға ұқсас жабайы аңды» суреттейді деген пікір де болды.

Сырдария – атау XIII ғ. басынан аталады. *Сырдария* атауы шығу төркіні жағынан иран тіліне тән. Оның бірінші құрамындағы *Сыр* сөзі парсы, тәжік тілінде *сар*: 1) бас; 2) бас жағы, шыққан жері; 3) тау, шын; парсы тілінде *сер* – «бас», «тау басы» (Э.Мурзаев, 1984). Оның екінші құрамындағы иран сөзі *дария* – «үлкен өзен, теңіз». Бұл сөз түркі тілдеріне ертеден еніп, қалыптасып кеткен. Мысалы: азерб. *дєрья*, *дарья* – «теңіз», «теңіздік»; қырғ. *дайри*, *дария* – «үлкен өзен», өзб. *даре* – «үлкен өзен»; қаз. *дария*; диал. *дайра* – «суы мол, үлкен өзен». *Сырдария*

атауының топонимдік мағынасы: «тау басынан, жоғарыдан аққан суы мол, үлкен өзен, бас дария» (Жанұзақ, 2010). Сауаланамаға қатысушылардың пікірінше, атау мағынасы «жазық, сары даламен ағып өтетін үлкен, суы мол өзен» дегенге саяды, тарихи мәні «көне атау, еліміздегі гидронимдер туралы ақапарт берімен байланысты». Атау санада «тегіс жермен ағып жатқан суы мол өзен» суретін елестетеді.

Белгілі бір экстралингвистикалық жағдаяттарға байланысты бір нысанның бірнеше атауы қалыптасуы мүмкін, бұл олардың диахрониясын көрсетеді. Мәселен: Сырдария – біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда ол скиф тілінде *Силис*, біздің дәуіріміздің VI-VIII ғасырларында грекше *Яксарт* (түріктің касарт сөзі), VIII-X ғасырларда қарлықтардың үстемдігі кезінде *Сейхун*, одан да бұрын Александр Македонскийдің жауынгерлері оны *Танаид* деп атаған. Бұл атау скифтің *дон* – «өзен» деген сөзінің сөзбе-сөз аудармасы (Жанұзақ, 2010). Біз бұл жерден А.Македонский жауынгерлерінің нысанды қабылдау ассоциациясын бақылаймыз.

Географиялық атаудың тарихи құндылығы үш түрлі ақпарат беруінде: географиялық ақпарат, себебі ол географиялық нысанның кеңістіктегі орнын меңзейді; тарихи ақпарат, себебі атау қалыптасуының тарихи себептерін жеткізеді; тілдік ақпарат, себебі топоним онда тұрып жатқан халықтың ғана емес, бұрындары сол өңірде өмір сүрген халықтардың (топонимиялық субстрат) тілдерінің құпиясын аша отырып, құнды, өткен дәуірдің кей жағдайда жалғыз тілдік куәсі болып табылады. Мұның бәрі тарихи топонимдерді халықтың рухани мәдениетінің тарихи-мәдени ескерткіші деп есептеуге негіз болады және кез келген ескерткіш сияқты олар да құқықтық қорғауды қажет етеді, мәдениет экологиясының нысаны болып табылады. Біз қарастырған топонимдер де үш ақпараттан береді. Ұлы Жібек жолындағы жер-су атауларды этномәдени код ретінде

қабылдауға болады. Сол заманның өзінде топонимдердің нысанды жекелеу, сол нысан бойынша ақпарат беру басты қызметін атқарып келгендігін аңғарамыз.

Тарихи атауларды қолданудың атау туғызушы мен сол атауды тұтынушының арасындағы коммуникацияны прагматикалық тұрғыдан реттеудегі қызметінің маңыздылығын байқатады. Бұл атауды тудырушы қоғам мен қазіргі атауды қолданушы қоғам арасындағы сабақтастықты, яғни ұрпақ жалғастығын аңғартады. Байқап отырғанымыздай, атаулар тек нысан туралы тікелей, яғни 1) термин-индикатор арқылы нысанның өзіне нұсқау; 2) флора мен фаунасынан ақпарат беру; 3) сол жерді мекендеген тайпа туралы ақпарат беру арқылы қол жеткізген. Олар ойды шашыратпай, қысқа да, нұсқа, әрі нысан туралы тікелей ақпарат беру арқылы дәл жеткізуді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алып қарағанда, сол кездегі атау тудырушы қоғам қазіргі тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер еткен. Қазіргі қоғам мүшелері, яки тілді тұтынушы өкіл өздерінің когнитивтік санасында топонимдерді қолданған кезде коммуникативтік-прагматикалық, нақтырақ айтқанда, талғамдық, аксиологиялық мақсатты көздейді. Нысан атауы арқылы айтқысы келген ойын дәп жеткізіп қоймай, тілді тұтынушыларға (бұрынғы не қазіргі болсын) эксплицит немесе имплицит ақпаратты тасымалдаған. Топоним-логоэпистемаларды халықтың атау тағу үдерісіндегі тарихи, географиялық реалийлерді айқындайтын белгілер арқылы қалыптасқан таным нәтижесі, лингвомәдени стандарты деуге болады.

Ұлы Жібек жолындағы топоним-логоэпистемалар астарындағы аялық ақпараттарды игеру белгілі бір жалғасын тапқан лингвомәдени қауымдастық мүшелеріне тән деректерді меңгеру болып табылады. Қазіргі геосаяси жағдайында өмір сүріп жатқан ұрпақ үшін топоним-логоэпистемаларды, оның ішінде тарихи топонимдер аясындағы құндылықтар жайлы

(күңгірттенген/айқын) мағлұматтарды білу аса маңызды. Сондықтан Ұлы Жібек жолындағы топоним-логоэпистемаларды қазақ халқының әлемнің топонимикалық бейнесін жасаушы, тілдік тұлғаның болмысын айқындайтын, оның тілі, мәдениеті мен тарихынан ақпарат беретін баға жетпес қор, қазақи қоғам санасында ассоциация, стандарт, маңызды «жердің хаты» екендігіне көз жеткіземіз. Ұлы Жібек жолындағы жер-су атаулары адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады.

Бұл жағдайды уақыт өте келе атау мағынасының көмескіленуі мен күңгірттеніне орай қоғам мүшелері үшін оның имплицит екендігімен түсіндіруге болады.

Жүргізілген зерттеу барысында Ұлы Жібек жолындағы топонимдердің ұлттық қауымдастық мүшелерінің қоршаған ортаны танудағы маңызды бірлік ретінде коммуникациялық нормаларын реттеуге атсалысатын қасиетіне ерекше назар аударылған. Топонимдерде жасырылған ақпаратты ашуда топоним-логоэпистемалардың ұлттық код, атау тағуда стандарт ретінде колданып, ассоциация т.б. ретінде атқаратын танымдық функцияларына айрықша мән берілген. Карта, тарихи мәтін, ғылыми еңбектердегі топонимдердің атқаратын қызметі, атау ретіндегі прагматикалық әлеуеті зерделеніп, олардың халықтың ғасырлар бойы жинақтаған таным-түсінігі, әлемді қабылдаудағы тасымал құрал ретіндегі орны айқындалған. О баста атау таққан халық пен қазіргі сол атауды тұтынушы халықтың аялық біліміндегі ұқсастық пен айырмашылықты анықтау да Ұлы жібек жолындағы топонимдерды саралау барысында іске асқан. Сондай-ақ, географиялық атаудың тарихи құндылығы географиялық ақпарат, тарихи ақпарат, тілдік ақпарат үштігінде қарастырылған. Сол заманның өзінде топонимдердің нысанды жекелеу, сол нысан бойынша ақпарат беру басты қызметін

атқарып келгендігі айқындалып, Ұлы жібек жолындағы жер-су атаулар этномәдени код ретінде қарастырылды.

Тарихи топонимдердің ұлттың танымдық қорын қалыптастыратын, мәдени ақпарат тасымалдаушы негізгі лингвомәдени бірліктер екені дәйектеліп, олардың тасасындағы эксплицит деректермен қатар, имплицит ақпараттардың астарындағы мәдени кодтар ашылған. Жасалған тұжырымдар когнитивтік, салғастырмалы-сипаттамалық әдістер, сауалнама нәтижелері арқылы негізделіп, нақты мысалдармен дәлелденген. Дәйектер карта, тарихи мәтінмен қатар, ұлт өкілдеріне жақсы танымал ақын-жазушылардың шығармаларынан алынған.

III тарау

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ТОПОНИМДЕР ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҚ ЭТИМОЛОГИЯ

3.1. Топонимика мен фольклордың арақатысы

Қазақ даласындағы көптеген жер-су атаулары туралы аңыз-әңгімелер айтылады. Бұл тұрғыдан алып қарғанда ол фольклормен тікелей байланыста болады. Топонимдердің шығуы туралы аңыздар және олардың көне замандардан бүгінге дейінгі аралықты қамтитын тарихи даму үдерісі мен эволюциясы оларды фольклормен байланыстырады. Фольклор халықтың ұлттық әлемін қамтитын ауқымды жанр, ал топонимдік аңыздар соның бір тарауы болып табылады. Бүгінге дейінгі зерттеулерде негізінен топонимканың лингвистика, география, тарих салаларын тоғыстыратын ғылым екені жөнінде айтылып келгенмен, фольклортанумен байланысы жөнінде зерттеулер әлі де жан-жақтылықты қажет етеді. Фольклорлық топонимдер көне замандардан жеткен халықтың мекен еткен жеріне деген көзқарасынан бастау алады, олардың шығу тарихында «жер-су мотиві» үлкен орын алады. Алғашында фольклорлық топонимдер ежелгі дүниетаным элементтері ретінде пайда болып, көне мәдениет формаларында көріне алады. Фольклорда қолданысқа түскен жер-су атаулары алғашында мифтік ұғым бойынша пайда болып, айналаға танылды және әпсана, хикаяттарға арқау болды. Ауыз әдебиетіндегі «жер-су мотиві» осы топонимиялық ұғым-түсініктердің алғашқы белгілері болса керек. Мысалы, ертегілерде топонимдік атаулар нақты аталмайды, олар жалпылама тау, су, өзен, көл, дария түрінде келеді. Жер-су мотиві дами келе нақты топонимиялық атауларға ұласқан секілді.

Фольклорлық топонимдер, яғни топонимдік аңыздар мен материалдар – фольклор тілінің лингвистикалық зерттеулер үшін маңызды бір бөлігі. Халық ауыз әдебиетінде жер-су атауларына байланысты көптеген аңыздар бар, олар ауыз

әдебиетінің бір бөлігі топонимдер екенін айғақтайды, фольклор мен топонимдерді бір-бірімен сабақтастырады. Топонимдік аңыздардың мазмұнында қиял-ғажайып, мифтік ұғым-түсініктер қамтылады, фольклорлық шындық халықтың тұрмыс-салты, мәдениеті, ұлттық дүниетанымы аясында өрбиді және ол оның заңдылықтары мен қалып-ережелерінен ауытқымайды. Мысалы, «Қырық қыз» тасмүсіні туралы аңыз мифтік танымға негізделеді, соның ішінде қазақ тарихындағы қалмақ-қазақ қайшылықтары, ұлттық дәстүрімізге тән қыз ұзату тойы өмірі шындығымен сәйкеседі, соның ішінде «Жатқа қор қылғанша сүйегіміз өз елімізде, жерімізде қалсын, бізді тас қыл!», – деген тілекте топонимиялық мүдде жатқанын шамалауға болады. «Жатқа қор болу» жекелей алсақ, бұл тілектегі «жат» деген кім немесе не? Жат ел, жат дәстүр, жат тіл мен мәдениет, соның ішінде *жат жер*. Туған ел, туған жер, туған топырақ бұл үшеуі өзара сабақтас ұғымдар. Бесік жырымен, алғаш жер басқан табанының сезімімен, туған мекеннің ауасымен сәби бойына дарыған қасиет-кие, қалып. Осы қалыпқа құйылған болмыс өмір бойы сақталады, жастық шақта кеңейіп, түрлі еліктеулерге орын берілгенмен, жасы ортадан аса бере қайта негізіне тартады. Халық бұны «көн тартса, қалыбына барады» деген мақал арқылы бейнелеп қойған. Жеке адамдардан бастап, жалпыхалықтық сипат алған бірегей болмыс, үнемі өзінің қалыбына тартып отыратынын біз топонимиялық аңыздардан көреміз. Туған жерге деген сүйіспеншілік, оның топырағын құшып жатып өлу арманы топонимдік шағырмашылық арқылы да бейнеленеді. Сол секілді ауыз әдебиетінде де туған жерге деген сүйіспеншілік түрлі жанрларда беріледі. Көне түркілік мұраларда да осы моотив өзіндік орын алады: «Түрк қағаны Өтүкен қойнауында отырса, елде мұң жоқ» (Күлтегін жазбасы). Үс(т)те түрүк Тәңірісі – аспаны, түрүктің қасиетті Жері-Суы былай деген: – Түрүк халқы жоқ болмасын, - деп, – Халық болсын, – деп, әкем Ілтеріс қаған-

ды, шешем Ілбілге қатынды Тәңірі төбесінде ұстап, жоғары көтерген екен¹⁰ (Бекжан, 2019). Осы мысалдарға иек артар болсақ, жер-суды кие тұту, оған табыну, қасиет санау – болжамы бұлдыр фольклорлық туынды ғана емес, жалпы халықтың наным-сенімімен де байланысып жатқан өмір шындығы екен. Әуелгі түркілік санада наным-сенім арқылы орныққан жер-суды қасиет тұту сезім келе-келе туған жерді сүю, сағыну сезімдеріне ұласқан. Туған жерді сағыну, туған жермен қоштасу, туған жерге мұң шағу мағынасындағы кейінгі ғасырларда жазылған ән-жырлар көне түркілік жер-су мотивінің санадағы жаңғырығы іспетті. Мысалы, «Қайран да менің Еділім!», «Самалтау, қайран елім, шалқар көлім», «Атыңнан айналайын Қарқаралы, Сенен бұлт менен қайғы тарқамады!», «Бүркіт ұстап басыңа шығарма едім, Көзіме бір көрінші Ерейментау!» немесе «О дариға, алтын ұя туған жер» т.б. секілді өлең жолдары туған жер мен топонимдер халық шығармашылығы компоненттерінің бірі екенін айғақтайды.

Фольклор – ұлттың тарихи жадының куәсі, ұлттық тарихының айнасы. Фольклор тілінде халықтың ғасырлар бойы жинақталған өмір тәжірибесі көрініс береді. Фольклор мен топонимиканың арақатысы қазақ халқының мәдениетін, көшпелі өмір салтын, поэтикалық зердесін, эстетикалық талғамы мен арман-мұратын, жалпы ұлттық ерекшелігін сипаттайды. Фольклорлық мұраларда жер-су атауларының соншалықты терең сипат алуы, ілгеріде тоқталғанымыздай, көне түркі заманынан бастап, кешегі жазба әдебиетке дейінгі тарихында туған жерге кіндігінен байлану оның туғаннан бастап топырақты жалаңаяқ табанымен басып, ыстығын сезіну, күндіз-түні ат үстінде табиғаттың аясында болуы, оның сырлары мен сұлулығына көңіл суарып, болмысымен сіңісіп кету себептерінен. Бұл ретте В. Пропптың «Классификатордың бірінші міндеті – өз

¹⁰ Орынбай БЕКЖАННЫҢ транскрипциясы.

халқы фольклорының жанрлық құрамын белгілеу. Ал белгілі бір халыққа тән фольклордың белгіленген жанрлық құрамын басқа халықтың фольклорына көшіре салуға болмайды», - дейтін пікірін ойға алған дұрыс (Пропш, 1976). Топонимикалық аңыздар басқа халықтарда да бар, алайда олардың көркемдік әрі ақпараттық мәнін этнос болмысымен үндес өзіндік ерекшелігін басқа елдің фольклорынан іздеуге не онымен салыстыруға болмайды. Өйткені бұл қазақ халықтың ұлттық тарихына дейінгі дәуірлерден бері жалғасып келе жатқан өмір салтынан туындаған өзіндік ерекшелік.

Әрбір ғылым саласы өз ішіндегі ерекшеліктерімен ғана шектеле алмайды, бұл оның даму мүмкіндігін тұйықтайды, сондықтан өзінің көкжиегін кеңейту үшін басқа да ғылым, білім салаларымен өзектесіп отырады. Фольклор жанрын классификациялағанда «фольклорлық топонимияны» өз алдына бөлек бағыт ретінде қарастырсақ, топонимдердің өзіндік ерекшелігі фольклорды басқа өзектес салалармен жалғастырады. Топонимиканың басқа ғылымдармен байланысты екенін ғалымдардың көпшілігі қолдайды. Бұл жөнінде Мурзаев Э. М. (Мурзаев, 1984: 80-93), Қойшыбаев Е. (Қойшыбаев, 1985: 6-10), Жанұзақ Т. (Жанұзақ, 2006: 76-80), Басик С.Н. (Басик, 2008: 6), Әбдірахманов А. (Әбдірахманов, 1975: 3), Әбдуәлиұлы Б. (Әбдуәлиұлы, 2021: 92-112) т.б. ғалымдар өз еңбектерінде атап көрсетеді. Бұл ғалымдардың еңбектерін салыстыра қарастырғанда олардың топонимиканы басқа ғылымдармен еншілестіру жөніндегі пікірлері әртүрлі. Мәселен, өз зерттеуінде Э.М.Мурзаев топонимдер адрестік қызмет атқаратындығымен бірге оның ғасырлар бойғы жасаған халық шығармашылығы екендігін айта келіп, былай дейді: «...Топонимдердің мәні осы қызметімен ғана шектелмейтінін ескеруіміз керек. Ондай біржақты түсінік олардың мазмұнындағы терең сырлар мен ақпараттық әлеуетті ашып бере алмайды. Географиялық атаулар

мен олардың жиынтығы ғасырлар бойы қалыптасқан халық шығармашылығының мәні болып табылады. Олардың бастаулары ерте дәуірлерден тамыр тартады, адамзатқа ортақ арғы тарих тұсында бұлдырап барып, ғайыпқа сіңіп жатқандары да аз емес» десе, . А.А. Реформатский топонимдерді қолдану жөніндегі географиялық, лингвистикалық және тарихи әдістерді схема түрінде дәлелдей сызып көрсетеді де: Топонимика тек лингвистерді ғана емес, сонымен қатар географтар мен тарихшыларды да қызықтырады, бұл орайда әрқайсысының өзіндік мүдделері ескертілуі тиіс және бұл саладағы іздену бағыттары анықталуы шарт екенін айтады (А.Реформатский, 1964: 3). Оның танымдық мәнімен бірге эстетикалық, ақпараттық, қоғамдық қызметтері өмірлік қажеттіліктер болып табылады. Сайын далада бағыттан таймай жүріп-тұру үшін де топонимдік атаулардың ролі қандай екендігі белгілі. Осыдан топонимдік фольклордың практикалық сипаты да көрінеді. Фольклор топонимдер бұрын өз алдына жеке зерттеу нысанына алынған жоқ, ол өз алдына зерттеулерді қажет ететін мәселе, өйткені халықтың жер-суға қатысты көзқарастары, оны пайдаланудың кейбір үлгілері фольклор тілінде сақталған. Көшпелі тұрмыстың қамымен жыл мезгілінің ыңғайына қарай көшіп отырған ел табиғаттың сырларын таныды, жер бедері мен қыртысының ыңғайын біліп, осыған сәйкес атаулар берді. Бұл атаулар мазмұнын тұтастай алып қарағанда табиғат пен адамның қатынасын, жер мен жануарлардың, өсімдіктердің қатынасын қамтиды. Табиғаттану әлемі халықтың топонимиялық танымын қалыптастырды, жер-суды түрлі мақсатта қолдануға жетеледі. Солардың бірі – жер-су атауларын бағдар түзеу, өзі мекендеген жердің аумағын белгілеу, сол аумаққа топтасу, этнос болып ұйысу осы топонимиялық лексика мен атаулар арқылы жүзеге асып отырды. Мысалы, фольклор тіліндегі тау, өзен, көл, бел, сай, құзар, шың т.б. сөздер – жер-су мотивінің элементтері әрі

халықтық географиялық терминдер. Бұл терминдер әрі апеллатив лексика ретінде де қызмет етеді, яғни белгілі бір аймақта жалғыз тау немесе т.б. географиялық нысан тұрса, ол нысанды атап тұрған жалпылық мәнді атауы – жалқы есім қызметінде де жұмсалады. Өйткені ол арадағы жалғыз нысан сол, оны тау, өзен, көл немесе т.б. атауы өзі секілді өзге нысандардан айыру қызметінде жұмсалып тұрған жоқ, қандай нысан екенін білдіріп, жалқылық қызметте жұмсалып тұр. Бұл тұрғыдан алғанда, фольклор тіліндегі топонимдер мен апеллативтердің өзара сабақтастық ерекшеліктерін негіз ете отырып, фольклордағы топонимдік лексиканы жалпылай алып қарастырудың маңызы зор. Сонымен қатар бұл аталған ғылыми пәндердің байланыстылығы өзінен-өзі көрініп тұр деп те айтуға болады. Фольклор сюжеттерінде сипатталатын жер-суға қатысты атаулар болмаса, ол сюжеттер абстракцияға ұшырап, оқиға тарихи тұрғыда баяндалғанымен, мазмұнында нақтылық болмас еді. Сонымен бірге фольклор мәтіндерінде көрініс табатын көне замандардан келе жатқан халықтың танымы мен эстетикалық мұраттары да бұлдыр, солғын болар еді. Осылайша қазақ фольклорының негізгі ерекшеліктерінің бірі – оның тілінде халықтың тұрмысы, кеңістікте бағдар түзеу қабілеті, яғни географиялық білімі жер-су атаулары арқылы көрінеді.

Топоним – тілдік тұлға, тұрған орны мен сипатына қарай – географиялық нысан, пайда болу уақытына қарай – тарихи дерек бола алады. Осы ерекшелігіне орай қызметі де әр тарапты. Зерттеу барысында лингвистика мамандары оның тілдік тұлға ретіндегі атау, білдіру қызметі, тұлғаның мағыналық, құрылымдық жағынан өзгеру эволюциясына назар аударады. Географтар аталып тұрған нысанның заттық болмысына, формасы мен көлемдік өлшеміне, ал тарихшылар уақыттық, кезеңдік деректеріне назар аударады. Фольклор тіліндегі топонимдерді зерттегенде оның ішкі сырларын тану мақсатында

әр қырынан қарастыру, яғни классификациялау қажет екені белгілі, бұл екінші жағынан топонимдік шығармашылық кешенін жан-жақты тану болып табылады. Аталып отырған үш бағыттың әрқайсысына қатысты ақпараттарды аршып алу ғылым үшін аса маңызды, бұл тұрғыдан қарағанда фольклорлық топонимиканың алдында тұрған міндеттер мен кешенділік мәселелері айқындала түседі. Халық тұрмысы мен мәдениеті аясынан шығатын болғандықтан бұл үшеуін бір-біріне бөлек қарауға да болмайды, себебі үшеуінің бірі кем болса, топонимдік кешеннің тұтас болмысы бүтін күйінде көріне алмайды, сондықтан топонимиканы осы үшеуін тоғыстыратын дербес сала ретінде тануымыз керек. Өзге ғылым салаларымен байланысы туралы сөз ету үшін оның өзіндік дербестігіне де назар аударуымыз шарт.

Осындай мақсатты көздей отыра, топонимдік атаулардың біртұтас болмысы мен кешенділігін таза халық шығармашылық өнерінің жемісі деп білуіміз абзал. Халық танымы түрлі компоненттерден тұрады, олардың қатарында табиғат, адам, уақыт пен кеңісік бар, ал халық шығармашылығы осылардың өзара қатынасынан әрі кешенінен тұрады. Топонимдердің фольклор құрамында мол көрініс тауып, халықтың өмір салтына байланысты дала мәдениетінің бір белгісі ретінде туып қалыптасуы, танымдық мағынасымен қатар поэтикалық өңі мен эстетикалық мәнінің жоғары болуы жер-суға деген көзқарасынан болса керек. Өйткені, көшпенділер өмірінде дала мәдениетінің, нақтырақ айтқанда табиғилықтың, тазалықтың орны үлкен болатын, осы дүниетанымның негізінде халқымыздың болмысы тұмса табиғатпен астасып кеткен еді. Ұлан-ғайыр кеңістікті өзіндік ерекшеліктері мен белгілері бойынша таңбалау, адам өмірінің заңдылықтарына икемдеу ісін бабаларымыз топонимиялық атаулар арқылы жүзеге асырды. Аяқты малдың ыңғайына қарай шүйгінді жер, отты өріс іздеу барысында

табиғаттың сұлу болмысын сөзбен таңбалап, оған поэтикалық сипат бере білді. Эстетикалық талғаммен өмірге келген атаулардың біршамасы аңызға айналу сатыларынан өтті. Мақсат-мұрат, намыс жолына бас тігу, кейінгі ұрпақтың қамы үшін өмірін қию секілді халықтың арман тілегі, орындалмаған арман т.б. мазмұндағы көркем ойдан туған шығармалар топонимдер арқылы берілді немесе топонимдер айналасына шоғырланды. Яғни, халықмыз өзі жайлаған, төрт түлігінің тұяғы тиген жерінің бәріне атау берді, ал аты бар жердің әрбірінің аталу сыры, қойылу ерекшелігі бар.

Осы айтылғандарды жинақтай келгенде көшпелі тұрмыс үшін жер-судың адресанттық қызметі, яғни белгілі бір мекеннің не географиялық нысанның тұрған жері мен болмысы туралы ақпарат беру мүмкіндігі адресат (ақпарат алушы) үшін аса маңызды рөл атқарады. Бұл тұрғыдан алғанда жер-су атауларының коммуникациялық қызметіне де назар аударудың қажеттілігін жоққа шығаруға болмайды. Жер-су атаулары адам танымдық әрекетінің нәтижесі, сондықтан көрем шығармашылықтың бастау көздері ретінде де маңызы жоғары. Жер-судың жаратылуы туралы мифтік түсініктер, топонимдердің пайда болуы жөніндегі аңыз, әпсаналар, олардың астарында жатқан «құпия сырлар» қашаннан бері халықты қызықтырып, ол атаулардың ішкі мән-мағыналарын білуге деген құмарлықты арттырып келді. Бұл қызығушылық топонимдік аңыздардың тілдік, көркемдік жағынан дамып жетілуіне, жаңа оқиғалармен толығып отыруына ықпал еткені анық.

Топонимдік атаулар жер бетінде ғана емес, аспан денелерін де аралап, олар туралы түрлі қызықты оқиғалардың тууына негіз болған. Әр халық өзінің тұрмысы мен танымына негіздеп, аспан денелеріне атаулар берді. Мысалы, солтүстік халықтарында өздерінің тұрмысына сәйкес жұлдыздардың атауы *бұғы*, *елік*, *шаңғы ізі* т.б. мағынадағы сөздермен берілген. Ал орыстарда арба

(телега), әйел (баба), поп, елеуіш (сита) т.б. секілді атаулар сақталған (Г.Мәдиева., 2005: 76-77). Қазақ тіліндегі аспан денелерінің атаулар жердегі өмірмен тікелей байланысты, алайда бұл тек қазақ халқының танымы аясымен шектелмейді, керісінше түркілік тарихи кеңістікті қамтиды. Өйткені тілімізде қолданылатын космонимдер басқа түркі тілдерінде де кездеседі. Ақбозат, Көкбозат, Жетіқарақшы, Темірқазық, Мерген, Ұшарқар т.б. секілді космонимдердің мал шаруашылығы және аңшылықпен байланысты пайда болғаны белгілі. Оларға қатысты аңыздың мазмұны жануарлардың халық өміріндегі орны және оған қастық жасайтын қарақшының әрекетін сипаттайды. Аңыз мифтік түсініктің негізінде пайда бола салмаған, оның астарында таным белгілері көрініс береді, яғни жұлдыздардың көзге көрінетін қозғалысында өмір шындығы тұр. Жетіқарақшының, Ақбозат пен Көкбозаттың Темірқазықты айналып жүруі түнгі аспандағы жұлдыздардың қозғалысын бейнелейді. Осылайша халық даналығы аспандағы көзге ерекше көрінетін жұлдыздарға атау беріп, оны түн қараңғысында өзінің бағдар түзеу қажетіне жаратқан. Бұл шығармашылық өнер мифтік түсінікке құрылған оқиғаларды негіз ете отырып әрі тыңдаушының қызығушылығын арттырса, әрі табиғи шындықтың сырларын танып, аспантану әлемінің кеңістігін кеңейте берген. Аспан мен жердегі көзге ілігер қара көрінсе оған ат беріп айдар тағу халқымыздың дәстүрінде бар дағды болса, ол кеңістікті меңгеру мен игеру мүддесінен туындайтыны шындық.

Жер-су атаулары өзінің тылсым сыры, аталу жайттары арқылы халықтың шығармашылық өнеріне әуелі өзі арқау болған және халық шығармашылық өнері туындыларын орындаушы, жеткізуші өкілдердің сол атауларды жырға қосып, танымдық, эстетикалық мағына бере айтуы оның дамуына зор ықпал еткен, осылайша топонимдік аңыздар халық шығармашылығының бір түріне айналған деп болжам жасауға болады. Байырғы

кезеңдерде көшпелілік салтын ұстанған халқымыз табиғатпен етене бірлікте, үнемі қозғалыста болу философиясына құрылған өмірінде жер-су аттарын бағыт-бағдар құралы ретінде қолданған. Туған жердің әр тасы қымбат, өскен елдің әр адамы бауыр түсінігі осы өмір салтының нәтижесінде қалыптасқан ұлттық психологияның басты құндылығы. Осы түсінікпен өскен әр ұланның перзенттік сезімі асқақ, шабыты шалқан. Жер-су атын әнге қосып, жырға, күйге арқау етуі, әңгіме, хикая өзегіне айналдыруы, айтысқа түскен ақындардың өз жерін мақтан етіп жырлауы әуел бастан қалыптасып, тарихи жадының тереңінде жатқан тәлім мен тағылымның ықпалы.

Топонимдік фольклорды ұлттық фольклордың бір саласы ретінде қарастырғанда біз алдымен фольклор мен топонимиканың ара қатынасын анықтап, олардың ортақ негіздерін табуды мақсат етеміз. Сондықтан алдымен фольклор сюжеттерінде көрінетін жер-су атауларының ілкі мотивтерін іздестіру қажеттілігі туындайды. Тек фольклор ғана емес, көне замандардағы халықтың наным-сенімдерін де дерек көзі ретінде қарастырудың маңызы зор. Бұл тұрғыдан алғанда, ілгеріде тоқталып өткеніміздей, көне түркі жазба ескерткіштерінің материалдары да біршама ақпараттар береді. Топонимдік аңыздардың арғы тегі «жер-су» мотивіне барып жалғасады. Көне түркілердің жер-суды қасиетті, киелі санауы негізінде оған деген махаббаты оянған, келе-келе бұл наным туған жерге деген сүйіспеншілікке айналған. Оны қазіргі ғылымда «туған жер мотиві» деп қарастыратын болсақ, көптеген мәселенің шешімі табылмақ. Көне түркілік тамырдан бастау алатын «туған жер» мотивін былайша түсіндіруге болады:

туған жер – кір жуып, кіндік кескен өлке;

туған жер – қасиетті мекен;

туған жер – сағыныш;

туған жер – сыр айтатын мекен;

туған жер – қасиетті борыш (қорғалуы тиіс өлке),

туған жер – соңғы тыныстайтын мекен (бір уыс топырақ) т.б.

Көріп отырғанымыздай, адам өмірінің басынан бастап, аяғына дейін туған жермен байланысты. Туған жерін тастап кету – үлкен күнә. Қазақ ондайды «Ер еліне, ит тойған жеріне» деген мақалымен бекітеді, яғни «Ер ел үшін туып, ел үшін өлуі тиіс». Жырақта жүріп өмірден өткен адамның денесін елге жеткізе алмағанда туған жердің бір уыс топырағы бірге жерленген. «Жер-су» мен «туған жер» мотиві арасында тығыз байланыс бар, ол түркілік таным эволюциясының нәтижесі болып табылады. Көне дәуірлерде «Жер-су» – киелі, рух беруші, қолдаушы күш, табыну нысаны, наным-сенім тұғыры ретінде қабылданып, кейін таным көкжиегі кеңейе келе «туған жер» мотивіне ауысқан. Бірінде наным-сенім күшті болса, екіншісінде сүйіспеншілік басым.

Зерттеу барысында байқалған фольклорлық топонимдер табиғатына тән ерекшелік – оның мазмұнында қиялдан туған ғажайыптармен бірге өмір шындығы да қатар қамтылады. Екіншіден, қиял ғажайыптар мен өмір шындығының арасы таным кеңістігінде болып жатқан үздіксіз даму үдерісінің алаңы ретінде аса маңызды рөл атқарады. Мысалы, аспан денелері туралы аңыздар жиыны қазақ халқының шаруашылығы мен дүниетанымын негіз ете отырып қиял ғажайып оқиғаларға құрылады, әрі аспан денелерінің қозғалысын жіті бақылай отырып, жыл мезгілдерінің мерзімін, ауа райын, шөптің шығымы мен малдың күйі қалай болатынын шамалайды. Аспан шырақтарына атау беру мен оның сырларын білуге деген құштарлық аспантану ілімінің тілін қалаптастырды. Мысалы, «Қазақ халқында ... кең тараған аңыз бойынша Темірқазыққа екі ат арқандаулы. Олар түнімен Темірқазықты айнала оттайды. Бұл екі жұлдыздың қазақша атаулары Ақбозат пен Көкбозат. Осы екі аттың иелері де жұлдызды аспанда орын тепкен. Айдасон мен Ағласон деп аталатын екі жарық жұлдыз Жетіқарақшы

шоқжұлдызының екі жағын ала орналасқан. Жетіқарақшыдағы Қыран қарақшы мен екі аттың аралығындағы Күзетші жұлдызы Ақбозат пен Көкбозатты Жетіқарақшыға алдырмай күзетеді. Қарақшылар аттарды алғаннан соң Үркерді шаппақшы. Олай болған күнде дүниеде ақырзаман орнамақшы...», – деген жолдарда аспан топонимдері, олар арқылы жұлдыздардың орны, қозғалу бағыты, жұлдыздың саны, соның ішінде біреуінің ерекше орналасуы (Қыран қарақшы) т.б. туралы ақпарат беріліп тұр (Х.Әбішев, 2009).

Топонимдік фольклор аспан мен жердің арасындағы нысандарға берілген атаулардың шығу уәждері туралы көптеген оқиғаларды баяндайды. Бұл өз кезегінде халық санасындағы атау беру мәдениетінің орнын айғақтайды. Кез келген нысанға атау бергенде эстетикалық талған сүзгісінен өткізе отырып, оның ықшам әрі көркем болуына назар аударылған. Атаулар тілінде нысанның сипаты және белгілі бір оқиғалармен қатар тарихи, мәдени ақпараттар қоса беріледі. Халықтың көркем әдебиетке деген ынта-ықыласы топонимдік аңыздардың көптеп пайда болуына және үнемі дамып, жетіліп отыруына ықпал етті. Екінші жағынан ертеректе пайда болып, шығу уәждері ұмытылған жер-су атауларының сырларын танып білуге деген қызығушылық шығармашылықтың бұндай түрлерін көптеп тудыруға себепші болды. Сондықтан жер-су туралы фольклорлық сюжеттер халықтың өзі таныған объектілеріне қатысты толассыз туындай беруі заңды құбылыс.

3.2. Фольклорлық топонимдер аясындағы ұғым-түсініктердің ғылыми сипаттамасы

Қазіргі ғылымда топонимдер мен фольклордың арақатынасына байланысты зерттеулер жүргізіліп келеді. Осыған орай өзара сабақтас кейбір ұғымдар пайда болып, олардың

арақатысын анықтап алу қажеттілігі туындап отыр. Топонимдердің шығу уәждері, шығу тегі туралы ақпараттар, халықтық этимология, фольклордағы топонимдік материалдар т.б. осы секілді мәселелер оны тіл білімінің нысаны ретінде тануға мүмкіндік береді. Ал қазіргі фольклортануда А.Пангеревтің ұсынуымен қалыптасқан «топонимдік фольклор» ұғымы бар (А.Пангереев, 2017: 234-244), бұл әдебиеттану саласында пайда болған термин. Әдеби тұрғыдан танығанда аңыздағы оқиға тұтастай назарға алынады да, топонимдерге қатысты тұстары оқиғаның құрамды бөлігі ретінде қарастырылады. С. Қасқабасовтың зерттеулерінде осындай пікір аңғарылады: «Мұндай әңгіменің басты нысанасы – мекеннің атының қайдан пайда болғанын түсіндіру емес, сол мекенде болған оқиғаны хабарлау, бірақ сырттай қарағанда әңгімеші мекеннің атын түсіндіріп отырған сияқты болып көрінеді (С.Қасқабасов, 1985). Көркем әдеби мүдде тұрғысынан оқиғаның тұтастығы маңызды болса, лингвистикалық тұрғыдан қарастырғанда топонимге қатысты тұсы ғана назарға алынады, өйткені оқиғадағы атаудың шығуына қатысты тұсы немесе фольклорда қамтылған топонимдер ғана тілдік талдаудың материалы бола алады. Осы тұрғыдан қарағанда, лингвистикалық зерттеу мүддесімен «фольклорлық топоним» ұғымы сәйкес келеді.

«Фольклорлық топоним» ұғымының аясында екі мәселе қарастырылады: бірі – фольклордағы топонимдер, яғни ауыз әдебиеті материалдарында кездесетін топонимдер туралы. Екіншісі – ауыз әдебиетіндегі топонимдік аңыздар.

Сонымен, топонимдердің шығуы немесе этимологиясы туралы халықтық болжамдарға негізделетін аңыз-ақпараттар «фольклордағы топоним» ұғымын тудырады. Бұл бағытта жүргізілген арнайы зерттеулер бар. «Фольклордағы топонимдер» туралы да зерттеулер бар. Ә.Қайдардың, А.Жұбанова, Е.Жұбановтардың зерттеулері осы бағытқан

арналған (Қайдар, 1998: 140-148. Жұбанова А, 1986: 49-59). Мысалы, Жетісу жеріндегі Қоянкөз тауының бөктерінде (Қоңырөлең елдімекенінің тұсында) «Найзатапқан» деп аталатын арасан бар. Батыр найзасын шаншыған жерден су шығып, артынан емдік қасиеті бойынша халық ол жерге жиі баратын болған. Бастапқы оқиғаға байланысты «Найзатпақан арасаны» аталып кеткен. Топонимнің шығу тегіне қатысты мұндай аңыздар елімізде көптеп саналады, олар «топонимдік аңыздар» ұғымының аясында қарастырылады (Пангереев, 2017: 234-244). Екеуі де фольклорға әрі топонимге қатысты болғандықтан, фольклортану бағытының аясында қарастырылады. Фольклор – ауқымы кең ұғым, оның аясында топонимдерден өзге де ұлттық дәстүр аясындағы көптеген мәселелер қамтылады, сондықтан аталған екі бағытты «фольклорлық топоним» ұғымының аясына топтастырамыз.

Фольклорға қатысты назарға алынатын мәселелердің бірі – оның ақпараттық мүмкіндігі. Әлем елдерінде айтылатын аңыздардың бүгінге жеткен көпшілігі өзінің өмір сүру тарихында халық санасының сүзгісінен өтіп, танымдық кеңістігінің шарттарына сәйкестендірілген, оның ішінде наным сенім мен көркемдік сипат берілген тарихи оқиғалардың элементтері т.б. қатар жүре береді. Халық өзінің басынан кешірген оқиғалардың барлығын санасына жазып кейінгі ұрпаққа аманаттап отырған, алайда ол деректердің барлығы бірдей сол қалпында сақталмайды, келе-келе аңыздарға айналады, мазмұны түрлі оқиғалармен толығады. Ол қиғалар белгілі бір тұлға немесе географиялық нысанның айналасына топтасады. Бұл орайда аңыздың ішкі мазмұнындағы екі мәселеге назар аударылады: бірі – көркемдік сипатаулар мен баяндаулар; екіншісі – осы аңыздың шығуына негіз болған бастапқы оқиға, яғни бір сөзбен атасақ – түпнегіз. Ғасырлар сүзгісінен өтіп, оқиға мазмұны барынша байытылған сайын аңыздың ақпараттық негізі де бастапқы

нұсқасынан алшақтай береді. Ауыздан-ауызға көшкен сайын жетіліп, жаңғырып отыратын мазмұн аясындағы процестер түрлі компоненттермен толығып, өзара ықпалдасып, жаңаша формаға ие болуы мүмкін. Компоненттер қатарына аңыз мазмұнындағы кейіпкерлерді, жалқы есімдерді, тұлғалардың болмысын сомдаушы құралдарды (қару-жарағы, тұлпары, жары т.б.), табиғи нысандарды жатқызуға болады. Аңыз аясындағы процестердің нәтижесіндегі алмасулар мен араласудың арасынан түпнегіз бен ықпалдасу кезіндегі модификация ғылым үшін маңызды болып қала береді. Ондай өзгерістер мен алмасулар жер-су атауларының тарихында да жиі кездеседі, ол атау беру мен оның өзгерістеріне де ықпал етіп отырады.

Тарихи жер-су атауларының кейбірінің мағынасын түсінбейміз, оның басты себебі оларды нысанмен ассоциацияда тануымыз. Топонимді атағанда ең бірінші ойымызға атаудың мағынасы емес, онымен аталатын географиялық нысан келеді, себебі жалқы есімге тән ерекшелік – атаудың мағынасын түсініп қолдану шарты қойылмайды. Тарихи даму барысында түрлі өзгерістерге түскен топонимнің мағынасы кейінгі ұрпаққа түсініксіз болып қалса да, нысанды атауға жарамдылық қабілетін жоғалтпайды. Мағынасының ұмыт болуына ең бірінші ықпал ететін осы мәселе. Екінші кезекте, көне тұлғалы кейбір жер-су атауларының мағынасын түсінбейтініміз олардың шығу тарихын, уәждерін білмеуімізден ғана емес, оның айналасында жинақталатын тізбектер және перифериялық деңгейдегі деректер мен олардың басқа деректермен арасындағы байланысын назардан шығарып алудан да болады. Сондықтан, кей атаулардың мағынасын ашу үшін деректер базасын толықтыру қажет болатыны рас. Деректемелердің маңызды бөлігін фольклорлық, яғни аңыздық деректер құрайды. Аңыз, әпсаналардың шындықтан алшақ тұраты рас, алайда өмір шындығының кейбір элементтері де осында сақталады. Осыған

дейінгі уақытта түрлі деңгейдегі топонимдік аңыздардың өмір шындығымен байланысы бойынша зерттеулер, салыстырулар, салғастырулар және тарихи ізденістер жасалып келді. Бұл зерттеулерге лингвист ғалымдар ғана емес, журанлист, тарихшы, географ, әдебиетші т.б. сала мамандары да үлес қосты. Топонимикалық бағытта жүргізілгенмен, ол зерттеулердің барлығын мойындалған деуге болмайды. Дегенмен мәселенің күн тәртібіне шығуы мен дұрыс бағыт алуына олардың өзіндік ықпалы болды, сөйтіп ғылыми зерттеулердің бір бағыты топонимиялық аңыздардың айналасына жинақтала бастады.

Топонимдік аңыздардың бәрі бірдей мифтік таныммен сабақтасып немесе халық қиялынан туа бермейді. Оған белгілі бір оқиғалар, тарихта аты қалған тұлғалардың өмірі, географиялық нысанның көне тұлғасының қазіргі кейбір сөздермен сәйкес келуі т.б. негіз болуы мүмкін. Екіншіден, ерте дәуірлерден бастау алатын атаулардың шығу уәждері қиял ғажайып оқиғалармен байланысып жатқанмен, ауыздан-ауызға тарала келе адамның болмысты тануы мен табиғатты игеру мүмкіндігі артып, әлеуметтік-қоғамдық қатынастар орныққан дәуірлерде өмірдің осы шындығы аңыздың мазмұнын толықтыра түсті деген болжам жасауға болады. Себебі адам санасының дамуымен, дүниетанымдық көзқарастарының өзгеруімен бірге топонимдер мазмұнының жаңаша сипат алып отыруы заңды құбылыс. Осы орайда топонимдік аңыздардың тілге, әдебиетке, тарихқа бірдей қатыстылығына назар аудара отырып, олардың бір-бірінен айырмашылықтары туралы да атап өткен орынды. Топонимдік аңыздар табиғатының көркемдікке бейімділігі, яғни оның қиялға қатысы, тарихи шындықты бейнелеудегі деректілік сипаты, танымдық, эстетикалық қызметі сайып келгенде топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін саралауға, олардың функциясын айқындауға негіз болады. Бұл ерекшелік топонимдердің көркем әдебиетпен байланысын айқындай түседі.

Осы ерекшелігін ескере отырып, зерттеушілер топонимдік фольклордың жанрлық түрлерін халық прозасы жанларына сәйкес топонимдік аңыз, топонимдік әпсана, топонимдік хикаят, топонимдік әңгіме деп төрт түрге бөліп қарастырады. С.Қасқабасов аңыз, әпсана, хикаят, ертегінің өзара айырмашылығын «...алғашқы жай әңгімеге қарағанда аңыз көркемдеу, қызықтау болады, бірақ ешбір кереметтік (чудо) араластырмайды. Егер кереметтік элементі кіріксе, ондай шығарма әпсанаға немесе хикаятқа айналады. Бұл – аңыздың өзінен басқа әлдеқайда көркем жанрға, яғни әпсанаға, хикаятқа, тіпті, ертегіге де айналуының басты жолы», – деп олардың өзара қатынасы мен байланысын бір нәрсенің бойындағы даму үдерісінің нәтижесі ретінде көрсетеді (24 б. Бабалар сөзі: Жүзтомдық. –Астана: «Фолиант», 2011. Т.80: Топонимдік аңыздар. – 416 бет.]. Әдеби топтастыруларда аңыздың мазмұны, көркемдік сипаты т.б. негізге алынса, лингвистикалық тұрғыдан оның тілдік, ақпараттық, деректік, этимологиялық ерекшеліктері маңызды қызмет атқарады. Сондықтан, бір ескере кететін жайт – бұл талдауларымызда, лингвистикалық мүдде назарға алынатындықтан, жанрлық ерекшелікке баса мән берілмейді. Атап айтқанда аңыз, әпсана, хикаят, ертегі жанрларының өзарақатысы немесе термин ретіндегі ерекшеліктері әдебиет теориясы үшін маңызды болғанмен, тілдік талдаулар үшін назарға алынатын негізгі мәселе бола алмайды.

Жанақтай келгенде негізгі ұғымдар аясына мыналарды жатқызамыз: Фольклорлық топоним: 1. топонимдік аңыздар (топонимдердің шығу тарихы туралы аңыздар), 2. фольклордағы топонимдер (фольклор тілінде кеңістіктіктегі нүктелерді белгілеу үшін қолданылатын жер-су аттары); топонимдердің шығу уәждері, халықтық этимология, топонимдік ақпарат т.б.

Жер-су атауаларының ақпараттық қызметі, кумулятивтік қызметі, коммуникациялық қызметі т.б. бұл да өз алдына айқындалу тиіс ұғымдар.

Осы секілді топонимика мен әдебиеттанудың арақатысы, фольклор мен топонимиканың арақатысы, топонимдік аңыздардың даму үдерістері, топонимдік аңыздардың қалыптасу сатылары т.б. өз алдына қарастырылатын мәселелер.

3.3. Топонимдердің шығу уәждері және халықтық таным негіздері

Жер-су – ежелгі заманнан тіршілік пен дүниетанымның көзі, сондықтан ол туралы таным үдерісі мен көзқарастар үздіксіз дамумен келеді. Халықтың тұрған жеріне, ол жердің ауа райына және болып жататын түрлі табиғи құбылыстарға байланысты әуелде мифтік түсініктің ауқымындағы көзқарастар пайда болғанмен, сол түсініктер келе-келе тұрмыс тәжірибесі негізінде өмірдің шындығына қарай ойысып, жетіліп отырған. Алайда, мифтік көзқарастардың айналасында пайда болған аңыздар дүниенің сырлары ашылған сайын қолданыстан шығып қалған жоқ, халық ауыз әдебиетінің құрамында көркемдік, эстетикалық қызметімен өмірін жалғастыра берді. Қазіргі кезде мифтік аңыздар мен атау беру уәждеріне дейінгі аралықтағы ұзақ жолды басып өтіп, фольклордың құрамынан «фольклорлық топонимдер» деген атпен өзіндік орын алып отыр. Фольклорлық топонимдер мазмұнында топонимдердің *шығу уәждері* туралы баяндалады, кей жағдайда *этимологиялық болжамдар* да жасалады. Тіл білімінде ол халықтық этимология деп аталады. Бұл екеуінің бір-бірінен ара жігі айқын айырмашылығы үлкен емес, алайда кейбір өзгешеліктер осылай екі түрлі атауға жетелейді. Аңызға арқау болған топонимдердің барлығы оның шығу уәждерін қамтиды. Мысалы, адам есімдеріне байланысты топонимдердің

пайда болуында этимологиялық болжам болмайды. Мысалы, Бесқыз (бес қызды қасқыр жеп кеткен жердің аты), Бесоба (Жаудың қоланы түскен бес батырды өртеген жердің атауы), Ботагөз бұлағы (Ботагөз деген қыздың қамшы шаншыған жерінен шыққан бұлақ) т.б. секілді аңыздарда топонимдердің шығу себебі айтылады. Ал *этимологиялық болжам* атаудың құрамындағы сөздердің мағынасын ашып түсіндіруге әрекет етеді. Мысалы, Қостанай (Тана және Танай деген егіз қыздың есімдерінің бірігуінен жасалған), Шажай (Шажы және ағай деген сөздердің бірігуінен жасалған атау) т.б. атаулардың шығуы туралы болжамдарда сөздерді құрылымына қарай талдау, грамматикалық жүйе заңдылықтарына негіздеу, яғни этимологиялық принциптерге сәйкес сипаттаулар бар.

Топонимдердің шығу уәждері. Қазақ даласында топонимдердің шығу уәждеріне байланысты аңыздар көптеп саналады, мазмұны жағынан тілдік және тілден тыс факторларды қамтиды, сондықтан оларды лингвистикалық және этонлингвистикалық тұрғыдан қарастырудың маңызы зор. Аңыз оқиғаларының мазмұнына байланысты топонимдердің шығу уәждерін белгілі бір оқиға негізінде пайда болған; заттық белгі негізінде пайда болған; кісі немесе ру атынан жасалған топонимдер деп бірнеше топқа бөлуге болады.

Белгілі бір оқиға негізінде пайда болған топонимдер. Аты айтып тұрғандай топоним туралы аңыз оқиғаның түрін, барысын т.б. сипаттай отырып, атаудың шығу уәжін түсіндіреді. Алайда, осы орайда кейбір ерекшеліктеріне байланысты *хабарлау мәнді топоним* және *топонимдік аңыздар* деп шартты түрде аталған екі топқа бөлу қажеттілігі туындайды. Сөздік қорымызда *Айғырсойған, Табаққырған, Кемесалған, Аттоттаған, Атансауған, Тайсойған, Сиырсойған, Торыатсойған, Түйесойған* т.б. секілді есімше тұлғалы жер аттары бар. Олар сол жерде осы оқиғаның болғанын және соның негізінде осы топонимнің жасалғанын

білдіреді, алайда ол жайлы егжей-тегжейлі айтылмайды, атаудың мағынасы бар болғаны оқиғаға меңзейді, біз сол бойынша оның түрін ғана шамалаймыз. Мағынасының оқиғаның себебін баяндау ерекшелігіне байланысты оларды «хабарлау мәнді топонимдер» деп атаймыз. Алайда, оларды топонимдік аңыздар қатарына қоса алмаймыз, өйткені аңыздың басы мен аяғы бар, нақты бір оқиға туралы баяндалатын өзіндік мәтіні мен мазмұны болады.

Мазмұны мен көркемдік ерекшелігі жағынан көне заманнан жеткен аңыздар мен қазіргі кейбір топонимдердің шығу уәждерінің арасында байланыс бар. Көбіне оқиға желісі бір-бірімен ұқсас болып келеді. Мысалы, «Әкібай ұшқан жартас» деген топонимнің шығу уәжі Әкібай есімді адамның аюмен алысып жүріп, екеуінің жартастан бірге құлап кету оқиғасымен байланысты. Қазіргі кезде Жетісу облысы Кербұлақ ауданы Алтынемел өңірінің жергілікті тұрғындары осы оқиғаға байланысты таудағы биік құз-жартасты «Әкібай ұшқан жартас» деп атайды. Ілгеріде аталған «Найзатапқанның арасанымен» бұл топонимнің шығу уәжінде өзара ортақ ұқсастық бар. Сол секілді «Қызұя» атауының шығуы да белгілі бір оқиғаға қатысты. Бүкітші қыз шыңдағы ұядан қыранның балапанын алу үшін үстінен арқан байлап түседі де, тастың қырына егелген арқан үзіліп, сол жерде қалып қояды. Бүркіт әкелген етпен қоректеніп, жаздай осында күн кешіреді. Күзде балапандар ұшуға жарағанда екеуін екі қолына ұстап, шыңнан секіріп кетеді. Қолға үйренген балапандар қызды аман-есен жерге алып түседі. Бүркіт ұя салған шың-жартас осылайша «Қызұя» аталып кетеді. Бұл аңыздардың алғашқысы өткен ғасырдың отызыншы жылдарында өмірде болған оқиға. Ал Қызұяның қай кезде болғаны белгісіз. Өмір шындығымен салыстырғанда Қызұя туралы аңыздың халық қиялынан туған көркем ойлармен біршама толықтырылғаны байқалады. Жинақтай келгенде, өмірде болған-болмағанына қарамай,

«Найзатапқанның арасаны» да, «Өкібайұшқан жартас» та, «Қызұя» да нақты бір оқиғаның негізінде пайда болған топонимдер қатарына жатады. Осы секілді Жорғабел, Қыранқалған, Құланқырған, Мыңәулие, Қалмаққырған, Әмірәлі (Абыралы), Айғайжал, Айғайқұм, Айғырұшқан, Ақбеттау т.б. топонимдерің шығу уәждері де белгілі бір оқиға негізінде пайда болған топонимдер тобына жатқызуға мүмкіндік береді. Бұл топтағы топонимдердің ішінен *кісі атынан жасалған топонимдерді* арнайы бөлек алып қарауға болады, өйткені оның басты ерекшелігі адам мен нысан арасындағы байланыста. Кісі атынан жасалған топонимдердің жасалу жолдары әрүрлі. Бірінде тікелей атымен аталса, енді бірінде атының орнына оның әулиелігі, даналығы секілді қасиеттері атау етіп қойылады. Мысалы, Базарбейіті (Базар деген адам жерленген жер), Байқатын, Бәйбіше бейіті, т.б. адам атымен аталып отыр; ал Айша бибіге мазар салып, өмір бойы оның аруағын күзетіп өткен Қараханның іс әрекетін әулиге теңеген халық сол өңірді «Әулиеата» деп атап кеткен екен. Сол секілді Әулиеқызы, Байеділ-Тоқабай, Байтуған, Баршын бейіті, Баршынгүл т.б. топонимдердің барлығы да тікелей кісі есімімен байланысты қойылып отыр.

Заттық белгі негізінде пайда болған топонимдер. Заттық белгілерге нысанның адамға немесе басқа бір затқа ұқсастығы немесе оқиғаның болғандығына «қуә» нысандарды жатқызамыз. Бұл топтағы топонимдік аңыздар географиялық нысанның сипатына қарай пайда болып, атаудың шығу уәждерін баяндайды. Мифтік сарынға құрылған аңыздарда бұл көбірек байқалады. Халық табиғи нысандардың ерекше белгілерін басқа бір заттармен ұқсату негізінде аңыздар ойлап шығарған. Мысалы, Келіншектау туралы. Ертеде малы мыңғырған бір бай жалғыз, ерке қызын ұзатады. Жасауын бастан-аяқ тек алтыннан жасатыпты. Ұзатылып бара жатқан қыздың жолда ойы бұзылып,

көшті тоқтататады да, жасауды өз көзімен көрмек болады. Барлығы алтыннан, тек итаяғы ғана ағаштан жасалған екен. Еркелікке ерік беріп, әкесіне көңілі толмағанын айтып, «итаяғым да алтыннан болсын» деп дереу төркініне кісі жібереді. Қызының дүниеқорлығы мен тойымсыздығына ренжіген әкесі: «бүйткенше тас боп қатып қалсаңшы!» деп ашуланыпты. Қарғыс сол заматта қабыл болып, қыз да, жасауын артқан түйелер мен керуен де тас пен тауға айналыпты. Керуен тасқа айналған сол жер бүгінде Келіншектау аталады. Сол секілді «Қырыққыз», «Тұлпардың ізі» деген жер атаулары туралы аңыздар табиғи нысандардың сипатына қарай қойылған. Қырыққыз туралы аңыз көпшілікке белгілі: жаугершілік заманда тұтқынға түскен қыздардың тілегі қабыл болып, тасқа айналған деседі. Ал «Тұлпардың ізі» деген жер Көксу тауларындағы бірнеше жерде аттың тұяғына ұқсас от орнындай дөңгелек терең іздерге байланысты туған аңыз. Халық аңыздарында алып тұлғалы батырдың тұлпары да соған сәйкес болатыны айтылады, яғни батыр мінген тұлпар тұяғының өзі от орнындай. Осы аңыздағы өлшемді жылдардағы кей суреттеулермен салыстыруға болады. Ер Тарғын жырындағы Тарланның сипатталуы:

От орнындай тұяқтым,
Омыртқаң бар отаудай.
Жаурыныңа қарасам,
Сыпыра шапқан тақтадай.

.....

Шықшытыңа болайың,
Оралып жатқан түбектей! (Ер тарғын).

Жырлардағы тұлпардың тұлғасы мен қасиетін асыра сипатау, болмысын сомдауда қолданылатын көріктеуіш құралдардың тыңдаушыға әсері, мифтік бейнесінің қалыптасуына ықпал еткен. Мысалы, «Қобланды батыр» жырында:

Айналайын бурыл ат,

Қолтығыңда қос қанат, – деп келетін жолдардағы қос қанатының болуы тұлпардың басты ерекшелігі. Осы қос қанатты тұлпардың шабысы, екпіні, тұяғының күші жарларда тамаша суреттеледі.

Шу жануар, шу дейді,

Құбылып Бурыл гулейді,

Табаны жерге тимейді,

Тау менен тасты өрледі,

Төрт аяқты сермеді,

Көлденең жатқан көк тасқа

Тіктеп тиген тұяғы

Саз балшықтай иледі (Қобланды батыр), – деген жолдардағы «табаны жерге тимеу», яғни ұшу, «тасты саз балшықтай илеу» секілді тіркестер жануардың айрықша тұлғасын сомдай түседі. Халық жадында орныққан тұлпардың көркем бейнесі түрлі аңыздардың тууына себеп болғаны анық. Жер атауы да осы мотив арқылы пайда болса керек деген болжам жасаймыз. Ертеден сақталып келе жатқан от орнындай ойықты халық ізге ұқсатып, «Тұлпардың ізі» деп атап кеткен екен.

Заттық белгі негізінде пайда болған топонимдік аңыздарға Ақшатау (Баянның сандығы қалып аппақ тауға айналған жер), Алтайтас (Алтай деген жігіт тасқа айналған екен), Аягөз (Аяудың көзінен аққан жастан пайда болған өзен), Байқал мен Аңғара (Байқалдың көз жасы мен қайғысынан пайда болған көл), Балқаш (Балқаш байдың көз жасынан пайда болған көл) т.б. жатады. Бұл топтағы топонимдік аңыздар табиғи нысандарға байланысты пайда болған.

Жер-су аттарының шығуына қатысты халықтық этимологияның бір бағыты топонимиялық аңыздардан көрініс тапқан. Ілгеріде айтылғандарды нақтылай түссек топонимиялық аңыздар мынандай бірнеше себептерден пайда болады:

географиялық нысанның сипаты мен түрлеріне байланысты аңыздар. Мысалы, Қырыққыз, Ұйқыдағы ару; белгілі бір оқиғаларға байланысты аңыздар: Алтынемел, Қызұя, Торайғырдың асуы, Найза тапқан т.б.;

Топонимдік аңыздардағы халықтық этимология.

Халықтық этимология – халықтың жер-су атауларының шығуы туралы тілдік болжамы. Ғылыми негізі болмайды, керісінше атаулардың дыбыстық нұсқасының ұқсастығына, сондай-ақ түрлі географиялық нысандардың сыртқы формасына қарап та атаулар берген және сол атаулардың шығу тегі мен мағынасын түсіндіретін аңыздар да ойлап шығарған. Ғылымда халықтық мазмұн-мағынасына қарай халықтық этимологияны жалған этимология (ложная этимология) және көпшілік қолды этимология (популярная этимология) деп бөледі. Олардың әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері бар (Қайдаров, 1998: 67).

Халықтық этимологияда мағынасы адамның өзіне бейтаныс сөздер халық түсінігінің шегінде түсіндіріледі. Адам өзіне таныс емес сөзді алғаш естігенде, ол туралы жалған ұғым-әсер алуы да мүмкін; осыдан келіп, оны өзіне мәлім байырғы топ сөздің біріне ұқсатуы да мүмкін. Мысалы, С.Мұқановтың «Сырдария» романының геройы Сырбай экскаватор дегенді – «іске батыр» деп атайды. Сол секілді халық арасында Тевкелевті – Теуіп кел, Александр – Әлексалды, Карбышев – Қарапұшық, Федор – Шодыр (тентек, ұрда жық мағынасында) т.б. кездеседі. Бұл сөздердің құрылымында фонетикалық және морфологиялық ерекшеліктер бар, түсіндіруші екі тілдегі сөздердің өзара ұқсастықтарын ескере отырып, өзіндік болжам жасайды (Қайдар, 2014: 46-48).

Тарихи тіл білімінде сөздердің шығу тегі мен даму эволюциясына талдаулар жасалғанда тілдік және тілден тыс деректердің барлығы негізге алынады. Соның ішінде тілдің өткен тарихына болжамдар жасағанда фольклор тілінің де өзіндік орны

бар екені жөнінде зерттеушілер тарапынан айтылып жүр. Бұл жөнінде ғалым М.Томанов өзінің қазақ әдеби тілінің қалыптасу тарихындағы фольклор тілінің орны жөнінде тоқталып өтеді (Томанов, 1988: 4-5). Топонимдердің шығу тегі туралы зерттеулерде де фольклорлық шығармалар деректерін назардан тыс қалдыруға болмайды. Этимологиялық табиғатына талдаулар жасағанда да фольклор тіліндегі тікелей топонимдерге қатысты материалдардың деректік маңызы зор. Ол деректер нақты бір фактілерді ұсынбаса да, халықтың атау беру қағидаларынан, атаулардың шығу уәждерінен, ұлттық дүниетанымынан, табиғаттану әлемінен, жер-суды игеру әдістерінен т.б. көптеген ақпараттар береді, түрлі ғылыми болжамдарға жол ашады.

Деректік қызметімен қатар, топонимдер жөніндегі және топонимдерге байланысты аңыздарың. Соның ішінде тілдік фактілердің атқаратын қызметі зор. Морфологиялық құрылымдардың ықшамдалуы мен дыбыстық өзгерістердің барысында көптеген сөздер өзінің бастапқы тұлғасынан алшақтап, мүлде жаңа сипатқа ие болды. Олардың даму барысындағы өзгеру жолдарына талдаулар жасау, бірігу, кірігу, сіңісу құбылыстарының сырларын анықтау жалпы есімдерде ғана емес, топонимиялық лексика үшін де маңызды. Топонимиялық қордың жалпы мазмұны халықтың тарихын, сыртқы елдермен қатынастарын, экономикалық, мәдени тұрмысы мен шаруашылығын қамтиды. Оның ішкі сырларына үңілу түсіндірмелік, тарихи-этимологиялық шарттарға негізделеді. Этимология тек ғылыми тұрғыдан ғана жасалмайды, кейде этимологтар атаудың шығу тарихы туралы аңыздарға да сүйенеді. Белгілі бір оқиғаларға негізделе отырып, атаудың шығу тарихы туралы баяндайтын бұл аңыздардың тұжырымдарын зерттеушілер халықтық этимология деп атайды.

Топонимдердің қалыптасуы ұзақ ғасырларды қамтиды, сондықтан дыбыстық тұлғаларының көбі түрлі себептермен

өзгерістерге түскен. Өзгерістер нәтижесі топонимді өзінің түпкі мағынасынан алшақтатқанмен, қазіргі тіліміздегі кейбір сөздерге ұқсап кететін де кездері аз емес. Сонымен қатар географиялық нысанның сипатына қарай атау беріп, ол туралы аңыздар шығару да топонимдердің шығу уәждерінде бар құбылыс. Атаулар айналасында аңыз әңгімелердің бірге жүруі ертеден бар. Ғылыми-зерттеу жұмыстарында кейде осы аңыздар да негізе алынып отырады. Соның ішінде атаулардың шығу уәждеріне қатысты немесе этимологиялық зерттеулерде бұл әдіс бірге жүреді. Кейбір атаулардың шығуы тарихы туралы осындай аңыздар кейде нақты деректер береді, оны да жоққа шығаруға болмайды. Осыған байланысты этимология өз ішінде ғылыми этимология, халықтық этимология болып екіге бөлінеді. Халықтық этимология өз ішінде «жалған этимология», «танымал не танымдық этимология» болып бірнеше түрге бөлінеді (Қайдар, 1998: 261).

Халықтық этимология тіл білімінде, соның ішінде тарихи лексикология саласында, белгілі бір көзқарас-пікір айналасында болмаса, арнайы назар аударылмай келе жатақан мәселе. Әркімнің туған тілдің өзіндік жүйесін тануға талпынуы, оған өзіндік білім дәрежесінен зерделей көз салуы, пікір түюі ертеден бар, олай болуы заңды да. Сондықтан, оның ғылыми этимологияның алғашқы сатысы ретіндегі орнын ескеру абзал. Қазіргі зерттеушілер тарапынан оған түрліше баға беріліп, яғни *танымал не танымдық және жалған этимология* деп түрліше топтастырылады.

Сөз табиғаты үнемі өзгерістер мен жаңғырулардан тұрмайды, керісінше көренуден де тұрады. Лексикалық қордағы сөздердің барлығының шығу тегінің түсінікті бола бермейтіні сондықтан. Осындай жағдайда жекелеген сөздердің түпкі мағынасына бүгінгі тұлғасы тұрғысынан болжам жасап, пікір айту халық арасында кездесетін жағдай. Лингвистикалық

шарттар мен ғылыми этимология талаптары тұрғысынан сын көзбен қарасақ та, халықтық этимологияның бастау көз, әуелгі негіз ретіндегі орнын жоққа шығаруға болмайды. Топонимиканың фольклортаумен сабақтасар тұсында халықтық этимологияның өзіндік орны бар, қалай болғанда да бұл орайда оның маңыздылығы төмендемейді. Этимологиялық шындық үшін болмаса да, этнолингвистикалық тағылым үшін аса пайдалы болып қала береді.

Ғылыми этимологияның талаптары мен шарттары өз алдына жеке мәселе екенін айта отырып, халықтық этимологияның да ғылымдар жүйесіндегі өзіндік орнына қысқаша тоқталып өтейік. Фольклорлық топонимияның ішкі мазмұны мен мақсаты халық жадында сақталған аңыздардың идеясынан туындайды. Жан-жақты талдаулар жасап, тілдік-ақпараттық мүмкіндіктерін ашу, оның ішкі сырларына үңілу, ең бірінші, халықтық этимологияның жүйесін танумен ерекшеленеді. Айтылар ойдың айқындығы үшін негізгі ойларымызды мысалдар келтіре отырып баяндауды жөн көреміз. Мысалы, « – Әй, осындай кетпенді қайдан таптың? – десе:

– Бұл кетпеннің үлгісі шалда бар, – деп, сұраушыны сол орыс шалға жіберетін көрінеді. Содан былай бұл ауыл «Шалдабар» деп ататылп кетіпті», – дейді халықтық этимология. Сол секілді Шаңырақкөмір атауының шығуына да «Бір күні ауылда жейтін еш нәрсе табылмай, тұрғындар киіз үйлерін құлатып, шаңырақтарын кеміре бастаған... Содан бұл жайлау «Шаңырақкөмір» деген атауға ие болған» деген түсінік беріледі. Күрделі тұлғалы топонимдерді халықтық этимология құрылыман қарай жіктеп, компоненттерінің әрқайсысына мағына береді, яғни мағынасын түсіндіреді. Атаудың шығу себептерін баяндай отырып, құрылымына лингвистикалық талдаулар жасайды. Сол секілді «Шәуілдір» топонимінің шығуы туралы болжамды да лингвистикалық ізденістермен салыстыруға болады:

«...осы екі ғашық паналаған жерді жұрт «Шәміл мен Дүрияның ауылы» деп атап кетіпті. Уақыт өте келе бұл атау қысқартылып, «Шәмілдүр», артынан дыбыстық өзгеріске ұшырап «Шәуілдір» атанған деген сөз бар». Атау құрылымының әр бөлшегіне жекелей тоқталмағанмен, халықтық этимология атаудың құрылымындағы үнемдеу заңдылықтарына, қысқаруға, дыбыстық өзгерістер мен кірігу заңдылықтарына мән береді. Бұл тұрғыдан алғанда, шындықтан алтынығына қарамастан, халықтық этимологияның өзіне тән ғылыми әдістемелік негізі барын жоққа шығаруға болмайды.

Халықтық этимологияның кей жағдайда тілдік дерек беруге қабілетті түрлері де кездеседі, ал ғылыми этимология оларды факт ретінде тіркеп отырады. Сондай мысалдарды бірі – Алтынемел атауының шығу тарихына қатысты халықтық және ғылыми этимологиялар. Сонымен Алтынемел бірінші таудың, атауы екінші осы шағын өңірдің атауы. Топонимнің шығуы туралы ғылыми әрі халықтық этимология қатар кездеседі. Ғылыми этимология екі түрлі болжам жасайды: бірі – атауды халықтық этимологиямен байланыстырса, екіншісі – басқаша қарайды. Енді осы екеуіне тоқталып көрелік. Халықтық этимология атаудың шығуын «Жошы ханды құлан шайнап өлтіргенде осы жерде алтын ертоқымы қалыпты», – деп түйіндейді. Е.Қойшыбаев бұл жөнінде «Халық этимологиясы қалмақша «Алтынер» деп түсіндіретінін айтады (Е.Қойшыбаев, 1985: 256). Сол секілді келесі бір аңызда «Дүниенің жартысын билеген даңқты Шыңғысхан күллі Азияны төпеп өткенде осы аймаққа келіп бір тоқтаған деседі. Күн еңкейіп, дала ал қоңыр тартқанда, күн шапағымен сарғайған тауларға көз салып, «Алтынемел екен» депті. Дуалы ауыздан шыққан ат сол күннен айдар болып, Алтынемел атанған екен» (Б.Тұрсынбайұлы, 2020). Бұл екі аңызда да «алтын ер» мағынасы тұрған секілді. Ал осы атаудың этимологиясын арнайы қарастырған ғалым Т.Жанұзақ

«Атаудың бірінші сыңарындағы алтын лексемасы түркі және моңғол тілдерінде ортақ сөз», – деп «алтын» сөзінің мағынасын асыл, қымбат бағалы металл деп қарайды. Осылай деп ғалым бір ойдан халықтық этимологияның деректерін негізге алады. Екінші сыңарын тіл мамандары моңғол (бурят, қалмақ) тіліндегі *эмэл* – «ер» мәніндегі сөз деп қарайытынын айтады. Сөйтіп оны тұңғыс-маньчжур тіліндегі *эмэген* – «ер» сөзімен де төркіндес деп қарау туралы ұсыныс айтады. Екінші ойдан алтын сөзінің нақты қымбат металл – алтын сөзі екенін көпшілік ғалымдар мойындамайтынын ескере отырып, оны түркі тілдеріндегі *altin//aldin* – «төмен. төменгі», «төменде, төменгі жақтағы» сөзмен де салыстырады. Ал Моңғолияда «эмэл» сөзі тау асулары мен бел-белестердің атау-терминдері ретінде қолданылатынын және *Эмэл асуы* Қырғызстанның Қабак тауында, біздің жерімізде Жоңғар Алатауында, Чита облысында *Алтын-Эмель* атты тау барын атап өтеді. Жинақтай келгенде Т.Жанұзақтың ғылыми тұжырымы бойынша атау құрамындағы *алт(д)ын* сөзін – «төмен, төменгі жақ», яғни атаудың толық мағынасы: «төменгі, аласа асу, бел» деген мағына береді екен. Оған қосымша тау ортасындағы ерге ұқсас келген аласа асу, жер бедерін бұған айғақ ретінде ұсынады (Жанұзақ, 2022. 4-т.: 265-266). Ал Е.Қойшыбаев атаудың бірінші сыңарының алтынмен байланысы жоқ, «алдыңғы асу», «асу алды», «кіреберіс» мәніндегі атау дер болжам жасайды (Қойшыбаев, 1985: 47).

Қайшы пікірлердің болуына қарамай, бұл орайда халықтық этимологияның ғылыми этимологияға дерек беріп отырғанын ескеруіміз керек. Бұл атауды Шыңғыс хан есімімен, оның заманымен байланыстыратын басқа да топонимдік деректер бар, ол туралы осы атаудың шығу уәждеріне арналған талдауларда арнайы тоқталатын боламыз.

Топонимдік аңыздар Қазығұрт (қазық ұрды), Баянаула (бай ана ауылы) атауларының шығуы туралы да айтылады. Сол секілді

Ә.Қайдар өз зерттеуінде халықтық этимологияға байланысты көркем шығармадан мынандай мысалдар келтіреді: «Мәселен «Азия (Аз ұя, яғни ата мекен), Африка (қазақтың «қапырық» деген сөзінен), Жапон (жұпыны), Бразилия (мынауың біраз ел, ә), Пекин (Қазақтың «бекін» деген сөзі. «Жау келе жатыр, қаланың қақпасын жап, бекін» дегеннен шыққан). Қазақта «қызың Қырымға, ұлың Ұрымға кетсін» деген сөз бар. «Қырымы – кәдімгі өзіміздің Қырым, Қара теңіздің жағалауы. Ал Ұрымы – Рим. Италияның астанасы. Қазақтар Римге тілі келмеген соң «Ұрым» деген. «Монғол» қазақша «мың қол» деген сөз. «Корея» қазақша «қария» сөзі. «Чили» қазақтың «шилi» деген сөзі, жерінде ши көп өсетін болғандықтан, солай атаған...Мен бұл әңгімені алғашында шын көріп тыңдасам, сосын біртіндеп қалжың екенін білем» (Қайдар, 2014: 47).

3.3. Жібек жолы бойындағы топонимдік аңыздар

Фольклорлық топонимдерді өзінің табиғаты бойынша бірнеше зерттеу бағыттарында қарастыруға болады. Ол бағыттар, ілгеріде атап өткеніміздей лингвистикалық аспект, географиялық аспект, тарихи аспект т.б. Ғылымдар тоғысында қарастырғанда негізгі мақсат – олардың кешенді болмысын сипаттау, фольклорлық топонимдердің басты ерекшеліктері мен ішкі сырларын ашып түсіндіру. Бұл орайда аталған аспектілердің әрқайсысына жеке тоқталып, өзіндік ерекшеліктері айқындалмайды, керісінше оларды кешенді түрде қарастыра отырып, толық сипаттамасы жасалады. Талдаулар барысында атаулардың нысанды атау, даралау қызметі, ақпараттық мүмкіндігі, тарихи-этнографиялық сипаты, көркем-шығармашылық келбеті т.б. барлығы қатар баяндалып отырады. Фольклор тілі халық өмірінің айнасы, оның қорындағы сөздердің мағынасында қазақтың ұлттық дүниетанымы, салты мен дәстүрі, өмірілік арман-мұраттары туралы ақпараттар сақталған. Соның

ішінде арнайы сөз болып отырған топонимдердің де пайда болу мақсаты мен міндеттері, мейлі ол мифтік таным негізінде пайда болсын, халық өмірінің шындығымен астасып жатады. Бұл тұрғыдан алғанда фольклорлық топонимдер мен тұрмыста қолданылып жүргендерінің арасында аса үлкен айырмашылықтар болмайды. Сондықтан, топонимдердің ақпараттық қызметінің бір бағыты кеңістікті таңбалаудың өмірдегі көрінісіне қысқаша тоқтала кетейік.

Жібек жолы бойын жағалай қоныстанған ел өзі мекендеген жерлерге атау беру арқылы көптеген топонимдермен сөздік қорымызды толықтырды. Халықтың көшпелілік тұрмысында жер-суға атау беру барар жеріне бағдар түзеу, бағытын айқындау мақсатымен де тікелей байланысты болды. Бұл дәстүрлі тұрмыс талаптары жалпы қазақ даласын мекендеген ру-тайпалардың барлығына ортақ жайт. Оған мысал ретінде XIX ғасырдағы жазба деректерде кездесетін мынандай топонимдер тізімін ұсынуға болады: «Перовск уезіне қарасты Шаған болысының негізгі қауымын байұлы руының адамдары құраған. Шаған болысындағы алаша, алтын, ыссық т.б. рулар Абулқадыр, Азат, Ақан, Аққошқар, Ақтам, Әйтеккөл, Әйтенқорған, Әулиесексеуіл, Батпақ, Бесарық, Бесжан, Бесжарма, Битқан, Бозарық, Дәулетарық, Естекмола, Жадықыра, Жаңатам, Жаршенгүл, Итемгенарал, Кедейтам, Көксу, Көлденкөл, Күміскөл, Күркіреуіс, Қара, Қарабарақтарал, Қарасора, Қаруқұмшық, Қасабала, Қозған, Қонақтөбе, Қоңыратпай, Қосбөгет, Қостам, Қошқарата, Қошқармүйіз, Қусарық, Құларық, Құлтөре, Құмарық, Құмжиде, Құмсуат, Құнкөл, Қызмола, Қыналтөбе, Қынтабақ, Мақсұмсат, Мақтымсат, Мешіт, Сарманжарма, Сарықұм, Сарытүбек, Сұпарық, Тоған, Тоқалөзек, Тоқтабайбөгет, Тоқшора, Шауық, Шынарбай, Ізбіс қыстауларында қыстап, Дорбас Қарақұм, арқылы көшіп, Арқай, Бестау, Қабырға, Мамыт, Үшөзек

жайлауларында көшіп-қонып жүрген¹¹» (Т.Картаева., 2008: 65-70). Бұл атаулар халықтың атау беру шығармашылығының және тұрмысы мен шаруашылығының атауларға тікелей байланыстылығының да көрініс болып табылады. Жыл мезгілдеріне қарай көшу мен мал жайылымының ыңғайына қарай малды өрістету үнемі қозғалыста болу мен бағдарлап отыруды қажет етеді. Географиялық нысанның ерекшелігіне, қоныс пен өріс иесінің есіміне т.б. байланысты атаулар беру және ол атаумен аталатын жердің көпшілікке белгілі болуы жер шолу ісінде елеулі жеңілдіктер әкелген. Бұл атаулар қазақтың мекендеген аймақтары туралы ақпарат береді, сонымен қатар бұл атаулар арқылы халықтың дәстүрлі мәдениетнен, этнографиясы мен тарихынан да мағлұмат аламыз. Тілдік тұрғыдан қарастырғанда апеллативтердің онимге айналу үдерісі, компоненттердің бірігуі арқылы күрделі атауардың жасалуы, табиғат құбылыстары мен ұлттық дәстүр ерекшеліктерін сөзбен таңбалау шеберлігі, қорыта айтқанда тіл табиғатының лингвистикалық және экстралингвистикалық заңдылықтары осы атаулардың өн бойынан көрініс беріп тұр. Осы заңдылықтарды негізге ала отырып, Жібек жолы бойындағы топонимдер туралы аңыздарға жеке тоқталып, ішкі табиғатына талдаулар жасайтын боламыз.

Алтынемел

Алтынемел тау жотасының аты, тау етегіндегі ойлар, сайлар, жыралардың әрқайсысының жеке атаулары бар. Шыңғыстың құрғақ сайы мен сулы сайы деп аталатын қатар жатқан қос сайдан батысқа қарай Қызылқайнар, Мақпал, Қарақожыр, Байторыға дейін, Тау етегінен оңтүстікке қарай

¹¹ Кеппен П. Девятая ревизия. Исследование о числе жителей в 1851 г. Приложение 6-е. – Спб. 1857. – 264-267 бб.

Қаспанға дейінгі алап Алтынемел өңірі деп аталады. Алтынемел тауының бұл теріскей жақ беті, ал күнгеі бетінде Алтынемел қорығы жатыр. Алтынемел қорығының атымен аталғаны болмаса, негізінен атаудың шығуы мен оған қатысты аңыздар теріскей бетпен байланысты айтылады. Бұл жақта таудың етегі жазық болып көрінгенмен, біртұтас тегістік емес, таудан шағын өзендер ағатын созылып жатқан сайлары мен жыралары көп аймақ. Олардың әрқайсысының өзіндік атаулары бар. Лексикалық құрамы жағынан моңғол, түркі (қазақ) тілдеріне тән. Мысалы, Алтынемел тауының жалғасы Матай, оған қарсы жақта созылып жатқан солтүстік батыстағы таудың аты Шаған, олар моңғол тілімен байланысты болса, қалғандары түркілік негізді қазақ тіліндегі атаулар.

Осы жердегі бірнеше нысанды атаулары бойынша аңыздар сюжетінің аясына жинақтауға болады. Әуелі «Алтынемел» атауының шығу тарихы жөнінде: «Ертеде бір хан аңға шығып, бір құлан үйірінің соңына түседі. Астындағы аты аузымен құс тістеген жүйрік екен, арақашықтық барған сайын жақындап келеді. Осы кезде үйірін ілгері жіберген айғыр бұрыла салып, ханның өзіне шабады. Ызалана келіп қара саннан ауыз салады да, мұндайды күтпей, аңдаусыз келе жатқан ханды атынан жұлып алып, шайнап өлтіреді. Ханның аттан құлаған жерінде алтын ері қалған екен, сол жер Алтынемел деп аталып кетіпті. Атаудың бірінші сыңары – асыл металл, алтын, екінші сыңары *емел* сөзі – моңғол тілінде ертоқым деген мағына береді екен», – дейді аңыз. Осы өңірдің кей тұрғындары құлан шайнап өлтірген ханды Жошымен бір адам деп есептейді. Оған дәлел ретінде дәл осы жердегі бірнеше жер-су атауы мен аңыздарды ұсынады. Алтынемел асуының етегінде еңіске қарай созылып жатқан екі сайды халық ежелден «Шыңғыс» деп атайды: бірі – Шыңғыстың сулы сайы, екіншісі – Шыңғыстың құрғақ сайы. Аңыз осы жерде Шыңғыс ханның болғанын растайды. Осыған қатысты екінші аңыз

былай баяндалады: «Баласын шайнап өлтірген құландардан кек алу үшін Шыңғыс хан Шаған тауының етегінен бастап Іле өзеніне жеткенше әскеріне ұзын ор қаздырып, оған құландарды қуалап әкеліп құлатып қырған екен. Бұл ордың бір бөлігі ұзыншақ сай формасында бүгінге дейін сақталып келеді. Бір кезде терең ор болған, қазір сай формасында сақталған бұл жер халық аузында «Құланқырған» деп аталады.

Осыған қатысты келесі бір аңыз-дерек Шаған тауының теріскей бетінде «Шыңғыс ханның шоқысы» деп аталатын биік шоқы бар. Аңызда: «Шыңғыс әскерлерін осы арадан түгендеген және осы биіктен тұрап оларға жарлық берген», - делінеді.

Ұйқыдағы ару

«Ұйқыдағы ару» тау жоталары мен шоқыларының шалқасынан жатқан әйел келбетіне ұқсастығына байланысты туған аңыз-топоним. Жетісу облысы Кебұлақ ауданындағы Шаған тауының үстіңгі жақ беті солай аталады. «Ұйқыдағы ару» топонимінің шығуы туралы жергілікті халық арасында таралған аңыз былай дейді: Ертеде батырлығы мен серілігі қалың елге жайылған бір жігіт көрші елдегі аруға ғашық болған екен. Жеңгесі арқылы сөз салады. Аты көпке танымал жігітті қыз да сыртынан естіп жүрген, сынына толып, келісімін береді. Бірақ қыздың айттырып қойған жері бар, аяғы тұсаулы. Бір-біріне ынтық екі жастың қол ұстасып қашқаннан басқа амалы қалмайды. Кездесіп, серт байласқаннан кейін бір кеште жігіт дайындап алып келген қос жүйрікке мініп, тәуекелге бел буады. Артынша қыздың кеткенін біліп қалып қуғыншы шығады. Быжы өзенінің жанына жақындағанда қуғыншылар екеуін қуып жетіп, қоршап алады. Жасанған қырық адамға қарсы жалғыз шайқасқанмен, алысқа бармайтынын біліп, жігіт өз атына қызды мінгізіп құтқарып жібермек болады. Бөгей тұрмақ болып, көпке жалғыз

ұмтылады. Бірақ қаумалай қоршаған қалың топқа шамасы келмей бара жатты. Ақыры жау қолына түскенше, ағып өлейін деп, тасып жатқан Быжының суына атымен бірақ қарғыды. Толқындары тулаған дүлей өзен артынша атымен ағызып алып кете барды. Бөлгеліп қалған жау жағы енді қызды іздей бастайды. Алыстаңқырап кеткен екен, тірі ұстамақ болып, атына оқ жаудырады. Жануар әлсіреп, шабыстан қала бастады. Қыз тұлпардың мойнына хат жазып байлап, жігіттің еліне сәлем айтады да, өзі Тәңіріне жалбарынады: «Заманның ақыры болып, сүйген жарым қайта тірілгенше маған ұзақ ұйқы бере гөр», — дегенде тілегі қабыл болады. Басын құбылаға беріп, шалқалап жатады, артынша терең ұйқыға кетеді де, денесі тау жотасына айналады. Жаралы кеткен тұлпар да елге жете алмайды. Қансырап бара жатқанын сезген есті жануар, екі жастың махаббатының куәсі болып қалу үшін, алдындағы Матай тауының басына жетіп жығылады. Қазір Шаған тауының үстінде шалқалап жатқан қыз мүсінін Күреңбел өңірінде «Ұйқыдағы ару» деп атайды. Кейінгі жылдарға дейін осы аңызды білетін қарттар Матайдың ең биік жерінде тұлпардың бас сүйегі қалған деп жүретін.

Найзатапқан

Жетісу жеріндегі Қоянкөз тауының бөктерінде (Қоңырөлең елдімекенінің тұсында) «Найзатапқан» деп аталатын арасан бар. Ертеде бұл өңірде жоңғар қалмақтарымен жерге талас, мал-жанын шауып кету т.б. секілді үлкенді-кішілі көп соғыстар, қақтығыстар болған. Сол соғыстардан жараланып, қалжырап келген бір батыр аттың үстінен жерге назасын шаншып, сүйеніп біраз тұрады. Артынша атынан түсіп жайғасып, қайтып келіп қараса найза шаншылған жерден су шығып жатқанын көреді. Беті қолын, жарасының қанын жуып, су ішіп, шөлін қандырып, жатып демалады. Оянғанда шаршағаны басылып, жарасын

қарақотырланып, өзінің тынығып қалғанын сезінеді. Осыдан кейін халық қасиетті бұлақ санап, әлгі жерге келіп ауруы мен жарақатына ем ала бастайды. Бастапқыдағы судың шығуына себеп болған оқиғаның негізінде бұлақты «Найзатапқан», кейін келе-келе «Найзатапқанның арасаны» деп атап кетеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Топонимдердің негізгі ерекшілігі – оның тұрақтылығы. Тіліміздегі тарихи көне, кірме элементтер жер-судың аты ретінде сақталып, бүгінгі күнге жетті. Оларды бүгінгі күнге жеткізген екі дереккөзді атап өтуге болады: бірі – географиялық нысанның халық аузында сақталған атаулары, екіншісі – жазба деректерде сақталған нұсқалары. Зерттеу барысында осы екі дереккөзден алынған материалдар пайдаланылды. Сонымен қатар Ұлы Жібек жолының пайда болуы және қай уақытқа дейін өмір сүрді? дейтін сұрақтың жауабы да осы орайда маңызды. Жолдар тарихына көз жіберетін болсақ, ол ұзақ уақыттарды қамтитын және аса маңызды байланыс құралы болғандықтан, үлкен жолдар бірден пайда болып, тез арада жоғалып кетпейді екен. Жолдардың бойында экономикалық, мәдени, саяси мүдделер тоғысатын болғандықтан, қалыптасқан жолдардың өмірі қысқа бола алмайды. Ұлы Жібек жолының пайда болу тарихын біздің дәуірімізге дейінгі мыңжылдықтармен байланыстыратын зерттеушілер, оның тоқталу уақытын өткен ғасырдың бас жағы деп болжам жасайды. Алайда арада өткен бір ғасыр уақыттың оның із-тозсыз жоғалып кетуіне жеткіліксіз болғанын көріп отырмыз. Осы тұрғыдан алғанда халықтардың өзара қатынасына қызмет еткен жолдардың өміршеңдігі күмән тудырмайды. Ғалымдардың Ұлы жолдың уақыты бойынша болжамдарын негізе ала отырып, өткен ғасыр басына дейінгі жазба мұралар мен ресми құжаттарда және халық қолданысында сақталған топонимдер зертту нысанына алынды.

Зерттеу жұмысы барысында Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің тілдік табиғаты жан-жақты қарастырылды. Олардың кешенділігі үшін зерттеу әдістеріне назар аударылды,

яғни өз ішінде тарихи-лингвистикалық, лингво-географиялық және лингвистикалық мәселелері өзара байланыста талданды. Ол өз кезегінде Жібек жолы бойындағы топонимдердің пәнаралық сипатын көрсетеді. Тілдік бағыттағы зерттеулер өз ішінде бір-бірімен тығыз байланысты лексика-семантикалық жүйесімен ерекшеленеді. Лексика-семантикалық құрылым апеллативтер, яғни халықтық географиялық терминдер және топонимдік кластар бойынша топтасады. Екінші жағынан бұл – топонимдердің қалыптасу эволюциясының да көрсеткіші. Халық табиғи нысандар мен табиғи құбылыстарды тани келе олардың әрқайсысына атау берді және осы атаулар тілде норамаға айналып, жалпыхалықтық сипат алды. Келе-келе халықтық географиялық терминдер ретінде орнықты, егер айналасында өзі секілді нысан болмаса, олар лексика-семантикалық жолмен жалқы атауға айналды. Егер бірнеше нысан орналасса, оларға сипаттауыш компоненттер жалғанып, күрделі тұлғалы топонимдердің жасалуына жол ашылды. Осылайша топонимдердің лингвистикалық эволюциясы тіліміздегі жүздеген, мыңдаған топонимдердің қалыптасуына жол ашты және оның тамаша тілдік жүйесін орнықтырды. Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдер де өзінің жасалуы мен қалыптасуы бойынша осы жүйенің заңдылықтарына негізделген және қазақ топонимиясының құрамды бөлігі болып табылады.

Ұлы Жібек жолы бойындағы топонимдердің шығу уәждері немесе тарихи-этимологиялық ерекшеліктері арнайы зерттеулерді талап етеді. Бұл орайда оларды таза тілдік-этимологиялық талдаулардың принциптерімен ғана емес, тарихи факторлармен салыстыра отырып зерттеудің маңызы зор. Өйткені топонимдердің қалыптасуында лингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар үнемі қатар жүреді. Соның ішінде тарихи оқиғаларға, мифологиялық танымға негізделетін халықтық болжамдардың орны үлкен. Ғылыми этимология мен

халықтық этимологияның арасындағы елеулі алшақтық тіл зерттеушілері көз жеткізген шындық дей тұрғанымызбен, кей тұстарда халықтық болжамдардың да ғылыми тұжырымдармен сәйкес келетін тұстары болатыны осы зерттеу барысында байқалды.

Халық өзін аялаған табиғатқа сеніммен әрі құрметпен қарады. Терең сырларына үңілу барысында оған қиял-ғажайып күштерді теліді, нақтырақ айтсақ, мысалы, бауырында еркелеп өскен төл перзентін жаудан қорғауда өзінің бір бөлшегіне айналдыру (тас болу) мүмкіндігі бар деп сенді. Осы сенім жаңа топонимдердің пайда болуына ықпал етті әрі халықтың туған жерге деген соқралды түсініктерін, нәтижесінде экологиялық мәдениетін қалыптастырды, туған жер, туған табиғат ерекшеліктерімен үйлесімді тұрмыс салтын өмірге әкелді. Бұл мәдениет Ұлы Жібек жолы бойындағы өзге құндылықтармен сабақтасып, халқымыз дамудың жаңа биіктеріне қол жеткізді. Топонимдер осы тұрғыдан алғанда халықтық танымның, шығармашылық ізденістерінің жемісі болып табылады.

Қысқарған сөздер:

ҚӘТС – Қазақ әдеби тілінің сөздігі

ДТС – Древнетюркский словарь

СМ – Сәбит Мұқанов

СЫ – Сұлтан Ыбырай

ЕТ – Есет Табынбаев

БМ – Бейімбет Майлин

Геогр. – географиялық нысан атауы

МОНОГРАФИЯДА КЕЗДЕСЕТІН АНЫҚТАМАЛАР

Жалқы есім – бір түрге жататын басқа объектілерден аталмыш объектіні ажырататын, жекелейтін сөз, сөз тіркесі немесе сөйлем; соның ішінде жалқы есімнің әр түрлерін құрайтын *антропоним, топоним, гидроним, ороним* т.б.

Дромоним – топоним түрі; кез келген байланыс жолдары: жер үсті, су, жер асты, әуе қатынас атаулары. Мысалы, *Ұлы Жібек жолы, Қасқа жол*.

Коннотация (лат. *connotatio, connoto* – қосымша мағынасы бар) – тіл бірлігінің эмоциялық, бағамды немесе стилистикалық рең білдіруі. Кең мағынасында: тіл бірлігінің грамматика және заттық-ұғымдық мағынасын толықтырып, оған эксперссивті сапа беретін бөлігі.

Ономастикалық кеңістік – белгілі бір жалқы есімдердің таралу аймағы немесе жалқы есімдердің тобы; ономастикалық кеңістік топонимия, антропонимия, зоонимия, теонимия сияқты топтардан тұрады.

Ономастикалық шек – бұл ең алдымен, «атаудың нақты сәйкестік аясы» деп пайымдайды. Атау семантикалық шек кешеніне кіретін біртұтас ономастикалық кеңістікке енеді. Бұл шек атау мен объект байланысына қарай: ономастикалық кеңістікті аяларға бөлуге сәйкес антропонимдік, топонимдік т.б. болып бөлінеді.

Прецедентті [прецедент < лат. *pracedent (praecedentis)*] – 1) бұрын-соңды орын алған және осы сияқты кейін болатын жағдайларға (оқиғаларға) үлгі болатын немесе оларды растайтын жағдай (есім, оқиға, мәтін).

Термин-индикатор – топонимдердің құрамында келіп, олардың топонимдердің қай түріне жататынын анықтап отыратын географиялық термин; егер топонимдер су, сай, қамыс сөздердің қатысымен жасалса, ондай топонимдер гидронимдер

тобына, ал тау, шоқы, қыр, асу сөздерінің көмегімен қалыптасса оронимдер тобына кіреді; термин-индикаторлардың детерминативтер, географиялық терминдер, халықтық терминдер деген атаулары да бар.

Топоним – онимдердің бір түрі; топонимдерді, көбінесе, жер-су атаулары деп те атаймыз; топонимдер – жер бетіндегі табиғи объектілердің және адамдардың табиғатты игеру үрдісі нәтижесінде қалыптасқан объектілердің атаулары; топонимдер өз ішінен ойконимдер, гидронимдер, оронимдер, урбанонимдер, некронимдер т. б. түрлерге бөлінеді.

Ұлы Жібек жолы – Қытайдың Ши-ан деген жерінен басталып, Шыңжаң, Орталық Азия арқылы Таяу Шығысқа баратын керуен жол бағытының атауы.

Халықтық географиялық термин – географиялық нысанның болмысын, түрлі белгілерін, шығу тегі мен түрін сипаттайтын белгілі бір аумақта кең таралған жалпы есім сөздер.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- Абдуллаев, Д.Ш. Кыргызстандын топонимиясы жана Улуу Жибек жолу // Известия вузов Кыргызстана, № 11, 2015. – С. 42-44.
- Аманжолов, Қ. Өлеңдер. Поэмалар: жинақ / Қ. Аманжолов. - Алматы : Өлке баспасы, 2013. – 287 б.
- Анарбаев, А. Древняя Фергана и Великий Шелковый путь DOI: 10.25629/НС.2019.02.06 ЧЕЛОВЕЧЕСКИЙ КАПИТАЛ, 2019, № 2(122)
- Аскеров, Н.А. Гидронимы в Азербайджанском языке. дисс. ...канд.филол.наук. – Баку, 1986. – 151 с.
- Аюбов, А.Р. Исторические аспекты становления и трансформации топонимов Согда и Ферганы (VI в. до н.э.– X в. н.э.) // Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора исторических наук. Душанбе – 2021. -49с.
- Әбдуәліұлы, Б. Қазақ топонимикасы. – Нұр-Сұлтан: «Булатов А.Ж.» ЖК., 2021. – 321 б.
- Әбдірахманов, А. Топонимика және этимология. – Алматы: «Ғылым», 1975. – 207 б.
- Әбілғазы, Б. Түрік шежіресі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 208 б. Әбішев, Х. Аспан сыры. – Алматы: «Жазушы», 2009. – 264 бет.
- Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 11-т. – Алматы: Таймас, 2011. – 488 б.
- Әмірбекова, А. Баурай жол. «Ана тілі» газеті. 22 Маусым, 2017. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/43591> (20.09.2022)
- Әуезов, М. 18-19 ғасыр ақындары: 20 томдық шығармалар жинағы– Алматы: Ғылым, 1984.15-ші т.
- Байпақов, К., Нұржанов, А. Ұлы Жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: «Қазақстан», 1992. – 208 бет.

- Басик, С. Н. Общая топонимика: учебное пособие для студентов геогр. фак. – Минск: «БГУ», 2008. – 168 с.
- Бекенова, Г.Ш. Қазақстанның солтүстік өңірі гидронимдері (семантикалық типология). филол.ғыл.канд. ...дисс. – Астана, 2002. – 176 б.
- Бекжан, О. Күлтегін жазбасы – көне мұра // «Ана тілі» газеті. 19 қаңтар, 2019. <https://anatili.kazgazeta.kz/news/40813> (20.09.2022)
- Бекмаханұлы, И. Жарық сәуле. Өлеңдер мен толғаулар, дастандар. –Астана: Фомант, 2008. – 384 б.
- Бияров, Б. Жер-су аттарының сөзжасамдық үлгілері (монография). – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2012. – 460 бет.
- Бияров, Б.Н., Кусманова, К.А., Койлыбаева Р.К. Этимологический обзор топонимов северо-восточного направления Великого Шелкового пути // Известия КазУМОиМЯ имени Абылай хана», серии «Филологические науки» Том 68 № 1 (2023)
- Богородицкий, В.А. Введение татарского языкознания в связи с другими тюркскими языками. – Казань: «Татаргосиздат», 1953. – 252 с.
- Болғанбайұлы, Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: «Санат», 1997. – 256 б.
- Болотов В.И. К вопросу о значении имен собственных // Восточнославянская ономастика. –М.: Наука, 1972. – С. 333-346.
- Большая советская энциклопедия: [в 30 т.] / гл. ред. А.Прохоров. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1969–1978. <https://ru.wikipedia.org/wiki/Яркенд>, 1965 (25.06.2023).

- Боярских О.С. Прецедентное высказывание в газетном тексте: особенности читательского восприятия // Политическая лингвистика. Выпуск 21. – Екатеринбург, 2007. –142 с.
- Ворожцова О.А., Зайцева А.Б. Прецедентные имена в российской и американской печати // Проблемы образования, науки и культуры. –2006. –Вып. 20., № 45. –252 с.
- Гачев Г.Д. Наука и национальные культуры[Текст] / Г.Д. Гачев. -Ростов-на-Дону: Изд-во Ростовского ун-та, 2009. - 320 с.
- Груздев А.И. Концепция возвращения исторических географических названий в Приморье // Вторая Приморская краевая научно-практическая конференция «Исторические названия – памятники культуры». 26-27 мая 1992 г. – Владивосток, 1992
- Гумилев Л.Н. Хұндар. – Алматы: «Қазақстан», 1998. – 528 б.
- Гусев В. Ю. Этимологические заметки по этнонимии нижнего Енисея // Вопросы ономастики. – 2020. Т. 17. № 2. С. 59–74. doi: 10.15826/vopr_onom.2020.17.2.018.
- Древнетюркский словарь. –Ленинград: «Наука», 1969. – (XXXVIII) 676 с.
- Жақыпов Ж.А. Ұлы жібек жолындағы қазақ астионимдері // Қарағанды университетінің Хабаршысы. Серия «Филология». № 3(107)/2022. – 71-77б.
- Жанұзаков Т. Очерк казахской ономастики. –Алматы, 1982 –176 с.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. 1-том. – Астана: «1С-Сервис», 2006. – 400 б.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры. Алматы: «Дайк-пресс», 2007. – 525 б.
- Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Бес томдық. – 4-т. – Нұр-Сұлтан: «Халықаралық Түркі академиясы», 2021. – 552 б.
- Жанұзақ Т. Қазақстан географиялық атаулары. Алматы облысы. А., 2005.

- Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010.-356 бет.
- Жеріңнің аты – Еліңнің хаты: Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd, 2006. – 808 б.
- Жетісу. Энциклопедия. – Алматы: Арыс, 2004. – 712 б.
- Жетісудың жеті өзені: Ле // <https://massaget.kz/layfstayl/alemтанu/Qazaqstanym/62332/> 02 маусым 2020 ж. (25.05.2023)
- Жумагулова В.И. Сатира и юмор в прессе Казахстана. – Алматы: Ғылым, 1999. – 206 с.
- Жұбанов Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 640 бет.
- Жұмабаев М. Шығармалары (әдеби басылым). 1-том: Өлеңдер, дастандар / Құраст. Сәндібек Жұбаниязов. – Алматы: Жазушы, 2013. – 376 бет.
- Жұмақаев Б.Д. Қазақстан тарихы: оқулық. – Алматы: «Эверо», 2014. – 320 бет.
- Жүнісов Д. Өзен-көл атаулары. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 128 б.
- Зайцев В. По следам Великого шелкового пути (опубликовано в журналах «Экология и жизнь» №№10-11, 2010г.)
- Захаренко И.В. К вопросу о каноне и эталоне в сфере прецедентных феноменов // Язык, сознание, коммуникация. – М., 1997. – Вып. 1. – 192 с.
- Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан: «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КЕАҚ, 2020. – 788бет.
- Каймулдинова К.Д. Топонимика: Оқулық. Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011.- 267 бет.
- Камалов А.А. Гидронимия Башкирии. дисс...канд.филол.наук. – Уфа, 1969. – 121 с.

- Карабулатова И.С. Гидронимы Российского Приишимья. автореферат. канд. филол. наук. – Екатеринбург, 1996. – 23 с.
- Караулов Ю.Н. Роль прецедентных текстов в структуре и функционировании языковой личности // VI Международный конгресс МАПРЯЛ. Современное состояние и основы проблемы изучения и преподавания русского языка и литературы. –М., 1982. –285 с.
- Картаева Т., Басшыбаева А. Байұлы ру-тайпалық бірлестігінің қоныстануы (XIX ғ.) // Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтының Хабаршасы. Тарих сериясы №2(3) 2008. 65-70б.
- Кенжеғалиев С. Қазақ даласы – ұлы түркі жерінің бір бөлігі Қожа Ахмет Иассауи, Жүсіп Баласағұни, Махмұт Қашқаридің философиялық және әдеби мұралары // Мәдениет, дәстүр және өзіндік ерекшелік. Студенттік топтар кураторларына көмек ретінде. 3-жинақ / ҚР ҰҒА академигі А.Ғазалиевтің редакциясымен. – Қарағанды: Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің баспасы, 2014. – 100 б.
- Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімі туралы зерттеулер. –Алматы: Ғылым, 1987. – 352 б.
- Керимбаев Е.А. Казахская ономастика в этнокультурном, номинативном и функциональном аспектах. Алматы, 1995. - с. 248.
- Койчубаев Т. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. – Алма-Ата, «Наука», 1974. – 275 с.
- Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. Алма-Ата. 1963.
- Костоморов В. Г., Бурвикова Н. Д. Старые мехи и молодое вино. Из наблюдений над русским словоупотреблением конца XX века. СПб., 2001. –С. 72.

- Көшімова Б.Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010, -238 б.
- Красных В.В. Виртуальная реальность или реальная виртуальность? (Человек. Сознание. Коммуникация). Монография. –М.: Диалог-МГУ, 1998. – 352с.
- Круглов Е.А. Южный Урал в системе транзитных путей Великого Шелкового пути // Уфимский археологический Вестник. DOI: <https://doi.org/10.31833/uav.2018.18.007>. –С. 86-94.
- Қабылдинов Е.З. Тұғырылхан. Тарихи деректер жинағы. – Алматы: Palitra Press, 2019. – 544 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. / Құраст.: Сүйерқұлова Б. Жанұзақ Т. Он бес томдық. Т 3. Алматы: ЖШС Дәуір, 2011. – 744 б.
- Қазақ әдеби тілінің сөздігі. / Құраст.: Фазылжанова А. Он бес томдық. 13-том. – Алматы, 2011. – 752 б.
- Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Қазақ тілі этимологиясының ғылыми-теориялық негіздері – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 256. – 2014 ж.
- Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: «Ана тілі», 1998. – 304 б.
- Қайдар Ә. Қазақтар ана тілі әлемінде: этнолингвистикалық сөздік. Т.3:Табиғат. Алматы: Сардар, 2013. – 608 б.
- Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: “Тоғанай Т” баспасы, 2004. – 560 бет.
- Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма “Орнак” ЖШС. 2012. – 388 бет.
- Қамзабекұлы Д. «Смағұл саясаты жүзеге асқанда, 3,5 миллион қазақ аштан қырылмас еді» // http://gonzo.kz/blog/3042-smagyl_sayasaty_i_jyzege_askanda_35_million_kazak_a
- Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 272 б.
- Қашқари М. Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк»). – Алматы: Ана тілі, 1993. – 192 б.

- Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. Алматы: Мектеп, 1985. – 256 бет.
- Құламанова З.А. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы / З. Құламанова. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 808 бет.
- Құлжа жолы [//https://kk.wikipedia.org/wiki/Құлжа](https://kk.wikipedia.org/wiki/Құлжа), 2002 (20.06.2022)
- Лабунец Н.В., Дмитриева Т.Н. Гидронимия низовий реки Тавды // Вопросы ономастики. – 2022. Т. 19. № 3. С. 9–39. doi: 10.15826/vopr_onom.2022.19.3.028
- Мадиева Г.Б. Гидронимия Восточного Казахстана. Автореф. дис. канд.филол.наук. Алма-Ата, 1990.
- Мадиева Г.Б. Имя собственное в контексте познания. –Алматы: Қазақ университеті, 2004. –190 с.
- Мақатаев М. Мұқағали шығармалары. –Алматы, 1999. –350 б.
- Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Әбілғазы Баһадүр ханның «Түркі шежіресінің» тезаурус сөздігі. – Алматы: «Фирма Орнак», 2013. – 480 б
- Мамырбекова Г., Сейтбекова А. Қадырғали Жалайырдың «Жамиғ-ат тауарихының» тезаурус сөздігі. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2012. – 392 б.
- Мананова Ә.М. Ә.Х. Марғұлан еңбектеріндегі керуен жолдары // Қазақстан археологиясы № 4 (14) 2021. 56 б.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. – Алматы: «Алатау», 2010. – 472 бет.
- Марғұлан Ә.Х. Шығармалары. XIII том. – Алматы: «Алатау», 2012. – 576 бет.
- Махмуд Қашқари. Диван ливатит турк. Тошкент, I-II-III, 1961-1965.
- Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастика: зерттеу мәселелері. – Алматы: «1С-Сервис», 2005. -240 бет.

- Молчанова О.Т. Гидронимы и оронимы горно-алтайской автономной области (лингвистический анализ). автореферат. дисс. канд. филол. наук. Томск, 1968. – 26 с.
- Морковкин В.В., Морковкина, А.В. Язык как проводник и носитель знания // Русский язык за рубежом [Текст] / В.В. Морковкин, А.В. Морковкина - № 1-2. - 1997. - С. 47-48.
- Мурзаев Э.М. Очерки топонимики. – Москва: «Мысль», 1974. – 382 с.
- Мурзаев Э.М. Словар народных географических терминов. – Москва: «Мысль», 1984. – 653 с.
- Мусин Ч. Қазақстан тарихы. – Алматы: «Норма-К», 2008. – 640 бет.
- Наделяев В. М., Насилов Д. М., Тенишев Э. Р., Щербак А. М. Древнетюркский словарь. – Ленинград: Наука, – 1969. – (XXXVIII) 676 с.
- Нахимова Е.А. Прецедентные имена в президентском дискурсе // Политическая лингвистика. – Екатеринбург, 2007. –Вып. 22. –188 с.
- Нерознак В.П., Горбачевский М.В. Советский “новояз” на географической карте: (О штампах и стереотипах речевого мышления). М., 1991. 64с.
- Нұғман Б.Ғ., Шаймұқанова С.Д. Ұлы Жібек жолы. <https://ulagat.com/2020/11/16/ұлы-жібек-жолы/> 10.07.2023 ж.
- Нұржекеев Б. Өзендер өрнектеген өлке. // https://vk.com/wall-88875282_20188
- Пангереев А. Ш. Топонимдік фольклор және оның жанрлық түрлері // ПМУ ХАБАРШЫСЫ Филологиялық сериясы № 4 (2017)
- Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – Москва: «Наука», 1988. – 192 с.; <https://ru.wikipedia.org/wiki/Дромоним> 10.07.2023ж.

- Попова В.Н. Гидронимы Павлодарской области. автореферат. дисс. канд. филол. наук. – Томск, 1966 – 24 с.
- Пропп В.Я. Фольклор и действительность. Москва: «Наука», 1976. – 327 с.
- Реформатский А. А. Топономастика как лингвистический факт // В сб.: Топономастика и транскрипция. – Москва, 1964 – 200.
- Ртвеладзе Э.В. Великий индийский путь: из истории важнейших торговых дорог Евразии. — СПб.: Нестор-История, 2012. — 296 с.
- Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южно-Казахстанской области. Автореф. дис. канд. филол. наук. - Алматы, 1993.
- Сағындықов Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері (монография). Алматы: «Санат», 1994. – 168 бет.
- Салқынбай А., Абақан Е. Лингвистикалық түсіндірме сөздік. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 1998. – 304 б.
- Сапаров Қ. Павлодар облысының топонимикалық кеңістігі (қазақтардың кеңістікті игеру тәжірибесінің жер-су атауларындағы көрінісі). – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007. – 308 бет.
- Сапаров Қ.Т. Шығыс Қазақстанның өзен-көл атаулары. Алматы: CyberSmith, 2017. – 256 б.
- Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. М., 1974
- Семенов Тян-Шанский. «Неизданные записки», М, 1997.
- Сопыбек А. Дөңгеленген дүние. Өлеңдер мен поэмалар. –Астана: Фомант, 2008. – 424 б.
- Султаньяев О.А. Казахские микропонимы Кокчетавской области, образованные от личных имен. Ономастика. –М.: Наука, 1969. –С. 208.

- Супрун В.И. Ономастическое поле русского языка и его художественно-эстетический потенциал. – Волгоград, 2000. – С. 156.
- Сыздық Р. Сөздер сөйлейді (сөздердің қолданылу тарихынан). Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2014. – 412 бет.
- Терентьева О.Н. Гидронимы Ветлужско-Вятского междуречья (потамонимы). дисс. ...канд.филол.наук. – Йошкар-Ола, 1994. – 241 с.
- Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: «Мектеп», 1988. – 264 б.
- Тұрсынбайұлы Бағашар Алтынемел – Жетісудың алтын белбеуі // <https://malim.kz/article/society/altynemel-zetisudyn-altyn-belbeui-10537> 18.12.2020 (25.07.2023).
- Тілеубердиев Б. Қазақ ономастикасының лингвоконцептологиялық негіздері. Филол.ғыл.докторы диссер. авторефераты. – Алматы, 2006.
- Ұлы Жібек жолы https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұлы_Жібек_жолы 25.05.2023ж.
- Ұлы Жібек жолы. [Электронный ресурс] - 2023. – URL: https://kk.wikipedia.org/wiki/Ұлы_Жібек_жолы (25.05.2023 ж.).
- Хасенов Ә. Тіл білімі (оқу құралы). – Алматы: «Санат», 2003. – 416 бет.
- Шаханов М. Ғасырларды безбендеу. – Алматы: Жазушы, 1988. – 450 б.
- Іле,
<https://www.uniface.kz/interfacts/index.php?post=article&id=211>, 2015. 25.05.2023

- Ball, Warwick (2016), *Rome in the East: Transformation of an Empire*, 2nd edition, London & New York: Routledge, ISBN 978-0-415-72078-6, p. 154.
- Dabanlı, Ömer. Muradiye, Şimşek. Ancient witnesses of the Silk road: the cultural tourism potential of historical caravanserais in Anatolia. *Scientific culture*, Vol. 9, No. 1, (2023), pp. 89-106 Open Access. DOI: 10.5281/zenodo.7459996
- Dean, Riaz. The Location of Ptolemy's Stone Tower: the Case for Sulaiman-Too in Osh // *The Silk Road*. Volume 13, 2015. – 75-83 p.
- Heller, N. Visualizing pilgrimage and mapping experience: mount Wutai on the Silk road // *The Journey of Maps and Images on the Silk Road*. January 2011. DOI: 10.13140/RG.2.1.1853.7364. 29 p.
- <https://image.baidu.com/search/detail>, 2015. 25.05.2023
- [https://kk.wikipedia.org/wiki/Алмалык_\(көне_қала\)](https://kk.wikipedia.org/wiki/Алмалык_(көне_қала)). 25.05.2023ж.
- https://kk.wikipedia.org/wiki/Қара_жол 25.05.2023ж.
- <https://kk.wikipedia.org/wiki/Іле>
- <https://new.qq.com/rain/a/20230809A03FEH00>
- Kenzheakhmet, N. The place names of Euro-Africa in the Kangnido // [srjournal_v14.pdf \(silkroadfoundation.org\)](#)
- Khalilova, T.Sh.; Renying, Li; Khalilov E.N. Caspian route of the Silk road *International Journal of Asian History, Culture and Tradition* Vol.4, No.4, pp.1-9, September 2017
- Kradin, N., Ivliev A., Ochir A., Erdenebold L., Vasiutin S., Satantseva S., Kovychev E. Khermen Denzh Town in Mongolia // *The Silk Road*. Volume 13, 2015. – 95-103 p.
- Mertens, Matthias. "Did Richthofen Really Coin 'the Silk Road'?" (PDF). *The Silk Road*.
- Nourallahi, Ali. The Archaeological Assessment of Pajadagh Fortress (Qal'a-e Tashvir), Tashvir Village, Tarom County, Zanjan Province // *The Silk Road*. Volume 13, 2015. – 87-94 p.

- Reports from the scientific expedition to the north-western provinces of China under leadership of Dr. Sven Hedin. The sino-Swedish expedition. Over 50 volumes to date, contains primary and secondary literature. Stockholm 1937 ff.
- Richthofen 1877b Ferdinand von Richthofen. "Vortrage: Herr von Richthofen: Ueber Die Centralasiatischen Seidenstrassen Bis Zum 2. Jarhundert n. Chr." Verhandlungen Der Gesellschaft Fur Erdkunde Zu Berlin 5 (1877): 96-122.
- Ritter, Carl. Die Erdkunde im Verhältniss zur Natur und zur Geschichte des Menschen: oder Allgemeine, vergleichende Geographie, als sichere Grundlage des Studiums und Unterrichts in physikalischen und historischen Wissenschaften. 2 vols. Berlin: Reimer, 1818.
- Romgard Jan. Ancient Human Settlements in Xinjiang and the Early Silk Road Trade. Sino-Platonic Papers, 185 (November, 2008).
- Saraya, Dhida. (Sri) Dvaravati. The Initial Phase of Siam's History. Bangkok: Muang Boran Publishing House. 1999.
- Skorupa, P. Semantics Of Present-Day Vilnius County Toponym Oppositions. Doctoral Dissertation Humanities, Philology. – Vilnius, 2023. – 264p.
- The Horses of the Steppe: The Mongolian Horse and the Blood-Sweating Stallions | Silk Road in Rare Books (turbopages.org), 2008 (23.06.2023).
- Williams, Tim. The Silk Roads An ICOMOS Thematic Study. 2014. – 164p.
- 冯承钧. 西域地名. – 上海: «中华书局 出版», 1980. – 159 页数. (ФЭН Чэнцзюнь. Батыс өңірінің жер аттары. – Шаңхай: «Чжунхуа», 1980. – 159 б.)

Ұлы Жібек жолының тарихи топонимиясы

Ұжымдық монография

Қаріп түрі «Times New Roman»

«Таңбалы» баспасы.
Астана қаласы, 2023 жыл.